Одной из форм народного творчества является игра. Это одна из значительных сторон человеческой деятельности. Создаваемая столетиями, связанная с бытом, с родовыми и семейными отношениями, с праздниками и обрядами, с народной педагогикой и эстетическими взглядами, игра стоит в ряду лучших творений традиционного искусства.

Участие детей в народных праздниках и обрядах, когда они включаются в различные виды игровой деятельности, способствуют воспитанию их в духе гуманистических идеалов, как носителей нравственно-эстетической культуры.

Всё вышесказанное говорит о том, что знание о культуре других народов является основой воспитания интереса и доброжелательного отношения к другим национальностям. Знание традиций,

обычаев, понятий и идеалов, которые накопились за века, наравне с социальными условиями формирует у нас определённые убеждения. Возрождение национальной культуры способствует введению в повседневную жизнь детей элементов традиционной культуры: декоративно-прикладного искусства казахского, русского, татарского, белорусского, корейского, узбекского, немецкого и других народов, уместное использование фольклора, его пропаганда и распространение.

Всё это поможет сформировать у дошкольников первые нравственно-патриотические чувства: гордость за свою Родину, любовь к родному краю, уважение традиций. Знания, полученные на тематических утренниках, ОУД и досуговых мероприятиях, позволят подвести ребёнка к пониманию неповторимости культуры своего народа.

Включение ребёнка в различные виды художественной деятельности, основанные на материале народного творчества, – одно из главных условий полноценного эстетического воспитания ребёнка и развития его художественно-творческих способностей. Народное декоративно-прикладное искусство также эффективно способствует развитию таких психических процессов, как восприятие, образное мышление, воображение, эмоционально-положительное отношение к объектам эстетического содержания.

В каждой группе необходимо продумать рациональную и целесообразную расстановку мебели с выделением различных зон и уголков. Уделяя внимание этнопедагогике необходимо изготовить макет-пособие по ознакомлению с окружающим: макет достопримечательностей города, макеты к казахским народным сказкам. В пустом аквариуме можно создать бугафорские климатические и природные зоны: степь – казахи уделяют большое значение степи – это особое чувство народа, который живет в тесном контакте с природой. Светлое и чистое чувство любви к родной степи. В уголках изодейтельности: изделия прикладного искусства, альбомы, трафареты, шаблоны, раскраски.

Во всех возрастных группах необходимо создать модели казахской юрты с необходимым оборудованием и атрибутами: куклы в национальных одеждах, корпе, блюда казахского народа (баурсаки, кант, восточные сладости, шай, курт и т.д.). Все это необходимо для обыгрывания сюжетно-ролевых игр. Все это побуждает детей взаимодействовать с различными элементами среды, повышая тем самым функциональную активность. Открыть творческую мастерскую по народным промыслам. В каждой группе можно организовать музыкально-театральную зону, в которой будут подобраны соответствующие пособия с использованием фланелеграфа, масок сказочных персонажей, музыкально-дидактические игры, музыкальные инструменты. Это раскрепощает детей, помогает им обрести уверенность, преодолеть страх Уголки ряженья, где имеются костюмы казахского народа, которые дети могут использовать в процессе игр, драматизации. Действуя с различными предметами быта и общаясь друг с другом и со взрослыми, дети развивают речь, внедряя в нее слова казахского языка. Еще больше обогащают словарный запас детей и пополняют знания мероприятия, проводимые в «казахской юрте».

Однако предоставить детям разнообразные материалы и создать интерьер не достаточно. Важно насколько эмоционально, комфортно будет чувствовать себя в этом предметном мире ребенок, чему и как его здесь научат. Отсюда и вытекает следующая задача. Предметная среда не должна быть самоцелью, не должна представлять собой «мертвую комбинацию» различного оборудования и материалов. Предметный мир должен обеспечивать реализацию потребности ребенка в активной и разноплановой деятельности.

Важно, чтобы предметная среда имела характер открытой, не замкнутой системы, способной к изменению, корректировке, и самое главное к развитию. Сама среда должна быть не только развивающей, но и развивающейся, то есть материал необходимо пополнять постоянно. Практика подсказывает, полностью заменять предметную среду в группе сложно. Культуру Казахстана невозможно представить себе без народного искусства, которое раскрывает истоки духовной жизни казахского народа, наглядно демонстрирует его моральные, эстетические ценности, художественный вкус и является частью его истории. УНТ, народное декоративно-прикладное искусство должны найти большое отражение в содержании образования и воспитания подрастающего поколения сейчас, когда образцы массовой культуры других стран активно внедряются в жизнь, быт, мировоззрение детей. Но можно в группе делать перестановку, убирать или добавлять новые предметы. Следует давать детям возможность самим рассматривать картинки, книги, показывать небольшие сценки по сказкам. А также можно привлечь родителей к вечерним семейным чтениям народных сказок и просмотром мультфильмов или сказок по телевидению, а далее обсуждать с детьми прочитанное и увиденное, чтобы дети могли не только понять смысл, но и дать характеристику главным героям, мораль той, или иной сказки. А также вместе с детьми дома пробовать изготавливать небольшие

сувениры по мотивам народных умельцев, научить детей вышивать орнаментом, делать поделки народного творчества.

Поэтому в нашем ясли саду совместно с родителями мы решили осуществлять воспитание детей через народную педагогику, создавая единую предметную развивающую среду, как в группах, так и дома. Вместе с родителями мы провели немало мероприятий: праздничное чаепитие по народным традициям, посещение народного театра, проведение викторин, выпуск газет с опытом сохранения семейных традиций, открытие творческой мастерской по народным промыслам силами родителей, ведём обсуждение с детьми, просмотренных в выходные передач, совместно с родителями.

Каждый год воспитатели подводят итоги работы по нравственному воспитанию детей. Несколько групп у нас вели проекты по этнической культуре с дошколятами. Привлекали родителей для реализации поставленных задач. Они провели заключительный показ совместно с родителями для всех педагогов ясли сада. Защитили вместе с детьми проект через показ презентаций и своих изделий. Было две команды умельцев-родителей, которые пришли на мастер-класс, чтобы научить желающих изготавливать разные изделия. Сколько всего разного представили они на выставку, сделанного не только взрослыми, но и детьми. Показали нам плетение корзин из газетной бумаги, старых обоев. Как можно сделать цветы из ткани и ленточек, как вышивать на предметах (национальные корпешки, подушечки на диваны с вышитым орнаментом). Наши родители ведут летопись группы, имеется альбом фотоматериалов жизни группы. Вся совместная работа с родителями по нравственно-духовному воспитанию детей в плане изучения истории культуры и традиций своей семьи даёт положительные результаты по воспитанию гуманизма, толерантности и гражданственности детей. Многие родители участвовали в праздниках, таких как «Осенние развлечения», «Наурыз», в интеллектуальных играх «КВН – знай свой край».

Но все-таки при любых обстоятельствах предметный мир, окружающий ребенка, необходимо пополнять и обновлять, давать новые знания, использовать современные методы повышения интереса детей. Только тогда среда будет способствовать формированию познавательной и двигательной активности. И если говорить о возможности выбора своих жизненных идеалов, эстетических ценностей, представлений подрастающим поколением, то надо говорить и о предоставлении детям возможности знать истоки национальной культуры и искусства. Потому что национальное воспитание даст самобытность личности, а народное творчество наделит духовностью.

И, если родитель и педагоги, воспитывающие ребёнка, будут уделять этому внимание постоянно, то каждый ребёнок будет индивидуальностью и культурной личностью.

Литература:

1. Антонов Ю.Е., Левина Л.В. «Как научить ребёнка любить Родину?», 2005.
2. Кабульдинов З.Е. Патриотическое воспитание граждан - Астана, 2011.
3. Комратова Н.Г., Грибова Л.Ф. «Патриотическое воспитание детей 4-6 лет», 2007.
4. Кожаметова К.С. «Казахская этнопедагогика», 2001.
5. // Этнопедагогика №4, 2005.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

Алтаева З.

*Педагогика ғылымдарының магистрі,
Қ. Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназия
Қызылорда қаласы*

Бүгінгі тәрбиелі, отаншыл, ұлтжанды, білімді де білікті, өз тарихын терең білетін жас ұрпақ - Қазақстанның жарқын келбеті әрі болашағы, жарқын азаматы. Парасатты жастардың толқынын қалыптастыру үшін бүкіл қоғамдық дамудың негізін ұрпақ тәрбиесіне бағыттаудың ерекше маңызы бар екенін атап өту қажет. Осы орайда Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» баяндамасына назар салайық: «...Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман

ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек»[1]. Жаңа дәуірдің жағымды тұстарын ала отырып, ұлттық кодты сақтау өркендеудің басты қағидасы екенін де атап өтті. Өткен мен бүгінгінің көкжиегін үйлестіруде еліміздің ұлттық- рухани тамырынан нәр алу ұлттық кодын сақтау басты шарт болмақ.

Ұлттық кодты сақтау адам бойындағы ұлттық мінездің ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Ұлттық мінез дегеніміз не? Ол туралы ақпарат көздері не дейді?

Зерттеуші Н. Жәнділдиннің берген анықтамасында ұлттық мінез дегеніміз- «нақты бір экономикалық, мәдени, табиғи жағдайда дамитын белгілі бір әлеуметтік-этникалық қауымға аз не көп мөлшерде тән болатын психологиялық мінез- құлықтар жиынтығы»[2].

Әр халықтың тұрмыстық сана деңгейіндегі ұлттық мінезі бар екені шүбәсіз. Сол қауым адамдарының көп тұрғыдан өзіңізден өзгешеленетін, мәселен, өмір салты, тұрмысы, кейде кескін - келбеті, іс-әрекеті сіздікінен мүлде бөлек екенін байқағаныңызда, тұжырымыңыз беки түседі. Еріксіз бұл ерекшеліктер мен айырмашылықтардың туындауы кездейсоқтық па, әлде олар ортақ, терең бір негізде бастау алып, осы халықтың айрықша болмысына, ұлттық мінезіне келіп құйыла ма деген сұраққа жауап іздей бастаймыз. Бәлкім сол халықтың мінезін түсіну арқылы бүкіл ерекшелігін, болмысын ұғатын дәрежеге жетерміз. Сондықтан ұлттық мінезді сол халықтың бүкіл өмірін, болмысын, тіпті тарихын ашып беретін кілт деуге болады» [3.178].

Көптеген қарама-қайшы пікірлерді жинақтай келе, белгілі бір халыққа тән мінез-құлықты айқындайтын дереккөз ретінде төмендегілерді көрсетуге болады:

1. Халықаралық анекдоттар.
2. Ұлттық классикалық әдебиет
3. Фольклор немесе халық ауыз әдебиеті
4. Ұлттық тіл жүйесі

Жоғарыда көрсетілген дереккөзге сүйене отырып, ұлттық мінездің тіл арқылы қалыптасу көрінісіне тоқталмақпыз. Ұлттық мінез-құлықты қалыптастыруда лексика мен грамматиканың рөлі айрықша. Кез келген халықтың, ұлттың дүниеге деген көзқарасының негізінде әлемнің тілдік бейнесі қалыптасады. Бұл халық даналығы, халықтың мәдениеті көрнекі түрде бейнеленетін тұрақты сөз тіркестері, идиомалар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер арқылы көрініс табады. Қазақ тілінің идиоматикалық жүйесіне арнайы зерттеу жүргізіліп, қазақ тілді қоғам мен сол қоғамның мәдениеті тарапынан жоғары бағаланатын адами құндылықтар қаралған болатын.

Адамгершілік қасиеттердің жағымды және жағымсыз бағалауыштық сипатты иеленетін идиомалар жүйесінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне қарай отырып, сол халықтың ұстанатын этикалық нормаларын, қоғамдық тәртіп пен әлеуметтік өмір салтын ұстанудың ережелері, өз мәдениеті арқылы өзге мәдениетке деген қарым-қатынасын, көзқарасын тануға болады. Мәселен, адам бойындағы кемшіліктердің бірі жауапсыздықты алайық. Қазақ тілінде төмендегідей мысалдар келтіруге болады: «Қойшы көп болса, қой арам өледі», «Аш пәледен қаш пәле», «Ақылсыз бастан мақұл сөз шықпас», керісінше, сақтық, құнттылық туралы идиомалар жүйесіне тоқталайық (жағымды бағалауыштық мағына): «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», «Қыста –арбаңды, жазда шанаңды сайла», «Дұшпанға сырынды берме, сыр алдырып қырынды берме», «Сақтықта қорлық жоқ» [4.8]. Ақпарат көздерінің нәтижесінде әлеуметтік қарым-қатынастар мен жеке тұлғаның қасиеттері анықталғанын тұжырымдадық деп ойлаймыз.

Фразеологизмдердің білдіретін экспрессивті мәніне қарай қазақ қоғамына тән ортақ құндылықтар жүйесі ретінде мыналарды көрсетуге болады: сыпайылық, сауаттылық, тәлім-тәрбие, батылдық, заң тәртібі, қоғамды басқару жүйесі, бейімділік. Қазақ тілінің фразеологиялық жүйесі негізінде мынадай ұғым түсініктердің белсенділік танытатынын байқауға болады: адалдық, еңбекқорлық, кәсібилік, жеке тұлға еркіндігі, сөйлеудегі ұстамдылық, сақтық, жауапкершілік, оптимистік, өзіншілдік, өзі туралы ақпараттың сақталуы, тіл табысқыш, отансүйгіштік, әділдік, ұйымшылдық. Ұлттық ерекшелік тұрғысынан алғанда қазақ халқына тән негізгі құндылықтың бірі ретінде қонақжайлылықты көрсетуге болады.

Жалпы алғанда, кез келген тілдің лексикалық жүйесін түзуге негіз болатын сөз, сөз тіркесі, фразеологиялық бірліктер тіл мен мәдениеттің әрі жеке тұлғаны қалыптастырудың құралы ретінде қызмет атқаратыны талас тудырмайды. Ұлттық мінез тілдің лексикалық және фразеологиялық жүйесі арқылы ғана көрініс таппайды. Белгілі бір тіл өкілінің жеке тұлға ретінде қалыптасуында тілдің барлық құралдары ықпал етеді. Жеке тілдік тұлғаны қалыптастыруда грамматиканың ықпалын нақты мысалы негізінде дәйектеп көрейік.



Қазақ тілінде жіктеу есімдігінің екінші жағы жекеше және көпше формада «сен» және «сіз» нұсқалары қолданылады. Көрсетілген тілдік бірліктің сыпайылық мәнді иеленуі адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, олардың мінез-құлқына әсер етпей қоймайды.

Сөйлеу тілінде «сен» қолданысы адамдар арасында түсініспеушілікке алып келеді. Әлеуметтік құбылыс ретінде «көргенсіздіктің» белгілері ретінде мыналарды көрсетуге болады: «Тек көргенсіз ғана өз тілінде дөрекі мәнді қалжындарды айтады, анайы түрде «сен» нұсқасын жиі қолданады» [3.180]. Қазақ тілінде «сен» және «сіз» тілдік қолданыста стилистикалық реңктермен ерекшеленеді. «Сіз» деп сөйлеу арқылы біз өзіміздің адамдарға деген құрметімізді көрсетеміз. Дәстүрлі тәрбие бойынша біз өзімізден үлкен кісілерге «сіз» деп қана сөйлесек, осы тілдің көмегімен кішкентай балаларға үлкен кісілерді сыйлап құрметтеуге үйретеміз. Біздің мәдениетте өзіңнен үлкен кісілердің барлығына «сіз» деп сөйлеу қалыптасқан. Біздің анамызға «сіз» деп сөйлеуіміз өзге ұлт өкілдерін қатты таңғалдырады. Қазақ тілінде «сен» немесе «сіз» қолданысының қаншалықты маңызды екенін дәлелдей түседі. «Сіз» тілдік бірлікте сол тіл өкілдерінің бір-біріне ресми қарым-қатынасын сақтауға негіз болады. Мұғалім өз оқушысына, оқушы өз мұғаліміне, генерал қатардағы жауынгерге, жауынгер өз генералына, барлығы бір-бірімен сөйлескенде, осы «сіз» лексемасын кеңінен қолданады. Барлығы тепе-тең, барлығы әділетті, яғни сөйлеу арқылы көрінетін демократия: сен, сен деп ешкімді қорлай алмайсыз. Осыдан қазақ тіліндегі сөйлеушілердің сыпайылығын аңғаруға болады.

Қазақ тілінің грамматикалық жүйесінде сөз түрлендіруші жұрнақтар өзі жалғанған сөзге кішірейту, еркелету мәнін үстейді, тілдегі мұндай жұрнақтар арқылы адамның ішкі жан дүниесінің небір нәзік қырларын сипаттауға мүмкіндік береді.

Грамматиканың тағы бір саласы морфологиядан мысалдар келтірейік. Қазақ тілінде кішірейту, еркелету мәнді жұрнақтар көптеп кездеседі. Олар:

-й, -еке, -ке, -қа, -а, -е, -тай, -жан, -қан, -кен, -қай, -кей, -ан, -ң, -шақ, -шек, шық, шік, -ша, ше, -ш, иш, іш, -сымақ, -екеш [3.145].

Қазақ халқының ұғымында төрт түлікке деген ерекше көзқарас бар. Төрт түлік мал өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады. Қазақ төрт түлікке деген ерекше ықыласын балаларын құлыншақ, ботақан, балапан, қошақан, бұзауқан, ботам деп еркелеткенінен байқауға болады. Осы арқылы тіл нәзік жанды адамды ғана емес, қоршаған ортаны жақсы көретін жеке тұлғаны қалыптастырады. Өйткені кішірейту және еркелету мәнді жұрнақтар жанды заттарға ғана емес, жансыз заттарға да бірдей қолданылады.

Қазақ тіліндегі адамдарға қатысты Сәке, Жәке, т.б. түрінде қолдана беруге болады. Мұндай сөз түрлендіруші жұрнақтардың кішірейту-еркелету мәнді қолданысы қоршаған ортаға деген жақсы қарым-қатынасты, құрметті, әдептілікті көрсетеді.

Бұл жұрнақтар балаларға қарата айтылған сөйлеу тілінде жиі қолданылады. Еркелету мәнді реңк тудыратын жұрнақтар кез келген сөзге, тіпті өзге тілден енген кірме сөздерге де жалғануы мүмкін.

Словакиялық профессор Зденька Трестеров халықтың өз ана тілдерінде мұндай жұрнақтың жиі қолдануын ауыр тағдырдың әсері болуы керек деген пікір білдіреді. Адамның әл-ауқаты, тұрмыс-жағдайы нашар болған сайын олар жақсы өмір сүруге ұмтылды. Әсіресе зиялы қауым өкілдерінің барлық әдемі нәрселерге деген қызығушылығын (киім, иіс су, жиһаз, т.б.) жатқызуға болады [3.189].

Тұрмыстың жұтаңдығы мен өмірдің тұрпайылығы қазақ тілінде әдепсіз, былапыт сөздердің мол қорын қалыптастырса да, әдептілік пен құрмет көрсетудің белгісі ретінде кішірейту-еркелету мәнді жұрнақтардың белсенді қолданысы да сақталып қалған. Олар жай ғана кітап сатып алады да, кітапша оқиды. Әдебиетте белгілі ұғымдарды шектен тыс ұлғайту не кішірейту тәсілдері қолданылады.

Кез келген тілде менталитетке тән емес нәрсе тілдік жүйеде бейнелене алмайды. Қазақ тілді өкілдердің көтеріңкі эмоциялыққа бейімділігі, атап айтқанда әсірелей бағалауда, ең алдымен пунктуациядан, леп белгісінің қолданысынан байқалады.

Қазақ тілінде леп белгісі көбірек қолданысқа түседі. Өйткені бұл үдеріс қазақтардың эмоциялы халық екенін, оларға көтеріңкі эмоция тән екенін, өз эмоциясын ашық көрсететінін білдіреді. Қазақ тілінде леп белгісі жазбаша формада кез келген жанрда, ресми стильде қаратпа сөзден кейін қолданылады. Қазақ балалары ана тілін меңгеру арқылы леп белгісінің эмоционалды күшін де меңгереді. Оның шынайылығына күнделікті сабақ барысында хат жазу үлгісінде немесе ерекше ықылас таныта білсек, адам есімінен кейін үш леп белгісін қатар қойып жатамыз. Леп белгісі кейде үгіт-насихат, жарнама, саяси мәтіндерде де кездеседі.

Леп белгісі берілген ақпараттағы маңызды өзгерістерге назар аударту үшін де қолданылды. Айта кететін жайт, қазақ тілінде екі леп белгісі қолданылмайды, бір немесе үш леп белгісі қолданылады.

Шығыс халықтарына жоғары эмоционалдылық тән және осы ерекшелік тілдік жүйеде көрініс тапқан.


Қазақ тілінің синтаксистік жүйесінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ тілінде салыстырмалы түрде сөздердің орын тәртібі еркін болып келгенімен, септік жалғаулары негізінде кімнің кімді жақсы көретінін байқайсың. Мысалы: Айнұр Төлегенді жақсы көреді. Ағылшын тілінде сөздердің орын тәртібінің қатаң сақталуы сол тілде сөйлеушілерді барынша шектей түседі, қатаң тәртіпті ұстанатын халық деп түсініледі. Сөздердің орын тәртібінің біршама еркін болуы, осы тілде сөйлеушілерді тәртіпке бағынбайтын, әдепсіз, бірақ шығармашыл, көпқырлы халық екенін танытпайды. Жоғарыда айтылғандардың бір шындығы болғанмен, әліге дейін ғылыми нақты дәлелденбеген. Кез келген тілдік жүйедегі тұрақты тіркестер, фразалық тіркестердегі сөздердің орын тәртібі сақталуының әлеуметтік-мәдени мәні сол тіл өкілдерінің жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткені дәлелденгені белгілі. Осылайша кішкентай бала өз туған ана тілі арқылы қоғамда кімнің маңызды екенін, кімнің рөлі жоғары бағаланатынын меңгереді. Қазақ тілінде сөздердің орын тәртібі қатаң сақталмайды. Белгілі бір ойды жеткізудің бірнеше нұсқалары болу мүмкін. Тіпті грамматика деңгейінің өзінде қазақтың ұлттық мінезінің, қазақ жанының жоғары эмоциялылығы, сезімталдығы және жүрегінің нәзіктігі айқын көрінеді. Қазақ тіліндегі рең мәнін тудыратын жұрнақтар қазақ тілді адамның махаббат сезімі мен мейірімге толы жүрекжарды сөзін жеткізудің жоғары мүмкіндігін айқындап қоймайды, осы қасиеттердің қалыптасуына сөзсіз ықпал етеді. Леп белгісі де адамдар мен қоршаған ортаға деген эмоциялы қатынастың бояуын қалыңдата түседі. Тіл иелерінің жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруға тілдің барлық, соның ішінде грамматикалық құралдары да қатысады.

Сонымен, тіл сол тілде сөйлеушілерді қалыптастырады. Әрбір ұлттық тіл сол ұлттың ұлттық мінезін бейнелеп қана қоймай, оны қалыптастыруға атсалысады. Тіл ұлт өкілін, сол тілде сөйлеушіні қалыптастырса, онда оны тұлға ретінде де қалыптастырады. Сондықтан тілдің ұлттық мінез қалыптастыруда конструктивті рөл ойнайтыны сөзсіз.

Ұлттық мінезді қалыптастыру үшін қазақ тілінің рөлі мен орны айрықша. Бұл пікірімізді Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» баяндамасында айқындай түседі: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», - дейді. Демек біз осы кезеңде қазақ тілінің ұлттық мінезді қалыптастыратын қуатты құрал екенін білуіміз қажет.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» баяндамасы
2. Жанділдин Н. Жеткіншектердің ұлттық мінез – құлқын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері. Алматы, 2000
3. Тер Минасова С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. Алматы: Ұлттық аудрама бюросы, 2018 жыл
4. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. Алматы: «Білім» баспасы, 2007 (8-9 б.б.)
5. А.Салқынбай, Е. Абақан Тіл әлемі, лингвистикалық терминдердің анықтамалық сөздігі. Алматы: «Қазақ университеті», 2009
6. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы, II том, Құрастырған: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. Алматы: Рауан, 1998 жыл 319, 325-бет.
7. Абасилов А Әлеуметтік лингвистика: оқу құралы. Қызылорда, 2009
8. І. Кеңесбаев Фразеологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007



ДИСТАНЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЕ В СПЕЦИАЛЬНОЙ ШКОЛЕ-ИНТЕРНАТЕ

*Амандыкова Э.Ж., Косыгина Е.Л.
КГУ «Специальная школа-интернат №4»
управления образования Карагандинской области*

Обучение с применением дистанционных технологий стало современной реальностью. Оно вызвало необходимость использовать новые подходы не только в учебном процессе, но и в воспитательной работе. Как никогда стала актуальной, озвученная Н.А. Назарбаевым программа «Цифровой Казахстан», которая является частью подготовки нации (всех казахстанцев) к жизни в ХХІ веке [1].

В КГУ «Специальная школа-интернат №4» управления образования Карагандинской области обучаются дети с задержкой психического развития, которые с трудом вовлекаются в процесс дистанционного обучения. В данных условиях оказалось очень сложным проводить воспитательную работу. Проблемы при организации образовательного процесса возникли не только с детьми, но и с их родителями. И перед педагогическим коллективом школы-интерната встал вопрос о мотивации обучающихся к активной самостоятельной познавательной и творческой деятельности в условиях дистанционного обучения. Педагогам, воспитанникам и родителям школы-интерната пришлось адаптироваться в новых условиях образовательного процесса.

Период адаптации в пятом классе является одним из трудных периодов обучения. Адаптация обучающихся имеет определенные психологические и педагогические последствия, независимо от того, в каких условиях начинается учебный год. Кроме того, пятый класс относят к подростковому возрасту, когда снижается интерес к учёбе, мотивы, которые побуждали их к учению в младших классах уже удовлетворены, а новые, отвечающие возрастным особенностям, ещё не сложились.

Особенно остро эти проблемы встают перед обучающимися с задержкой психического развития. Процесс социально – психологической адаптации обучающихся данной категории к условиям обучения в среднем звене осложняется своеобразием познавательной деятельности и психофизическими возможностями. У пятиклассников с задержкой психического развития повышается робость, возрастает тревожность, снижается работоспособность, проявляется неорганизованность и забывчивость, возникает чувство неуверенности, страха несоответствия ожиданиям родителей. А в условиях дистанционного обучения подростки испытывают дискомфорт не только от того, что им приходится самостоятельно обучаться, но и от того, что они остаются зачастую один на один со своими страхами и проблемами.

С целью мотивации обучающихся пятого класса с задержкой психического развития на принятие дистанционной формы обучения использовалась CINEMA – технология. Цель технологии – создание общности мировосприятия ребёнка и взрослого, укрепление сотрудничества, в процессе которого происходит становление новых способов социального взаимодействия [3].

Воспитательная работа с использованием CINEMA – технологии проходила в несколько этапов.

На первом этапе было проведено родительское собрание на платформе ZOOM, на котором совместно с родителями создана фильмотека, распределённая по категориям: «любовь к Родине», «семейные ценности», «школа», «дружба», «отношение к животным». Фильмы подбирались таким образом, чтобы главными героями выступали подростки 11-14 лет, так как для проведения любого воспитательного мероприятия особое значение имеют возрастные особенности обучающихся.

На следующем этапе были отобраны небольшие, наиболее интересные, проблемные, яркие, запоминающиеся моменты, рассчитанные на 5-10 минут, к которым составлены от 3 до 5 вопросов, в зависимости от содержания видеозаписи. Вопросы составлялись с учетом возрастных и психофизиологических особенностей обучающихся, с соблюдением принципа перехода от предметной информации к ее оценке и от общих оценок – к развернутому суждению.

На третьем этапе обучающимся предлагалось вечером или на выходных днях вместе с родителями посмотреть отрывок из фильма, отправленный через веб-сервис CLASSROOM, который потом обсуждался через интернет платформу ZOOM. Первая видеозапись, которая была просмотрена - это отрывок из фильма «Чудак из 5 «Б». Это фильм о настоящей дружбе и ответственности за порученное дело, о готовности помочь в трудный момент. Ребята сравнивали себя

с Борей Бандуто, отмечали поступки одноклассников мальчика, умение его общаться с первоклассниками. В результате фильм был просмотрен полностью.

Совместно с библиотекарем школы-интерната к 75-летию Победы подготовлен ряд фильмов об участии подростков в Великой отечественной войне: «Сын полка» Василия Пронина, «Если это случится с тобой» Игоря Николаева. Ребятам предлагалось ответить на вопросы: «Почему одни люди могут совершить подвиг, а другие нет?» «Способны ли мы на подвиг во имя Родины, если это потребуется?».

Для развития интереса к чтению книг, к подбору фильмов привлекались и учителя – филологи, совместно с которыми был составлен каталог обзорных роликов по произведениям писателей и темам уроков. Правильно заданные вопросы, отрывки из фильмов с недосказанностью – на самом интересном месте – побуждают обучающихся к поиску информации в интернете. Чтобы найти ответ, надо найти нужный текст или фильм. А для этого надо прочитать, правильно составить вопрос. Осуществляя межпредметные связи с географией, литературой и другими предметами, внимание обучающихся обращалось на окружающую природу, город, страну, в которых происходит действие фильма. И ребятам становится интересно самостоятельно узнавать что-то новое, делиться этим с друзьями и одноклассниками.

С переходом на дистанционное обучение возникли трудности по реализации основных направлений воспитательной работы в рамках проекта «Этноцентр «DOSTYQ.KZ», который успешно реализуется в школе – интернате в течение трёх лет. Но использование CINEMA - технологии позволило решить данную проблему. Просмотр художественных и короткометражных фильмов, видеороликов или вырезок из художественных фильмов содействовало развитию общечеловеческих и национальных ценностей, уважению к родному и государственному языкам, культуре казахского народа, этносов и этнических групп Республики Казахстан. Формированию у подростков идеалов, жизненных ориентиров, способности руководствоваться ими в практической деятельности способствуют следующие художественные фильмы: «Сестренка» Александра Галибина, «Небо моего детства» Рустама Абдрашева, «Меня зовут Кожа» Абдуллы Карсакбаева. Просматривая данные фильмы, у детей формируются духовно-нравственные и этические принципы личности, такие как милосердие, доброта, толерантность, гуманизм.

Использование данной технологии позволяет передавать жизненный опыт между поколениями, формирует реальные представления подростков о взрослости посредством кинематографических произведений. Благодаря Cinema - технологии можно спрогнозировать и предупредить типичные ошибки взросления, примерить на себя линию поведения героев и антигероев сюжета [3].

Результатом воспитательной работы с использованием CINEMA – технологии является и, то, что обучающиеся научились выбирать для просмотра хорошие фильмы, у них повысился интерес к чтению, сформировалось умение составлять и отвечать на проблемные вопросы, а самое главное, заключается в том, что подростки стали задумываться о человеческих ценностях и своей жизненной позиции.

Литература:

1. Программная статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» от 12 апреля 2017 года.
2. Приказ Министра образования и науки РК от 15 апреля 2019 года, № 145 «О Концептуальных основы воспитания в условиях реализации программы «Рухани жаңғыру»
3. Переверзева Т.Г. «CINEMA – технология – как средство воспитания» <https://infourok.ru/cinema-tehnologiya-kak-sredstvo-vozpitaniya-969519.html>

ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІ ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ

*Амирова Г.Т.
КМҚК «Алтынай» б/ж,
Қарағанды қ.*

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасы қазақстандықтардың рухани құндылықтарын жаңғыртуға бағытталған Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» мақаласының ережелері негізінде әзірленді. Ол қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған, қоғамды біріктіруге, интеллигенцияны,

жастарды, халықтың барлық топтарының өкілдерін Мемлекет басшысы жариялаған идеялардың айналасына біріктіруге мүмкіндік береді. Өмір сүру үшін сіз мағыналы бейімделу қабілетіне ие болуыңыз керек. Кез-келген қоғам жеке адамдардан тұрады. Жеке тұлғаны тәрбиелеу көбінесе жеке тұлға қоғамның, ұжымның, команданың бөлігі екенін ұмытып кетеді. Ешқандай интроверт немесе тіпті ең өзін-өзі қамтамасыз ететін, дамыған, талантты адам командасыз, жалғыз өмір сүре алмайды.

Ұжым (лат. *Collectivus* — ұжымдық)-қандай да бір жалпы қызметпен, жұмыспен, оқумен, белгілі бір қоғамдық міндеттерді шешумен біріккен адамдар тобы. Кең мағынада-ортақ идеялармен, қажеттіліктермен, мүдделермен біріктірілген адамдар. Тағы бір сөзбен айтқанда - команда. Жиі жұмыс орындарында командада жұмыс істей білу талаптар кездеседі. [1]

Ұжымдастыру балаларға үлкендерге қарағанда кем түспейді. Балабақшада бала алғашқы күндерінен бастап құрдастарының арасында болады. Балалар бір-біріне жақындай түседі, ойындарда, сабақтарда, қарым-қатынаста ортақ мүдделерді ықыласпен орнатады. Балалар неғұрлым есейген сайын, олар үшін құрдастарымен достық қарым-қатынас соғұрлым маңызды болады, оны олар үшін ештеңе алмастыра алмайды.

Ұжым туралы ілімнің дамуына А. С. Макаренко жасаған теория үлкен әсер етеді. Мектепке дейінгі педагогика ұжымда, ұжым арқылы баланың жеке басын тәрбиелеу туралы, іс-әрекеттің рөлі, балалар өміріндегі қуанышты перспективалар, ұжым мүшелерінің өзара жауапкершілігі туралы негізгі ережелерін басшылыққа алады. Тәрбие мақсаттары туралы айта отырып, А.С. Макаренко баланың басқалармен қарым-қатынасын арнайы құру, белсенді іс-әрекетті ұжымдастыру, оның ұжым өміріне практикалық қатысуы қажет екенін баса айтады. «...Біздің алдымызда әрқашан қос объект — тұлға және қоғам тұр. Адамды өшіру, оны оқшаулау, оны қарым-қатынастан шығару мүлдем мүмкін емес...»!- деп атап өтті А.С. Макаренко.[2]

Жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттері, ұжымдастырудың басталуы балалардың күнделікті өмірде, жұмыста қарым-қатынас жасау процесінде қалыптасады; осыған байланысты балалардың қоғамдық өмірі барынша белсенді болатын ойынның рөлі зор. Ойын белсенділігі дамудың алғашқы кезеңдеріндегі балаларға белгілі бір қарым-қатынас формаларын тәуелсіз түрде жасауға мүмкіндік береді.

Бірлескен ойындар балаларды қоғамдық пікірмен санасуға, оған бағынуға үйретеді. Ойын ережелерін бұзу ойыншылардың наразылығын тудырады. Жолдастардың қарым-қатынасы балаларды ұжымдастырады, тәртіпке келтіреді.

Сонымен қатар, Н.К. Крупская ұжымдастырудың дамуына кедергі келтіретін, жиналмайтын, бірақ балаларды ашуландыратын, құмарлық пен бекершілікті тудыратын ойындар бар екенін ескертеді. Крупская ойындарды «Барлығы бірі үшін және бәрі бір үшін» қағидаты бойынша дамыту, бірге әрекет ету, ортақ мүдделер үшін қажеттілігін көрсетеді. Ұжымдық тәжірибе балада бірқатар қуанышты эмоциялармен байланысты болуы керек".[3]

Топтарда мінез-құлқы қанағаттандырмайтын, тәрбиешілер мен ата-аналарды алаңдататын балалар аз емес. Кейбір балалар топта достық қарым-қатынас, құрдастарына деген достық қарым-қатынасты қалыптастыра қоймайды. Бұл балалардың бірлескен іс-әрекеттері (ойындар, еңбек) аз, бірақ сонымен бірге олар атқарушы және ұқыпты бола алады. Спорттық эстафеталар қарым-қатынас ұжымына жақсы әсер етеді. Бала өз командасын жеңу үшін қанша күш жұмсайды. Немқұрайдылықтың, теріс мінез-құлықтың шығу тегі ересектердің балалармен қарым-қатынасында ізделуі керек, өйткені олар жеткілікті талап қоймайды, өте аз немесе тым көп көңіл бөледі, олардың қабілеттерін асыра бағалайды және, бұл кейбір жағдайларда бос әурешілікке әкеледі. Тәрбиедегі бұл қателіктер тек ата-аналарға ғана тән емес: олар балалар мекемелерінің тәрбие жұмысында да бар. Көбінесе тәрбиешілер баланың эгоисттік ұмтылыстарын байқамайды және оларға қарсы болмайды, әсіресе топта өзін жақсы ұстаған, режимді орындаған, мойынсұнған, ұжымдастырылған жағдайларда. Әр жас кезеңінде балалардың қабілеттерін дамытуға мұқият қарау өзін — өзі бағалаудың, ізгіліктің, өзін-өзі талап етудің тәрбиесімен тығыз байланысты болуы керек-бұл ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін өте маңызды.

Әрқашан тәрбиешілер мен ата-аналар баланың айналасындағы балалармен қарым-қатынасындағы жағымсыз тенденцияларды бірден тани бермейді. Сондықтан балалардың бұрыннан қалыптасқан теріс әдеттеріне қарсы тұру жиі қажет.

Айта кету керек, мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының моральдық дамуында әлі тұрақты білім жоқ, жағымды дағдылар, әдеттер, қалыптасқан қарым-қатынастар баланы тәрбиелеу жағдайлары өзгерген кезде оңай жоғалуы мүмкін. Керісінше, осы жастағы балалардағы жағымсыз

көріністерді салыстырмалы түрде оңай жеңуге болады, егер тәрбиеші мен отбасының ойластырылған тәрбиелік әсері баланың сезімдері мен қатынастарының моральдық дамуына бағытталған болса.

Балалардың қарым-қатынасын қалыптастыруда жағымсыз көріністерді ертерек жеңіп, олардың пайда болу себептеріне мұқият еніп, баланың ата-анасын және басқа да отбасы мүшелерін тәрбие жұмысына тарту маңызды. Өйткені, отбасы-бұл белгілі бір міндеттермен өзара байланысты ұжым. Отбасы ұжымының мүшесі бола отырып, бала сонымен бірге әлеуметтік мінез-құлық негіздерін түсінетін қолданыстағы қатынастар жүйесіне енеді.

Тәрбиеші отбасымен бірлесе отырып, мақсатты педагогикалық әсер ету процесінде баланың басқа адамдармен қарым-қатынасының сипатын анықтайтын мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін, жеке қасиеттерін қалыптастырады. Сондықтан балалардың қарым-қатынасына ізгілік рухын беру, үлкендерге де, кішілерге де көмектесу қабілеті мен ұмтылысын дамыту, жаман әрекеттерге қарсы тұру, алға қойылған мақсатқа жету үшін ортақ күш салу өте маңызды, бұл тек бала үшін ғана емес, бүкіл топ үшін де маңызды. Осылайша, балаға қоғамда әлеуметтенуге көмектеседі.

Біздің балабақшада «Адал бөбек» әлеуметтік-педагогикалық жобасы жүзеге асырылуда, оның міндеттерінің бірі: әлеуметтік-белсенді тұлғаны, мектеп жасына дейінгі балалардың құқықтық ойлауы мен санасын, нормалар мен ережелерге сәйкес әрекет ету әдетін тәрбиелеу

Әлеуметтену - адамның әлеуметтік жүйеге кірігуі, оның әлеуметтік нормаларын, ережелері мен құндылықтарын, білімі мен дағдыларын игеру арқылы әлеуметтік ортаға ену, оған қоғамда сәтті жұмыс істеуге мүмкіндік беру процесі.[4]

Қарым-қатынасқа деген әлеуметтік қажеттілік мектепке дейінгі жастан бастап тәрбие міндеттерін, атап айтқанда моральдық тәрбие міндеттерін және ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мектепте бастауыш сынып мұғалімдері баланың бірінші сыныпқа қайдан келгенін дәл анықтайды: үйден немесе балабақшадан. Оқу үлгерімі мен дайындығы бойынша ғана емес. Балабақшадан ұжымшылдық сезімі дамыған балалар келеді. Мұғалімдер сонымен қатар: отбасындағы бір бала немесе одан да көп бала бар екендігін, балаларға қарап біледі. Әрине, бастауыш сынып мұғалімдеріне ұжымдық балалармен жұмыс жасау оңайырақ.

Ұжымдық өмірді қызықты, белсенді және қуанышты ету, ондағы балалар өз жоспарлары мен мақсаттарының көрінісін табуы үшін балалар арасындағы жағымды қарым - қатынасты сәтті қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Әдебиеттер:

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Коллектив>
2. А. С. Макаренко Соч., т.7. М., РСФР АПН баспасы, 1952, 426 бет.
3. Н.К. Крупская Балабақшадағы ойынның рөлі. Пед.оп., т 6 м., РСФР АПН баспасы, 1959 бет133.
4. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Социализация>
5. А.П. Усова. Ойындағы баланың әлеуметтік қасиеттерін тәрбиелеу. "Мектеп жасына дейінгі баланың психологиясы мен педагогикасы". Оқу-ағарту баспасы " М., 1966.
6. Мектепке дейінгі тәрбие 7/90 отбасы – ұжым болған кезде ... ағарту баспасы" М., 1990 ж

«МӘНГІЛІК ЕЛ»-БОЛУ-МЕРЕЙЛІ МҰРАТ!

*Байбекова Г.С.
КМҚК МЖД «Жұлдыз»
Балқаш қаласы*

Мен бүгінгі сөзімді мынадай сөзбен бастағалы тұрмын. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп тұрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Ал оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр», деген болатын. Енді міне «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз-түркілердің Мәңгілік ел идеясын-Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жарияланып отыр.

Иә, ендігі күні біздің мәңгілік ел екенімізді бүкіл әлем мойындады. Біз енді тар жол, тайғақ кешулерден өттік. Жеріміздің кеңдігіндей көңілі кең дархан «қазақ» деген халықпыз.

Мемлекетіміздің берік іргетасын қалаған, тәуелсіздігімізді алған тұрмысы байкуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарай білетін дербес те тәуелсіз ұлтпыз. Алда да солай бола береді. Асанқайғының армандаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманы қазақтың басына енді туды. Ол- «Тәуелсіздік». Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық.

Ол арман – Мәңгілік ел. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі болған Астана қаламызды тұрғыздық. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік ел! Көз қарашығымыздай сақтау мәңгі мұратымыз!

Мәңгілік ел идеясы ең алдымен болашақ ұрпақ үшін екенін ескерсек, еліміздің мәңгілік болуы жолында халқымыздың гүлденуі басты орында. Оған ең алдымен ұрпақтың құнды тәрбиесі мен сапалы білімі жол ашады. Сондықтан да танымдық шаралардың барлығы осыған бағытталуы қажет. Төл тарихымыздың ақтандақ тұстарын балабақша тәрбиеленушілеріне жасына сай түсіндіріп, бойына сіңіріп отыру қажет. Бабалар ерлігін, даңқты істерін үнемі насихаттап отыру қажет. Тарихи тұлғалар жайында айту, электронды құралдар арқылы көрсету, тарихи оқиғаға байланысты ойларын айтқызу, қиялын шарықтату отаншылдыққа баулудың мағыналы жолы. Тарихи тұлғаларға еліктеуге, хакім Абай айтқандай «болмаса да ұқсап бағуға» тырысуға бағыттау өзі нәтижесін береді.

ХХІ ғасыр – білімділер ғасыры болғандықтан, бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру – мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен үздіксіз білім беру жүйесі алғашқы деңгей ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемге бәсекеге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды.

Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ең алдымен ұлттық құндылықтарға негізделіп жүргізілген абзал. Оның ішінде балабақша қабырғасынан бастап, отан, ел, жер ұғымының киелілігін білу, ұлттық құндылықтардың оның ішінде салт-дәстүр, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру ең басты қағидат болуы қажет. Елбасы айтқан ана тіліміз Мәңгілік елдің мәңгілік тіліне айналуы үшін бірқатар маңызды іс-шараларды жүзеге асырып, соның нақты нәтижесінен қорытынды шығаруымыз қажет. Әсіресе балабақшадағы өткізілетін танымдық, тәрбиелік шаралар тек ана тілінде өткізіліп, ана тілінде жүзеге асуы үшін айқын басымдықты мемлекеттік тілге беруіміз керек. Мектеп жасына дейінгі балаларды ана тілінде еркін сөйлетуге бағытталған танымдық шараларға ойлау, көру көрнекілігін жиі қолданған дұрыс. Әсіресе қазақ тіліндегі басты қасиеттер мен құндылықтарды сәбилердің өздеріне айтқызып, олардың сәби жүрегінен шыққан пікірімен де санасып отыру қажет. Ал тәрбиеші оны дамытып баланы жігерлендіріп, алға жетелеу арқылы талпындыру қажет. Ана тіліміз баршамыздың рухани тірегіміз екенін сәби көңілдеріне сіңіріп отыру, олардың тіл байлығын дамыту бағытындағы шараларда қателікке бой алдырмау қажет. Барынша ана тіліміздің тазалығын сақтаудың жолын бойларына сіңіре беру қажет. Сонымен қатар бірлікке тәрбиелеу, бір-бірінің ынтымақтастықта жұмыс істету, берекелі орта қалыптастыру бағытындағы іс-шаралар Мәңгілік ел идеясындағы басты құндылық екенін ескеріп отыру қажет. Тәрбие мен білімді тәрбиеші ретінде тәжірибемен ұштастырып отыру да өзі нәтижесін береді. Әр мағыналы іске балаларды үнемі қатыстырып, көшбасшылыққа ұмтылудың іргетасын балабақшадан бастау Елбасымыз көрсеткен Мәңгілік ел идеясын жүзеге асырудың басты құралы екенін ұмытпағанымыз жөн.

Қорыта келгенде Елбасымыз айтқандай Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар. Осы тұрғыда ұстаз қауымының атқарар ісі көп, оны парыз деп білуіміз керек. Алдымызда ұлттық құндылықты бойына сіңірген, отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аянбайтын, білімді, иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт бері міндеті тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармауымыз шарт. Олай болса тәрбие саласындағы еңбегіміз қашанда жемісті болсын.





Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» 2014
2. «Өзін-өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру.
3. Бала тәрбиесі. №10, 2018ж



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Бапахова Р.Ж.
«Алтын сақа» бөбекжайы» КМҚК
Қарағанды қаласы.*

Болашақ ұрпағымызды тәрбиелеуде оларға жастайынан имандылық пен салауттылық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз

Н.Ә.Назарбаев

Ата-бабаларымыз бекер айтпаған «Тәрбие басы - тал бесік», «Ел болам десең бесігінді түзе» деп. Отбасынан кейінгі тәрбиені бала бойына сіңіретін біз, яғни балабақша, сондықтан ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді осы жерден үйретіп үлкен жетістіктерге жетіп, жемісін көретін болсақ нұр үстіне нұр болар еді. Балабақша табалдырығын жаңа ғана аттаған бүлдіршіндерге Отан, Туған жер деген киелі ұғымдарды түсіндіріп, бойында асқақ арман, ұлтжандылық сезімдерін, ұлтқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту біздің міндетіміз.


Қазіргі таңда елімізде жаңашылдыққа бет бұрған заманда білім беру саласында да көптеген жаңа көзқарастар, құнды-құнды идеялар пайда болғандығына байланысты жаңа үлгідегі технологиялар енгізілуде. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде өзгермелі өмірге табысты бейімделуге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасалуда. Ғалым ағаларымыздың көпжылдық зерттеулері адам интеллектісінің, тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуында мектепке дейінгі жас кезеңнің маңызды болып табылатындығын дәлелдеп берді. Сондықтан дер кезінде берілген мектепке дейінгі білім әрбір бала үшін қандай маңызды болса, елдің өркендеуі үшін де сондай құнды. Мектепке дейінгі балаларды дамыту мәселесін ұлттық дамудың стратегиясымен тығыз байланыста екенін ескере отырып қолданыстағы мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандарты жаңартылуда. Стандарт педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың ережелерін көрсетеді, оған қатысушылардың орны мен рөлін анықтайды, мектепке дейінгі ұйымдардың отбасы және қауымдастықпен қатынастар жүйесін реттейді. Және негізгі міндеттерінің бірі – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларын қалыптастыру.

Баланы жақсылық жасауға баулайтын, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін негізгі орта – отбасы болып табылатынын жоғарыда да айтып өттік. Ал педагогтердің міндеті – ата-аналарға отбасында ең алдымен ата-бабалар қалыптастырған адамгершілік және рухани әдет-ғұрыптар мен құндылықтардың сақталуы және берілуі керек екенін, ата-аналар балаларды тәрбиелеуге жауапты және бала үшін отбасы – бұл тәрбие негізі, адамдарға, табиғатқа деген қарым-қатынас қаланатын әлем екенін түсінуге көмектесу. Балалардың құрдастарына мейрімді қарым-қатынасын дамытуға адамдарға деген құрмет сезімін, игі істер жасауға ұмтылысын тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет. Сондықтан Қазақстан Республикасының білім беру саласының бүгінгі басты міндеттерінің бірі – ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, терең білім мен тәрбие беру екені белгілі.

Балабақшадағы тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы. Мектепке дейінгі шақ – бала бойына адамгершіліктің негізін қалайтын кез. Сондықтан да бала бойына жас кезінен бастап, ізгілік, мейрімділік, инабаттылық сезімдерін қалыптастыру ата-аналар мен тәрбиешінің міндеті.

Біздің балабақша педагогтері жаңа бағдарламаларға сүйене отырып, халық педагогикасы негізінде, яғни «Этнопедагогика» жобасы бойынша жұмыс жүргізуде. Әр саланы, әр бөлімді оқыту кезінде қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, үлгілі дәстүрлерімен шебер ұштастырып, бала бойына ұлттық мақтаныш, патриоттық сезім қалыптастыру, оны бүгінгі күн талабына сай мазмұнды етіп жүргізуге күш салу әр тәрбиешінің басты міндеті болмақ.

Біздің жобамыздың мақсаты: Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарды танып біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастыру, рухани-адамгершілік тәрбие беру арқылы айнала қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту.



Міндеттері: рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын құрайтын сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу, баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету.

Осы мақсат міндерімізді жүзеге асырған жағдайда күтілетін нәтижеміз: бала өзінің қайталанбайтын жеке ерекшелігін, өзіндік орны бар адам екенін сезінуге мүмкіндік алады, бойындағы жақсы қасиеттерін дамытып, оны өмірде қолдана алады.

Адамгершілік - адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Ол қасиет адамды мейрімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз-өзін сыйламайды. Өзінді және өзгені сыйлай білу адамгершілікке жатады. Балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беру балабақшаның міндеті деп есептейміз.

Қазіргі педагогикалық теорияда «Адамгершілік тәрбие беру» жұмысы бойынша көптеген авторлардың зерттеулері бар. Сайып келгенде бәрінің мақсаты бір, балаға берілетін ұлттық тәрбие отбасан басталады. Ал отбасы берген тәрбиені әрі қарай жан-жақты, тереңдете жалғастыратын балабақша.

Мектепке дейінгі мекемеде балаларды адамгершілікке тәрбиелеу негізінен оқыту процесінде жүргізіледі. Баланы оқыту үстірт қарағанда ғана тіпті өзгеге қатысы жоқ іс болып көрінуі мүмкін. Шындығында оқу қызметі – алуан түрлі ұжымдық қимылдар мен тебіреністердің, адамгершілік өзара қатынастардың тәжірибесін жинақтайтын орын. Оқу қызметінде балалар өздігінен жұмыс істеуге үйренеді. Оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін өз күш-жігерін өзгелердің күш-жігерімен салыстыру, өз жолдастарын тыңдау, түсіну, өз білімін басқалардың білімімен салыстыру, өз пікірін дәлелдеу, біреуге көмектесу және оның көмегіне сүйенуі қажет. Мектепке дейінгі мекемедегі балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде тәрбиешінің жеке басының үлгісімен, балалармен қарым-қатынасының шешуші маңызы бар. Балалар әркез тәрбиешіге еліктейді. Жазушы – педагог Ж.Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек»- дейді.[1.23] Осы бір ұлағатты ой астарында отбасында ата-ананың мектепке дейінгі ұйымда тәрбиешіден талап ететін жүгі жатыр.

Жер бетінде мекен еткен адамзаттың бір бұтағы – бір халықтың қандай да дара қасиетке ие болып, қандай бет-бейнесімен көрінуі – сол халықтың мектебінің бет-бейнесіне, өзіндік ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Әрине, отбасында жалпы ұлттық құндылықтар негізінде тәриеленіп келіп, ол тәрбие балабақшада жалғасын тауып жатса бала өте құнарлы этномәдени білім мен тәрбие алары анық. Баланың жеке басын қалыптастырудағы міндеттердің бірі оны адамгершілік туралы ұғымдар, түсініктермен байыту болып табылады. Балалар бұл дәрежеде игереді, ол баланың жалпы дамуына оның өмірлік тәжірибесіне байланысты. Көктемгі егіске дайындық кезіндегі адамдардың еңбегімен таныстыру балалардың танымдық құштарлығын арттырады. Экскурсия кезінде баланың табиғатқа, қоғамдық өмірдегі әртүрлі құбылыстарға, моральдық норма мен тәртіп ережесіне қатынасы қалыптасып, әртүрлі мамандық иелеріне деген түсініктері қалыптасады. Сонымен бірге, табиғат бұрышындағы балықтарды, құстарды күтіп, баптау, топтағы өсімдіктерді күту, өсімдіктерден гербари жасау жолдарымен таныстыру арқылы балалардың қамқорлық, мейірімділік, аяушылық сезімдерін туғызады.

Балабақша балалары үшін оқу қызметін қызықты да адами құндылықтарға мазмұндалған етіп жүргізу педагогтің өзіне, шығармашылық ізденісіне, әр түрлі әдістемелік әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білуіне тікелей байланысты.

Таким образом, усилить эффект взаимодействия, направить возможности основного и дополнительного образования в одно русло, зависит от нас, взрослых, работающих в сфере образования и воспитания. Насколько мы сумеем интегрировать свои действия и направить на благо ребенка, взяв, с собой в союзники родителей.

Литература:

1. Жайтапова А.А., Содержание деятельности методиста в контексте модернизации образования. 2001. - 320 с.
2. Тихомирова В.Т., О педагогических традициях и инновациях в дополнительном образовании. Сборник методических статей. 2015. - 112 с.
3. Литвинова Л.С., Нравственно-экологическое воспитание школьников. 2012. - 148 с.
4. Реан А. Психология личности. Социализация, поведение, общение. 2004. - 416 с.



**ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ХАЛЫҚ
ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ***Елубаева Д.К.**КМҚК МЖДМ «Жұлдыз» балабақшасы
Балқаш қаласы*

Адамзаттың мәңгілік тақырыбы – ол болашақ ұрпақ тәрбиесі. Себебі, ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Баршамызға аян, жас ұрпақтың дамуына ықпал ететін білім берудің алғашқы сатысы – балабақша. Сондықтан, ұрпағымыздың қазіргі заман талабына сай жеке тұлға болып қалыптасуына балабақшадан бастап назар аударып, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту үрдісін дұрыс ұйымдастыру қажет. Бабаларымыздың игі дәстүрлерін сақтай отырып, өз ұрпақтарымызды адал, үлкенді құрметтейтін, әділ ер жүрек, ізгі қасиетті, ар ожданды қылып өсіру мұғалім, тәрбиеші, ата-ананың басты міндеті. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланылады. Өскелең жас ұрпақты Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» қазіргі кезеңдегі әлеуметтік жаһандану жағдайында заман ағымына икемделуді, жаңа дәуірдің озық үлгілерін бойымызға сіңіруді міндеттеді.

Демек, білім беру саласында жаңашылдық қажеттіліктен туады, сондықтан инновациялық технологиялар білім беру жүйесіндегі ескінің жаңаруы, немесе мүлдем жаңа бағдарлама болуы мүмкін. Ал ескінің жаңаруы деп халқымыздың ғасырлар бойы жинақтап, ұрпақтан ұрпаққа мәдени мұра ретінде жалғастырып отырған халық педагогикасы бірден бір тәрбиелік мәні зор құрал десек артық болмас. Сондықтан өзіміздің білім мен тәрбие беріп отырған балабақшамызда халық педагогикасы арқылы жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыту жолында жұмыстар жүргізіп келеміз. Біздің алға қойған мақсатымыз: қызықты ойын-сауықтар, ертеңгіліктер, ойындарды қолдана отырып балаға сәби кезінен бастап ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеу, бойларына сіңіру. Осы жұмыстарымыздың айғағы педагогтар мен ата-аналар, балалар арасында өткен «Дарабоз ұлттық сайысы», «Салт дәстүрім-мақтанышым», «Достығымыз жарасқан», «Келіндер сыны», «Өнегелі отбасы» атты конкурстар жиі ұйымдастырылып отырады. Алғашқыда халық педагогикасы жайында дайын әдістемелік құралдардың жоқтығы, әдіс- тәсілдердің болмауы, бөлісетін іс- тәжірибенің, ресурстардың, арнайы жобаның жоқтығы қинады. Бұл проблеманың шешуін балабақшадағы іс- тәжірибемізде халық ауыз әдебиетінің туындыларын балаларға үйретуден бастадық. Себебі 2016-2019 оқу жылында облыстық «Жас оқырман» жобасын іске асыру барысында, ата-бабаларымыздың тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білімге, адамгершілік құндылықтарына құлшынысын арттыру, халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет – ғұрпын жаңғырту арқылы іске асыруды жалғастырып отырмыз. Халық педагогикасының саласы мол, мазмұнға бай. Ұлтымыздың ұлағатты дәстүрлерін ұйымдастырылған оқу қызметінде, ойын кезінде қолданып тәрбие ісіне арқау еттік. Сонымен қатар халық педагогикасының ажырамас бір бөлігі ауыз әдебиетін қолданып отыру. Бұл халық ауыз әдебиеті өлең-жыр, тақпақ, жаңылпаш, ертегі, мақал-мәтел, жұмбақтар, шешендік сөздер, тиым сөздер, санамақтар сияқты түрлері ұйымдастырылған оқу қызыметінің қатынас саласы арқылы үйретіліп отырады.

Қазіргі заман талабына сай көптеген балалар смартфон, ноутбук, компьютер қолданғандықтан сөйлеу тілінің бұзылуы, тілінің мүлде шықпауы жиі кездесетін құбылысқа айналып барады. Сондықтан сәбилерді жас кезінен бастап қатынас саласы арқылы халық ауыз әдебиетінің түрлері «Қуыр-қуыр қуырмаш», жұмбақтар, мақал-мәтелдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылпаштар, батырлар жыры, ертегілерді сахналау «Саусақтар отбасы», «Бала- бала балапан» т.б. ойындарын ойната отырып, үйретіп келеміз. Балабақшадағы жүргізілген жұмыстар бойынша диагностикаға жүгінетін болсақ өткен жылмен салыстырғанда қатынас саласының деңгейі біршама пайызға көтерілгені анықталды.

Алғашқы балабақшаға келгенде сөйлей алмай келген балалардың, орта топқа кіші топтан көтерілгенде сөздік қорлары молайып, өз еркімен сөйлеуге, ойларын жеткізу дәрежесіне жеткенін байқадық. Сондықтан бала бақшамызда халық педагогикасының элементтері күнделікті күн тәртібінде, мерекелік шараларда, вариативті бөлімде жүргізіліп отырады. Халық педагогикасын пайдалану ісін одан әрі дамыта отырып, қалалық мұражаймен серіктестік құрып оқушылар сарайындағы өзге ұлт өкілдерінің этно мәдениетімен таныстырып отырдық. Адамгершілікке тәрбиелеудің бірден бір құралы көп ұлтты мемлекетімізде өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдеріне толерантты көзқарас қалыптастыру.

Ұйымдастырылған оқу қызыметі оқыту кезінде қазақ халқының тұрмысы, әдет-ғұрпы, үлгілі дәстүрлермен шебер ұштастырып, бала бойына ұлттық мақтаныш, ұлттық патриоттық сезіммен қалыптастыру, оны бүгінгі күн талабына сай мазмұнды да, пәрменді жүргізуге күш салу әр тәрбиешінің басты парызы. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда халық педагогикасының элементтерін қолданудың маңызы зор. Бірақ қазір халық педагогикасына байланысты тікелей дайын методикалар ойындар болмағандықтан біз «М. Монтессори», «Воскобович», «Сатр», «Сиқырлы қалам», «Ақылды балапан» технологиясы бойынша әдістемелік ойындар жиынтығын көмекші құрал ретінде қолдана отырып, балабақшамызда халық педагогикасының элементтерін енгізіп жұмыс жасап жатырмыз. Мысалы:

Орта, ересек, мектепке даярлық топтарда халық педагогикасының элементтерін вариативті бөлімге енгіздік. «Шебер қолдар», «Атадан қалған асыл мұра», «Қол өнерім, зор өнерім», «Мәңгілік ел ұрпақтары», «Алтын сақа», тақырыптарын алдық.

Баланың тұлғалық әрекетінің дамуы үшін отбасымен бірге эмоционалды жағдай туғызу: бала, балабақша, ата-ана үштік одағын құру өте маңызды. Осы орайда айта кететін болсақ «Өнер көзі халықта» вариативтік бөлімі отбасында жалғасын табуда. Әжесі келініне, қызына, немересіне отбасында ши тоқуды, сырмақ құрастыруды, жүн иіруді дәстүрге айналдыру ұрпақтан ұрпаққа балаларды тәрбиелеуге қатысы кеңейе түсіп, тәрбие жұмысы балабақшамыздың күнделікті ісіне айналуда. Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналарға көмектесу тәрбиешілердің міндеті. Ата – аналармен жүргізетін жұмыс түрлерін қалай ұйымдастыруға болады. Ол үшін ата-аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі рөлін анықтау ата-аналардың ұсыныс пікірлерін ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар, анкеталық сұрақтар алу, тренингтер өткізу өте тиімді болғандықтан ата-аналармен осындай жұмыстар жүргіздік.

Халықтың тарихи айнасының жалғасы ұрпақтан-ұрпаққа мұрагерлік мирас жолымен жететін мәдениеті, оның ішінде біз қарастырып отырған дәстүрлі халық ойындарын қазіргі жас ұрпақ өміріне енгізу. Сол адамгершілік тәрбиенің аталмыш қасиеттерін бала бойына дарыту әдістерін қолдандық. Бала тәрбиесіне ықпал ететін осы жол менің ойымша тиімді де, дұрыс әдістердің бірі сияқты. Өйткені халық ойындары баланы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейді. Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуының өсіп-өнуіне әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі-мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары десек артық болмас.

Бұл ойындар: «Хан талапай», «Арқан түю», «Тенге алу», «Ақ сүйек», «Көкпар», «Бәйге», т.б. осы ойындармен қатар асық ойындары да қатар ойнатылып отырды. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Солардың бірі асық ойындары. Алғашқыда балаларға асықтың қайдан алынатыны, малдың дене мүшесінде қандай қызмет атқаратыны, қандай түрлері бар соған тоқталып өтеді. Мысалы: «Алшы», «Ханталапай», «Оңқа», «Асық ату» ойындары. Асық ойындары баланың жастайынан нерв жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа, шымдамдылыққа тәрбиелейді. Балабақша бойынша «Бір кітап, бес асық» акциясын, топтар арасында жарыстар, асықтан жасалған бұйымдармен көрмелер ұйымдастырып, жеңімпаздарды арнайы сыйлықпен марапаттадық. Сонымен қатар облыстық, қалалық семинар, онлайн вебинар, қала балабақшалары арасында да қауымдастық құрып, тәжірибемізбен бөлісіп отырамыз. Ата-аналарға да ашық есік күн жариялап жасалып жатқан жұмыстарымызбен таныстырып отырамыз. Келешекте балабақшалар арасында асық ойындарынан жарыстар өткізіп, асық ойындары туралы газет журналдардағы ақпараттарды зерттеу, ұмытылып қалған түрлерін анықтау.

Халық педагогикасын қолдана отырып, балалардың тілін дамытып қана қоймай танымдық, шығармашылық қабілеттерінің қоршаған ортаға бейімделуіне ұлттық асыл мұраны насихаттау өз нәтижесін берді деп есептейміз.

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» деп қазақ халқы бекер айтпаған. Бала бойына кішіпейілділік, сыпайылық, сыйластық сияқты қасиеттерді сіңіре білсек, адамгершілік тәрбиесінің жемісіне бөленетініміз анық. Тәрбиенің алтын бесігі- балабақшадағы сәбилерімізді адам баласына тән асыл қасиеттерге тәрбиелеуден жалықпайық.

Әдебиеттер:

1. Халық тағылымы Ә. Табылдиев Алматы 1992 жыл
2. Бала тәрбиесі №4.2019 жыл

3. Бала мен балабақша №11 2019 жыл
4. 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың ұзақ мерзімге арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2018ж.
5. Бала мен балабақша №11. 20018 жыл
6. Отбасы және балабақша №-6. 2020 жыл
7. Бала мен балабақша № 5. 2020жыл
8. Халық даналылығы 2009 жыл
9. Өнер көзі халықта 2015жыл

ДІН МЕН ДӘСТҮР– АДАМИ КАПИТАЛ НЕГІЗІ

*Ералиева Б.К.
«№7 ЖОББМ» КММ
Сәтбаев қаласы*

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени- генетикалық кодының негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті», - деген болатын [1]. Осы мирасты сақтау жолында ұлттың басын қосатын, біріктіретін, бір мақсатқа, ортақ іске жұмылдыратын, сабақтастыратын ұлттық рухани код, дін мен салт-дәстүр екені айдан анық.

Ал, біз өз кезегімізде жас өскелең ұрпақ бабалар ерлігін тұмардай тағып, салт-дәстүріміз бен дінімізді қалпынша сақтап, келер ұрпаққа аманат етіп тапсырып отыру парызымыз. Осы орайда бүгінгі қоғамды зерделеп қарасақ, ұлттық мәдениетті бойға сіңіру басты міндет болып табылмақ.

Жұмыстың **ой түрткісі** 2019 жылдың басынан Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы негізінде құқық қорғау органдары мен сыртқы істер министрлігі халықаралық ұйымдардың көмегімен іске асырыла бастаған Сириядағы Қазақстан азаматтарын елге эвакуациялаған «Жусан» операциясы. Осы орайда «Ырыс қайда барасың?» дегенде Ырыс: «**Ынтымағы жарасқан елге барамын**» деп жауап берген екен» дейтін бабалардан қалған нақыл сөздің қадір-қасиеті ойға оралады. Ал, ынтымағы жарасқан елдің тамырын тереңдету үшін, оқушылардың бойында ұлттық сана-сезім мен зайырлы құндылықтарды нығайтуда және шетін көзқарасты саналы түрде қабылдамау иммунитетін қалыптастыруда дін мен дәстүр бірлігі мүмкіндіктерін түсіндіру тиімді жол болмақ. Аталмыш жол қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі факторы ретінде адами капиталдың дамуына қажетті иммунитетті қалыптастыратыны сөзсіз.

Атақты ойшыл Әбу Насыр әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен. Бұл сөздің растығын өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр... Осы орайда біздің ата-бабаларымыз салт-дәстүрдің тәрбие беруде орны бөлек екенін жақсы білген. Бұл тұрғыда біз қазақ қоғамына тыңнан жаңа дүние әкеліп жатқан жоқпыз. Бар болғаны кезінде бабаларымыз салып кеткен, кейіннен көмескі тарта бастаған соқпақтың сұлдерін тауып, соны қайта сара жолға айналдыруға тырысудамыз.

Бағзы замандардағы ата-бабаларымыз аспан әлеміндегі сан-санақсыз, қисапсыз қалың жұлдыздардың бәрі-бәрі темірқазық жұлдызына арқандаулы болады. Темірқазық жұлдызы – бар жұлдыздың патшасы. Ол басқа жұлдыздарды алысқа жібермей өзіне қарай тартып тұрады. Қалған жұлдыздар арқандаулы аттай темірқазық жұлдызын айналып, әрекет жасап жүреді деп ұйғарған екен. Яғни, біздің жағдайымызда дәстүр мен дін бірлігі-Ұлы даладағы ұлттық мәдени кодтың Темірқазығы.

Дін мен дәстүр-біздің ұлттық болмысымыз. Халқымыз салт-дәстүрге кенде емес. Ертеде салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарған, сондықтан оның ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік және халықтық мәні зор болған. Халықтың салт-дәстүріне, ұлттық ерекшеліктеріне қазір де үлкен мән берілуде. Осы орайда «Сәтбаев қаласының білім бөлімі» ММ мен «Сәтбаев қаласының дін сұрақтары бойынша ақпарат және кеңес беру орталығы» КММ қала мектептері арасында әр оқу жылында «Зайырлық және дінтану негіздері» факультативтік курсының мұғалімдерімен сайыстар ұйымдастырып отырады. Аталмыш іс-шарада және «Рухани келісім» күніне орай дәстүр мен дін

бірлігі арқылы жастар тәрбиесіне әсер ету тақырыбын өзекті мәселе ретінде қарастырып отырмын. Атап айтар болсам:

- 2017-2018 оқу жылында «Дін мен дәстүр бірлігі – ұлт болашағының кепілі» тақырыбында ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыруды мақсатында сайыс;

- 2018-2019 оқу жылында «Дәстүр құндылықтары» тақырыбында ата-аналар мен мұғалімдер арасында отбасындағы дәстүрді ұлықтау мақсатында дөңгелек үстел;

- 2019-2020 оқу жылында «Зайырлы қоғам: Дін мен дәстүрдің өзара байланысы» тақырыбындағы жобалар байқауына зерттеу жұмысы.

Жоғарыда айтылған іс-шаралардан зерттеу жұмысы бойынша тәжірибеммен бөлісемін. Зерттеу жұмысының жаңалығы және дербестік дәрежесі ретінде оқушылардың бойында шетін көзқарасты саналы түрде қабылдамау иммунитетін қалыптастыруда дін мен дәстүр бірлігін жүйеліп, түсіндіру жолдарын ұсыну болып табылады. Зерттеу барысын төмендегідей жүйеледім.

➢ Оқушылар арасында сауалнама жүргізу;

➢ Бұқаралық ақпарат құралдары мен кітапханадан ақпарат жинақтау және жүйелеу;

➢ Мамандармен кездесу өткізу (психолог, теолог, сынып жетекшілер, қазақ әдебиеті және өзін-өзі тану мұғалімдері).

Тәжірибелік кезеңде төмендегі іс-шараларды жоспарладым.

➢ «Ақпарат көздері» тақырыбында оқушылар арасында сауалнама жүргізу және сараптау;

➢ 9-сынып оқушыларымен «Жусан» гуманитарлық операциясын және «Жусан иісі» фильмін көру және пікірлесу;

➢ Теолог маманмен «Дін мен дәстүр-Ұлы дала темірқазығы» тақырыбында кездесу өткізу;

➢ Әдебиет пәні мұғалімінің көмегімен кітапханада салт-дәстүрге арналаған әдеби шығармаларды зерделеу;

Бүгінде біз ақпараттық қоғамда өмір сүрудеміз. Қазіргі дәуірдің әлеуметтік және экономикалық даму ерекшеліктерінің бірі ретінде автоматтандырылған және ақпараттық технологиялардың тегеурінін атауға болады. Бұл ерекшелік тұрақтылықтың өзгерістерге ұшырап, уақытша сипаттарды иеленуіне әкелуде. Мұндай жағдайда өздігінен **үйрене білу** және **үйренуге ұмтылу** адамның ең басты қабілеттеріне айналуға бастайды. Яғни, жасөспірімдер ақпараттық заманда ақпарат құралдары арқылы тәрбиеленуде. Осы орайда зерттеу жұмысының алғы шартын оқушылар арасында ақпараттануға байланысты сауалнама алудан бастадым. Мұндағы мақсат, зерттеу жұмысына негіз болған тақырыпқа алғашқы ақпаратты жинау болатын. Сауалнамаға 9 «А» және 9 «Б» сыныптарынан 41 оқушы қатысты. Сауалнамада төмендегі сұрақтар қамтылды және әлеуметтік желі туралы мәліметтер берілді.

№	Сауал	Иә	Жоқ	Білмеймін
1	Сіз ақпарат алуда БАҚ қарайсыз ба?	5	34	2
2	Сізге ақпараттың сенімді көзден болғаны маңызды ма?	9	8	24
3	Біліміңізді жетілдіруде ақпарат көздерінің маңызы бар ма?	15	21	5
4	Бүгінгі таңдағы жаңалықтардан хабардарсыз ба?	7	16	18
5	Жаңалықтарды әлеуметтік желілерде талқылайсыз ба?	19	9	13
6	Теледидардан арнайы бағдарламалар көресіз бе?	9	28	4

Сауалнама нәтижесі оқушылардың ақпараттануда сенімді ақпарат алу көздерін таңдамайтындығын көрсетті.

Кезінде Сирияға әмірі жүріп, билік еткен бабамыз Бейбарыс жусанның иісін аңсап өткен деседі. Жусанды сағынғаны Қыпшақ даласын, Қазақ жерін аңсағаны ғой. Яғни, бойындағы генетикалық кодтың белгі бергендігі болар...

Ұлттың рухани жан дүниесі туралы сөз болғанда оған қуат беретін генетикалық код, ол дін мен дәстүр. Дін мен дәстүрден айырылғандар ұлт құндылықтарынан да айырылып басқа ұлтқа сіңіседі. Ұлттық бостандығынан айырылған ұлттың демеушісі, қолдаушысы – дін мен дәстүр. Дін мен дәстүрдің арқасында ұлт өз ұлттық деңгейін сақтап қалады. Сондықтан қазақты мұсылман, еврейді иудаизм, полякты католик дінімен байланыстырады. Демек, дәстүрлі қазақ қоғамындағы “Қашаннан бері мұсылмансың?” деген сұраққа “Әлімсақтан бері мұсылманмын” деп жауап беру салты осының дәлелі болса керек.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан халқына «болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауында «Өмір бойы білім алу, әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», -деп

айтқан болатын. Ал, өмір бойы білім алу қалай іске аспақ? Альберт Эйнштейн «*Білім дегеніміз мектепте оқытқанның барлығын ұмытқаннан кейін қалатын нәрсе*» деген болатын. Американдық философ Джон Дьюи **білімді тәжірибе** деп түсініп, оны құрастыруда ортаның (достары, ата-ана, мұғалім) алатын орны ерекше деп атап кеткен. Бұдан шығатын **түйін**: адам бірінші кезекте естігенін емес, өз қолымен жасағанды жадында сақтайды. Яғни, **дәстүр мен дін «Өмір бойы білім алу» кредосын** іске асырушы және адам жадысында мәңгі қалушы өмірге бейімдеуші білім болмақ. Осы орайда оқушылар назарына журналист Жұлдыз Төлеудің “Жусан иісі” деректі фильмін ұсындым.

Фильм желісі мемлекеттің “Жусан” операциясымен Сириядағы соғыс алаңынан оралған қазақтар туралы. Автордың айтуынша, олардың көбі – қайта құру кезеңінде, 1985-1993 жылдары туған азаматтар. Олардың қақтығыс аймағына кетуіне бала кездегі қиындықтары, дұрыс тәрбие ала алмауы себеп болуы мүмкін.

Таяу Шығыста соғыс басталғалы Сирия мен Иракқа Қазақстаннан 800-ге жуық азамат кеткен. Соған байланысты еліміз үш кезеңнен тұратын “Жусан” операциясын жүргізді. Операция кезінде Сириядағы балалар мен әйелдер елге оралып, біразы оңалту орталықтарына орналасты. “Жусан-1” операциясымен 47, “Жусан-2” операциясымен 231, “Жусан-3” операциясы аясында 238 азамат елге эвакуацияланды.

Зерттеу жұмысының бұл сатысы өмірде болып жатқан оқиғаларды көрсету арқылы шетін көзқарастан сақтандыру. Сонымен бірге, алдағы өткізілетін дін мен салт-дәстүрдің байланысын түсіндіретін кездесуге алғы шарт.

«Дәстүрдің де озығы бар, тозығы бар» демекші, біз қазақтың салт-дәстүрін толық сақтап қаламыз деп айта алмаймыз. Біз қаласақ та, қаламасақ та кей дәстүрлер уақыт өте келе ұмытылып қалады. Бірақ, толықтай одан айрылу ұлт ретінде жойылуға әкеліп соқтырады. Сондықтан дін мен дәстүр сабақтастығына көп көңіл бөлген абзал. Қалай десек те, біз ұлттық дәстүріміздің дінге қайшы келмейтіндігін, үндестігін көрсетуіміз керек. Сөйтіп, бір жағынан дін ұстанып, екінші жағынан ұлттық құндылықтарымызды сақтауымыз қажет. Бұл кейбір біржақты діни ағымдарға тосқауыл қоюдың бірден бір тәсілі.

Руханилықты ұран тастап енгізе алмаймыз. Мемлекеттің ішкі саясаты ұлттың рухани кодына, яғни дін мен дәстүрге негізделгенде ғана тиімді болады. Бұл тұрғыда мектептің негізгі миссиясы **«өмір сүруге үйрететін және тұлға қалыптасатын орта құру»** болып табылады. **Үйрететін ұстаз емес, үйрететін-орта.** Мұндағы мақсат Вильям Глассердің білімнің 80%-ын тәжірибе жасағанда, ал 95%-ын басқаларды үйреткенде есте сақтаймыз ұстанымы. Осы ортаны қалыптастыру мақсатында «Дін мен дәстүр-Ұлы дала темірқазығы» тақырыбындағы кездесуге «Сәтбаев қаласының дін сұрақтары бойынша ақпарат және кеңес беру орталығынан» теолог Байжанова Нұршат Нұртайқызы шақырылды. Кездесу барысында Ханафи қандай мазхаб? Басқа мазхабтардан қандай артықшылығымен ерекшеленеді? Жалпы мазхаб деген не? Мазхабтың дін және ұлт тарихындағы орны не?– деген сияқты сұрақтардың жауабын ақыл-ой таразысына салып, мәніне үңілдік. Нәтижесінде отбасы, қоғам, мемлекет ішінде идеялық, танымдық, діни, психологиялық жаттану процесіне ұрынбаудың бірден-бір жолы дәстүрді берік ұстау екендігін оқушылармен талқыладық.

Осы орайда, 2011 жылы ҚР қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңның» кіріспе бөлімінде ханафи мазхабындағы ислам Қазақстанда мәдениет құраушы дін ретінде ресми танылған [2]. Сонымен бірге, ел Конституциясының 1-бабы, 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», -деп атап көрсетілген [3]. Бұдан біз азаматтарымыздың өзі қалаған дінді тұтынуы оның конституциялық құқы болып табылатындығын білеміз.

Тәуелсіздігімізге ие болған кезеңнен бастап елімізде діни мәдениетімізге қайта оралу үдересі белсенді түрде жүріп жатыр. Ежелден Қазақстан халқы еш заманда да діни фанатизмге бой алдырмаған, өзге халықтардың діни наным-сенімдеріне құрметпен қарайтын қасиетімен ерекшеленетін ел болатын. Дін қазіргі уақытта қазақстандық қоғамның әртүрлі топтары арасында қызу талқыға түсіп келе жатқан сала болып саналады. Кеңес Одағы мен оның коммунистік идеясы күйреген соң посткеңестік кеңістікте пайда болған идеологиялық вакуумді түрлі дәстүрлі емес діни ағымдардың өкілдері өз пайдасына пайдаланып қалуға тырысты. Кеңес үкіметінің саясаты нәтижесінде посткеңестік республикалар әлемдегі мұсылман елдеріндегі діни-рухани салада болып жатқан үдерістерден сырт қалған еді, ал бұл уақытта, яғни ХХ ғ. әлемде исламның саясиленуі мен

радикализациялануы сияқты құбылыстар белең алған болатын. Сөйтіп, тәуелсіз ел ретінде бой түзеп келе жатқан еліміз өзінің қазіргі заманғы тарихындағы ең бір қатерлі сынға тап келген болатын.

Біз дін мен дәстүрді танып-білуде өзіміздің терең философиялық-танымдық дәстүрлерімізге сүйенеміз. Қазақ халқының ұлы ағартушы ұстаздары Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты тұлғалар артында дінді тану саласында келер ұрпаққа рухани азық болар зор мұра қалдырды. Осы мұраларды оқи отырып, қазақ халқының қаншама қырлы жолдан дін мен дәстүрін аман сақтап келгенін байқауға болады. Осы құндылықтарды зерделеу мақсатында «Сәтбаев қаласының Б.Бұлқышев атындағы Орталық қалалық кітапханасына» 9-сынып оқушылары және мектебіміздің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі С.Ж.Бекетовамен бірлесіп ізденіс сабағын өткіздік.

Қазақстандағы зайырлы қоғамның қалыптасуы, ұлттық және діни-рухани дәстүрлерімізді қайта өркендеуі осы елдің мемлекеттілігін қалпына келтіру үдерісімен сәйкес келуі мәселені онан әрі күрделендірді. Халқымыздың діни-рухани сауатын арттыруды тиімді етудің бірден-бір жолы, ол қазақ халқының өткен тарихы мен дәстүрлі мәдениетін оқып-үйрену болып табылады. Ислам дін мен мәдениетінің елімізде тез арада қайта қалпына түсу үдерісі 70 жылдан астам жауынгер атеизм үстемдік құрғандықтан оның үстіне қазіргі ақпараттық ашық қоғам жағдайында түрлі түйткілді проблемалар мен кемшіліктерге ие [4]. Осындай кемшіліктердің орнын толтырудың бірден-бір жолы дін мен дәстүрдің бірлігін тәрбие беру барысында пайдалану.

Әдебиеттер:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауы.
2. 2011 жылы ҚР қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңы».
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
4. <https://kk.wikipedia.org>

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МЕКТЕПТЕГІ МАҢЫЗЫ

Ержан М.

*«Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі» КММ
Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақадыр кенті.*

Болашақ ұрпақ сапалы білім алу мен қатар мектептен ата-ана тәрбиесінен тыс ұстаздар тарапынан мықты мектеп тәрбиесімен шындалған дұрыс. Оған қазіргі таңда ұстаздар қолдарынан келгенше сол мақсатта аянбай тер төгуде. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп Әл-Фарабидың сара жолын жалғастырамыз. Соның ішінде метептегі құқықтық тәрбие қазіргі таңда ерекше талқылануда. Оқушылардың құқықтық тәрбиесі маңызды мақсатты жүзеге асыруға арналған-баланың құқықтық санасын, оның мінез-құлық тәрбиесін қалыптастыру, дамыту. Бұл жан-жақты білім беру процесінің бөлігі және ең маңызды мектеп міндеті. Келесі құқықтық тәрбиенің метептегі маңыздылығына түрткі болатын мәселе сонғы мәліметтер бойынша қылмыс жасаушылардың көп бөлігі мектеп жасындағы балалар мен жастар екендігі белгілі болып отыр. Қылмыстың жастар арасында көбею себебі неде? Ата-анасының баласына уақыт бөлмеу, отбасының тәрбиесінің нашарлығы. Оқушылар мен жастар арасында құқық бұзушылық пен қылмысты болдырмау үшін әрбір сынып жетекшісі, әрбір мұғалім, әрбір мектеп басшылары оқушыларға құқықтық тәрбиені дұрыс бағытта ұғындыру керек. Мектептегі құқықтық тәрбие деп: құқықтық білім, құқықтық сенімділік жүйесін, сондай-ақ заңды мінез-құлықтың себептері мен әдеттерін қалыптастыру бойынша ұйымдасқан және мақсатты қызмет процесі;

Мектептерде құқықтық білім қалыптастырудың бірнеше мақсаттары мен міндеттерін белгілеуге болады:

- * балалардың адам құқықтары мен міндеттері, заң мен заңдылық туралы білім жүйесін қалыптастыру;
- * балалардың заңға деген құрметін өзгермейтін әлеуметтік құндылық ретінде қалыптастыру, заңға сәйкес әрекет ету қажеттілігі;
- * заңға бағынатын мінез-құлық, сот төрелігіне қатысудың қарапайым дағдыларына қалыптастыру;

* әлеуметтік шығу тегіне, нәсіліне немесе ұлтына, тіліне, дініне, жынысына, жасына, жеке және мінез-құлық ерекшелігіне қарамастан адамдарға құрмет пен төзімділікті тәрбиелеу;
Осы мақсаттарды пайдалана отыра келесі компоненттер тізіміне шолу жасасак:

- * құқықтық сауаттылық;
- * құқықтық ойлау (сана);
- * құқықтық шеберлік .[1]

Қоғамда ата-аналар, жалпы халық арасында адамдардың құқық саласындағы көзқарастары мүлде басқаша. Әсіресе құқық саласына күмәнмен қарайды десек те болады, сол күмәнді сейілту үшін мектептегі құқықтық тәрбиені күшейту керек.

Мектептегі құқықтық тәрбие жайлы алғашқылардың бірі боп Ресей ғалымдары еңбектерінде жүйелі түрде талқыланып кеткен, оның ішінде А.Е. Личко жасөспірімдермен жұмыс тәжірибесінде "құқық бұзушылық" ұғымын енгізді. Автордың пікірінше, құқықтық тәрбие-бұл қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтырмайтын кішігірім қоғамға қарсы жағымсыз әрекеттер. Келесідегідей әрекеттер, қоғамға қарсы топқа қосылу, мектептегі сабаққа қатыспау, ұсақ бұзақылық, ұсақ алыпсатарлық, әлсіздерді мазақ ету, мотоциклдер мен велосипедтерді ұрлау сияқты түсініктемелермен түсіндіріп өткен.

Басқа авторлар, мысалы, Е. В. Змановская, құқық бұзушылықты түсіндіруге қарсылық білдіріп, заңсыз мінез-құлық, мектептегі шағын құқықтық тәртіптің бұзылуы деп көрсеткен.[2].

Мектептердегі көптеген ескерілмейтін кішігірім құқық бұзушылықтардың барлығы мектептегі құқықтық тәрбиенің жұтандығын көрсетеді. Көптеген мемлекеттерде құқықтық тәрбие өзгеше бағытта жүргізіледі. Шетел тәжірибесіне шолу жасасак мектептерде көбінде тек білім сапасы ғана қадағаланады, яғни тәрбиелік жағы ол жақтарда қатты қатан емес. Атап айтсақ, Франция, Норвегия сияқты елдерде оқушылар қарапайым мектеп талаптарына бағынбайтындығы байқалады. Тіпті мұғалім алдындығы қарапайым талаптарды ұстанбайтындығы көрінеді.

Ал кейбір елдерде мысалы: Швецияда балалар өздерінің құқықтарын ерте жастан түсінуге, оны құқықтық тәрбиені сезінуге жақсы білетін етіп тәрбиеленеді. Толыққанды құқықтық тәрбиелене отырып, егер ата-ана бала тәрбиелеудің өрескел қателіктерге жүгінсе, бала ата-анасын сотқа бере алады. Яғни құқықтық мүддесі қорғалмаса толық шағымдануға құқылы.

Ресей педагогтарының арасында құқықтық тәрбие жайлы ең алғаш еңбектерінде тілге тиек еткен ХІХ ғасырдың ортасында көрнекті орыс педагогы Константин Дмитриевич Ушинский, білім беру саласындағы заңгер өзінің кәсібі бойынша, алғашқы жұмыстарының бірінде ("камералық білім туралы") құқықтық ұғымдарды зерттеу қажеттілігін мойындады – яғни, сол кезде де мұғалімдер оқушылардың құқықтық тәрбиесінің маңыздылығын мойындады.[3]

Біздің еліміздегі құқықтық тәрбиеге көз жүгіртсек, бізде құқықтық деген сөзді алып тастасак «Тәрбие» сөзі мектеп қабырғасында қолданылатын екінші ұғым десек артық айтпаспыз себебі, әр елдердегі менталитет, мәдинетке толық байланысты. Бірақ құқықтық тәрбиені қаншалықты, қанша деңгейде насихаттап жатырық?

Біздің елдің мектептерінде де неше түрлі жағыдайлар орын алып жатады, көрінетіні бар, көрінбейтіні бар, қаншалықты бұл проблеманы асқындырып алдық. Ауыл мектептерін қарастырмағанның өзінде қала мектептерінде неше түрлі құлақ тітіркенетіндей жағыдайларға куә болатынымыз жасырын емес. Қарапайым мектеп оқушысы құқық бұзушылыққа ұрынып жатса оған жалпы құқықтық тәрбие беретін әрине педагог кінәлі болып шығатыны сөзсіз. Әрине заңның бәрін біліп кетсін немесе заң адамы болып кетсін деген мақсат емес. Тек қоғамдағы қарапайым құқық бұзушылықтар, мектептегі құқықтары мен міндеттері және ел Конституциясына аса құрметпен қарауға тәрбиелеу. Біздің қоғамда құқықтық тәрбиеде қалыптасқан стереотиптерді жою мақсат.

Оқушылармен жүргізетін құқықтық тәрбиенің мазмұнын айқындауда В.А. Сухомлинский сөзімен түсіндірсек “қандай да бір құқықтық тәрбие болмасын, егер ол белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылып жеке адамның мақтаждығына негізделсе, екіншіден шаруашылық жұмыстарға оқушылар ұжыммен қатысса, соғұрлым алдыңғы буын ағалардың әлеуметтік-құқықтық жетістіктерін, тәжірибелерін қабылдап, өз мінез-құлықтарына қалыптастырады” деп осы мәселеге қатысты айтқан пікірлерін осылай қысқа түйген екен .[4]

Жалпы құқықтық тәрбие беруде оқушылардың құқықтық сана сезімін бірінші кезекте қалыптастырудың маңызы зор. Себебі құқықтық сана – қоғамдық сананың ерекше түрі. Сондықтан, құқықтық тәрбие беруде оқушылардың санасын тәрбиелеу, жауапкершілік сезімін көтеру, ұйымшылдық пен тәртілділікті нығайту - мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының негізі бір бағыты.

Мектеп құқықтық тәрбие жұмысын төменгі сыныптан бастап, белгілі бір жүйелікпен ұйымдастырылған түрде оқушының оқуды бітіргенге дейінгі аралығында жүргізілсе құқықтық тәрбие сапалы түрде нәтижелі болар еді. Тек жалықтырып алмау керек. Олай дейтініміз мектептерде бірсарынды дәрістер немесе ауызша жүргізілсе оқушылардың тыңдағысыда келмейді тіптен қатысуға да ынталары болмайды соныдықтан келесідей тізімдегі ұсыныстарыды ұсынамын:

Кіші сыныптарда балармен тығыз байланыс жасау (құқықтық тәрбиенің не екендігін) түсіндіру, оқушылардың ол туралы жеке ойларымен санасу.

Үлкен сыныптарда құқықтық тәрбие бұзуылушылыққа байланысты түрлі қызықты ситуациялық есептермен өткізу.

Оқушыларға құқық саласындағы мамандардың тәжірибесімен пікір алмасуға жағыдай жасау.

Яғни, жоғарыда айтылмаған әліде көптеген адамдар көкейінде жүрген түрлі ұсыныстар бар, қоғам ойларын ескеру керек. Қоғаммен санассақ нәтижеге қол жеткіземіз. Бұл бағытта елбасымыздың қосары жоқ емес білімді де, тәрбиелі ұрпақ болашаққа апарар түзу жол деп, түрлі мақалаларында келтіріп, сөзге тиек етіп жүр. Атап айтсақ, тұңғыш елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің ең маңызды күрделі мақалаларының бірі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыруда» көптеген мәселелерді көтеріп соның жолында қазірге дейін түрлі ауқымды шаралар жүзеге асырылып жатыр. Сол мақала аясында дәл осы білім саласындағы тәрбиеге басымдылық айқындалып жазылған.

Тәрбие және білім – қазақстандық патриотизм рухымен үйлесе дамыған тұлғаны тәрбиелеу деп сөзге тиек еткені бар еді. Қазіргі таңда білім саласы аса қиын кезеңдерді бастан кешіріп жатыр. Бұнда педагог мойнындағы аса жауапкершілікті талап етіп отыр. Дәл осы кезеңде оқушылар білім бағыттарындағы түрлі өзгерістерге түсіністікпен қарап, екі тарапта да құқықтық тәрбиелік бағытты сақтанған дұрыс. Біздің қазақ мектептеріндегі ата-ана тарапынан түрлі құқықтық тәрбие жағынан сақталып қалған жағымсыз пікірлерді жоюымыз керек.

Осы бағытта тұңғыш Елбасымыз жолдауында құқықтық мамандар даярлау, мектептегі құқықтық білім сапасы жайлы атап айтқан еді: «Құқық саласында кәсіби мамандар дайындау деңгейін көтеруге де баса мән беру керек. Өйткені, тек құқықтық мемлекет ғана жаңа өзгерістердің мүлтіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз ете алады. Әрбір азаматтың өз құқы мен бостандығын бекітілген заң аясында қорғай білуін қамтамасыз етіп, азаматтардың құқықтық сауатын арттырудағы ең үлкен рөл атқаратын, заң саласындағы мықты мамандар болмақ деп түйіндеген еді. Яғни, негізгі мақсат – халықты құқықтық тәрбиелеу, құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын арттыру шаралар жүйесін жетілдіру. [5]

Құқықтық тәрбие метеп оқушылар бойынан табылу керек қасиет ретінде жұмыс жасауымыз керек. Егер мектептерде құқықтық тәрбие болмаса хаос орын алатыны сөзсіз. Тәрбие болмаған жерде білім берудің еш мәні жоқ. Сол себепті құқықтық тәрбиені заманауи аспектілермен түрлендіріп, Конституциямен негіздей отырып оқушы бойына сіңіре білуіміз керек. Білім саласындағы түрлі көз ілеспейтін жағымды өзгерістерге құқықтық тәрбиені байланыста отырып білім бере алуымыз керек. Жалпы білім саласындағы түрлі әдіс-тәсілдерді қолданудан біз ұтпасақ, ұтылмаймыз. Білімді де, тәрбиелі ұрпақ ел ертеңі.

Әдебиеттер:

1. Зайдуллина Г.Г. Девиантное поведение подростков и условия его социально-педагогической профилактики и коррекции: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. М., 2011. — 159 с.
2. Змановская Е.В., Рыбников В.Ю Девиантное поведение личности и группы: учебное пособие для вузов. СПб, 2010. — 350 с.
3. Ушинский К.Д. Педагогические сочинения: в 6 т. / сост. С. Ф. Егоров. М. : Педагогика, 1998.
4. В.А. Сухомлинскийдің педагогикалық идеясы (1918-1970)
5. Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауынан



**ПРАВСТВЕННО-ДУХОВНОЕ СТАНОВЛЕНИЕ ДОШКОЛЬНИКОВ НА БАЗЕ
ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘНГІЛІК ЕЛ» В ДЕТСКОМ САДУ
«БӘЙТЕРЕК»**

*Есмаханова М.В.
КГКП детский сад «Бәйтерек»
г. Караганда*

...Созданы главные ценности, которые объединяют всех казахстанцев и составляют фундамент будущего страны.....национальное единство, мир и согласие в нашем обществе, светское общество и высокая духовность...

Н.А.Назарбаев

Чтобы государство успешно развивалось, воплощая в жизнь планы и мечты, обществу нужна национальная идея. И она прозвучала в Послании Президента Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее». Лидер нации провозгласил национальную идею «Мәңгілік Ел», которая рождена всем тысячелетним историческим опытом казахского народа, казахстанским путем, пройденным за годы независимости. «Мәңгілік Ел» - это новая идеологическая концепция страны, направленная на объединение, сплочение и согласие казахстанского народа [1].

В «Плане нации - 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ», 85 и 89 шаги посвящены идее «Мәңгілік Ел» в виде задачи по созданию проекта патриотического акта и задачи внедрения ценностей «Мәңгілік Ел» в действующие учебные программы дошкольного и школьного образования.

Действительно, наука без духовности, образование без совершенствования характера, знания безнравственности, бизнес без морали наносят большой вред обществу[4].

Поэтому важно начать раскрывать в детях общечеловеческие ценности именно с дошкольного возраста. Дошкольный возраст – яркая, неповторимая страница в жизни каждого человека. Дошкольное детство – время первоначального становления личности, осознания своей индивидуальности в окружающем мире. Это время, когда пробуждается чувство своей причастности к миру, желание совершать добрые дела и поступки, участвовать в охране окружающей среды. Автор программы нравственно-духовного образования «Самопознание» Назарбаева Сара Алпысовна, в поисках ответа на вечные вопросы, в своей книге «Этика жизни» писала: «На рубеже веков мы почему-то вдруг решили, что главная цель воспитания – научить ребенка нажимать кнопки компьютера и сносно болтать по -английски. И вот он уже готов – человек новой формации! А то, что это дитя не умеет отличить добро и зло, понять и разделить боль ближнего, нас, в общем-то не волнует... Мне хочется, чтобы дети с малых лет освоили быть всегда здоровыми и счастливыми, чтобы учились и росли, обретая мудрость жизни и счастье в служении человечеству. Чтобы они осознали, кто они есть, для чего живут и к чему должны стремиться. Познать и раскрыть себя должен каждый» [2]. В связи с этим целью дошкольного образования является разностороннее целостное развитие личности ребенка, ориентированной на общечеловеческие ценности.

В 2014 году согласно письма №02-5/14390Т 30 июля 2014 г. Министерства Образования и Науки РК детский сад «Бәйтерек» является участником пилотного проекта нравственно-духовного образования «Самопознание».

Целью пилотной организации образования по программе нравственно-духовного образования «Самопознание» является формирование единого нравственно-духовного пространства для всестороннего и целостного развития личности воспитанника, ориентированной на общечеловеческие ценности.

Директор детского сада Тебай Р.Ұ, методисты, психолог в тесном сотрудничестве разработали программу развития детского сада на основе НДО «Самопознание» и программу детского сада по НДО «Самопознание» на 2014-2017 гг.

В детском саду созданы важные педагогические условия атмосфера любви, доверия, вдохновленного творчества, условия для самоисследования, развития интуитивного постижения каждым самого себя интеграция нравственно-духовного образования в целостный педагогический

процесс детского сада, использование только позитивных и гуманных методов в процессе нравственно-духовного образования.

Нравственно-духовное образование «Самопознание» – стержень образовательного процесса в детском саду.

Интеграция нравственно-духовного образования «Самопознания» в жизнь детского сада – цель и основная наша задача. Проведение интегрированных занятий расширяет возможность педагогического влияния на воспитуемого, позволяет формировать целостное представление о нравственно-ценном опыте предшествующих поколений.

Выделенное метапредметное содержание предмета «Самопознание» проходит сквозной линией через все образовательные области, получая всякий раз конкретное преломление, и объединять их в единое, целостное содержание (Таблица №1)

Таблица №1. Интеграция дисциплины «Самопознание» в содержание образовательных областей и внеучебной деятельности

№ п/п	Название образовательной области	Подобласти		Метапредметный результат интеграции
		Базовый компонент	Вариативный (дополнительный) компонент	
1	Здоровье	Физическая культура, основы безопасного поведения, валеология	Клуб здоровья «Батыр»	Интеграция ОУД «Самопознание» с содержанием физкультуры решает задачи формирования знаний о физическом здоровье, о соблюдении правил здорового образа жизни. Воспитания культуры здоровья, осознанного отношения к двигательной активности, интереса и потребности к физическому самосовершенствованию, а также навыков взаимопомощи, поддержки на занятиях физкультуры
2	Коммуникация	Развитие речи Художественная литература Основы грамоты и письма Государственный, русский и др. языки	Познавательные занятия «Говорим по -английски»	Интеграция ОУД «Самопознание» с содержанием коммуникативных технологий способствует формированию этических знаний, развитию духовно-нравственного поведения детей.
3	Познание	Сенсорика ФЭМП Конструирование Основы экологии	Развивающие занятия «Логика и Я»	Интеграция ОУД «Самопознание» с содержанием математического, информационного, конструктивного направлений образования обеспечивает понимание закономерностей в жизни через осознание связи и отношений между различными объектами и явлениями, свойствами и множествами, а также способствует развитию у детей основ экологической безопасности, ненасилия к живому миру, развитию экологически культурного мышления и поведения, выявлению нравственных императивов в окружающей среде, познавать себя в природе.
4	Творчество	Рисование Лепка Аппликация Музыка	Развивающие занятия: «Хореография» ИЗО,	Интеграция ОУД «Самопознание» с содержанием изобразительного, музыкального, художественно-творческого направлений образования, где связующим

			Студия театрализованной деятельности «Театр и Я»	элементом выступает художественный и музыкальный образ окружающего мира, способствует раскрытию духовно-нравственного потенциала ребенка и развитию его творческих способностей.
5	Социум	Самопознание Ознакомление с окружающим миром Экология Художественная литература	Развивающие познавательные занятия: «Капельки счастья» «Познай мир»	Интеграция ОУД «Самопознание» с развивающими познавательными занятиями «Капельки счастья», «Познай мир» позволяют воспитанникам познать себя в социуме через изучение характеристик социума и природы, истории быта и культуры населения, его хозяйственной деятельности, изучение и охраны памятников и выдающихся объектов в качестве золотого запаса духовного наследия человечества. У детей закладывается позитивное бережное отношение к природе, к себе как части природы, ответственное отношение к живому существу, формируются навыки бескорыстного служения обществу, выявляются общечеловеческие ценности.

Семь принципов «Мәңгілік Ел» отражают общечеловеческие ценности: любовь, ненасилие, истина, внутренний покой, праведное поведение, которые мы раскрываем в наших сердцах, в сердцах воспитанников и родителей. Общечеловеческие ценности составляют единое целое во всем, чему мы учим будущее поколение Казахстана, воспитывающихся в условиях нового независимого мышления, воплощая мечту страны «Мәңгілік Ел» [3].

В реализации идей «Мәңгілік Ел» важна роль педагога, его самосовершенствование и саморазвитие. Детский сад «Бәйтерек» работает в тесном сотрудничестве с Национальным Научно-Практическим, Образовательным и Оздоровительным Центром «Бөбек» г.Алматы, ЦУП ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области, Учебно-Методическим Центром Развития Образования Карагандинской области.


Тренер НДО «Самопознание» ЦУП ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области Кантарбаева Ж.Е. в сотрудничестве с разработчиком программы НДО «Самопознание» Национального Научно-Практического, Образовательного и Оздоровительного Центра «Бөбек» г.Алматы Омаровой Г.А. провели большой семинар для всех сотрудников детского сада «Интеграция НДО «Самопознание» в образовательное пространство детского сада». Цель семинара – развитие профессиональной компетенции педагогов дошкольной организации образования по интеграции идей НДО «Самопознание» в воспитательно-образовательный процесс детского сада.

В детском саду активизирован процесс нравственного-духовного воспитания детей в тесном взаимодействии педагогов с родителями воспитанников и детским садом. Проводятся разнообразные мероприятия по приобщению наших воспитанников к культурно-историческому наследию страны и формированию духовно-нравственных качеств личности дошкольников старшего возраста.

Таким образом, сопоставив педагогические наблюдения от общения с детьми, родителями за последние два года, мы убедились в том, что в результате улучшения партнёрских отношений с родителями наблюдается рост духовно-нравственного воспитания детей.

В процессе взаимодействия используются следующие эффективные формы и методы работы:

- Экологическая акция «Зеленая страна»
- Родительские собрания: «Вместе мы сильнее!», «Добро пожаловать!», «Воспитываем добротой!»
- Благотворительная акция «Дари добро!»
- Спортивный досуг «Здоровье – главное богатство!»
- Выставка совместного творчества «Осень золотая в гости к нам пришла»
- Благотворительная акция «Протяни руку помощи»
- День открытых дверей «Мы рады Вам!»



– Выставка «Моя Родина – Казахстан!»

В детском саду ведется большая работа, посвященная 20-летию Ассамблеи Народов Казахстана: спортивный конкурс «Толағай» с участием родителей и детей, тематические утренники и выставки «От сердца к сердцу, к дружбе и согласию», которые с детства воспитывают толерантность и терпимость к разным народностям.

Стало доброй традицией детского сада проводить совместные благотворительные акции. Одна из таких акций «Все в твоих руках» посещение детьми, родителями и педагогами детского дома «Құлыншақ». Целью такой благотворительной акции является привлечение родителей к мероприятиям в детском доме с целью дальнейшего усыновления детей. И мы очень рады, что у нас есть результат. Одной семье стало больше!

Главный результат заключается в раскрытии и усвоении детьми, педагогами и родителями общечеловеческих ценностей.

Лидер нации провозгласил национальную идею «Мәңгілік Ел», которая направлена на объединение, сплочение и согласие казахстанского народа. Так и программа нравственно-духовного образования «Самопознание» раскрывает в сердцах общечеловеческие ценности: покой, любовь, истина, праведное поведение, ненасилие. Достигнуть намеченной цели возможно только в том случае, если каждый казахстанец внесет свою лепту. «Включайтесь в работу, каждый на своем рабочем месте. Не будьте равнодушными. Создавайте судьбу страны вместе со всем народом!», - сказал Президент, и его слова стали объединяющим и вдохновляющим девизом всего коллектива. Историческая память, казахстанский патриотизм, гуманная этническая и духовная культура – вот главное наше богатство. Национальной идеи «Мәңгілік Ел» - быть, жить, развиваться.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» Н.А.Назарбаева 17.01.2014г.
2. Назарбаева С.А. Этика жизни-Алматы, 2001г.
3. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения- 2013г.
4. Амонашвили Ш.А. Как любить детей/ Основы гуманной педагогики. В 20 кн. Кн.2.-М.: Амрита, 2012.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ МАҚСАТ–ЗАМАНҒА СӘЙКЕС ЖАҢҒЫРУ

Ешпанова Л.Ш.

*Қ. Мұхамеджанов ат. № Імектеп-гимназия
ғылыми жет. Қошқарова Ш.З., пед.ғ.кандидаты
Қорқыт-Ата ат. Қызылорда университеті
«Өнер»кафедрасының аға оқытушысы
Қызылорда қаласы*

Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс

ҚР Президентінің 2018 жылғы Жолдауынан

Білім беру саласындағы бүгінгі өзгерістер жаңартылған мазмұндағы бағдарламалар мен оқулықтардан, стандарттар және кадрлардан бастау алады. «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп Елбасы барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет екенін айтты. [1.1] Өзгерістерді өзімізден бастауымыз керек екендігін бүгінгі таңда қарқындап дамып келе жатқан заманауи технологиялардан байқауға болады. Біз үшін, яғни білім саласының мамандары үшін ең маңыздысы адам капиталына инвестиция салу, адам капиталын дамыту болып табылады. Адами капитал – білім саласын дамыту негізі. «Білім экономикасын» қалыптастыру мен дамытудың басты факторы креативтік және инновациялық адами капитал болып табылады. Адами капиталды таңдау еңбек өнімділігін, өмір сүру деңгейін, білім беру сапасын, денсаулық сақтауды, демалу саласы мен мәдениетті арттыруға негізделген ұлттық саясаттың жаңа принциптерін құру қажеттілігін айқындайды. [1.2]

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» және «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдаулары мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрсетілген мақсаттарға жету, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының тиісті деңгейде орындалуы үшін де, дамыған отыз елдің қатарына қосылу үшін де әлемдегі ең дамыған мемлекеттердің жаңа форматты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық стратегиялық жоспарларына зейін қойып, көңіл бөлуіміз заман талабы болып отыр. [1.1]

Дамыған Еуропа елдерінің бірі Германия 2010 жылы жариялаған «Industrie-4.0» атты даму стратегиясы бүкіл әлемнің индустрияландыру саласындағы жаңа стандарттарға айналып отыр. 2011 жылы АҚШ өнеркәсіп саласында жаңа форматтағы әріптестік орнату үшін «Advanced Manufacturing Partnership 2.0» бағдарламасы, Қытай үкіметінің өнеркәсіп саласын дамытуға бағытталған «Made in Shina 2025» индустриялық стратегиясы жыл басындағы Елбасымыздың Жолдауы мен Қазақстан үкіметінің 2025 жылға дейінгі өнеркәсіп саласын дамытуға арналған жаңа жоспарының қабылдануына осындай әлемдік үрдістер арқау болып отырғанын білеміз. [1.2]

Адамзат дамуының кезеңдерін қарастырып көрсек, бірінші кезеңде адамдар өз қажетін, тамағын табиғаттан аңшылық, терімшілік әдіспен тапты. Екінші кезеңде мал асырап, егін егіп күн көрсе, үшінші кезеңде металды, ағашты өңдейтін қарапайым өнеркәсіп саласын дамытты. Ал қазіргі төртінші кезеңде ақпарат тарату жүйесі дамып, интернет пен цифрлы технологиялар қарқынды дамып тұрмыстың барлық саласының негізгі бөлігіне айналды. [1.2] «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында» еліміздің қарқын алып дамуы үшін барлық мүмкіндіктер жасалынуы тиіс.

Болашақтың жоспарын үздіксіз жасап отырған аса дамыған Жапония елі дамудың жаңа жолдарын қамтамасыз ету үшін «Society 5.0» (5.0 қоғамы) стратегиясын жүзеге асыру мақсатында «Connected Industries» атты бағдарламасын қабылдады. 5.0 қоғамында адамдар күнделікті күйбең тірлікті арнайы жасалған роботтарға жүктеп, жеке басына тиімді уақытты денсаулығы мен біліміне пайдалануға мүмкіндік жасайды. Сондықтан, «роботтар әлеміне» айналатын «5.0 қоғамы» адамзат дамуының кезекті кезеңі деп қабылдауға болады. [1.2]

Қазіргі цифрлы технологиялар дамып, әр мемлекеттің және қоғамдың жүйенің негізіне айналып отырған кезеңде барлық салада жиналып отырған ақпаратты (Big Data) өндірісті жеңілдетуге ғана емес, адамның өмірі мен тұрмысын оңтайландыруға қолданудың тиімді жолын табу келешектің кемелденген қоғамын құрудағы ең маңызды мәселе болып отыр. Осы мақсатта «Адами капиталды» жаңғырту – білім беру саласы мамандарының басты міндеті болып табылады. Жас ұрпақты ғылыми-зерттеу саласына және өндірістік-технологиялық ортаға ұтымды түрде кірістіру үшін мұғалімге үлкен міндеттер жүктеліп отыр. [1.2]

знаменательным датам, темы в течении года повторяются, продолжаются, между ними устанавливается логическая связь. Это планирование способствует не только лучшему усвоению знаний, но и духовно-нравственному воспитанию детей. Так как создаются условия для повторения однотипных переживаний. Такое повторение делает переживания ребёнка глубокими, прочными. Различные темы воспринимаются по-разному «В гости к Айсулу», «Юрта – жилище казахов», «Широка моя степь родная», «На Джайляу», «Кочевники», но всё возникающие у детей в связи с узнаванием материала эмоции и чувства сливаются в одно большое чувство- любви к своей Родине.

Литература:

1. Тажибаев Т.Т. Философские, психологические, педагогические взгляды Абая Кунанабаева. Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. .
2. Белоусова Т.Л. Духовно-нравственное развитие и воспитание младших школьников. Методические рекомендации / Т.Л. Белоусова. М., 2011.
3. Кузнецова Л.В. Гармоническое развитие личности младшего школьника / Л.В. Кузнецова. М., 2008.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТАРИХ САБАҒЫНДА САРАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ибраева Н.Н.

Қ. Мұхамеджанов атындағы

№1 мектеп-гимназиясы

Ғылыми жет. Қожақұлы Ө., т.ғ.к, профессор

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Еліміздің әлемдік өркениетке кіріккен тұста білім беру жүйесінің де үлкен бетбұрыс болғаны белгілі. Соның негізінде Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында "Орта білім саласына қойылатын қазіргі заманғы ұлттық үлгісін қалыптастыру мен оны әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуін қажет етеді" делінген [1].

Заман талабына сай мектепті қайта жаңғырту жағдайында, білім сапасын халықаралық стандарттарға сай болуы мұғалімдердің кәсіби шеберлігіне, яғни педагог кадрлардың кәсіби құзіреттілігінің қалыптасуына байланысты жүзеге асырылады. Сондықтанда бүгінгі таңда білім саласында жалпы білім беруді жетілдірудің құзіреттілік тәсілін алу ұсынылып отыр.

"Competent" сөзі французша "құзіретті", "заңға сай"; латынша "сай болу, "қабілетті ", "талап қою"; ағылшынша "қабілетті " деген мағынаны білдіреді [2].

2018-2019 оқу жылында жаңартылған білім мазмұны бойынша оқуға көшкен 5 «Ә» сыныбына тарих пәнінен сабақ бердім. Сабақты жоспарлау барысында «**Сабағымның мақсаты оқушыны мақсатқа жетуге жетелей ме? Оқушыларды білімді игергенін қалай білемін?**» деген мәселелерге назар аудардым. Мұның себебін Стронгтің "Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға - мұғалім" деген сөзімен түсіндірер едім. Себебі менің алдымда оқушыларымды оқу мақсаты арқылы күтілетін нәтижеге жетелеу, болашақ өмірге және еңбек етуге тиісті деңгейде даярлап, олардың бойында ұлттық құндылықтырды және өмірлік маңызы бар адамзаттық дағдыларды қалыптастыру міндеті тұрды. Алғашқы айларда жоспарланған оқу әрекеттері толық жүзеге аспады және пән бойынша академиялық білімді меңгертумен ғана шектелдім де, оқушыларым оқу жетістіктерін анықтайтын жиынтық бағалау тапсырмаларын орындауда біраз қиналып, төмен нәтиже көрсетті. **Бұл мәселе** мені терең толғанды және ізденіске, **идея табуға**, тығырықтан шығуға жетеледі.

Тарих сабағында саралау тәсілдерін тиімді қолданудағы **мақсатым** – пән бойынша оқушылардың академиялық, коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту. Педагогикалық ізденісімде үнемі табысқа ұмтылу өз оқушыларымның табысқа жетуіне қабілетті кәсіби шеберлігімді шыңдау.

Оқытудағы «**Саралау тәсілі**» ұғымының негізін салушыларды К.Роджерс, А.Маслоу т.б гуманистік психология өкілдері деп есептеледі.

Қазіргі таңда білім берудің жаңартылған мазмұн жағдайында мұғалімдердің тәжірибесінде көптеген өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер мұғалім тәжірибесін дамытуға бағытталған.

Осылайша жоспарлау және оқытуда саралаудың маңыздылығы артуда. **Саралап оқыту (дифференциация) латын тіліндегі «difference»** сөзінен бастау алған және біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде «differentiation» айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді.

Дәстүрлі оқытуда оқушылардың жеке қабілеттеріне бейімделу мүмкіндігі аз. Бағдарлама орташа оқушыға бейімделген. Ал ынтасы, алымы төмен оқушылармен жұмыс істеу, оларды алға ілгерілету үшін не істеу керектігі әрбір мұғалімді мазалайды. Сыныпта сонымен қатар басқа оқушылардан білім, білік, дағдысы бойынша көш ілгері оқушылар отыр. Мұғалімдер сыныптағы алымдары үш түрлі оқушыларды толық қамтуы мүмкін немесе керісінше не ұмытып кетеді, не керісінше соларға көп көңіл бөліп қояды. Сабақтың интерактивті және инклюзивті болуын қамтамасыз ету дұрыс жолға қойылса аталған кемшіліктерге жол бермеуге болады. Деңгейлік саралаудың мәні – бір сыныпта бір бағдарламамен және бір оқулықпен оқи отырып, оқушылар оқу материалын әр түрлі игереді.

Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша **сабақтың басты міндеті оқу мақсаттарын жүзеге асыру болып табылады** және сабақ жоспары осы оқу мақсатының төңірегінде құрылады. Сабақ мақсаттары (барлық оқушылар, оқушылардың басым бөлігі және кейбір оқушылар) оқушылардың танымдық деңгейлеріне қарай қойылады. Демек, Блум таксономиясының санаттары арқылы жүзеге асырылады. Сараланған сабақ мақсаттары да, одан туындайтын бағалау критерийлері мен тапсырмалары да оқу мақсатын жүзеге асыру үшін құрастырылады. Яғни, сабақ мақсаттары оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, SMART форматында құрастырылады. Мысалы, сабақтың тақырыбы «**Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті**», осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты «6.2.2.2 – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру». Осы оқу мақсатынан сараланған сабақ мақсаты шығады.

Барлық оқушылар: X-XIII ғғ Сәулет өнері ескерткіштерінің түрлерін анықтап, ерекшеліктерін сипаттайды.

Оқушылардың басым бөлігі: Сәулет өнері ескерткіштерінің орналасқан аумағын картадан көрсетіп, қазіргі замандағы сәулет өнері ескерткіштерімен ұқсастықтары, айырмашылықтарын анықтайды.

Кейбір оқушылар: Сәулет өнері ескерткіштерінің тарихи дерек көзі ретіндегі құндылығына баға береді. Сабақтың қысқа мерзімді жоспарының ішінде осы сабақ мақсаттарын ашатын тапсырмалар берілуі керек. Байқап отырғанымыздай саралау сабақтың мақсатынан басталып тұр.

Тарих сабақтарын оқытуда деңгейлік саралаудың негізгі мақсатты бағыттары төмендегідей:

1. Қайталау деңгейдегі тапсырмалар білім берудің міндетті деңгейінен тұрады. Бұл жерде ең бастысы анықтаушы ретінде міндетті дайындық деңгейін атауға болады. Оқушыларға мұндай тапсырмаларды орындау үшін дайын алгоритм беріледі, олар алгоритмге сүйене отырып, тапсырманы біртіндеп орындайды. Мысалы, «**Иллюстрация әдісі**» оқушыларға үй тапсырмасын пысықтау ретінде Сығанақ қаласының орны, бастапқы ынталандырушы материал ретінде Қарахан кесенесі ұсынылып, ой қозғау мақсатында жеңілден күрделіге қарай сұрақтар қою арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдысын қалыптастыру үшін **ақпарат** арқылы саралауды жүргізіледі.

Мағынаны тануда мәтінге сілтеме жасау арқылы әрбір топқа тапсырма беріледі. Тақырыптың мазмұнын ашу үшін таңдау тақтасында ұсынылған әдістердің ішінен қалауы бойынша өздері әдісті таңдайды. Тақтада «Ақпараттық органайзер», «Жүйелік органайзер», «Тұжырымдамалық карта», «Деректермен жұмыс органайзері» әдістері ұсынылады. Ақпаратты визуалдандыру, іздеу, пайымдау дағдыларын жетілдіру, тұжырым жасай білу дағдысын дамыту үшін **нәтиже** арқылы саралау жүреді. Осы жерде оқушыларға **қызығушылығы бойынша таңдау құқығы беріледі. Күтілетін нәтиже арқылы саралау жүргіземін.**

Оқушыларға картамен жұмыс барысында нұсқаулық беріледі. Картадан орта ғасырлық сәулет өнерінің туындылары Айша бибі, Қарахан, Бабаджа қатын кесенелері, Құмшық ата жерасты мешіті, шығыс моншалары, Діңгек, Сараман – Қосы, Бегім Ана, Боран мұнараларының орналасқан жерлерін көрсету.



Картадан дағдысы төмен оқушылар кесенелердің атауын айтып шығады, дағдысы орташа оқушылар кесенелердің орналасқан аумағын көрсетеді. Дағдысы жоғары оқушылар сәулет өнері түрлерінің ерекшеліктерін түсіндіреді. Мәліметті талдау, елестету, түсіндіру дағдыларын дамыту мақсатында бірдей тапсырма беріледі, бірақ нәтижесі әртүрлі болып, қарқын арқылы сараланады.

«Венн диаграммасы» арқылы дағдысы жоғары оқушы дағдысы төмен оқушыға диалог арқылы қолдау көрсетеді.

Орта ғасырдағы сәулет өнері Қазіргі замандағы сәулет өнері



Нәтижесінде орта ғасырдағы сәулет өнері ескерткіштері ерекшеліктерінің айырмашылығын анықтайды. Қазіргі замандағы сәулет өнері ескерткіштері ерекшеліктерінің айырмашылығын анықтайды. Орта ғасырдағы және қазіргі замандағы сәулет өнері ескерткіштері ерекшеліктерінің ұқсастықтарын анықтайды. Ерекше көмекті қажет ететін оқушылардың ресурстармен қамтамасыз етілгендігіне немесе берілген материалды мұғалімнің, сыныптасының көмегімен алатындығына көз жеткізуіміз керек.

«Жүйелік органиайзер» әдісі арқылы сәулет өнерінің түрлеріне сипаттама жазу, сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктеріне тоқталып, тарихи дерек көзі ретіндегі құндылығына баға беру нұсқаулығы беріледі. Оқушылардың барлығы кесенелердің, мұнаралардың, мешіттердің атауын, уақытын, орналасқан жерлерін анықтаса, дағдысы жоғары оқушылар кесенелердің тарихи құндылығын жазады. Дағдысы жоғары оқушылардың жоғары деңгейде ойландыратын мәселелерді шешу, жоғары деңгейде ойлау мүмкіндіктерін қарастырып, бірдей тапсырма беру арқылы әртүрлі нәтижесі бойынша саралау жүреді.

Кесенелер	Уақыты	Орналасқан жері	Ерекшеліктері	Құндылығы

Жалпы білім беретін мектептің мақсаты – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мұрасының сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу және әрбір шәкіртті тұлға деп санап, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау болып табылады.

Бұл мақсатты жүзеге асыру барлық ұстаздарға, соның ішінде тарих пәнінің мұғалімдеріне де үлкен міндет жүктейді. Себебі, тарих сабағында оқушы санасына туған халқына деген құрмет пен сақтану сезімін ұялатып, ұлттық рухты енгізу, оның тілі мен тарихы, еліміздің табиғаты, байлығы, экономикалық дамуы туралы білім беру мүмкіндігі мол. «Жанам деген жүрекке от берейік» дегендей, әрбір мұғалімнің міндеті – оқушының өз пәніне деген қызығушылығын ояту.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2016
2. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі» (ғылыми-практикалық конференция материалдары) Алматы-2008
3. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы «13» мамырдағы № 292 қаулысына 6-қосымша. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

4. Мұғалімге арналған үлестірме материалдар. Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» біліктілікті арттыру курсы. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

5. Тиімді оқыту мен оқу. Үлестірме материалдар. 3 апта. 4 күн. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

«ӨНЕГЕЛІ ӨМІР» ЖОБАСЫ – «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰРПАҚТАРЫН ТӘРБИЕЛЕУ ҮДЕРІСІНДЕ

Ибрайбекова А.Н.

«М.Жұмабаев атындағы №39 гимназия»КММ

Қарағанды қаласы

«Адам баласын заманы өсіреді, кім де кім жаман болса, замандасының бәрі кінәлі», - деп Абай атамыз айтқандай, ХХІ ғасырда оқушы тәрбиелеп жатқан бізге, яғни мұғалімдерге, ата-аналарға тіптен қоғамға үлкен ой салады. Қазір жаңа Қазақстан, жаһандану дәуірі.

Осы ойды ескере келе 2019-2020 оқу жылында Қарағанды қаласының білім беру ұйымдарында «Өнегелі өмір» жетістік пен табысқа жеткен адамдармен кездесу жобасы оқу-тәрбие үдерісіне енгізілді.

«Өнегелі өмір» жобасы Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында орындалу керек міндеттердің бірі «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қарағанды жерінің дамуына зор үлес қосқан азаматтардың табысқа жету тарихына мән беру арқылы ұлтымыздың алтын қорына енуге лайықты жерлестерімізді көпшілікке таныту мақсатында жүргізілуде. Жетістік пен табысқа жеткен тұлғалардың іс-тәжірибесімен, бейнесімен танысу арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және кәсіби бағдарлау. Жобаға басқа аймақтарда жүрсе де, туған жерлеріне қызмет етіп жүрген зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, педагогикалық еңбек ардагерлері, ақындар, жазушылар, өнер қайраткерлері, кәсіпкерлер шақырылды.

Жобаға 8-11 сынып оқушылары қатысады. Жүзеге асыру бойынша іс-шаралар құрылып жасалуда. Нақтырақ айтсақ, гимназиямызда жобаны енгізу бойынша жұмыс топтарын және іс-шаралар жоспары құрылды. Жобаға қатысушылар тізімінен білім беру ұйымының қажетіне және мүмкіндіктеріне байланысты қатысушыны алдын-ала шақырып, кездесу уақытын белгіленеді. Кездесуге дейінгі аралықта мектеп оқушылары кездесуге қатысушы тұлғаға қойылатын 100 сұрақты жоспарлап, дайындалады. Оқушылармен дайындалған сұрақтардың сапасы мен мазмұнын білім беру ұйымы әкімшілігімен қарастырылады және талданады. Өткізілген іс-шараның барысы туралы ақпарат жергілікті ақпарат өкілдеріне таратылады, әлеуметтік интернет желісінде жарияланады. Тұлғамен өткізілген кездесуден туған қорытынды ойлар, пікірлер өнеге сағаттарында талқыланды. Мектепшілік телебағдарламаның, мектеп блогерлерінің жағымды көзқарасымен жазылған мақалалары жергілікті газеттерге жарияланады.

Ең алғаш қонағымыз Қарағанды қаласының Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының актеры, әртісі Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Мәдениет қайраткері Қайрат Кемалұлымен кездесу болып өтті. Кездесуге қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналар, ұстаздар мен оқушылар қатысты. Кездесу барысында оқушылар қызықты сұрақтар қойып, мағыналы-мәнді жауаптар естіді. Сұхбат соңында Қайрат Кемалұлы Мұхтар Шахановтың «Арман» өлеңін оқып, оқушыларды поэзияға тәнті етті. Бірнеше буынның жүрегінен орын алған сахналық бейнесі, кинода сомдаған образы оқушыларымыздың бойына өнер қабілеттерін шыңдауға үлес қосқаны хақ.

Келесі қонақ «Алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын ұстаздікі» деген айдармен еліміздің мәртебесін көтеріп жүрген абыройлы азаматтардың жаңа қырларын жас буын өкілдеріне таныстыру мақсатында ардагер ұстаз, ҚР білім беру ісінің үздігі, Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері, Қазақстан және халықаралық журналистер одағының мүшесі, БҰҰ-ның Қазақстандағы филиалының «Ұлт мақтанышы» медалінің иегері, Қарағанды облысының білім саласына еңбек сіңірген қызметкері, Қарағандыдағы бәсекеге қабілетті №76 қазақ орта мектебін ұзақ жыл басқарған, Әлихантанушы ұстаз Тілеуғалы Әміртайұлы гимназиямызға келіп, ұстаздық жолындағы сырларымен және ақыл-кеңесімен бөлісті.

«Дана тұлғалардың дара жолы» атты кездесуіміздің қадірлі қонақтары, есімдері тарихта алтын әріптермен жазылатын білім саласының профессоры, ардагері, «Құрмет» орденінің иегері,

«Қазақстан Республикасының білім саласының үздігі», «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері - Қонтаев Сәбит Сейітұлы мен білім беру саласының үздігі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Абылай ханның 300 жылдығы мерекелік «Алтын» медалінің иегері Смағұлова Ғазиза Ғабдоллаевна болды.

Ұлы ғұлама Әл-Фараби: «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деген. Осы қасиеттердің барлығын да өз бойына жинаған нағыз ұстаз, білікті маман, дара тұлға - Ғазиза Ғабдоллаевна өзінің ұстаздық жолының басталуы туралы айтып өтті. Өзінің тәрбиелеп оқытқан, мақтан ететін, жалпы халықтың алдында жүрген ұстаз шәкірттерінің аз емес екенін, олардан өзінің де үйренері көп екенін атап кетті. Оқушылар тау тұлғалы азаматтардың ғылым саласына қызығушылығы неден туғанын, жаңа технология мен озық технологияның ара-жігін ажыратып беруді, педагог маманның бойында қандай көшбасшылық қасиеттер болуы керектігін білгілері келіп, қызығушылықпен сұрақтарын жаудырды.

Кездесуімізді жалғастырған экономика ғылымдарының PhD докторы, ғалым, қымызтанушы, меценат- Мұқаш Айтұған Адамқұлұлы. Дәмі балдай, жанға майдай жағатын қымыз сусынын сүйікті кәсібіне айналдырған Қарағанды қаласының тумасы. Қазақтың ұлттық сусынын 20 жыл бойы дәріптеген, отандық өнімнің дамуына өз үлесін қосып жүрген, ең алғаш осы қымызды бір жылға құтыда сақтауға болатынын ойлап тауып, үш мың жылдық тарихы бар қымыз сусынын брендке айналдырған Айтұған Мұқаш мырза. Оқушылардың болашақ мақсаттарына нық сеніммен қадам жасауына ықпал ететін кездесу болды. Қарапайым оқушы егер білімге зейін қойса әлемді бағындыратынын, өз өнімдерін брендке айналдыратынына көздері жетті.

«Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» тақырыбында гимназиямыздың алғаш директоры, мектепті ашып, дамытып, зор жетістіктерге жетелеген басшы, ғұмырының ұзақ жылын бала тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз, ҚР Білім беру ісінің үздігі Гүлшара Нургалиевнамен кездесу өтті. Игерген мамандық түрлерін біліп, түсініп, өз бетінше ой қалыптастырып, жаңа өмірге, бейімдеу мақсатында өткізілген сыр-сұхбатқа кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандыққа бейімдеуге зор үлес қосты.

Абай тағылымын зерттеп жүрген тұлғалармен кездесу өткізу. Нақтырақ айтсақ филология ғылымдарының профессоры Рахимов Берік Серікбаевичпен кездесті. Кездесу барысында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы талқыланды. Журналист, ағылшын тілінің маманы Ернат Мелсұлымен мотивациялық кездесу, Абайдың “Толық адам” мен 4 даму туралы ой бөліскен кездесу өтті. “Толық адам” болу үшін қандай қадамдардың дұрыс екендігі жайында, 4 дамуға нелер жататынын, ойын Абайдың сөздерімен нақтылай түсіп, қызықты да, түсінікті етіп талдап берді. Тақырыпты аша түсетін презентациялар мен арнайы бейнежазбалар көрсетілді.

«Өнер – өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» тақырыбында «Шолпан» би ансамблінің көркемдік басқарушысы, балетмейстері, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, «Ерен еңбегі үшін», «Ең үздік хореограф», «Қосымша білім беру мекемесінің ең үздік педагогы», «Қазақстан Республикасының білім саласының құрметті қызметкері» белгісінің иегері – Гүлнар Мендібаевнамен кездесу өтті. Қазақ би өнерін үйрету арқылы ұлттылығымызды ұлықтап, елдігімізді ерекшелеп, килелі де күрделі істерді ұрпақ бойына сіңірумен қатар, олар игерген мамандық түрлерін біліп, түсініп, өз бетінше ой қалыптастырды.

Гимназия директоры А.А.Жалелов Орталық Қазақстан газетіне «Ұстаз бақыты» атты мақаласы жарық көрді. Мақала осы «Өнегелі өмір» жобасының оқушылар тәрбиелеуде үлкен зор мәні бар екенін және нәтиже беріп жатқанын нақты айтып өткен.

«Мәңгілік Ел» ұрпақтарын тәрбиелеуде «Өнегелі өмір» жобасы не берді десек - оқушыларға рухани азық, Отансүйгіштік қасиеттерін артып, патриоттық сезімдерін оятып, кәсіби мамандықтарын анықтауға зор үлес қосты. Өмірде де, қоғамда да ұстаз болып, көпке бас болған тұлғаларымызды, бүгінде ардагер тұлғаларды ардақтау біздің борышымыз екенін ұғынды. Тік жүріп, әдемі қартаудың үлгісін көрсетіп, тынымсыз еңбектің арқасында елге сыйлы болған дара тұлғалардың дана жолы, сара жолы біздің оқушыларымызға тым ерекше әсер етуде. Жақсылардың жұрнағы, алтынның сынығы, асылдың тұяғы Ұлы тұлғалардың тағылымына бас қою, тағылымын тәрбие жұмысына пайдалану, бой түзеу, ғибратқа толы ғұмырын, әңгімелерін біле отырып, еліктеп өмір сүруді мақсат ету жасөспірімдердің тәрбиесіндегі қажеттілік.



Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» Ел басының қазақстан халқына жолдаған стратегиялық бағдарламасы. - Алматы: Білім, 1997. – 256 б.
2. <https://kargoo.gov.kz/blogs/fromorg/48/229?page=19>
3. <https://ortalyq.kz/>
4. <https://kargoo.gov.kz/blogs/view/48/140447>

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Игенова А.А.

*№1 «Білім-инновация» лицей-интернаты,
Қарағанды қаласы*

Өз Отаның – бұл дүниедегі жәннатың мен шуағың.
Сондықтан білімің мен қайрат-жігеріңді өз еліңнің мүддесіне жұмса. Туған елің дәулетті, туған жерің сәулетті болса, сен де әулетті, әлеуетті боласың.

Н.Ә.Назарбаев

Болашақ – өткен тарихты қорыту, таразылау, саралау, зерделеу. Қазақ халқы өз алдына жеке ел болып қалыптасу жолында ұзақ тарихи дәуірді басынан кешіргенін бүгінгі ұрпақ білуге тиіс.

Тарих – үлкен тағылым мектебі. «Болашағымыз баянды, тәуелсіздігіміз мәңгілік болу үшін біз бабалардан қалған аманатты есімізден шығармай, үнемі електен өткізіп отыруға тиіспіз» деп Елбасы айтқандай, жас ұрпаққа мемлекетшілдік дүниетанымның жаңа моделін жасап, оларды патриоттық рухта тәрбиелеу міндеті бізге жүктелген.

«Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асыруда үлкен жауапкершілікті мемлекет құруды ұлт ретінде қазақ халқына жүктей келе, Президент ұлт ұлыларының шығармашылығына ыждаһаттылықпен назар аударуға көңіл бөлуді талап етіп отыр. «Дәстүр мен мәдениет – ұлттық генетикалық коды... Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әр алуандылығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да, жинастыруымыз керек», - деген Елбасының бұл құнды пікірі ата салтымызды сақтауға, туған жер мен ел алдындағы перзенттік парызымызды ақтауға шақырады.

Асылы, ұлттық рухты үнемі ұлықтап жүретін қазақтың тәлім-тәрбиесінің қайнар көзі тым тереңнен басталады. Ұлттық тәрбие қайнарынан қанып сусындаған ұрпақ дені сау, ақылды, білімді, ұлтжанды, еңбекқор, кішіпейіл болып өседі. Халықтың өмір тәжірибесінен, рухынан, өнерінен, ділі мен тілінен, ұлттық мінезінен туатын ішкі заңдылықтарды дұрыс түсіндіре білу – жастарымыздың тәрбиесіне оң әсерін тигізбек. Қазақ елі қандай ел болуы керек екенін жастардың санасына жеткізу үшін біз төл тарихымызды терең меңгертуіміз абзал.

Ана тілімізді ұлықтау, қастерлеу, оның болашағы үшін толғану, күресу – мемлекет құрушы халық ретінде біздің елімізді танытатын айғақты фактор. «Тіл тұғырлы болмай, ел тұғырлы болмайды» деген қағиданы естен шығармау керек.

Енді бізге уақытты өткізіп алмай, кемел ойларды ортаға салатын басқосуларды тиімді пайдалана отырып, шын мәнінде кәдеге асатын шығармашылық істерді жоспарлап, озық идеяларды ұсыну – әрқайсымыздың адамгершілік парызымыз.

Шетел үшін таңсық, жаңалық болып жатқан технологиялар – біздің ата-бабаларымыздың даналық ойлары мен Алаш арыстарының ғылыми еңбектері мен оқулықтарында тайға таңба басқандай жазулы тұр.

М.Жұмабаев «Педагогикасында»: «Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау болмаса, адам басқа жануар сықылды заттарды, көріністерді құр жадына, есіне ғана алып, жат бір көрініс ұшыраса, оны шеше алмайтын, оған түсіне алмайтын бір жан иесі ғана болар еді. Келешекте не болатынын, тұрмысы қалай өзгеретінін білмейтін бір саңлаусыз соқыр болар еді. Адам ойлау арқасында ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларды бар қылған себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. **Келешекті болжай алады. Қысқасы, ойлай білетін адам – шын мағынасымен адам**», – деп ой топшылайды да, ойлауды өркендетудің мынадай жолдарын ұсынады: Баланың жанында дұрыс әсерленулер һәм ашық суреттеулердің көп болуына иждиһат қылу керек. Әсерленулер, суреттеулер өздері аз болып, және

дұрыс һәм ашық болмаса, баланың ұғым, хукім жасауы һәм ой шығаруы хата болады. Ойдың өзінің терең болуы үшін әсерлеу һәм суреттеулердің көп һәм ашық болуы керек. Қанша дегенмен адам суреттеулер бойынша ойлайды. Сондықтан балаға бір пікірді ұқтырмақшы болсақ, жалаңаш пікірді айтуда қасиет жоқ, бала пікірді суреттеудің өзінен шығарып алсын.» деуі – бүгінгі жаңаша оқытудың кредосы. Бүгінгі заман талабының Мағжан ойымен үндесуі – ғажап құбылыс.

Ғылым мен техника қарқынды дамыған бүгінгі заманда жоғары интеллектуалды жастарды жан-жақтылыққа, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, жеке тұлғалық қасиеттерін ояту, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіру, олардың потенциалдық деңгейінің көтерілуіне үлес қосу, бәсекеге қабілеттіліктерін шыңдау, әлеуметтік құзыреттіліктерін дамыту оңай іс емес. Білім беру саласының осы ең өзекті талабын орындау – әрбір ұлтжанды азаматтардың ел алдындағы қасиетті де киелі парызы әрі міндеті. Тәрбие рухани байлықтан нәр алады.

Рухани байлық – адам дамуының ең жоғары шыңы. Бұл шыңға тек ұлттық рухани құндылықтар мен даналардың ақыл-парасатына терең мән беріп ұғыну арқылы ғана көтеріле аламыз.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген М.Әуезовтің құнарлы ойының қуаты әркімнің жүрегіне терең бойламайынша, ұлт болашағын өркендетеміз деу бекершілік. Жан дүниеміз осы бір қуаты күшті сөздің мән-мағынасын терең түсінікпен қабылдамайынша, жылы жүреппен сезінбейінше, нұрлы ақылмен таразыламайынша тірлігіміз оңбайды. Осыны баршамыз біле тұра, іс-әрекетіміз баяу. Ұрпағымыздың бүкіл ғұмырлық рухани азығы тал бесіктен басталып, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі әдет-ғұрыптармен, салт-дәстүрлермен, халқымыздың бай інжу-маржандары – жыр-аңыздарымен, батырлар жырларымен, ертегілермен, ұлы ғалымдар мен ғұламаларымыздың даналық ойларымен, әнші-күйші, сал-серілеріміздің сұлу әуендерімен, жыршы-жырауларымыздың жыр-толғауларымен, ақын-жазушыларымыздың үлгілі-өнегелі шығармашылығымен, ауыз әдебиетінің телегей теңіз тағылымдарымен, би-шешендердің даналық тапқырлықтарымен – көкіректеріне көрікті ойлар құйылып, нәзік сезімдері шуаққа бөленіп жатса, болашақта жастар тәрбиесінде өкіндірер олқылықтар еш болмас еді! Елбасының «Тарих толқынында» еңбегінде: «Мағжанның жүрек тебіренерлік мөп-мөлдір лирикасы, Мұхтардың эпикалық көркем прозасы, Шоқанның барша әлемді таңқалдырған жаңалықтары, ұлы Абайдың түпсіз терең философиялық толғаулары сияқты осынша мол ұлттық құндылықтарымыз әрбір адамның ішкі жан дүниесін рухани байытып, сана-сезімін шарықтата көтеретініне күмән келтіре алмайсың» деген парасатты ойы жас ұрпақтың тұлғалық келбетін дамытуда өзекті екенін еске салады. Ғұлама-данышпандардың афоризмдері – рухани-адамгершілік қасиеттер мен ұлттық құндылықтарды жастардың бойына сіңіруде таптырмас ой қазына. Осынша мол байлығымызды игере алмасақ, кейінгілердің санасына сіңіре алмасақ, болашақ ұрпақтың бетіне қалай қараймыз. Бұл орны толмас өкінішке әкелері сөзсіз.

Бабаларымыздың рухани ой дүниесі – дамудың, өркендеудің, гүлденудің бағдарламасы. Әр елдің ұлы тұлғалары болады. Олардың қалдырған мұраларын ел мүддесіне пайдалана білген халық ұтады, қай заманда да тығырықтан шығатын жол таба біледі.

Қазақ халқы – оқу-білімге құштар, алғыр, тапқыр, зерек. Бұл асыл қасиеттер қанымызда бар. Қанда бар қасиеттер ешқашан өлмек емес! Оны дамытатын, жетілдіретін – даналықпен жазылған рухани ой байлықтары. Сол байлықтардан көз жазып қалмай ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – баршамыздың киелі парызымыз. Киелі парыздың киесі ауыр болатынын сезіне отырып, осы істі жүзеге асыруға қарышты қадамдар жасаудың өзі – даналық.

Бабалардан қалған даналық мұраларының барлығы да ойға құрылған. Олар философиялық тұжырымдарын, пәлсапалары мен хикметтерін дәл басып айтпай тереңнен тұспалдаған. Ондағысы әр ұрпақ өз заманына қарай ойлау арқылы дамытып жетілсін дегені болар. Ұрпағын дайын асқа үйретпей, өз жүрегінің сүзгісінен өткізіп болашағының кемелденуіне ой қазынасымен үлес қосатын ойшыл болсын дегенді меңзейді. Дана халқымыздың қай мұрасына да ой жүгіртсең, адамгершілік пен ізгіліктің, парасаттылық пен даналықтың қойнауына сүңгисің.

Өзі ой еңбегімен шұғылданғанда ғана бала өзгенің даналықпен айтқан әр сөзіне ой көзімен қарауды, ақыл таразысына салуды әдетке айналдырады. Ой еңбегі ғана баланың бойындағы дарыны мен қасиеттерін, қабілет-қарымын ширата алады.

Ұлттық рухани құндылықтарымыз әлем назарын өзіне аударып жатқанда, біздің жайбарақат отыруымыз еш жараспас. Қанаттарын қырандарша қомдап, ұлт мұрасына қырағылықпен қарап, жарқын болашағымыздың ірге тасының берік қалануына өз үлестерін қоса алатын жеткіншектер тәрбиелеуде ұстаз еңбегімен қоса мемлекеттің көреген саясаты мен Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясындағы «Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың

жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана біз «Мәңгілік Ел» боламыз» идеясы болашақтың кемелді тәрбиесі мен білім беруге бағытталса өзекті мәселелердің түйіні шешілері хақ.

Бүгінгідей жаһандану заманында тек өз ұлтымыздың дәстүрлі ойы мен пайым-парасатына сүйену керек. Тарихымызда бүгінге аман-сау жеткен халық педагогикасы, дәстүр қазынасы, данышпандарымыздың ой антологиясы, даналық философиясы, өмірлік тәжірибесі, танымдық ілім-білімдері – жарқын болашағымызға жол көрсетер бағдаршам, адастырмас темірқазық, телегей теңіз рухани азық, ұрпақтан-ұрпаққа мәңгілік жалғаса беретін асыл мұра, өнегелі тәрбие мектебі. «Тәрбие жан иесіне тиісті азық беріп, сол иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз.» Ендеше «адам баласы өмір бойы тәрбиеге мұқтаж.» Тәрбиенің мақсаты – адамды, ұлтты, асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі – әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты; адамзат дүниесінің мүшесі – әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты.» Адамзат бақыты – ел бақыты. Бақыттың тамыры – ғұламалардың ақыл-ойында.

Баланы қиялдауға, ойлауға жалықпай, шаршамай үйрете білу, әлеуметтік құзыреттерін дамыту– төл технологиямыздың мақсаты екенін Мағжан ұстаз өз еңбектерінде саралай зерттеген. Ойы мықтыны Әлем таниды, Әлем мойындайды. Ойшыл адам Әлемге ортақ. Әлем келбетін ажарландыруға ойдың ғана құдіреті жетеді. Төл технологиямыздың басында ұлт Алаштарының «Мәңгілік Ел» идеясы тұрғанда таспен қашалып жазылған қазақтың ұлттық рухани қазынасы өлмек емес!

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев М., Педагогика – Алматы, «Ана тілі» 1992
2. Әлімбаев М., Халық – ғажап тәлімгер – Алматы, «Рауан» 1994
3. Назарбаев Н., Қазақстан жолы – 2050:бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ
4. Назарбаев Н., Нұрлы жолы – болашаққа бастар жол, 27.11.2014
5. Назарбаев Н., «Тарих толқынында»1999
6. Назарбаев Н., Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 18.04.2017

ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН РУХАНИ -АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Игенова А.Б.

*Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп- лицей,
Жезқазған қаласы*

Ғасырлар тоғысында тәуелсіздікке қол жеткізген жас мемлекетіміз Қазақстан Республикасы бүгінде өзінің саяси-әлеуметтік және индустриалды-экономикалық жүйелерін дамыту бойынша, әлемдегі алпауыт мемлекеттермен иық тіресе, өркениетті жаһандану әлеміне кірігуде. Мемлекет дамуының көп салаларының бірі- білім саласына да бүгінде аса назар аударылуда. Ертеңгі күннің бүгінгіден нұрлы болуы үшін еліміздің ертеңгі болашағы бүгінгі жас ұрпақтың заманға лайықты білім мен тәрбие алуы-өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылуда. Сондықтан, бүгінгі таңда мемлекет тарапынан білім берудің мазмұнын жаңғыртуы, педагог мәртебесіне көңіл бөлінуі, білім саласын үлкен көлемде қаржыландыруы, қордаланған мәселелердің біртіндеп шешілуіне алғышарт жасап отыр.


Осыған дейін балаға білім беруді бірінші кезекке қойып, тәрбиенің біртіндеп кенжелеп қалғаны рас. Соның салдарынан, білімалушы жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік жағынан дамуында көптеген мәселелер туындады. Күн сайын әлеуметтік желілер мен басқа да ақпарат көздерінен жасөспірімдердің арасындағы қатыгездік, зұлымдық, зорлық- зомбылық, бұзақылық, бейәдеп қылықтар, суицидтік әрекеттер туралы естіп, жағамызды ұстаймыз. Мынандай бейбіт, мамыражай заманда жас буын қайда кетіп барады?! 2019 жылы статистика бойынша, мектеп жасындағы балалар арасында құқықбұзушылықтың 3156-ы тіркелсе,соның 9,1% ауыр және аса ауыр деп танылған. 13-15 жас арасындағы жеткіншектерден күнделікті шылым шегушілер саны-14,8%, алкоголь тұтынушылар -18,1% құраса, 15-17 жас арасындағыларда бұл көрсеткіштер 37 -% құраған екен. Жасөспірім мен жастардың 90% есірткі, шылым шегу, алкоголь тұтынудың денсаулыққа келтіретін зияндарына мән бермейді екен. Тағы да бір мынадай жайт, тек 2018 жылы ғана 170 тен астам білім мекемелерінің

қызметкерлері жасөспірімдердің құқықбұзушылық әрекеттерін өкілетті органдардан жасырып қалған. «Ауруын жасырған, өледі» демекші, бұл, әрине, аса назар аударатын қауіпті жайттардың бірі[1].

Бүгінгі заманда неге жас бүлдіршіндердің әдемі бақытты балалық шақтары осындай келеңсіз сұмдық жағдайлармен байланысуда? Оның кінәсін ата-аналар, мұғалімдер, мүдделі органдар бір-бірінен іздеуде. Бірақ, әйтседе оған нақты жауап жоқ болып отыр. Дегенмен, бала тәрбиесіне қатысты тұлғалар бірлесе отырып, жүйелі әрекет жасауы керек екені анық. Баланың осындай жағдайға баруына көп жағдайлар әсер ететіні белгілі, олар: қоршаған ортасы, достары, ақпарат құралдары, технологияның қарқынды дамуынан өзіне дұрыс пайдалы кері байланыс ала алмауы.


Ұлт ұстазы Ұлы Абайдың 19-шы қара сөзінде «Адам ата- анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» [2] деген сөзі еске түседі, яғни, баланың жаман жолға түсіп, адасуына біздер, үлкендер кінәліміз.

Сонымен, ХХІ ғасырдың жас буынын қалай тәрбиелеу керек? Көптеген ғалымдар бала тәрбиесіне кешенді тұрғыда келу керек екенін алға тартады. Бір ғана отбасының немесе мектептің ғана мәселесі болмауы тиіс. Бұл мемлекеттік деңгейдегі ұзақ мерзімді шешімі табылуы тиіс өзекті проблема. Егер біз әр баланың жүрегіне жететін жол таппасақ, ата-аналарға тиімді әдістемелерді үйрете алмасақ, қоғам болып оған бей-жай қарасақ, Қазақстанның болашағы бұлдыр болатыны ақиқат. Барлық мәселе адамдардың рухани-адамгершілік тұрғысынан жұтандауы, өркениеттің кері әсерінен қоғамның бұзылуы болып отыр.



Осы орайда, Ұлт көшбасшысының 2017 жылы жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы дер кезінде халыққа жол тапқан, бірден-бір дұрыс бағыт беретін құжат деп есептеймін. Онда Елбасымыз «...тәуелсіз мемлекетімізді 30 дамыған елдің қатарына қосу үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс деп атап өтті. Яғни, сананы іс-әрекеттен бұрын маңызды құрал ретінде көрсетіп, оны дұрыс бағытта өзгерту үшін «...өзімізді мықтап қолға алып, ұлттық кодымыз болып табылатын құндылықтарымыздың озық тұстарын сақтай отырып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек» деп тұжырымдады Елбасымыз[3]. Бүгінгі тәрбие жүйесінің көпсалалы бағыттарының ішіндегі негізгі

іргетасы *рухани-адамгершілік тәрбие* болып табылады. Ол барлық тәрбие бағыттарының оңтайлы дамуын реттейді.



Руханият - адамның дүниетанымының кендігінен, жанының нәзіктігінен, санасының жоғарылығынан, әділеттілік үшін белсенділігінен, өзгелерге қайырымдылығы мен ізгі ниеттілігінен көрініс беретін оның *ішкі әлемі*, яғни рухы[4]. Осы сөздің мағынасына тереңірек үңілсек, біз бала тәрбиесінде оның ішкі әлеміне ықпал ету арқылы тәрбие нәтижелеріне жетеміз. Сондақтан да, адамның ішкі жан дүниесін зерттейтін ғылым –психологияның кейбір аспектілеріне жүгінеміз.

Адамның көзіне көрінбейтін, қолымен ұстамайтын, бірақ қоршаған ортаны қабылдайтын сезім мүшелері бар. Ол белгілі бір іс- әрекет кезде ғана айқындалады. Барлық сезімнің ең жоғарғы қасиеті- **сана**. Сана - адам миы қызметінің жемісі, ал ми - оның мекені. Сана белгісіз ғайыптан пайда болмайды, оның дамуы түрлі жағдайларға байланысты.[5]. Мына төмендегі сызбада тұлға санасының құрылымдық сипатын ұсынып отырмын. Сананың үш негізгі құрылымдық сипаты бар, ол- **таным, эмоция, ерік –жігер** процестері. Бұл үш процесс және оларға тиісті сипаттарды тұлғаның ішкі рухани әлемінің ресурстары ретінде қарастыруға болады. Осы ішкі рухани тетіктерге оңтайлы, мақсатты әсер еткеннің нәтижесінде тұлғаның мінез-құлқы қалыптасады.

Мінезі дұрыс қалыптасқан жағдайда, адамның тәртібі немесе тәрбиесі дұрыс қалыптасады, осыған сай іс-әрекет жүзеге асады. Іс- әрекеттегі тұлғаның тәртібін былай жіктеуге болады: отбасы, ақыл-ой, еңбек, қарым-қатынас, ұжымдағы көшбасшылығы. Тұлғаның іс- әрекеттер тәртібі нормаларға сай реттелген кезде оның тиісті нәтижелері шығады, көрінеді. Олар: табыс, жетістіктер, абырой, бедел, мәртебе. Осының барлығы тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін анықтайды, яғни, рухани дамыған тұлғаның бейнесі қалыптасады.

Сонымен, баланың ішкі және сыртқы дүниетаным процестерінің психологиялық картасын еске түсірдік, тәрбие процесінің ұзақ мерзімді және күрделі үрдіс екеніне күмән жоқ. Сондықтан, біз әр баланың жас ерекшелігіне қарай, оның танымдық қабілеттеріне, табиғи ерекшеліктеріне сай ғылыми педагогикалық әдістемелерді, инновациялық технологияларды және заманауи ақпараттық тәрбие ресурстарын тиімді қолдануды жүзеге асыру маңызды екенін мойындаймыз .

Тарих пәнінің мұғалімі және сынып жетекшісі ретінде 20 жылдық тәжірибемде азды-көпті жинақтап жүрген, түйген ойларым мен ұсынымдарым бар. Тарих сабағында жалпы адамзаттық құндылықтарды оқушыға дарыта отырып, ұлтжандылыққа, адамгершілік пен мейірімділікке тәрбиелеуге күшімді саламын. Жылдар бойы жинақтаған тәжірибемде пікрталас/дебат/, интервью алу, үгіт-насихат поездарын қолдану, диалогтық сұхбаттар, «тұлғаны таны» сияқты әдістер өз жемісін беруде. Сонымен қатар, сынып жетекші ретінде сыныптан тыс іс-шаралар кезінде адамгершілік, ар-ұят категорияларына мән бере отырып, балалармен қоғам қайраткерлері, соғыс ардагерлері және қарапайым еңбек майданында жүрген аға-апаларымен кездесулер өткізудің маңызы зор деп білемін. Балаға үлгі-өнеге болатын тұлғалармен жиі кездесу, әңгімелесудің пайдасы көп. Себебі, баланы тәрбиелеудің негізгі құрал - шынайы үлгі-өнеге, тұлғалық адами іс-әрекеттер екені даусыз. Абай мұрасын сынып сағаттарында насихаттау адамшылықтың басты қағидалары қара сөздері мен шығармалары арқылы тәрбиелеу уақыт өткен сайын өзекті болуда. Отбасында ала алмай отырған толыққанды тәлімі мен үлгі-өнегесін кейбір балалар ең болмағанда мектеп қабырғасында достарынан, ұстаздарынан көрсе, нұр үстіне нұр болары сөзсіз. 20 жыл сынып жетекшілік атқарып, үш сыныптан 70-ке жуық оқушыны мектептен қанаттандырған екенмін, олардың барлығы дерлік осы өмірден өз орындарын тауып, алды отбасын құрып, еңбек майданына араласа бастады. Олармен мен үнемі байланыстамын, және әрқайсын дара тұлға ретінде мақтан тұтамын. Педагог мамандығын таңдаған жас буын мұғалімдерге қажетіне жаратар деген оймен тәжірибелік қоржынымнан берер ұсыныстарым төмендегідей:


- Мамандығыңызды сүйіп, сол жолда адал қызмет атқару;
- Баланы шын көңілмен сүйіп, онымен сырласуға асығу;
- Алдыңыздағы шәкерттерді өзіңізбен тең ұстау;
- Баланы ешқашан балағаттап, сағын сындырмау;
- Ұстамдылық, төзімділік, сабырлық!
- Өзіңізді мақтамай, қайта шәкірт сізбен мақтанатындай дәрежеге жету;
- Баланың бойынан кемшілік емес, жетістік іздеу!
- Бала темір, робот емес, ол- өзіндік әлемі бар ғажайып жеке Тұлға екенін ұмытпау;
- Отбасындағы келеңсіздіктер кезінде ата -анаға да, балаға да жанашыр дос ретінде олардың қарым- қатынасына дәнекер болып, тіл табыстыруға талпыну;
- Өзіңізді жетілдіре жүріп, баланы тәрбиелесеңіз, нәтижеге де қол жеткізесіз!

Абай атамыз өзінің **37- қара сөзінде**, «адамның мінезін өзгертуге болмайды деп айтқан кісінің тілін кесіп алар едім», - деген екен[6]. Олай болса, біздің алдымызда талшыбықтай иілген, тап-таза жас бүлдіршіндер отыр емес пе? Оларды ата-ана, мектеп, қоғам болып тәлім тәрбие берсек тиісті жемісін береді деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, бұл мақала болашақта үлкен бір зерттеу жұмысының іргетасын қаламақ деген ойдамын. «**Дәуір даналығын ілестіреді, ұстаз білімділікті үлестіреді**» демекші, болашақ ұрпағымыздың рухани адамгершілік құндылығы жоғары және тәуелсіз елімізді жаңа белеске шығаратын шынайы Тұлға болып қалыптасуына баршамыз өз үлесімізді қосайық!

Әдебиеттер:

1. Анна Величко «Не по-детски: почему насилие в подростковой среде стало нормой?» <https://www.caravan.kz/gazeta/ne-podetski-pochemu-nasilie-v-podrostkovojj-srede-stalo-normojj>
2. Абайдың қара сөздері «Атамұра» баспасы, 2016ж. 39 бет
3. Н.Ә. Назарбаев Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 2017ж. <https://www.akorda.kz/>
4. Қ. Жүкешев,, Ғ. Сапарғалиев, Ғ. Асанбекова. Адам. Қоғам. Құқық: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: "Мектеп" баспасы, 2005ж., 68бет
5. Марғұлан Ақан «Қазаққа бүгін не керек: Сана мен идеология». <https://abai.kz/>
6. Абайдың қара сөздері «Атамұра» баспасы, 2016ж. 65 бет



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ӨЗЕГІ – АБАЙ ӘЛЕМІ

Икишева А.Е.

«№27 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Сәтбаев қаласы

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», – деп рухани жаңғырудың негізгі нысанын ұлттық генімізбен байланыстыра отырып сипаттап, ұлттық болмысымыздың тамыры болашағымыздың іргетасын бекітетінін, ұлттық рухымызды биікке көтеретінін атап көрсетуінде зор мән бар. «Абайдың даналығын» рухани мәдениетіміздің, өрелі өркениетіміздің бір парасы деп айтуы, біздің рухани жаңғыруымыздың түбі Абай ілімінде, Абай тағылымында жатқанын көрсетеді. Сондай-ақ рухани жаңғырудың маңыздылығы тек атауында емес, идеясында, негізгі өзегінде жатқанына Елбасы ерекше тоқталған: «Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды»[1:1]. Ұлттық рухани тамыр қайдан бастау алады? Әрине, Абайдан. Бірақ біз рухани тамырдың бастауын Абай шығармасын оқу, Абай жылын тойлау, Абай оқуларын өткізу, «Абайтану» сабағын өткізу, Абай қара сөзін түсінумен өлшеуіміз мүмкін. Ал ақынның терең ойы мен нұрлы ақылы, тек әдеби шығарманың негізі болмай, күнделікті өміріміздің кірпіші болса ғана рухани ұстаздан нәр аларымыз хақ. Ұлттық сана жаңғырығы – Абай шығармасының мәңгілігі.

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып, шаттанба
Ойнап босқа күлуге» –

деген өлең ұлттық сананың ең жоғарғы сатысы емес пе?! «Ғылым таппай» дейді Абай, «ғылым іздемей» демейді. Яғни ізденістің нәтижесіне жетуді басты бағдар етеді. Рухани жаңғырудың бірінші баспалдағы – бағдар арқылы нәтижеге жеткенде ғана пайда болар санадағы сілкініс, жүректегі дүмпу.

«Орын таппай баптанба», - деп Абай қандай орынды айтып тұр деп ойлауымыз мүмкін. Ғұмырдағы адамның өз орнын табуы, «толық адам» деңгейіне жетпесе де, адамдық миссиясын орындауы. Рухани жаңғырудың да басты идеясы сол – бір орында тұрып қалу емес, сананың жаңғыруы, кемеліне жеткенше, рухани орнын тапқанша тынымсыз ізденуі, дамуы.


Абай туындысының әрбірінің байланыс қазығы – рухани кемелдену, рухани даму. Негізгі бағыты, идея, көзқарас, таным-түсініктің тоғысар тұсы – ішкі рухтың мықтылығы, адамның рухани тұрғыда жетілуі, өсуі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы мен «Рухани жаңғыру» идеясының үндестігін түсіну арқылы тәрбиенің қайнар көзі Ұлы Абайдан бастау аларына, ұлттық дамуымыздың шыңында Абай болмысы тұрғанын байқауға болады.

Мемлекет басшысы аталған мақалада Абай жылының маңыздылығын айта келіп, «Ұлттық болмыстың үлгісі», «Мемлекет ісінің мүдделілігі», «Жаңа қоғамның жанашыры», «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы», «Торқалы тойдың тағылымы» сияқты тақырыптарды алға тартқан болатын. Осы тақырыптарда Абайдың бейнесі ғана емес, рухани жаңғырудың бағыттары айқын байқалады.

Жаңғыру жолындағы қадамдарда ұлттық болмысты сақтап қалу ұлттық құндылықтан айырылмай, тамырымызды терең жаюға әсер етеді. Сол ұлттық болмыс пен жаңғыруды ұштастырған Абай көзқарасы қазақ руханиятының сахнасында, одан түспек емес. Қайта күннен-күнге Абайға деген рухани сұраныс өсіп келеді [2:6].

«Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,
Жаңа сүйгіш адамзат көрсеқызар.
Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап,
Ертеңі жоқ бүгінгі болған құмар», –
деп ақын жаңғырудың негізі – «жаңа сүйгіш» пен «ертеңі жоқ бүгін», «тәнін асырау» емес, жан азығы екенін айтқан.



«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» –

деген өлеңінде «қалың ел» ұғымына тұтас ұлтты сыйдырып тұр, «қазағым, қайран жұрт» сөзінде ұлтының ұйысуы, жұртының жиылуы үшін қаратылып айтылған «жанашырлық» сөзінің астарында үлкен жүк жатыр.

Абай ақылы тек ұрпаққа емес, мемлекеттің де дамуына жол сілтейді. Мемлекет ісінің мүдделілігі мәселесі Абайдың мына өлеңінде көрініс тапқан:

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?

Заманды билеу, заманды игеру арқылы мемлекет ісі қарқынды дамиды. Ал заманды билеу – адамның ізгілігінің жүзеге асуы, адамның адамшылық қасиеті жойылып кетпей сақталуы арқылы ғана жүзеге асады. Бұл да рухани жетістіктің бір бөлігі.

Болыс болдым мінекей,
Бар малымды шығындап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.

Абай бұл өлеңінде әр заманда да болатын қоғамның «жемқорлық» көрінісі, «мансапқорлық» мінезін «мысқалдап» жеткізген. Мемлекеттен гөрі, «Менін» биік қойған, «күштілерге» бас изейтін жағымпаздық сиқы мен «әлсіз» ролінде халықтың даусын естімейтін «шенділер» қатары қазір де көп. Мемлекетті нығайту бір адамның емес, бірнеше адамның ақыл-біліміне, сана-танымына байланысты ғана болып қоймай, халықтың үнін тыңдайтын мемлекет болғанда ғана нәтижелі болады. Мемлекет пен халықтың өзара байланысы – рухани жаңғырудың біртұтас тармағы.

«Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге».

Ақын енді қара бастың қамы емес, болашақтың бағын ойлайтын талапкер жандарға ғылымның кітапта, білімде жатқанын баса айтады. «робот» бас, «интернет» мило болған қоғамға «таза» білімнің керегі анық-ақ. Ендеше мемлекеттің дамуының да басты кепілі – білімді, сауатты, жаңашыл адамдардың көзқарас, мақсат-мүддесінің бірігуі, рухани сауаттылық.

Абай – жаңа қоғамның жанашыры. Жаңа қоғам мен Абай арасында тұтас ғасыр жатыр. Абай басқа қоғамда, басқа заманда өмір сүрді, ол жаңа қоғамды қалай болжай алды? Міне, ақынның рухани даналық күші осында. Өзінің қара сөзінде ол: «Адам баласының ең жаманы – талапсыздық» дейді. Сол талапты жақсы жағына бағыттау рухани тәрбие ісі болып табылады [3:132].

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан, –

дейді Абай. Бұл ақыл айту емес, бұл жанашырлық. Мың адамның біреуі елі үшін игілікті іс атқарып, бір кірпіші боп қалануы мүмкін. Бірақ Абай «Сен де бір кірпіш еліңе» демейді, «дүниеге» дейді. Яғни жаңа қоғамға жақсылық жасау бір шекараның шенберіне сыймайтын, әлемдік кеңістіктен тұрады. Бұл жас ұрпаққа емес, жаңа қоғамға деген жанашырлық. Рухани толысу бір адамға емес, қоғамға керек. «Атаның» ғана емес, адамзаттың баласы болуға үндеген ақын танымында жүректің тазалығы, жақсылықтың ғаламға ортақтығы көрінеді.

«Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы – ғылымға, білімге басымдық беруі кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы тиіс» [4:1] деп президент айтқандай, Абай ұлт жанашыры, ұрпақ жанашыры ғана емес, болашаққа жол сілтеуші.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты идеясы Абай туындыларында ғана емес, тұтас Абайдың рухани әлемінде жатыр. Абай әлемі әлем көкжиегінен де кең ұғым, Абай даналығы шексіз теңіз тәрізді терең. Оның бір ғана мағынасы болмайды, астарлы, тұңғыық, мәңгілік. Бұл туралы

Ахмет Байтұрсыновтың сөзінен мысал келтіруге болады: «Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда» [5:27]. Міне, Абай әлемі - өте жұмбақ, өте терең, дүниетаным мен парасат-пайымның көрінісі, ұлттың болмысы, жұрттың айнасы, дін, тіл, намыс, рух, мінез, тұлға, өнеге мен тәрбиенің бір арнада тоғысуы. Абай тәрбиесі – халқын жаңа заманға бағыттаудың, гуманизм мен патриотизмнің, ұлттық сана-сезімнің, күрескерлік рухтың, ұйықтап жатқан жігерді оятудың қозғаушы күші.

Ұлы ақынның «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» атты өлеңінде:

«Осыны ойлап, ойлай бер, болсаң зерек,

Еңбекті сат, ар сатып неге керек?

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», -

деп, үнемі биікке ұмтылу, рухани ізденістің сипаты, күш-жігердің жалыны – «ыстық қайратты», ізгіліктің, көрегендік пен жақсылыққа жақын болу, білім мен ғылымның көңіл көзіне жарық құюы – «нұрлы ақылды», адамдарға мейірімділік көрсету, кеңдік, адамгершіліктің айнасы – «жылы жүректі» насихаттауы бекер емес. Ақын адамның рухани жетілуі осы қасиеттердің болуымен сипатталатынын адам намысын қайрау арқылы жеткізе білген. Бұл ойын ары қарай:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек», -

деуі бұл қасиеттердің біреуі кемшін болса, толық адам дәрежесіне жете алмайтынын ескерткен.

Яғни рухани жаңғырудың тағы бір маңызды бөлшегі осы үш қасиет арқылы адамның рухани кемелденуі, толысуы. Осы үш қасиетті ойшыл үнемі бір-бірінен ажыратқан емес, бірлікте ұстап, бірге қарастырады. Бірақ ақыл мен қайраттың жүрекке бағынуы заңдылық, сонда ғана адам санасында тепе-теңдік орнайды. Бұл Абайдың философиясы ғана емес, рухани жаңғырудың негізгі өзегі.

Ойшыл Абай Адам баласы үш нәрседен: надандықтан, еріншектіктен, залымдықтан қор болады, нағыз кісі болудан қалады» деп нағыз адам болу жолын көрсетті. Рухани мүгедектікке ұшыраған адам баласы:

Өзің сен өзінді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап», -

деген ұранды жадында сақтау керек.

«Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз», -

деген сөзі ұрпақтың ғана емес, ұлттың ұстанар ұранына айналуы керек.

«Сізге ғылым кім берер,

Жанбай жатып сөнсеңіз?» -

деп ғылымның адам өміріндегі орнына екпін сала жырлайды. Ақын ғылымға берілудің, ғалым болудың жолдарын әңгімелейді. Ғылым жолы – әділдік жолы. Оны ұстаған адам ескі жолмен жүре алмайды. «Надандарға бой берме, шын сөзбенен өлсеңіз», - дегенде, ол ғылым үйренетін жастың қараңғы, надан қауымнан өзгеше болуын қалайды.

Ойымды тұжырымдай келе түсінгенім, рухани жаңғыру идеясын жүзеге асыру, оған Абай әлемін ресурс ретінде қолдану - осының бәрі мемлекет болып қалыптасуымыз үшін, ұлт болып топтасуымыз үшін қажет. Әлемдік ғылым мен мәдениеттің озық жетістіктерін бойымызға сіңіре отырып, қазақстандықтардың рухани кемелденуі, өркениет көшінен кейін қалмауы ең негізгі мақсат болуы тиіс. Ал рухани-мәдени таным арқылы, тарихи сана негізінде патриоттық сезім, отаншылдық рух, берік те іргелі негіз қалыптасатыны белгілі. Әсіресе бүгінгі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу – мемлекеттік идеологияның темірқазығы болуы тиіс. Ол үшін Абай даналығына жүгінеміз, Абай сөзінен жауап табамыз. Елбасы: «Абай әлемі бізді адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс, бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен» деуі дәлел.

Абай қазақтың ғана емес, әлемдік мәдениеттің тұлғасы. Қазақ халқы Абаймен мақтанады, бірақ жаһанға Абайдың болмысын таныту үшін өзіміз Абайдың рухани мұрасынан толық нәр алуымыз керек. Ақын - әлемдік деңгейдегі ұлы кемеңгер, озық ойшыл. Абайды дәріптеу арқылы, Абайды

әлемге таныту арқылы ұлтымыздың болмысын, тарихымыздың тағылымын көрсете аламыз. Абай жылы аясында тек өз Отанымызда ғана емес, әлемде Абай жылының аталып өтуі қуанарлық жағдай. Оған бір мысал: Түркияның Анталья қаласында Абай саябағында ақынның ескерткіші ашылуы сүйіншілеткен жаңалық болды. Әлемдік мәдениеттің тұлғасы болған Абай қазақ елінің мақтанышы, ұлы ұстазы. Мұны әр жас қана емес, әр адам білу керек. Абайды тану өлеңдерін жаттаумен шектелмейді, Абайды тану- Абайдың рухани әлеміне үнілу, Абайдың даналығынан сусындау, Абайды рухани жаңғырудың дінгегі ету.

Абай жылындағы торқалы тойдың тағылымын тек ұйымдастырылған іс шараларға ғана емес, Абай мұрасының зерделенуі, насихатталуы дей келе, ел президенті «Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы» деп түйіндеген.

Абай тойы, Абай жылы рухани кемелдену жылы, қоғамдық санамыздың жаңғыруы, бір ел, біртұтас ұлт боп дамуымыздың, бірігуіміздің жылы. Тың идеялар, адам ретінде өсуге серпін берер уақыт. Абай әлемін зерделеу арқылы, Абай өсиетін санамызға сіңіру арқылы рухани жаңғырудың жаңа қадамдарын жасау биылғы жылғы жауапкершілік, ерекше мүмкіндік.

«Мемлекет басшысы айтқан Абай ұсынған «толық адамның» бейнесін қазіргі қоғаммен қалай қабыстырамыз?», «Ұлтсыздандудың «үсігі ұрып» бара жатқан ұрпаққа қалай сіңіреміз?», «Тәуелсіз мемлекетімізді жаһандық өркениетке жетелеуде Абай жаңашылдығын іс жүзінде қалай қолданамыз?», «Ұлы тұлғаны әлемге танытып, сол арқылы ұлтымыздың мәртебесін қалай көтере аламыз?» деген сұрақтардың жауабын рухани жаңғыруға ұмтылып, Президент мақаласының негізгі идеясын түсіну арқылы ғана таба аламыз.

Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы - Абай алдындағы емес, болашақ алдындағы зор жауапкершілікті сезіну, рухани жаңғыру жолындағы бағыт беруші жарық.

Қорытындылай келе айтарым, Абай мұрасы, Абай тәрбиесі, Абай арманы - рухани жаңғыруымыздың негізгі өзегі.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы // «Егемен Қазақстан» газеті, 12 сәуір, 2017 жыл - №70 (29051)
2. «Иман» // журнал – 2020 жыл. – №2 (187).
3. А.Машани. Әл-Фараби және Абай, - Алматы: «Алатау». 2005-296 бет.
4. <https://egemen.kz/article/244790-qasym-zhomart-toqaev-abay---rukhani-reformator>
5. <https://abai.kz/post/6664>



ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМДІ ЖАНДАНДЫРУ

*Илимбаева Г.Б.
«№102 мектеп-гимназия»КММ
Қарағанды қаласы,*

...Мен балалардың жастайынан салауатты және бақытты болу өнерін меңгергенін, өмір даналығын бойына сіңіріп, адамзатқа риясыз қызмет ету арқылы бақытқа бөленуді үйреніп өскенін қалаймын. Өздерінің кім екенін, не үшін өмір сүретінін, неге ұмтылатынын терең түсінуі керек. Әр адамның өзін-өзі тануы қажет [1:2]

Сара Алпысқызы Назарбаева
«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының авторы

Қазіргі ғаламшарлық дағдарыстардың себебінің адамдардың рухани табиғатын жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы ашу қажеттілігін туындатып отыруына байланысты ғалымдар мен философтар бірыңғай өркениеттің қалыптасуы мен ойлаудың жаңа планеталық үлгісінің қажеттілігі жайлы сөз қозғауды заңды санайды.

Қазіргі мектептің негізгі парадигмасы ізгілік педагогикасына негізделеді.

Ол-мәңгілік жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген білім. Тәрбие мектептегі біртұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі екені белгілі. Бұрынғы қалыптасқан педагогикада бала тәрбие объектісі болса, қазіргі кезеңдегі тәрбие, баланы тәрбие субъектісі ретінде қарастырады.

Сондықтан ұлттық білім беру жүйесін дамытудың басым бағыты адамның ішкі әлеуетін барынша ашуға бағдарланған рухани-адамгершілік білім беру болып табылады. Тұлғаның физикалық, психикалық және рухани дамуында үйлесімге қол жеткізуңне мүмкіндік беретін рухани-адамгершілік білім нақты білімдік тәжірибеде түрлі жолдармен, ең алдымен, «Өзін-өзі тану» пәні арқылы жүзеге асырылады.

Атақты педагог және психолог С.Л.Рубинштейн оқу үдерісінде оқушылардың мінез-құлқын дамытудың қажеттілігі туралы «...оқыту тек қана оқушыға берілетін білімді ақпарат ретінде беріп қана қоймай, ойын дамытатындай нәтижелі болуы, ал тәрбие оқушыларды тәртіптің қағидаларымен қамтамасыз етіп қана қоймай, мінезін жағымды етіп қалыптастыруы керек. Осы мәселе туралы дұрыс болжамның болмауы және біздің педагогикада жіті әзірленбеуі-жас ұрпақты тәрбиелеубарысындағы маңызды кедергілердің бірі болып табылады», -деп айтқан[2:3].

Мектеп-гимназиямыздың мақсаты-оқу-тәрбие үдерісін жалпыадамзаттық абсолюттік құндылықтарға негіздей отырып, рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін ашып, оны саналы түрде қолдануға ұмтылыс жасау. Жас ұрпақты басқаларда бар мұратты бағалай білуге үйрету арқылы жалпыадамзаттық рухани дамуға үлес қосуды, құндылық атаулының бәрін құрметтеуді, қорғай білуді меңгерту болып табылады.

Қазіргі таңда білім берудің екі аспектісін де үйлесімді дамыту үшін-зияткерлік (сыртқы, яғни ақыл үшін білім беру) және рухани-адамгершілік (ішкі, яғни жүрек үшін білім беру). Білім мен өмір сүруді әсем үйлесімділікке келтіру керек.

«Қазіргі балалар оқығысы келмейді» деп мұғалімдер жиі наразылық білдіреді.

Себебі неде, оны қалай жеңуге болады? Жауабы қарапайым: балалар білімді көксейді, оларға жанды, қызығушылығын арттыратын, ынталандыратын білім керек.

Ұлы педагог, ізгілік педагогикасын шабыттандырушы Ш.А.Амоншвили бұл сұраққа былай жауап береді:


«Жансыз білім» деген

–біз алдын-ала білетін, алайда мүлдем білмесек те болатын білім.

-айтыла салысымен бірден ұмтылатын білім.

-жасөспірімдер мектептің табалдырығын аттамай жатып, мектепте қалдырып кететін және оған қызықпайтын білім.

«Жанды білім» деген:



- адамды рухтандырады;
- ғылымның көкжиегіне бастайды;
- өмірді жаңаша құруға жетелейді;
- іздену үшін ойларды шабыттандырады;
- нұрландырады және дамытады.

Жанды білім қанат бітіреді, жансыз білім салмақ түсіреді.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімнің басқа пәндермен интеграциясы- ол, ең алдымен мектептегі білімді жандандыру, оның рухани-адамгершілік болмысын жарыққа шығару, ол-біртұтас білім, барлық пәндерді мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жинақтау және саналуандықтың біртұтастығын көре білу[3:4].

Мәңгілік құндылықтар білім берудің ошағына айналуы керек, басқаша айтқанда, біз оқытатын нәрселеріміздің барлығының біртұтас екендігін көрсетуіміз керек.

Ж.Аймауытовтың мына сөзі керемет айтылғандығын көруге болады. «Кіріктіре оқыту дегеніміз—бұл өмірдегі сан алуан құбылыстарды, нәрселерді бір тақырып пен бір пікірдің төңірегіне жинап, қосып, түйдектеп, біріктіріп оқыту»-деп көрсеткен[4:5].

Осыған орай, өзін-өзі тану пәнінің мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде интеграциялануы білім беру мен тәрбиені біртұтас, әр тарауы, әр тақырыбы бойынша болашақ ұрпақтың бойында рухани адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды, ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып, адамгершілік қағидалары мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алып оқыту құнды. Әрбір ұстаз тәжірибеде тиімді пайдаланып, өзінің игерген сапалық деңгейін екінші білім беру ұйымдарындағы сапалық деңгейге көтеруге ықпал етіп, басқа да пәндермен интеграциялау арқылы білім берудің тиімділігі өте жоғары.

Өзін-өзі тану мен басқа пәндердің ішкі интеграциялаудың үш жолы бар:

1. Ұлы ғалымдардың өмірлері мен ғылымдардың даму тарихынан шабыттандыратын мысалдар келтіру.

2. Заманауи ғылымының жаңалықтарымен танысу.

3. Әр оқытылатын пәннің мазмұнындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау.

Өзін-өзі тану мен басқа пәндердің ішкі интеграциялаудың үш жолына пәндер бойынша мысалдар келтіре кетейін.

1.Қазақ тілі пәні мен өзін-өзі тану пәнін интеграциялау

Дамаск қаласында басшы Сайф ад-Дула ғалымдар жиынын өткізеді. Жиынға әл-Фарабиді шақырады. Ол ішке кіргенде, басшы тақта отырып, әл-Фарабиге отыруды ұсынады. Сол кезде ғалым: «Сенің шеніңе лайықты отырайын ба, әлде менің шеніме лайықты отырайын ба?», – деп сұрайды. «Сенің шенің лайықты отыр», – дейді қала басшысы. Сол кезде ғалым барлық әміршілердің жанынан өтіп кетіп, тақтың жанына келіп отырады. Басшы ренжіп, өзінің уәзіріне сол жердегі аз ғана адам білетін жасырын тілмен: «Мына түрік жиынның барлық көркін бұзды. Сондықтан, тұрған кезде (жиын соңында), оны тәрбиесіздігі үшін жазалаңдар», – дейді.


Сол кезде Фараби: «Мен ештеңе бүлдірген жоқпын ғой, не үшін жазаламақсыздар?», - деп сұрайды. Сұрақты естіп, таң қалған Сайф ад-Дула: «Бұл тілді бұл жерде ешкім білмейді, сен оны кімнен үйрендің?», – деп сұрайды. Әл-Фараби: «Маған көп тіл үйренуге тура келді. Мен 70-тен аса тіл білемін», - деп жауап береді. Осы сәтте келген ғалымдардың бірі оған сұрақ қойып жиналғандар арасында дискуссия басталады. Оның сұрақтарына кей адамдар жауап таппай қалады. Қала басшысы: «Сөзіңе қарағанда, «Аристотельден кейінгі әлемнің екінші ұстазы» деген адам сіз болдыңыз ғой?», – дейді. Сөйтіп, Сайф ад-Дула оны танымай, ренжіткені үшін ғалымнан кешірім сұрайды. Ал, Әл-Фараби оған денсаулық тілейді.

Ішкі интеграция: - Балалар, Әл-Фараби бабамыздай рухани бай, көркем мінезді адам кемелдікке қол жеткізе алады. Өмірдің басты мақсатына қол жеткізу үшін ар-ұжданмен өмір сүріп, ақиқатты таныық. Іздене білген адам үшін білімнің жолы қашан да ашық.

Тарих пәні мен өзін-өзі тану пәнін интеграциялау

Құнанбайдың Абайға айтқанын хәм ұлының жауабы

Сенің басыңнан үш түрлі мін көремін. Соны тыңда! Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіндегі барыңды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылыңды шашасың. Жайдақсың! Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырын жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды.



Басына ел үйірілмейді. Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің! – деді.

– Осы үш айтқаныңыздың үшеуіне де дау айтам, әке. Өзімдікі дұрыс деп айтам.

Ең әуелі, жайдақ суға теңгердіңіз. Қолында құралы бар жалғыз-жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралды, құралсыз, кәрі, жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын.

Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз. Ел билейтіндердің мінезін айттыңыз. Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болған. Бір қора қойды жалғыз қойшы «ай» десе өргізіп, «шайт» десе жусататын болған. Бертін келе, ел түйе сияқты болды. Алдына тас лақтырып «шөк» десең, аңырап барып қана бұрылады. Ал, қазіргі ел бұрынғы көрбалалықтан, нашар, момындықтан сейіліп, көзін ашып келеді. Ендігі ел жылқы сияқты болды. Аяз бен боранда, жауын-шашында топ не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған, етегін төсек, жеңін жастық қылған бақташы ғана баға алады... Жанашыры бар, жақсылық пайдасы бар ғана кісі бағады...

Үшінші, орысты айттыңыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – білім-өнер. Сол өнер орыста. Мен барлық тірліктен ала алмаған асылды содан алатын болсам, ондай жер жатым бола ма? Жатырқап, қашықтауым надандық болса болар, бірақ қасиет болмас... – деді.

Ішкі интеграция: - Балалар, сендер де білім алып, мамандық иесі боласындар. Қай салада қызмет жасасаңдар да, өзіннің ғана емес, халқыңа пайда қылар іс жасап, адал еңбек етіндер, халқына риясыз сүйіспеншілікпен қызмет жасаған адамға ғана бақ пен береке жолдас болады.

Әдебиеттік оқу пәні мен өзін-өзі тану пәнін интеграциялау

Бауыржан Момышұлына бес бөлмелі пәтер беруге шешім шығарылады. Пәтер кілтін алып, қоныс тойын жасағалы жатқанда оған жолда жылаған әйел кездеседі. Батыр одан неге жылағанын сұрайды. Әйел адам: «Мен – соғыста қаза болған солдаттың анасымын. Кезек бойынша үй алуым керек еді. Енді сол пәтерді бір шендіге беретін болыпты», - дейді.

Сол кезде Бауыржан атамыз басшыларға ашуланып: «Маған қаза болған солдаттың анасының көз жасын төктіріп қойып берген пәтерлерің қажет емес», - деп, пәтерден бас тартқан екен.

Ішкі интеграция: - Балалар, Бауыржан Момышұлы атамыздың батырлығын әлем мойындаған. Батыр атаның ар-ұжданды, әділдікті ту еткен, басына қандай жағдай туса да, адалдығынан таймай, ақиқатпен дұрыс әрекет жасаған үлгісінен сабақ алайық.

Жаратылыстану пәні мен өзін-өзі тану пәнін интеграциялау

1947 жылы Кеңес делегациясының құрамында Англияда болған кездегі Сәтбаев пен Черчилль арасындағы әңгіме бүгінде аңызға айналған. Черчилль Қаныш ағаға барлай қарап: "Қазақтардың бәрі сіздей алып па?" – деп сұраса керек. Сонда Қаныш аға: "О, жоқ, халқым менен де биік!" – деп жауап берген екен.

Ішкі интеграция: - Балалар, Қаныш Имантайұлының қысқа да нұсқа берілген жауабынан оның даласына, халқына, ұлтына деген риясыз сүйіспеншілігін айқын көреміз. Қандай атағы болса да, өзінен халқын жоғары қоя білген ұрпақ қана мәңгі жасайды.

2. Қазіргі ғылыми жаңалықтармен таныстыру

Биология пәнін өзін-өзі тану пәнімен интеграциялау

Ми бөлімдері:

1. Нейрокортекс (алдыңғы ми)
2. Лимбикалық жүйе (сопақша ми, ми көпірі, мишық, ортаңғы ми)
3. Қыртысасты (аралық ми, алдыңғы мидың ми сыңарлары)

Лимбикалық жүйенің ерекшелігі

Бұл жүйе жағымды эмоциялық ортада жақсы жұмыс істейді. Егер барлығы жақсы болса, адам өз ортасында құрметті және сүйікті болса, егер өз мүмкіндіктерін іске асыра алған болса, онда нейрон ағындары миға сағатына өте жиі жылдамдықпен жетіп тұрады.

Егер орта эмоционалдық тұрғыда жағымсыз болса, (қорқыныш, үрей, сенімсіздік, немқұрайдылық) нейрон ағындары жылдамдығы баяулайды. Сол кезде жүйеде күйзеліс (стресс) гормондары пайда болады (мысалы, кортизол).

Бұл гормондар мидың дамуы мен жұмысына кері әсер етеді.


(Дейвид Хубел және Торстен Визел, 1981 ж., медицинадағы Нобель сыйлығы)

Ғалымдардың зерттеулеріндегі сүйіспеншілік мәні

Жапон ғалымы Эмото Масару сөздер жазылған қағазбен су құйылған бөтелкені орап қояды.

Су. Мұз кристалдарының құпия кодтары.

Сүйіспеншілік пен алғыс айту



Бұдан Сүйіспеншілік пен алғыс айту өмірдің негізі екенін көруге болады

3. Оқу пәнінің мазмұнынан жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау

Биология пәнін өзін-өзі тану пәнімен интеграциялау

Тақырып: Есту мүшесі. Құлақтың құрылысы.

Адам есту мүшесі арқылы қоршаған ортадан әр түрлі дыбыстарды қабылдап талдайды. Есту мүшесі дыбыстарды анықтап ажыратуға көмектеседі.

Ішкі интеграция.

Адамның әр дене мүшесі маңызды рөл атқаратынын, есту мүшесінің қалыпты жұмыс істеуі, алдымен тазалыққа байланысты екенін, ол үшін құлақты сабындап жуып тұруымыз қажет екенін сабақ барысында оқып, үйрендік.

Сонымен қатар, біз әрдайым ішкі жан-дүниемізді де таза ұстай білейік.

Құлақтарыңмен тек жақсы сөздер, жағымды жаңалықтар есту үшін адамның ойы, сөзі, ісі де сүйіспеншілікпен болса, онда ол адам айналасындағы адамдарға үнемі ақиқатпен қарап, жақсылық тілеуші болатынын есімізде ұстайық.

Дүниетану пәні мен өзін-өзі тану пәнін интеграциялау

4-сынып. Бердібек Соқпақбаев. Компас.

Компас — жер бетін бағдарлауға, географиялық немесе магниттік меридианның бағытын анықтауға арналған аспап. Кішкене деңгелек қобдишаның ортасында орнатылған тік үшкір иненің үстіне қондырылған магнитті болат тілі болады. Тілдің бір жағы үнемі Солтүстікті, екінші жағы Оңтүстікті көрсетіп тұрады. Қобдишаның сыртқы деңгелегі градустарға белінген (360°), горизонт жақтарында Солтүстікті, Шығысты, Оңтүстікті, Батысты көрсетеді (С. В. Ю. З.) әріптері жазылған.

Компастардың мынадай түрлері болады

1. Магниттік компас
2. Механикалық немесе гироскоптік компас
3. Радиокомпас
4. Астрокомпас.

Ішкі интеграция

Өмірде де солай адам өмірінде түрлі жағдайдар кездеседі, адам өмірде адаспай жол табуы үшін ақиқатты танып, ар-ұжданмен, адалдықта өмір сүруі керек. Сонда өмірдегі барлық мақсатымызға жетеміз. Ар-ұжданмен өмір сүруге мысал келтірер болсам, әр істе адал болу, адамдарды жақсы көру, алаламау, қолдан келген жақсылықты жасау, яғни, әр күнде жақсылық тілеу, қайырымды болу. Ол баршамыздың қолымыздан келеді. Осылайша Ақиқатпен, Риясыз сүйіспеншілікпен өмір сүрейік.

Жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі білім мазмұнындағы интеграциялық ұстанымның негізі болуы қажет. Бұл жағдайда материалды іріктеу кезінде материалдың танымдық мәні ғана емес, оның тұлғаның дамуына және рухани-адамгершілік қасиетін анықтау және дамытуға ықпалының қаншалықты екені назарға алынады. Сонымен білім берудің мазмұнының негізін құрайтын мәңгілік ақиқат(құндылықтар) оның өзегі болуы керек.

Кез келген пәннің рухани – адамгершілік біліммен интеграциялау адамдардың қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруін, айналадағы барлық нәрселерге құрметпен қарауды, бүкіл әлемді сүйюді үйретеді.

Қорыта келгенде, интеграциялық оқытуды жүзеге асыру оқушылардың танымдық қызығуы мен білім сапасын арттыру бір сабаққа бірнеше оқу пәндері мақсатының бірігуіне мүмкіндік береді. Интеграциялық оқытуды жүзеге асыру әр пәндік мазмұнды қосып біріктіріп жіберу немесе бірнеше пәнді бір пәнмен алмастыру емес, керісінше, пәндік құрылымды жоққа шығармай, оған қондырғы ретінде қызмет ету болып табылады. Білім кеңістігінде барлық пәндер өзінің негізгі мазмұнын және қалыптасқан оқу үдерісінің ұйымдастыру формасын сақтайды, сөйтіп, интеграциялық оқыту пән мазмұнының айқын анықталуына мүмкіндік бере отырып, оқушылардың білім сапасын арттыруға көмектеседі. Теориялық алған білімдерін өмірмен байланыстыру арқылы білімдерін шындайды. Бастысы - пәнді оқыту емес, пәнді оқыту арқылы тұлғада рухани -адамгершілікті дамыту екендігі сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Мукажанова Р.А., Омарова Г.А., Методика преподавания дисциплины «Самопознание» в школе. Алматы ННПООЦ «Бөбек», 2013.
2. Пилоттық білім беру ұйымдарында «Өзін-өзі тану» пәнін гуманитарлық цикл пәндерімен интеграциялау бойынша әдістемелік ұсынымдар «Бөбек» ҰҒПББСО, Алматы, 2016ж.

3. Майгаранова Ш., Муратханова Р., Адамзаттың рухани мұрасы. Алматы, Бөбек» ҰҒПББСО, Алматы, 2016ж.
4. Ж.Акимбаева, Л.Джубатова, Н.Мыркасымова., Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. Алматы, 2020ж.
5. Әл-Фараби философиясы. III том. - Астана: Аударма. 2005.

ВЛИЯНИЕ ЛОГИЧЕСКИХ ИГР НА РАЗВИТИЕ УМСТВЕННЫХ СПОСОБНОСТЕЙ У ДОШКОЛЬНИКОВ

*Ищенко Т.В., Каюмова С.Е.
КГКП «Ясли-сад «Акбота»
г. Караганда*

Задолго до того, как игра стала предметом научных исследований, она широко использовалась в качестве одного из важных средств обучения и воспитания детей. В самых различных системах обучения игре отводится особое место. И определяется это тем, что игра очень созвучна природе ребенка. Дети от рождения до наступления зрелости уделяют огромное внимание играм. Игра для малыша не просто интересное времяпровождение, но и способ моделирования внешнего, взрослого мира, способ моделирования его взаимоотношений, в процессе которого, ребенок вырабатывает модель взаимоотношений со сверстниками. Для дошкольников игра имеет исключительное значение: игра для них - учеба, игра для них - труд, игра для них - серьезная форма воспитания. Игра способствует развитию восприятия, внимания, памяти, мышления, развитию творческих способностей.

Дошкольный возраст - уникальный период жизни человек. Его своеобразие заключается в особой чувствительности, сензитивности к усвоению окружающей действительности. Особое значение имеют здесь накопление и обогащение чувственного опыта, создание условий для раскрытия индивидуального возрастного потенциала каждого ребенка, формирование системы знаний, направленных на разностороннее развитие личности, владеющей ключевыми компетентностями, базирующимися на общечеловеческих и национальных ценностях.

Одна из важнейших задач воспитания ребенка-дошкольного возраста - развитие его умственных способностей, формирование таких мыслительных умений, которые позволяют ему легко осваивать новое образовательное пространство. На решение этой задачи необходимо сформулировать следующие вопросы:

- Как сделать, чтобы, познавая математику, ребенок достиг успеха?
- Как заинтересовать ребенка при обучении математическим премудростям?
- Как организовать поисковую деятельность для развития математических представлений?
- Как научить ребенка решать нестандартные логические задачи?

Вопросы развития логики всегда занимали центральное место среди проблем дошкольной педагогики и психологии. Работая над развитием логического мышления в процессе организованной учебной деятельности по математике в общеобразовательной области «Познание», было отмечено, что многие дети не справляются с простыми, на первый взгляд, логическими задачами.

Для того чтобы более качественно подойти к решению данной проблемы, были изучены материалы многих исследователей: А.И. Сорокиной Л. А. Венгера, А. А. Столяра, Л. Ф. Тихомировой, Б. И. Никитина, З. А. Михайловой, Е. В. Колесниковой.


Логическое мышление – это умение оперировать абстрактными понятиями, это управляемое мышление, это мышление путем рассуждений, это строгое следование законам неумолимой логики, это безукоризненное построение причинно-следственных связей.

Актуальность проводимой работы заключалась:

1. В выявлении наиболее оптимальных приемов развития логического мышления.
2. В обобщении, систематизации и апробации методов и приемов развития логического мышления.
3. В формировании умения логически рассуждать, делать логические умозаключения.

Новизна работы состоит:

- в подборе и систематизации разного рода игр, пособий, литературы на развитие логического мышления;



- в комплексном использовании занимательного дидактического материала (математического содержания) через организацию игровой деятельности (или организацию разнообразных форм детской деятельности).

Вначале года мы разработали план по вариативному компоненту «Юные логики», который ориентирован на развитие логического мышления посредством игр и упражнений, развивающих умственные способности дошкольников.

Была разработана и систематизирована картотека игр на развитие логического мышления. Работа в данном направлении проводилась в старшей группе.

Многообразие занимательного логического материала – игр, задач, головоломок позволило нам выбрать наиболее интересные математические игры. Это игры, прежде всего, с опорой на яркий эстетически привлекательный наглядный материал: («Сложи квадрат», «Сложи узор», кубики Никитина, «Блоки Дьенеша», «Танграм», «Колумбово яйцо», «Пифагор», «Листик», «Монгольская игра», «Сфинкс» и т.д.).

Обучение начиналось с игр на воссоздание из геометрических фигур образных и сюжетных изображений, где дети учились находить сходство с окружающими предметами (сложи автобус, птичку, зайчика), которые могут быть использованы в качестве персонажа придуманной ребенком сказки или истории. Затем в дальнейшем необходимо было отходить от сюжета, предлагая ребенку переложить, сложить геометрические фигуры, чтобы получилось «Два квадрата «Многоугольник».

Составление геометрических комбинаций и рисунков в игре «Геоконт», счетных палочек на плоскости позволяет детям находить нестандартные решения, например: «Из 9-ти палочек составить квадрат из 2 равных треугольников», «выложить на фланелеграфе 2 отвала из 1 круга» и т.д.

Необходимо учить детей, свои практические действия обязательно выражать в речевом плане. Работая со счетными палочками, дети к концу года самостоятельно стали придумывать задания. Например: переложи 5 палочек так, чтобы из «вазы» получился «телевизор» или составить 3 равных квадрата из 10. От одного занятия к другому необходимо усложнять задания.

В качестве умственной гимнастики в начале организованной учебной деятельности по математике использовались такие логические упражнения, как «Найди лишний предмет» или «Чего не хватает?».

Главное усложнение состоит в постепенном повышении требований к детям, в развитии самостоятельности, скорости решения предложенных заданий.

Из многообразия логических упражнений наиболее интересными являются загадки и задачи – шутки, которые направлены на формирование разных математических понятий, например: «За забором стояли дед, бабка, внучка, жучка, кошка». «Сколько ног стояло за забором? или «На что похожа половинка яблока? «На столе лежало 4 яблока, одно из них разрезали пополам. Сколько яблок на столе? ».

Восприятие и понимание детьми задач-шуток показало, что успех решения зависит от того, насколько дети правильно понимают постановку вопроса. Результатом работы по решению занимательных задач стало желание детей самостоятельно придумывать аналогичные задачки.

При работе над развитием основ логического мышления обучали детей поисковым действиям через выдвижение предположений, апробирование разных путей поиска ответа, использовали технологию ТРИЗ.

Для того чтобы ребята старшей группы полюбили выполнять логические задачи и упражнения, родители группы активно подключились к совместному изготовлению занимательных пособий по математике. Изготовили пособие «Складушки», «Игры с цветными крышками», «Заполни таблицу», «Чего не хватает?», «Найди заплатку». Совместно с родителями был изготовлен системный оператор (ТРИЗ) с цветными иллюстрациями к нему.

На родительском собрании по теме: «Развиваем логическое мышление у дошкольников» родители с большим удовольствием сами участвовали в решении логических задач.

Таким образом, нами был сделан вывод о том, что с помощью дидактических игр при изучении математики можно добиться максимальной результативности.

Дидактические игры повышают эффективность педагогического процесса, способствуют развитию памяти, логики и оказывают огромное влияние на умственное развитие ребенка.

Если при проведении работы по математическому развитию детей использовать дидактическую игру, то это позволяет сделать работу с детьми более продуктивной, улучшить их внимание, воображение и сенсорное развитие.



Литература:

1. Запорожец А.В. Развитие логического мышления у детей в дошкольном возрасте. //Вопросы психологии. – М., 2000.
2. Михайлова, З.А. Носова Е.А. «Логико – математическое развитие дошкольников» Изд. «Детство – Пресс», 2013 г
3. Михайлова З. А. Игровые занимательные задачи для дошкольников. – Книга для воспитателя дет.сада. – 2-е изд., дораб. – М.: Просвещение, 1990.
4. Сорокина, А. И. Дидактическая игра в детском саду. — М.: Просвещение, 1982.

МӘҢГІЛІК ЕЛ ҰРПАҚТАРЫ

*Кабылдина П.А.
КҚМК МЖД «Жұлдыз» балабақшасы
Балқаш қаласы*

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арналған жолдауында: «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деген болатын. «Мәңгілік ел» ата бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымызға мәлім. «Мәңгілік ел» идеясында бала тәрбиесіне зор мән берілген. Қазіргі заманда балабақшада балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері - балалардың адамгершілік сезімдерін, мінез-құлықтары мен әдеттерін қалыптастыру. Балабақшада баланың әдеп ұстанымын, жақын адамдарымен, балалармен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады.

Мектепке дейінгі жас – адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін ең жақсы кезең болып табылады. Дәл осы жаста баланың мынадай қасиеттері: адамның мінезіне және оның кейінгі өміріне ықпал ете алатын адамгершілік мінез-құлқы, адамгершілік санасы қалыптаса бастайды. Ұлттық құндылықтарымызды қастерлеу арқылы мәңгілік елдің іргетасын берік қалауымыз айдан анық. Мәңгілік елімізге лайықты азамат тәрбиелеу – бүгінгі білім мен тәрбие ошақтары – балабақша еншісінде. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, осы ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар.

Ол – « Мәңгілік Ел» идеясы. Осы тұғырлы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білім қажет. Елбасы Жолдауында өмірдің баға жетпес құндылығы – балаға, бала тәрбиесіне, болашағына көп көңіл бөліп отыр. Отбасы, әке мен бала, бала мен ана мәселесіне – «Бала тәрбиелеу - болашаққа үлкен инвестиция» деуінде үлкен мән жатыр. Бұның барлығы ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға бағытталған әрекет.

Осы идеяны негізге ала отырып, балабақшамызда ересек «Қызғалдақ» тобында «Мәңгілік ел ұрпақтары» - атты вариативтік бөлім жүргізіледі. Жүктемесі жыл бойына 36 сағатты құрайды, сонымен қатар технологиялық карталар жазылып, даму диагностикасы жүргізіліп отырады. Бұл жерде балаларды адамгершілік сезімге тәрбиелеуде, балаларға қамқор болу, олардың жеке қызығушылығын сыйлау маңызды рөл атқарылады. Ол балалардың топта бір-бірімен достасуына көмектеседі, тәрбиешінің сенімділігін білдіреді. Бала тәрбиесінде ата- аналардың үлгісі айтқан сөзі, қай уақытта болмасын жас балалардың көңіл күйлерінен сол жанұдағы қалыптасқан қарым қатынастары анық аңғарылып тұрады. Сондықтан отбасынан алған тәлім тәрбие- тәрбие бастамасы десек артық кетпес едік, балабақшамен отбасы арасында ынтымақтастыққа үлкен көңіл аударамыз.

- Бақшамыздағы іс шараларға ата- аналарды қатыстыру (ертеңгіліктер, сабақтар, ойын-сауықтар);

- Ата- аналарды балабақша өмірімен таныстыру;
- Үлгілі ата- аналарды насихаттау;
- Ата- аналардың пікірін тыңдау;
- Күнделікті тәрбие жұмысына ата- аналарды тарту;
- Ата- аналарға балаларының жас ерекшеліктеріне сай педагогикалық, психологиялық кеңес беру.

Мысалы: «Отбасындағы сүйіспеншілік», «Отанға сүйіспеншілік» - атты вариативтік бөлімдегі тақырыпты ашу мақсатында, « Отбасым- бақыт мекені » - атты сайыс ұйымдастырылды. Сайыстың мақсаты бала тәрбиесіндегі атқаратын іс- шараларға ата-аналарды жұмылдыру, баланың жеке тұлғасының дамуына жағдайлар тудыру, балалардың отбасындағы тәрбиесінің негізгі ұстанымын

білу, отбасылық құндылықтарды қастерлеу, үлкенді сыйлау кеңпейілділік, бауырмалдылық, қонақжайлылық, толеранттылық қасиеттерді бала бойына дарыту болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімімен өз еліне деген сүйіспеншіліктерін дамытуға тиіспіз және оларды қалыптастыру басты міндеттеріміздің бірі» деген еді. Сондықтан бақшамызда «Біздің Елбасымыз», «Тәуелсіздік теңдігім» атты ертеңгіліктер өткізіліп, ата – аналар, тәрбиешілер арасында Тәуелсіздік мерекесіне орай көрме, «Туған елім Қазақстан» викторина сайысы ұйымдастырылды.



Адамгершілік адам бойындағы ең асыл қасиеттерінің бірі. Адамгершілік қасиет баланы мейірімділікке, отанын, елін, туған жерін, отбасын сүйуге үйретеді. Бұл қасиеттерді бала бойына сіңірту, дарытудың бірден бір тәрбие құралы – ойын. Тәрбие үрдісінде ойынның алатын орны бөлек. Ойын кезінде бала өзінің өмірден алған тәжірибесін қолданады, білімін пысықтайды. Сондықтан күнделікті оқу тәрбие жұмысында «Дос болайық бәріміз», «Әдептілік әдемілік», «Ойнайық та ойлайық» сияқты ойындарды қолданамыз. Ойын арқылы ақ көңілділікті, елгезектілікті, қамқорлықты, айналасындағыларға сыйлаумен қарауға тәрбиелейміз.

Бала тәлім- тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Сол себепті, балабақша ұжымында алдымен тәлім беруші тәрбиешінің бойындағы жалпы азаматтық құндылықтарды ашатын тренингтер мен кеңестер, ашық көрсетулер, семинарлар іс шаралар жүргізіліп тұрады.

Туған өлкенің табиғатын білу тану мақсатында, «Знатоки природы Казахстана». Әр ұлт өкілдерінің мәдениетін білу, толеранттық көзқарас «Бірлігіміз жарасқан» тәрбиешілер, мамандар арасында сайыс өткізілді.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» демекші баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық яғни адамгершілік құнды қасиеттерін сіндірсек сонда ғана елін сүйер бұлдіршін, ұлтын ұлық тұтар ұлан, мақтанышымызға айналар отаншыл азамат тәрбиеленеді деп ойлаймыз. Осы бағытта нәтижеге жету үшін жұмысты жандыра, инновациялық идеяларды қолдана береміз.

«Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!»

Әдебиеттер:

1. Айталы А. Ұлттану. – Алматы, 2003.
2. Артықбаев Ж.О. Әнет баба: ғұмыры мен заманы (Е.Б. Сыдықовпен бірге). – Астана, 2017.
3. Жұртбай Т. Ұраным-Алаш! Т. 2. – Алматы- 2011



АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА

Казтаева А.Т.

«М.Жұмабаев атындағы №39 гимназия» КММ

Қайратов А.Р.

ҚарУ Дене мәдениеті және спорт факультеті Бастапқы

Әскери Дайындық мамандығының 3 курс студенті

Қарағанды қаласы

Адамның адамшылығы – ақыл, ғалым, жақсы ата,
жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады

А. Құнанбаев

Кемеңгер ойшыл, ұлтымыздың тарихында ерекше орын алатын ұлы тұлға, ақын Абайдың туғанына 175-жылдық мерейлі датаға арналған Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың «Абай және 21-ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы еліміздің рухани өміріндегі мәні зор шығарма деп санаймыз. Мемлекет басшысы бұл мақалада Абайдың ел тарихындағы айрықша орнын, ұлттық болмысымызды қалыптастырудағы рөлін айқындап, ұлттың рухани жаңғыру үрдісінің өзегі – ақын мұрасын терең зерделеу екеніне назар аударады. Себебі, ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын өз халқының алдына жаңа мақсаттар мен тың талаптар қойып кеткендігі бәрімізге мәлім.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер.

«Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға» деген болатын. Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр. Абай поэзиясының арқауы ғылым, білім, еңбек – осы қара сөздерде жалғасып дамиды. Хакім Абай ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазақ халқын білімі мен мәдениеті дамыған елге айналдыруды көздеді. Абайдың кейбір қара сөздері қазақтың мақал-мәтелдерін талдауға, олардың мәнін ашуға арналады.

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді, тәрбиелі болады», - деп Абай атамыз айтқандай, оқу процесі кезінде адамгершілікке тәрбиелеу мақсаты күні бүгінге дейін күн тәртібінен түскен емес. Демек, ұрпақ тәрбиесі, келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі өте маңызды, әрі жауапты іс. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз. Сондықтан жеке тұлғаның бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық қасиеттер болуы керек. Ағартушы Абай Құнанбаевтың ұрпақ тәрбиесіне қалдырған мұрасының өзі шексіз дүние. Абай шығармаларының басты құндылығы «Адам бол!». Адам болу - шын мәнісінде азамат болу, қара бастың қамы емес, елінің қамын, халқының қамын, тіпті, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, «өзін-өзі зор тұтып», «надандарды менсінбейтін», дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат Адам болу. Абай осы ойларын поэзия тілімен: «Адал бол - бай тап, Адам бол - мал тап, Қуансаң қуан сол кезде» деп, байды да, кедейді де адамдыققа шақырады: осы жерде баланы еңбексүйгіштікке шақырып отырғанын көруге болады. Себебі адам еңбекпен өседі. Адам баласы мал табу үшін де, бай болу үшін де маңдай терін төгіп, көп еңбектенуді қажет ететінін білеміз. Ал еңбектену үшін адамда дұрыс ниет болу қажет. «Адам болам десеңіз, Оған қайғы жесеңіз... Бес нәрседен қашық бол» «Бес дұшпан» - Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал шашпақ), «Бес нәрсеге асық бол» (қ. «Бес асыл іс» - Талап, Еңбек, Терең ой, Қанағат, Рахым). Егерде біз «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі осы жоғарыдағы айтылған «Бес дұшпанға» - Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал шашпақ) сияқты зиянды әдеттерді жоюға шақырады, ал егерде Дұрыс әрекет жасап еңбектеніп «Бес нәрсеге асық болсақ» - Талап, Еңбек, Терең ой, Қанағат, Рахым) Адам деген

ардақты атқа ие боламыз. Ақынның шығармасындағы негізгі құндылықтар ұғымы: ар, намыс, ұят. Арманы – ақыл, жігер, білім, әділ, адал Адам. Адамдық қасиет тамыры-арын сақтау. Негізгі ұғымы-рухани байлық, денсаулық. Ұраны –адам бол! Парасаттылығы – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Салауаттылығы – ізгілік, адамгершілік, имандылық. Қазіргі жағдайда тәрбиенің жалпы негізі адамгершілік құндылықтар болуы керек. Адамгершілік құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Ал басты мақсат- өзіндік адамгершілік құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түпкіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әр баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес.

Абай адамгершілік, әдептілік нормалары жайында көптеген пікірлер қалдырды. Оның бірінші қоятын талабы мораль жағынан ұстамды, таза болу, сыпайы мінезді, жақсы құлықты, әділетшіл, шыншыл болу. Әдепсіз, арсыз, байлаусыз, сұрамсақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді сияқты жаман мінездер мен әдеттерден, жарамсыз қылықтардан сақтанып, өзін одан жоғары санап, ондай қылықтарды бойына лайықсыз көрсе ғана, адам парасатты болады. Абайдың қоятын екінші талабы тұрақтылық. Қылам дегенін тұрарлық, мінезде азғырмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын –дейді. Үшінші талабы-әділеттілік. Әлеуметтік міндеті - дүниені белсене құраушы адамның бірі болып халқы Отаны үшін қызмет істеуі. Ақын мейірімділік қасиетке терең мән береді.

Жазған қара сөздерінің тәрбиелік мәні өте зор. Әр сөзі терең ойға, өзінді, ортаңды тануға, жақсы қасиеттерді бойыңа дарытуға, жаманнан аулақ болуға жетелейді. Абайдың мұраты - адамды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, кісілік жағынан жетілдіру арқылы қоғамды жетілдіру, қазақты ілгері дамыған елдер қатарына қосу еді.

Ұлы дала ойшылы Абай Құнанбаев: «Адамзат қауымының бойындағы адамшылық деп аталатын қасиетті сақтап тұратын басты құрал рухани тәрбие. Ұлттық сананы өзгерту үшін ең әуелі адам тәрбиесі сілкінуі тиіс. Адам түзелмей заман түзелмес», - дейді.

Әдебиеттер:

1. Абай Құнанбаев шығармаларының I томдық толық жинағы Алматы -1961
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық /Р.А.Мұқажанова., Г.А.Омарова, Р.Мұратханова. - Алматы: «Бөбек»ҰҒПББСО, 2015 ж.
3. Бала тәрбиесі журналы. № 2 2006 ж , № 4 2008 ж.
4. Адамгершілік имандылық тәрбиесі «Халық педагогикасы-тәрбие өзегі» кітаптар сериясының II кітап. Е.Әдіразақов

«МӘНГІЛІК ЕЛ» – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

*Келесбаева Ш.К.
№58 ЖББОМ
Қарағанды қаласы*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында рухани қайта өрлеуді ұлттың басты міндеттерінің бірі деп атады[1]. Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. Ол қоғамдық сана мен ұлттың рухани қайта өрлеуінсіз мүмкін емес. Ұлттық сана - ұлт руханиятының негізі. Ол азаматтық-патриоттық, адамгершілік рухани, еңбек, ақыл-ой, эстетикалық, құқықтық, көпмәдениетті және ұлттық тәрбие арқылы беріледі. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында.

«Қазақстан 2050» стратегиясының түп қазығы болып табылатын «Мәңгілік ел» туралы Тұңғыш Президентіміз «Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол Мәңгілік ел идеясы.» деген еді[2]. Тұңғыш мемлекеттік ресми идеологиясы, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Ел болашағының іргесін қалайтын басты құндылықтар жасалды. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында бәсекеге қабілетті адамзат капиталын қалыптастыруда қажеттілігі артып отыр. Ол үшін білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында өскелең ұрпақтың бойына Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени құндылықтарын дарыту, тәрбие және білім берудің сапасы мен деңгейін көтеру болып табылады.

«Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтары білім беру мазмұны негізі арқылы жүзеге асады. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығы, «Бір мақсат, бір мүдде, бір келешек» біртұтастығы, яғни халқымыз қалыптастырған, жан-жүйесінен өткерген басты жалпыұлттық құндылықтарды, сондай ақ, қоғамның, мемлекеттің және азаматтардың Қазақстанның тағдыры мен оны дамыту, өркендету жолындағы өзара жауапкершілігінің өзегі саналатын рухани құндылықтарымыз бен ұмтылыстарымыздың негізгі форматын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуіміз болып табылады.

«Мәңгілік Ел» идеясының маңызды құрамдас бөліктері - жалпыұлттық идея жас ұрпақтың бойында бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиет-сапаларды қалыптастыруға, жетілдіруге бағытталған.

Қазақстандық қоғамның барша қазақстандықтарды біріктіретін басты құндылықтары:

1. Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана.
2. Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.
3. Зайырлы қоғам және жоғары руханият.
4. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу.
5. Жалпыға бірдей еңбек қоғамы.
6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.
7. Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық

тұрғыдан қатысуы.

Құндылықтар мемлекеттік білім беру стандартының мақсаты мен міндеттерінде, мектептердің миссиясында қамтылған. Құндылықтарға сай қасиеттер МЖМБС-да құндылықтар тізіміндегі бағдарлар ретінде қарастырылған:

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;
- Құрмет;
- Ынтымақтастық;
- Еңбек пен шығармашылық;
- Ашықтық;
- Өмір бойы білім алу.

Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр.

«Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыруда үлкен жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына жүктей отырып, Президент тек мәдени кодты сақтай отырып қана (тіл, руханилық, салт-дәстүрлер) уақыттың сын-қатерлеріне жауап қайтара алатынымызға баса назар аударды. «Егер ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтса, онда ол ұлттың өзі де жойылады». Тек тағылымды тарих, ата-бабалар даңқы ғана қазіргі уақыт қиындықтарын жеңуге мүмкіндік береді», - деген құнды пікірі ата салтымызды сақтауға, туған жер мен ел алдындағы парызымызды ақтауға шақырады. Сондықтан «Мәңгілік Ел» құндылықтары арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуде Қазақстан Республикасының «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды үш құрамдас бөлігі: этнос қалыптастырушы азаматтық және жалпыұлттық аясындағы мәнін дұрыс жеткізе отырып, Қазақстан Республикасы ұлттық идеясының, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің мәртебесіне лайық рухани құндылықтар жүйесінің, ұлттық идеяны ұлттық ақиқатқа және халықтың тарихи тағдырына айналдыратын негізгі факторлардың мәні ұғындырылуы тиіс.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды құрамды бөліктері аясында жас ұрпақтардың ұлттық сана сезімін қалыптастыру моделі:

– Мен – этнос қалыптастырушы. Бұл «Мен – қазақ халқының өкілімін» деңгейіндегі этникалық барабарлық

– Біз-азаматтық. Бұл «Мен, Біз – Қазақстан Мемлекетінің өкіліміз» деңгейіндегі азаматтық барабарлық

– Баршамыз -жалпы ұлттық Бұл «Мен, Біз, Баршамыз – бәсекеге қабілетті ұлтпыз» деңгейіндегі жалпыұлттық (жалпымемлекеттік) барабарлықтың қалыптасу дәрежелерін анықтап, оған сай болу дегенді білдіреді.

Сондықтан біздің алдымызда тұрған негізгі міндеттер:

1. Әр деңгейіндегі мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын табу.
- 2.Тұлға құқығы мен еркіндігін, барша қазақстандық этностарға ортақ құндылықтарды құрметтеу арқылы өзін азаматтық қоғамда лайықты ұстауға тәрбиелеу.

Н.Ә.Назарбаев қоғамдық келісім және ұлт бірлігінің қазақстандық үлгісі:Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан

құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. «Береке басы – бірлікте» деген қазақ халқы. Қазіргі Қазақстан қоғамының жаңару жолымен тиімді дамуы ең алдымен елдегі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық түсіністікке байланысты. Осы маңызды рухани факторды жүзеге асыруда тікелей қызмет істейтін ұйым Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі мақсаты – көп этносты мемлекетімізді өзара татулық, әлеуметтік келісім, дінаралық түсіністік және қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу [3].

Осы маңызды рухани факторды жүзеге асыруда тікелей қызмет істейтін ұйым Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі мақсаты – көп этносты мемлекетімізді өзара татулық, әлеуметтік келісім, дінаралық түсіністік және қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу [4].

Жас ұрпаққа ұлттық сана-сезімін қалыптастыру ұлттық тәрбиенің басты мақсаты болғандықтан, басты бағыттары да этностық, көпмәдениетті, зияткерлік тәрбие болуы тиіс «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын іске асырудың негізгі бағыттары:

1. Этникалық тәрбие.
2. Көп мәдени тәрбие.
3. Зияткерлік тәрбие .

«Мәңгілік Ел» бағдарламасын жүзеге асырудағы басты рөл мұғалімге тиісті болуы қажет. Н.Ә. Назарбаев «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз - Ел бірлігі болуы керек», - деп айтады [2].

Сондықтан да, мәңгілік, әрі бәсекеге қабілетті ел болуы үшін, болашақ ұрпағымыз осы негіздегі мықты идеологияны бойына сіңірген болуы керек.

Әдебиеттер:

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атты мақаласы – Астана. 2017. – 12 сәуір.
2. «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. 2014. – 17 қаңтар.
3. «Мәңгілік Ел». Патриоттық актісі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында сөйлеген сөзі. – Астана қ., 2016.- 26 сәуір.
4. «Президент және халық» республикалық қоғамдық-саяси газеті №4 (490), 30-қаңтар, 2015 жыл / Қоғам /

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Керембаева Д.Н., Жилкишенова А.Е.
№58 ЖББОМ,
Қарағанды қ.*

Бүгінгі таңда білім саласындағы өзекті мәселенің бірі - қашықтықтан оқыту. Ұлт болашағы – ұрпақтарымыздың денсаулығын сақтау үшін барлық талаптарды сақтап, қашықтықтан оқыта отырып, оқушының өздігінен білім алуына, еңбектенуін арттыруға мүмкіндік берді. Жаңаша оқыту жүйесі заман талабына жатады. Оқыту үдерісінде өзгеріс енбейінше, нәтиже де болмайтыны белгілі. Сондықтан жаңа жүйені меңгеру біздер үшін де, оқушыларға да тиімді деп есептейміз. Жаңа білім беру ресурстары қазіргі таңдағы жаңашыл мұғалімнің күнделікті сабақты және сабақтан тыс жұмыстарын ұйымдастыруда таптырмас құралы екенін айта кеткіміз келеді. Онда пәнге деген қызығушылықты арттыратын көптеген дидактикалық және үлестірмелі материалдар, әр түрлі деңгейдегі тест тапсырмалары мен тәлімдік, тағылымдық ресурстар қамтылған.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы,

қоғам қажеттілігі. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына рухани құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Қоғамымыздың ертеңгі болашағы – мектеп жасындағы жас жеткіншектер. Мектеп ұстаздарының алдында ұлттық сана - сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт - дәстүр, үлгі - өнегені үйреніп, бойына сіңіріп, күнделікті тіршілікте пайдалана білуге үйрету міндеттері тұр.

Оқушы бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдары мәселелеріне тоқталып өткеніміз жөн. Жалпы құндылықтар бала бойына отбасынан бастап қалыптаса бастайды. Сол құндылықтарды бойына сіңіру ұстаздың міндеті болуға тиісті.

Бүгінде адамзаттың өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып Қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар мен ар тазалығы және тағы басқа қасиеттерді жатқызамыз. Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, сабақта қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады. Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Оқушыларға адамгершілік тәрбие беру - әрбір пән мұғалімдерінің маңызды міндеттерінің бірі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазіргі біздің басты мақсатымыз бен міндетіміз адамзаттық құндылықтары толысқан, мәдениетті, білімді, шығармашылықпен айналысуға қалыптасқан, алдына мақсат қоя білетін және сол мақсатқа жету жолында табандылық көрсететін белсенді тұлға қалыптастыру» деп атап өткен болатын. Адамгершілік тәрбиесі - адамзат қоғамын үнемі толғандырып келе жатқан күрделі мәселенің бірі. Адамның адамгершілігі - оның жоғары қасиеті. «Адамгершілік» адамның санасындағы, оның ішкі дүниесіндегі асыл қасиеттердің жиынтығы немесе биік шыңы. Адам баласында адамгершілік қасиеті қараптан-қарап туындамайтын қасиет. Ол қасиет отбасында, ортада, мектепте, айналадағы адамдармен қарым-қатынасында қоғамдық тәрбиелермен қалыптасады. Халықта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген мақал бар. Тәрбие болмаған жерде адамгершілік болуы мүмкін емес. Адамның адамгершілік қасиеттері ең алдымен дұрыс амандаса білу, айналасындағылармен жақсы қарым-қатынаста болу, өзара сыйласу, қарапайымдылық, кішіпейілділік, салмақты да сабырлы болу, үлкенге ізетті, кішіге қамқор болу жатады. Сондай-ақ өз қолыңнан келгенше көмегінді аямау, біреудің жақсылығын бағалау, оны қанағат тұту. Қазақта «Айналаңда досың көп болуы үшін жақсы бол, арың таза болсын» деген сөз бар. Сондай-ақ «жамандық-жамандықпен аяқталады», - дейді. Адамгершілік қасиет қоғамның тарихына байланысты қалыптасып отырады. Заман өзгеріп отырған сайын, адам да өзгереді. Бірақ әркім өскен ортасында адамгершілік қасиетін берік ұстауы тиіс. «Көргендінің қылығы, көңіл марқайтады», - деп қазақ халқымыз тегін айтпаған. Әр бала өзін мәдениетті ұстаса, өз ортамыздың көңілін марқайтады. Адамның бойындағы жақсы қасиеттер оның істеген қылығынан, сөйлеген сөзінен көрінеді. Ең бастысы - адамгершілікті бойға сіңіре білу. Осы мақсатта «Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда!», «Әкеліңіз, көмектесейін» т.б деген тақырыптарда сабақта шығармашылық жұмыстар, яғни «Бес жолды өлең», «Хат жазу», «Төрт сөйлем тәсілін» өткізу, тест сұрақтары, «Имандылық - инабаттылық мұраты», «Тәрбиелі - тәртіптің құлы» атты эсселер, «Сәлемдесе білесің бе?», «Ар-абыройыңды жасыңнан сақта» пікірталастар өткізу арқылы жас жеткіншек бойында адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға баулудамыз. Балаларға сыныптан тыс оқуға түрлі тапсырмалар береміз. Суретті бейнелеу, сұрақтарға жауап беру, оқыған кітаптары туралы ойларын білеміз. «Менің жолдасым», «Біз мектеп ауласында ойнаймыз» деген тақырыпта әңгіме құрап, суретін бейнелеу тапсырмаларын ұсынамыз. Олар баланың шығармашылығын оятып, жан дүниесімен сезетін тамаша ойларға жетелейтіні сөзсіз.

Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы», «Тәрбие басы – тал бесік» деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке

кетпейтіндей өсиет еткен. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, «Ұстазға қарап шәкірт өсер» деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ұстаз үшін өз еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ. Біздің жалпы шығармашылық тақырыбымызда бала бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру деп алғандықтан әр сабақта осы құндылықтардың біреуін міндетті түрде бала бойына дарытуға тырысамыз. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында осы аталған құндылықтарды оқушы бойына сіңіру мақсат.

Қазіргі таңда ұстаз оқушылардың оқу жұмысын ұйымдастырушы болып табылады. Оған негізінен мынандай үш түрлі басты міндет жүктеледі:

- қашықтықтан оқытуда оқу жұмысын үйлестіріп отыру;
- сыныпта оқушылармен бүкіл оқу мен тәрбие жұмысын ұйымдастырып, оған бағыт беру;
- мектеппен отбасының байланысын жасау;

Қазір адамдардың компьютер дәуірінде өмір сүріп жатқанын бәріміз білеміз. Сондықтан рухани құндылық адамның бойынан толық көріне бермейді. Сол үшін білім берудің барлық кезеңдерінде, яғни қашықтықтан оқытуда да рухани құндылықтарды негізге алған жөн. Сонда мінез-құлқы жетілген, саналы адам қалыптасады. Жетілген мінез-құлық үш нәрсенің: жүректің, ақылдың, қолдың келісімі. Бала өзінің жүрегін тыңдауға үйренсе, жүрегінің ғана айтқанын орындаса өмірден өз орнын таба алады деп сенеміз. Мұндай тәрбие әуелі отбасында, оқу пәндерінде, іс-шараларда жүзеге асуы тиіс. Сабақ үстінде мұғаліммен және құрбыларымен үнемі қатынасып отыру нәтижесінде баланың бойында рухани құндылықтар қалыптасып, өмір тәжірибесі байи түседі. Мұғалімнің құндылықтарды қалыптастыруы арқасында оқушы өз бойындағы жақсы - жаман қасиеттерін ажырата біледі. Өзінің қалыптасуына айналадағы ортаның әсері мол екенін түсініп, өз ойын еркін жеткізе білуге, ойлап сөйлеуге үйренеді.

Ұстаздың жұмысы қиын, жауапты, өте күрделі. Сондықтан балаларға сүйіспеншілікпен қарап, барлық күш-жігерін салмаса, оны талапқа сай орындау қиын. Бүгінгі Тәуелсіздіктің көк байрағын көкке желбіретіп, ізгіліктің игі мұраттарын айдай әлемге паш еткен туған Отанымыз Қазақстанның өркендеуіне қажетті тың күшті, соны серпінді, алғыр ойды шәкірттерімізге нәр етіп құя білсек, бізде одан асқан арман, бақыт жоқ деп ойлаймыз. Халқымыздың ұлы перзенті Мағжан Жұмабаев: «Кімде-кім өзін сүйсе, туысқандарын сүйсе, өз елін сүйсе, әсіресе, адам баласын бауырым деп білсе, сол адамды ізгі дейміз» дегеніндей, жалпы адамзаттық құндылықтарды ұрпақ бойына дарытып, жас ұрпақтың жүрегіндегі өмірге, ата-анасына, достарына деген мейрімділік, ізгілік, достық, сүйіспеншілік сияқты ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу - баршамыздың міндетіміз.

Әдебиеттер:

1. Әдеп және жантану// хрестоматия/ / Алматы - Атамұра, 1996.
2. Бастауыш мектеп журналы// республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ /2007. - №7, -Б. 8
3. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ /2002. - №5, -Б. 7
4. Бала тәрбиесі //2006- № 2.- Б.5
5. Бала тәрбиесі //2006 - № 4.-Б.2
6. Бастауыш мектепте оқыту// 2007- № 4. – Б.7
7. Баймұратова Б., Отбасындағы баланы мектепке дайындау - Алматы, Шартарап - 2000.
8. Елеуенов Ш., Замандас парасаты. Әдеби сын - Алматы: Санат, 1977.
9. «Өзіндік таным»//2007.- № 2, -Б.9
10. «Өзіндік таным»//2007. № 5, -Б.6
11. Сатыбаев С., Халық әдебиетінің тарихы негіздері - Алматы, 1992.



ЖАС ҰРПАҚҚА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ-БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ

Киянбекова Г.С.
№15 ЖОББМ
Сатбаев қ.

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі.

Әл-Фараби

Рухани-адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адал еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т. б. қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау, кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төніректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық» - деп атап көрсеткен.

Руханилық- жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. «Жақсымен жолдас болсаң- жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң - қаларсың ұятқа...», «Жаман дос жолдасын қалдырар жауға» - деген мақалдардан көруге болады. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер -

адамгершілік тәрбиенің арқауы. Үлкенді сыйлау - адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі. Адамгершілік - адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы- мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы- балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені-ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ. Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі.

Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған.

Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал, адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы -осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік- адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, күдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрініс болып табылады.

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев «Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ең бастысы балаларының алдындығы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз»-деген болатын.

Отбасы - ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан адам баласының әлеуметтік ортасы. Халықтың салт-дәстүрін әдет-ғұрыптарының сақтаушысы. Сондықтан отбасы тәрбиесі халықтың ой арманымен мол тәжірибесімен ұлттық дәстүрімен дамып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи мұра. Әрбір

отбасында балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру ең бірінші ата-ана тәрбиесіне байланысты. Қай заманда, қайсы елде болса да отбасының адамзат ұрпағына ететін ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Отбасы тәрбиесінің түрлері мен мүмкіндіктері көп, әсіресе, көргенді, ынтымақты, тату-тәтті тұратын отбасында шаңырақ шаттығы - негізінен, қоғамдық сананың адамгершілік, кісілік, қайырымдылық, әдептілік, әділеттілік сияқты толып жатқан моральдық ұғымдарға негізделеді. Бала үшін отбасында ең алдымен, әке-шешесінің, ата-әжесінің, басқа да ересектердің инабатты, кісілік үлгілерінің маңызы зор. Бала өз заманына тән кісілікті, әдептілікті, қайырымдылықты, тіпті бұзақылықты да алғаш рет осы өзінің отбасында меңгереді. Үй ішінде күнделікті айтылатын ұлағатты өсиеттері мен ақылы, ал жастардың оларға деген сый құрметі, адал көңілі, әдепті қылықтары, ерке-назы, жалпы алғанда, дұрыс қалыптасқан моральдық-психологиялық қарым-қатынастар отбасы өмірінің ерекше рухани бір байлығы. Осындай отбасында өскен балалар бақытты, олардың өмірден алатыны да, өмірге беретіні де көп болады.

Балалардың бойындағы қабілеттің, қайсы нәрсеге бейімділігін, ол қабілеттер мен бейімділіктер қашан, қай мезгілде пайда болатыны әлі де толық шешіле алмай келеді. Соның салдарынан дүниеде миллиондаған адамдар өздерінің болашақтағы орнын дұрыс тандай алмай қиналады, сәтсіздікке ұшырайды. Отбасы мен ата-аналардың осы проблемаларды шешуге тигізетін пайдасы мол. Талапты жастарға мамандық таңдау үстінде дұрыс бағыт, кеңес беретіндер - ата-аналар. Себебі балалардың сырын да, қабілетін де ата-аналарынан артық білетін адам жоқ.

Адамның ең асыл қасиеттерінің бірі - оның жұртқа ұнамды мінез-құлқы. Ол қасиет негізінен отбасында қалыптасады. Отбасы тәрбиесінің осындай ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін қоғамдық тәрбиенің міндеттері мен ұштастыра білсек, оның берері мол.

Баланы тәрбиелеуге ата-ана жеткілікті мән бермесе, бұл істің нәтижесіз болары күмәнсіз. Абай былай дейді: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады. Біріншісі-ата-анадан, екіншісі-ұстазынан, үшіншісі-құрбысынан. Солардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады». Сондықтан жұмыс қаншалықты қауырт болса да, қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де ата-ана бала тәрбиесін ұмытпауы тиіс. Балалардың болашақ қадамы отбасында басталатыны бәрімізге аян. Бала жақсы әдетті болса да, жаман әдетті болса да ең алдымен жанұядан алады.

Ата-аналар балаларын мәдениетті, кішіпейіл адал азамат етіп өсіргілері келсе, ең алдымен олардың өздері кіршіксіз таза адам болуы керек. Көпшілік жағдайда баланың бойында теріс қылықтардың пайда болуы себебін жанұядағы үлкендер өздерінің бойынан іздемейтіні өкінішті-ақ.

А.С. Макаренко ата-аналарға арнаған еңбегінде «Сіздің мінез-құлқыңыз-жеткіншек тәрбиесіндегі бірден-бір шешуші құрал. Сіз қалай киінсеңіз, басқалармен қалай әңгімелесеңіз, қалай қуанып, қалай қайғырасыз, достарыңызбен және қас адамдарыңызбен қалай қатынас жасайсыз, сіз қалай күлесіз, газетті қалай оқисыз, радионы қалай тыңдайсыз, міне, мұның барлығының да бала үшін маңызы ерекше»-деген болатын.

Ата-аналар шын беделге ие болған жанұяларда олардың жай ғана реніш білдіруі, ескерту жасауы баланы теріс істерден сақтандыру үшін жеткілікті. Беделдің болмауынан балалар ата-анасымен ашылып сөйлеспейді. Олардың ескертпелеріне дөрекілікпен қарсыласумен жауап береді. Кішкентай күнінде сәби ата-анасына жан-тәнімен қадірлейді, оларды бар зейінімен тыңдайды. Ал ақылы кіріп жақсы мен жаманды ажырата бастаған жасөспірім үйдегі үлкендерге енді ересек көзбен қарайды. Бірақ бұл жағдайды біздер, ата-аналар, үнемі ескере бермейміз. Қорқытумен, күш көрсетумен балаға айтқанымызды істетуге әуеспіз. Мұндай отбасында нашар мінез-құлқты балалардың өсетініне мән бермейміз. Отбасындағы байсалды, бірқалыпты қарым-қатынас балалардың ата-аналарына сенімі мен құрметін күшейтетінін ұмытамыз.

Алдында ешқандай қуанышы болмаса, адам жарық дүниеде тіршілік етіп жүре алмайды. Адам өмірінің ең жақсы атышулы қозғаушысы-ертеңгі қуаныш», -деген А.С. Макаренко. Олай болса әрбір ата-ана балаларын ертеңгі қуанышты сезіне білуге тәрбиелеу қажет.

В.А. Сухомлинский оқушылардың ата-аналарымен жұмыс істеудің маңызына ерекше назар аударған. «Тек ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағытты беруі мүмкін», -дейді. Олай болса, отбасы мектеппен бірге тәрбиелік ортаның тұтастай негізі ықпал ету факторларын жасайды. Сондықтан да педагогикалық әрекетте мектептің жалпы міндеттерінің көлемінің тым кеңдігіне қарамастан, ата-аналармен жұмыстың маңызы ерекше.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам

тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени -ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Әдебиеттер:

1. Бала тәрбиесі, 2006. № 2
2. Бала тәрбиесі, 2008. № 4
3. Өзіндік таным, 2006. № 5-6
4. Өзіндік таным, 2007. № 2
5. Бастауыш мектепте оқыту, 2007. № 4
6. Сатыбаев С., Халық әдебиетінің тарихы негіздері – Алматы, 1992
7. Баймұратова Б., Отбасындағы баланы мектепке дайындау – Алматы: Шартарап, 2000
8. Әбиев Ж., Педагогика тарихы – Алматы, 2006
9. Макаренко А.С., Ата-аналар кітабы – Алматы, 1987

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қанат Ш.Қ.

*КМҚК «Нұра көпсалалы колледжі»
Қарағанды облысы, Нұра ауданы*

Гальскова Н.Д және Гез Г.И пайымдауынша, тілдік білім беру көпмәдениетті және көптілді қоғамда адамдардың табысты тіршілік әрекетіндегі маңызды құралдардың бірі [1:8].

Қазіргі уақытта әр түрлі қарым-қатынас жағдаяттарындағы тілдік тұлғаның іс-әрекеті мәселесімен көптеген ғалымдар айналысу үстінде. Олардың пайымдауынша қатысым барысында белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін келесі міндеттерді іске асыру керек:

- Басқа, өзге мәдениетке, мінез-құлыққа төзімділік, құрмет қалыптастыру.
- Әр түрлі мәдениет өкілдерінің өзара әрекеттесуі мен қарым – қатынасқа түсуі үшін дағдылар мен құзіреттіліктерді қалыптастыру.
- Мәдениеттің өзгешелігіне байланысты түсініспеушілікті болдырмау.

Яғни, мәдениетаралық қатысымда басты мәселе – әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің өзара тіл табысуы, қарым – қатынас кезіндегі түсініспеушіліктің алдын алу болып табылады.

Мәдениет туралы ойлағанда ол елдің тілі мен болмысының айырмашылығы болып жатады. Болмыс туа біткен қасиет (Латын тілінен nascere: туылған); мәдениет өсіп, дамуға қатысты болып табылады (Латын тілінен colere: to cultivate-өсіру) [2:4].

Мәдениетаралық коммуникативтілік құзіреттілік – бұл функционалдық іскерліктер, яғни басқа мәдениет өкілінің пікірі мен ойын түсіну, өз мінез-құлқын қатысымға сай бейімдеу, конфликт болдырмау, әртүрлі мінез-құлық түрлерін, нормаларын, құндылықтарын қабылдау. Құндылықтар дегеніміз – адамның әлеуметке, құбылыстарға, оқиғаларға, заттарға қатынасы, көзқарасы. Нормалар болса моральдық кодтар, адамның әлеуметтік ортадағы стандартты әрекеттері, мінез-құлық эталондары болып табылады. Мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік қазіргі кезде маман үшін аса маңызды, өйткені ол кәсіби мобильділік негізі болып табылады, қазіргі заман маманы өмірдегі жағдаяттарға, өзгерістерге бейімделе әрекет етуі тиіс. Жаңа заманның маманы шетел тілін жаңа деңгейде, мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгеруі тиіс.

Тілдік код мәдениетінің құрамдас бөліктерінің бірі және де ол әлемге көзқарасты, яғни «әлем картинасы», халық менталитетін, әлемді қабылдау жүйесін қалыптастырады. Әлемнің тілдік картинасы – сөз тезаурусы, яғни мәдени өзгешелікті көрсететін сөздер, ұғымдар. Мұндай сөздерді, ұғымдарды түсіну үшін тілді ғана білу жеткіліксіз, сондай-ақ экстралингвистикалық факторларды, яғни ұлттық мәдениет әлемін, мәдени ортасын білу қажет. Мәдениет ерекшеліктерін білу коммуниканттардың өзара түсіністікке қол жеткізуіне алып келеді [3:41].

Шет тілін мәдениетаралық концепцияға негіздеп оқыту барысында, тіл үйренушілер өз әлемін, тілін, оқып отырған елдердің әлемімен салыстыруға, сондай-ақ өзгешеліктердің тартымдылығы мен онда нендей құбылыстар түсініксіз, жат екендігі жайында ойлануға, сол туралы сөйлеуге бейімделуі тиіс. Яғни оқып үйреніп жүрген тілдің, сол тілде сөйлейтін елдің мәдениетін білмей, оны меңгермей тұрып, сол тілде коммуникативтік біліктілікке қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан шет тілдерін оқыту мәдениетаралық коммуникация концепциясын ескере отырып, жүзеге асырылады. Ол үшін өз

мәдениеті мен бөтен мәдениетті салыстырып, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін тани білуі керек.

Мәдениеттерді өзара салыстыру арқылы мынаны көруге болады: белгілі бір тілде сөйлейтін белгілі қиындықтарға душар болады. Бұл қиындықтар тілдердің айырмашылықтармен, басқа мәдениет өкілдерінің арасында белгілі айырмашылықтармен қатар мәдениеттердің ерекшеліктеріне де байланысты. Оған бірер мысал келтірейік.

Хайнц-Хелмут Люгер Германияда болған мына бір оқиғаны келтіреді: Хасан есімді араб азаматы автобус аялдамасында Петер есімді танысымен кездесіп қалады да, Петер автобусы келіп қалғандықтан тез қоштасып, автобуска мініп кете береді. Кетіп бара жатып, ол Хасанға Komm doch mal vorbei (Маған келсеңші) деп кетеді. Хасан Петердің бұл сөзін нақты шақырту деп қабылдап, демалыс күнің Петерге барса, ол бір жаққа кеткелі жатыр екен. Хасаннан кешірім сұрап, басқа уақытта келуін, бірақ алдын ала телефон арқылы хабарласуын өтінеді. Хасан үшін бұл күтпеген жағдай еді. Өйткені араб халқында «Маған келсеңші» деген сөз ресми шақыртумен бірдей болатын. Шақырумен келген қонақты қабылдамай жіберуге болмайды. Қалай болғанда да оны қабылдап, қонақ асы беріп шығарып салуы қажет. Неміс халқының түсінігі бұлай айтылған сөз оны айтушыға ешқандай міндет жүктемейді. Осындай мәдениетаралық сәйкессіздік екі ұлт өкілінің арасында түсініспеушілікке әкеліп соғады.

Тағы бір мысал. Бұл неміс жұмыскері мен сол елдегі мұсылман діні өкілінің арасында болған әңгімеден. Мұсылман діні өкіліне неміс жұмыскері оның бір қауіптен аман қалғандығына қуанышын білдірмек болып: «Da hast du aber Schwein gehabt» (Бағың бар екен) деген екен. Бұл сөйлемді неміс тілінен сөзбе-сөз аударсақ: «Сенің шошқаң бар екен» болып шығады. Бұл сөйлемді қате түсінген мұсылман өкілі әлгі неміспен төбелесіп қала жаздаған екен.

Мысалы қазақ халқындағы қонаққа бару, қонақ шақыру мәдениетін салыстыратын болсақ, қазақтың қонақжайлылығын неміс халқымен немесе ағылшын халқымен салыстыруға келмейді. Өйткені неміс халқында ескертусіз келген қонақ дастархан басына отыруға тиісті емес. Оқушылар мен студенттердің білімін бағалауда да үлкен айырмашылықтар бар. Ең жоғарғы баға 1, ал 5-тік ең нашар баға болып есептеледі. Мұндай ерекшеліктерді білу, оны орнымен пайдалана білу тілін оқып жатқан елге деген құрмет екенін көрсетеді[5: 4].

Қарым-қатынас бұл белгілі бір мақсатқа бағытталған немесе сол мақсатқа жетудегі ақпарат алмасу ғана емес, осы процеске қатысушылардың әрекеті. Оқытудың негізгі мақсатына жетудің өзі студенттердің бойында мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастыруда жатыр. Сондай-ақ белгілі бір шетел тілін меңгеруге тигізетін тиімді-тиімсіз ықпалын да ескермеуге болмайды. Шетел тілінің әрбір сабағы – бұл мәдениеттер тоғысы, мәдениетаралық қатысымның тәжірибесі, себебі әрбір шетел тілінің сөзі басқа әлем мен басқа мәдениетті көрсетеді. Әрбір сөздің мағынасында сол елге тән ұлттық ерекшелік бар. Мәдениетаралық қатысым ұлттар мен мәдениеттер арасындағы өзара байланысты түсіну болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, мәдениетаралық қарым-қатынас дегеніміз – жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін меңгеру, басқа мәдениет өкілдерінің әрекеттері мен сөздерін түсіне білу. Ол үшін өз мәдениеті мен басқа мәдениетті салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көре білу деген сөз. Екі мәдениет өкілі арасында белгілі бір дәрежеде қиындықтар болуы мүмкін. Ол, әрине, тілдегі ерекшеліктер ғана емес, мәдениетке байланысты болып келеді. Мәдениетаралық қатысым- әртүрлі ұлттар мне мәдениет өкілдері арасындағы өзара түсінушілік. Толық анықтаманы атақты лингвист ғалым И.И. Халеева береді “мәдениетаралық қатысым-әртүрлі тілдер мен мәдениетке жататын адамдар іс- әрекетінің ерекше жемісі”. Ол серіктестер арасындағы әрекеттесу арқылы жүзеге асырылады, бұл серіктестер түрлі мәдениеттерге қатысты болып қана қоймай, сонымен бірге әрқайсысынан “басқа” екендігін түсінеді және бір-бірінің өзгешелігін қабылдайды [4: 20].

Мәдениетаралық қатысымның көптеген факторлары бар: мәдениетаралық тоғысу жағдаяттарын ұйымдастыру, оқушылардың мәдениеттер арасындағы ерекшеліктердің бар екендігін сезінуі, осы мәдениетаралық өзгешеліктерді түсіну мақсатында оқушыларды ақпараттармен қамтамасыз ету. Осы сияқты өткізілген сабақтар мәдениетаралық келіспеушіліктерді жою дағдыларын қалыптастырады.

Оқушыларды қарым-қатынасқа түсуге, шетел тілін түсініп қана қоймай, сол тілде өз ойын жеткізе алуға үйрету-өте қиын нәрсе. Оның тиімділігі тек тілді үйренуден ғана емес, басқа да көптеген факторлардан тұрады: қарым-қатынас мәдениеті мен шарты, этикет ережесі, қарым-қатынастың вербальды емес формасын білу (ым, ишара, жест) қажет. Сөздік қарым-қатынас әдеттегідей сөзсіз әрекеттермен біріге қолданылады. Олар тілдік, сөздік мәтіндерді түсінуге көмектеседі. Кез – келген қарым қатынастың тиімділігі тек қана сөздерінің түсініктілігі мен

вербальды қарым-қатынастың элементтері арқылы ғана анықталмайды. Біз тіл арқылы ақпараттың тек 35 пайызын ғана қарсыласымызға бере аламыз. Сонымен қатар визуалды ақпаратты дұрыс түсіну қабілеті мен, яғни қарсыластың көзқарасы, оның ым-ишарасы, дене қозғалысы, сөйлеген сөзінің ырғағымен және тембрімен сипатталады.

Тілмен бірге қарым – қатынас құралы ретінде қолданылатын элементтер бар, оларды ғалымдар “вербальды емес қатынас құралдары” ұғымына шоғырландырады. Ым-ишара, дене қозғалысы, киім, шаш үлгісі, бізді қоршаған заттар, біздің әдетімізге айналған іс-әрекеттер – барлығы ақпараттың белгілі бір түрін білдіреді, олар ақпарат берудің 65% тиесілі.

Мәдениетаралық қатысым процесінде бейвербальды қатынас оның құрамдас бөлігі болып табылады және бейвербальды қарым – қатынастың элементтері бір-бірін толықтырып, орын алмастырып отырады [4: 21].

Мәдениетаралық қатысымда осы белгілерді де дұрыс түсінбеудің салдарынан екі мәдениет арасында түсініспеушіліктер орын алуы мүмкін. Егер американдықтар мен еуропалықтар үшін кәдімгі «теке/коза» немесе «that rocks» ишараты (кішкентай саусақ пен сұқ саусақ жоғары қарап тұрса, ал аты жоқ саусақ пен ортаңғы саусақ алақанға тиіп тұрса) ол рок сияқты қандай да бір музыкалық топқа қатысы барын білдірсе, Италияда ер адамға әйелінің оның көзіне шөп салып жүргендігін білдіресіз. Ал сұқ саусақ пен бас бармақ бір-біріне тиіп, қалған үш саусақ жоғары қарап тұрған белгі Ұлыбританияда, АҚШ, Оңтүстік Корея, Оңтүстік Африкада - «жақсы» немесе «керемет» деген мағына берсе, Франция, Польша, Швейцарияда - «бір», ал Ауғанстан, Иран, Ирак мемлекеттерінде «қорлау» - деген мағынаға ие. Ал егер бүкіл бес саусақты біріктірген белгі Италияда - «бұл қалай болғаны?» немесе «сізге не керек?», Конгода - «кішкентай» немесе «кішкене», Турцияда - «әдемі» немесе «жақсы», Мысырда - «бір момент». АҚШ, Канадада, Мексика, Швейцарияда жоғары көтеріліп тұрған бас бармақ - «керемет» дегенді білдірсе, Бразилияда ол белгі «қорлау» дегенді білдіреді. Сол себепті шет тілі сабақтарын өткізгенде біздің ойымызша осы мәселелерді камту мәдениетаралық қатысым мәселесіндегі ең негізгі компоненттердің бірі болып табылады.

Шетел тілін қарым – қатынас құралы ретінде оқыту міндеті, сол тілде сөйлеуші елдер мен халықтардың қоғамдық және мәдени өмірін зерттеп білу міндетімен қоса жүргізіледі. Оған бірер мысал келтірейік.

Жапондықтар іскерлік қарым – қатынас барысында талқыланатын мәселеге тура бармай, жанамаламай айтқанды ұнатады. Бұл стратегия іскер әріптестерінің ойы туралы білуге көмектеседі. Және жапондықтар “мүмкін”, “солай шығар” деген сөздерді қолданғанды жөн көреді. Бұл оларға басты тақырыпқа икемделуге немесе, керісінше, әріптесіне қарсы келуге мүмкіндік береді. Мұны басқа ұлт өкілі түсінбегендіктен екеуінің арасында түсініспеушілік болуы мүмкін.


Тағы бір мысал, ағылшын режиссері, жазушы Питер Устинов Италия жерінде болған мына бір оқиғаны келтіреді. Италияда кезекті бір кино түсіру кезінде ағылшындар мен итальяндықтар арасында келіспеушілік туады. Ағылшындықтар жұмыс кезінде 5-10 минут уақыттарын шай ішуге жұмсағанды ұнатады. Себебі, шай ұлттық сусын ретінде ағылшындықтар үшін маңызды болып саналады. Жұмысты қоя салып, шай ішуге отыра қалған ағылшындарды көрген итальяндықтар таң қалады. Себебі оларды кез келген уақытта үзіліс жасап шай ішу деген жок.

Міне, осы және басқа да мысалдар әртүрлі мәдениет өкілдері белгілі бір жағдайда әртүрлі әрекет ететінін көрсетеді. Демек, мәдениеттерді салыстыру олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау қажеттігі ешқандай күмән келтірмейді. Себебі тіл жат мәдениет пен өмір сүру образын ашатын бүтін бір әлем.

И. Пассов атап көрсеткен формула былай дейді: “Мәдениет тіл арқылы, тіл мәдениет арқылы”. Өйткені жат елдің мәдениеті негізінде өз елінің мәдениетіне деген таным пайда болады. Дегенмен оқытушы мына қағиданы есте ұстағаны жөн. “Егер айтатын ешнәрсе болмаса, сөйлеуге үйретудің керегі жөн” (Ж. Лассер). “Тіпті адамдар бір тілде сөйлесіп жүріп, әрқашан бір-бірін дұрыс түсіне бермейді, оған себеп мәдениеттер сәйкессіздігі,” – деп көрсетеді Е.М. Верещагин [4: 23].

Шетел тілін оқыту процесінде мәдениетаралық қатысымға үйрету мынадай деңгейде болуы шарт:

- Үйренушінің жеке тұлғасына бағытталу;
- Үйренушінің өзінен көп жұмыс жасауды талап ететін процесс болуы;
- Тілді жақсы меңгеруге бағытталуы;
- Жат мәдениет өкілімен қарым-қатынас түсінуден қуаныш алу ;
- Оқытудың шарттарын еске алу және өз мәдениеті мен өзге мәдениет арасындағы айырмашылықты тану;



- Тілді үйрету – мәдениетаралық қатысымға түсуді қалыптастыру .

Мәдениеттің ұлттық-ерекшелік компоненттеріне келесілерді жатқызуға болады:

1. Салт – дәстүрлер, әдет – ғұрыптар;

2. Тұрмыстық мәдениет. Ол салт – дәстүрлермен тығыз байланысты, осының салдарынан оны жиі дәстүрлі – тұрмыстық деп атайды;

3. Күнбекілік тәлім. Яғни, кейбір мәдениет өкілдерінің әдеттері, сол қоғамда қабылданған қатынас нормалары. Осы жерге кейбір лингвистикалық мәдени қауымдастық тасушылармен қолданылатын мимикалық пен пантомимикалық кодтарды жатқызуға болады.

4. Этностың мәдени дәстүрлерін бейнелейтін көркем мәдениет

5. Қоршаған әлемді қабылдаудың ерекшеліктерін, қандай да болмасын мәдениет өкілдері ойлауының ұлттық ерекшеліктерін, ұлттық тәлімдік ерекшеліктерін, олардың эмоционалды құрылымының ерекшелігін көрсететін “әлемнің ұлттық картиналары”[4: 24].

Сайып келгенде, тіл дегеніміз мәдени құндылықтарды қамтитын белгілер жүйесі. Сөйлеушілер өздерін және басқаларды олардың тілдері арқылы таниды; олар тілдерін әлеуметтік бірегейлік ретінде көрсетеді. Сол себепті біз тілді мәдени шындықты сипаттайды деп айта аламыз [2: 3].

Кез келген тілдік білім берудің нәтижесі қалыптасқан тілдік тұлға болуы керек, ал шет тілін оқыту облысындағы білім нәтижесі – мәдениетаралық қатысымға толықтай қатысуға қабілетті екінші тілдік тұлға[1: 65].

Қортындылай келе, тіл арқылы біз оқып жатқан тілдің мәдениеті мен ерекшеліктерін танымыз, және қос мәдениетті салыстыра отыра екінші тілдік тұлғаны қалыптастырамыз. Тіл мен мәдениет егіз ұғым. Сол елдің мәдениетіне деген түсіністік таныта отырып мәдениетаралық қатысымға түсеміз. Жоғарыда айтылған факторлармен мысалдарды ескере отырып оқушыны өз мәдениеті мен бөгде елдің ұқсастықтары мен өзгешеліктері жайында сапалы да, қызығушылық тудыратын мәліметтермен жабдықтауымыз қажет.

Әдебиеттер:

1. Теория обучения иностранным языкам., Гальскова Н.Д., Гез Н.И., М.: 2006., 336 с.

2. Claire Kramersch. Language and Culture. Series Editor H.G.Widdowson. Oxford University Press 1998., 134 p.

3. Шетел тілін оқыту әдістемесі № 1(45), 2012.

4. Шетел тілін оқыту әдістемесі № 3(53), 2013.

5. Шетел тілін оқыту әдістемесі № 6(38), 2010.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ 4К МОДЕЛІНДЕГІ ТҮЛҒАЛЫҚ ТӘРБИЕ

Макенбаева М.К.

«Әлихан Бөкейханов атындағы

№15 мектеп-лицейі» КММ

Балқаш қ.

Қазіргі таңда бүкіл адамзат қоғамының XXI ғасыр алғы шебіне, ғылыми-техникалық прогресс пен өркениетті даму кезеңіне бет бұрған уақыт деп есептейміз. Себебі көптеген жаңа ақпараттар ағымы, жаңалықтар бала санасына әсер етпеуі мүмкін емес. Осындай қоғамға лайықты жеке тұлғаны қалыптастыру үшін сапалы білім мен саналы тәрбие қажет. Біздің Отанымыз Қазақстан өркениетті дамыған ел қатарына қосылу үшін ұрпақ біліміне басты назар аудару, баланың ашылмаған қабілетін ашу, пәнге қызығушылығын, белсенділігін арттыру, өзіне деген сенімін күшейту, т.б. қырларының жандануына ықпал жасау үшін жаңа тың шығармашылық идеялармен толықтырылып отырылу керек [1,54]. Бұл ретте оқу – біліммен қоса, тұлғаның тәрбиелік қырын да, оның шығармашылық және креативті ойлауы мен ой ұшқырлығын айтуымыз аса маңызды. Ұлы ойшыл Әл-Фараби «оқу мен тәрбие құстың қос қанатындай, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы», - деген, ендеше, осы екі қанатты тең ұстау ол «нағыз тұлғаның» дамуы деп есептесек болады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында тәрбие жұмысының басты ерекшелігі ретінде қоғамда рухани жаңғыртудың басымдылықтарын оқушылар арасында кеңінен насихаттау және оны тәрбиелік сынып сабақтарында қолданумен қатар, пәндік сабақтарда құндылықтарға негіздей отырып тәрбиелеу басты мақсатқа қойылды. Әр тұлғаның

Отанын сүйеге, өз елін, тарихын білуге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен терең көзқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыруына, жалпыазаматтық және мәдениетаралық білімдерімен сыни ойлауына, зерттеушілік дағдыларын дамыта отырып, «зияткер тұлға» қалыптастыру бүгінгі оқу – тәрбие процесіндегі аса назар аударатын және соған барынша жұмыс жасаудағы негізгі акцент десек артық емес. Осы жұмыстарға негіздей отырып, өзінің даму барысында, өмір бойы оқуға қабілетті, жоғары адамгершілік құндылықтары бар, ұшқыр білімді жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған мектеп қауымдастығын құра отырып, негізгі нәтижеге шыға аламыз. «Мәңгілік елдің» ұландары қашан да өркениетке ұмтылады. Туған тілін терең меңгеріп, бірнеше тілде ойларын еркін айтып, айналасын зерттей қарайды.

Осы аталған өзекті тақырып аясындағы оқушылар қауымдастығынан құрылған мектептегі «Шаңырақ» топтарының жылдық жұмыстары мен сабақтарын айта кеткеніміз жөн. «Шаңырақ» сағаттары негізінен, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай келетін, оларды қазақстандық патриотизм және әлемдік азаматтық құндылықтар негізінде тәрбиелей алатын тақырыптар қамтылады. Осы тақырыптарды қазіргі заманмен салыстыруына, оқушылардың өзін-өзі зерттеуіне мүмкіндік бере отырып, ұйымдастыру, өз нәтижесін беруде. «Шаңырақ» сағаттарын ата-аналар, танымал тұлғалардың қатысуымен ұйымдастыруға болады. Сонымен қатар, мектептен тыс жерлерде: мұражайларда, театрларда, кітапханаларда, кәсіпорындарда өткізуге болады. Ал, бұл қазіргі жас буынның ойлау шығармашылығына қажет дүние. «Шаңырақ» сағаттарында нақты тақырыптарды талдай отырып, оқушылар қазіргі заман туралы сыни ойлана алатын болады. Өз мәдениетін, ұлттық кодты сақтау жаңғырту шарттарының бірі ретінде қарастыра отырып, тарихи жады мен дәстүр модернизацияның алғышарттары ретінде ұғынады. Сонда ұлттық тәрбие жеке тұлғаның ұлттық сана – сезімі мен мінез – құлқының ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт – дәстүрлерді меңгеруге аса қабілетті болмақ. Қазіргі заманғы талаптар негізінде 4К моделін қалыптастыру бір ғана ортаның тәжірибесімен шектелмеуі керек. Себебі, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы бүгінгі замандағы жоғары интеллектуалды ұрпақты жан – жақтылыққа, рухани – адамгершілікке, жеке тұлғалық қасиеттерін оятуға, ұлттық құндылықтардың бойына сіңіре отырып, потенциалдық деңгейінің жоғарылауына, бәсекеге қабілетті «ұлтжанды тұлғалар» тәрбиелеп шығаруына бағытталып отырғаны бәрімізге айқын. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген Мұхтар Әуезов, осы айтылған сөздің өзінде мыңдаған астарлы ой жатыр, осы реттегі ұлт болашағының өркендеуіне Елбасының мақаласындағы әрбір түйінді сөздерінен жаңаша бір жобаның жолдарын көре аламыз. Мысалы, Абай философиясының өзі тәуелсіз Қазақстан өркендеуінің тұлғалық моделін өзгертуге толық негіз деуге болады. Рухани құндылықтарды бала жүрегіне тек ғылым мен техникалық қарыштап дамуымен қатар емес, әдеби – тұлғалы шығармаларды бойына сіңіре оқу арқылы да дарыта алатынымызды айтқым келеді. Сол арқылы кез – келген оқушы өз қазақи құндылығын басқа да әлемдік елдерге еркін жеткізе алатын болмақ. Биылғы жылы да жарияланған Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласының өзі рухани құндылықтарға негізделініп, ұлт болашағының дамуына жаңа серпін берді. Себебі, қандай адамды қалыптастыру керек екенін білмей, біз бала тәрбиесіне мақсатты қадам баса алмаймыз.

Баланың табиғи дарыны қандай шексіз болса, қоғамға беретіні де, қоғамның беретіні де, баланың талабы да сондай шексіз. Біз тек сол дарынды, талапты қалыптастыра білуіміз керек. Баланы еңбек, дене, жалпы рухани, интеллектуалды, азаматтық, саяси, адамгершілік, идеологиялық тәрбие салаларынан сусындатып, қалыптастырып өсіруге тиістіміз. Ал, бұл тәрбие салалары бір – бірімен тағыз байланысты [2,219]

Бүгінгі жаһандану кезеңінде тек өз ұлтымыздың дәстүрлі ойы мен пайым – парасатына сүйену керек. Тарихымызда бүгінге аман – сау жеткен халық педагогикасы, дәстүр қазынасы, данышпандарымыздың ой антологиясы, даналық философиясы, өмірлік тәжірибесі, танымдық ілім – білімдері – жарқын болашағымызға жол көрсетер бағдаршам, адастырмас темірқазық, телегей теңіз рухани азық, ұрпақтан – ұрпаққа мәңгілік жалғаса беретін асыл мұра, өнегелі тәрбие мектебі. Ендеше «қадам баласы өмір бойы тәрбиеге мұқтаж». Тәрбиенің мақсаты – әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты; адамзат дүниесінің мүшесі – әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Адамзат бақыты – ел бақыты. Бақыттың бастауы – ғұламалардың ақыл – ойында.

Тәрбие рухани байлықтан нәр алады. Рухани байлық – бала дамуының ең жоғары интеллектуалдық шыңы. Бұл шыңға тек ұлттық рухани құндылықтар мен даналардың ақыл – парасатына терең мән беріп ұғыну арқылы ғана көтеріле аларымыз анық. Сондықтан ұлттық дәстүр мен жаңа инновациялық ойды дұрыс байланыстыра білсек, болашағымыз зор болмақ! [16,2]

Қорыта келгенде, ұлттық рухани құндылықтарымыз әлем назарында болғанда, ұлт мұрасына барынша терең қарай отырып, 4К моделі негізінде ұрпақ тәрбиелеуде ұстаз еңбегі мен еліміздің саясаты бірдей бағытта болса, кемелді тәрбиенің барлық сұрақтарының шешімі мен түйіні анықталады.

Әдебиеттер:

1. Жексембиева Е. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту – химия мектепте, 2004 №6, 54б
2. С.А.Мұсаева, Т.Б.Бегалиев, Жас ерекшелік педагогикасы – «Фолианат» баспасы, Астана, 2006
3. Игенова А. Даналардың ақыл – ойы мен ұлттық рухани құндылықтар – жеке тұлғаның дамуына ықпал ететін ізгілікті білім бұлағы – Қазақстан мектебі, 2020 №2 (1129) 13-16б.

ҰЛТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРІМІЗ-ҰЛТЫМЫЗДЫ ҚОРҒАУШЫ ШАМШЫРАҚ

*Матикулова М.К.
«№1ЖОББМ» КММ
Приозерск қаласы*

Қазақы мінез, қазақы рух, қазақы менталитет, қазақы тәрбие -ұлтымыздың бет пердесін көрсететін шамшырағы деуге болады. Әлемді әуенінің көркемділігімен, тілінің шұрайлылығымен, салтының байлығымен, ұлттық бірегейлігімен тамсандырған қазақтай дара туған халық кемде-кем болар. Бәрімізге белгілі, біздің халық аса күрделі жағдайларды бастан кешірді. Өтпелі кезеңге тән өмірдің ауыртпалықтарын ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ адам қандай жағдайда да өзінің биік адамгершілік сипаттарын, кісілік қасиеттерін сақтап қалуға тиіс. Қазақ басынан мың құбылған алмағайып заманды өткерсе де, ұлттық келбетін, ұлттық жан дүниесінің тазалығын сақтап келе жатқан мықты халық.

XXI ғасыр адамның санасының жаңаша сатыға көтеріп, үлкен жаңалықтар тасқынымен таңғалдырған дәуір шымылдығын ашып келеді. Осы ақпарат ғасырында ұлттық рух, қазақы құндылықтар біздің еліміздің санасының, бүкіл болмысының өзегі болмақ керек. Халқымыздың тарих сахнасынан жоғалмай, қаншама азаптарды көрсе де, сынбай, өз ұлттық келбетін сақтап, жаңа ғасырға абыроймен, үлкен мәртебелі қадам басып келе жатқандығы қайсар ата-бабамыздың біздің санамызға сіңірген батырлығы, қанмен бойға сіңген тектілік пен кемеңгерлік, даналық қасиеттері болар. Осы рухани қуатымызды, ұлттық құндылықтарымызды оятып, әлемге ұлтымыздың рухани жауһарларын жарқыратып көрсететін уақыт жетті. Осы сұрақтар менің санамды көп мазалайды. Ұлттық риясыз құрмет тұтып, сүйетін өкілі ретінде ұлттық рухани қазынасына құйған бір тамшы болса да үлесі болсын деген ниетпен мақала арнадым.

Қазақ халқы – болмысынан өте жүрегі таза, қонақжай, әдептілік пен сыпайылық үлгісін көрсете білген жаны нәзік, терең ойлы, сонымен қатар, жауынгер, батыл, әрі әділетті халық. Бұл қасиеттер салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызда көрініс тапқан. Баланың дүниеге келуінен бастап, ержету, үйлену салттары жоралғыларды берік ұстана отырып, орындалатын болған. Заман ағымының өзгеруіне байланысты қазақ халқының қазіргі уақытта өмір салтымыздан ажырап қалған дәстүрлерміз жеткілікті. Әдеп сақтау, үлкенге құрмет көрсету сияқты әдет-ғұрыптарымыздың әлсіреп бара жатқаны салт-дәстүрімізге деген немқұрайлы қарауымыздың зардабы. Қоғамның құлдырап, ізгілік пен адамгершіліктің қадір-қасиеті төмендеп бара жатқандығы тұрмыс салтымыздан әдет-ғұрыптарымызды жатсынып бара жатқандығымыздың кесірі емес пе деген сұрақ туындайды. Кез келген ұлт өкілдері әлем сахнасында шынайы ұлттық келбетті сақтап, түр-сипатын ғана емес, рухани қуаты мен ұлттық болмысын заман ағысына қарамастан лайықты деңгейде сақтағысы келсе, салт-дәстүр секілді ұлттық берік қорғанышы болған ұлы байлықты бойынан, өмір салтынан алыстатып алмауы тиіс.

Ұлттың ұлылығы ата-баба рухын құрметтеу, жүріп өткен тарих белесіндегі шұғылалы шуақты шақтарымен қатар, ұлттың басына қара бұлт төнген ауыр кезеңдерді жадында ұстай білу, одан сабақ ала білуден байқалады.

Өскелең ұрпағымыздың жүрегінде ұлттық рух лаулап жанып, жаны мен қанында қазақылықтың лебі есіп тұрса, жаһандану үдерісі біздің ұлтымызға әкелер қаупі жоқ деп айтуға болады. Ұлттық құндылықтар ұлылығымызды сақтап, ұлт ретінде әлем сахнасында абыройлы орын

алуымызға тигізер ықпалы зор. Өзіңнің табиғи болмысыңнан алыстап, біреуге еліктеу арқылы адам ешқашан бақыт тапқан емес, сол секілді ешқандай ұлт өзге ұлтқа еліктеу арқылы өзінің ұлттық сипатын сақтай алмайды. Рухы мықты ұлт қана ұлы ұлтқа айнала алады. Әлем жаратылғалы қаншама ұлт дүниеге келіп, бұл жердің бетінен бұрын болмағандай ұшты-күйлі жоқ болып кетті. Тарих сахнасында жаһандану кезеңінде жұтылып кетпеу үшін «баланы бастан» деп балабақшадан ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттайтын арнайы сабақтар өтілсе... Ол сабақтар тек, Наурыз мерекесі кезінде өтілетін мерекелік шара аясында қалып қоймай, мектепте де өз жалғасын тапса, жұртын сүйетін ел бақытын өз басының амандығынан жоғары қойып, табандылықпен, халқын жанын салып қорғай алатын батыр ұл, ибалы қыз тәрбиелей алатынымызға кәміл сенемін.

Ұлттың ұлылығының ең елеулі өлшеуіші – тілі, тарихы, әдебиеті. Қазақ қашанда тілінің көркемдігімен, байлығымен, тарихының тағылымды оқиғаларымен, теңіздей терең, көркем әдебиетімен өзгеше құрметтеуге лайық. Болмысында ұлылық бар ұлт дарындарға бай болады дейді. Ұлы Абайдың өзі дариядай тасыған даналығымен талайды тамсандырған. Абайдан бұрын және одан кейін қазақ даласы қаншама таланттарды тудырды. Қазақтың байлығының ең құндысы – осы даналардан қалған асыл мұраларымызда. Ұрпағымызға қазағымыздың асыл тілінің гауһары мен жауһары, құнары мен кеменгері болған ХХ ғасыр ұландары ұлттың алдындағы нағыз тұлғалық парыздарын батырлардай қорғай білген Алаш ардақтыларының шығармаларын оқытып, «Алаштану» сабағын мектеп бағдарламасына енгізсе, балаларымыз қазақты әлемге танытатын рухы мықты ұрпақ болатыны сөзсіз.

«Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін - рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін – рухани байлық керек» деп халық жазушысы Әбіш Кекілбаев айтқандай, ата-бабамыздан мұра боп келе жатқан салт-дәстүрімізді біліп қана қоймай, берік ұстанып, ұлттық құндылықтарымыз ұлықтай білейік!

Жаңа ғасыр қазаққа зор мүмкіндіктер есігін ашып тұр. Сондай мүмкіндікті пайдаланбау – барымызға да, арымызға да, бағымызға да сын! Сондықтан күнделікті күйбеңмен тепеңдеп жүре бермей, бір мезет селт етіп ояну, сілкіну, сосын жоғары серпінмен нақты бағытқа қарай қимылдау қажет.

Ұлтымыздың күре тамырында қаны мен жанында соғып тұрған жүрегі болған ұлттық құндылықтарымыз мәңгілік жасауы әрбір қазақ өкіліне байланысты.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Алаш зиялылары айтқандай, әр адам ұлттың мүшесі. Сондықтанда ол адам өз заманында алдыменен мемлекетіне қызмет етуі тиіс. Қоғам өміріндегі әрбір адамның іс-әрекеті дұрыстығымен елге пайда әкелмек. Өзінің «Жан жүйесі» еңбегінде Жүсіпбек Аймауытов осы мәселені талдаған: «Әр адам әлеуметке мүше болғандықтан әлеумет ісіне көмектес болуға міндетті. Көмектес болу үшін өнер таңдау қажет.

Әрбір өнер белгілі мінез қасиетін тілейді. Ондай қасиет болмаса қызмет жемісті болмайды. Белгілі бір өнерге арналып, бейім бола туған адамда ондай қасиет анық байқалады...» [1. 2 б.]-деп қиыншылығы мол заманда өмір сүрген қазақ баласы үшін өмір жолындағы өнер түрлері бойдағы қасиетпен, қабілетпен елге қызмет ету. Рухани бай, жан-жақты дамыған, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сөйлегенде сөзі жүрекке жылы тиетін, сөз құдіретін игерген ұрпағымыз көбейсін! Ұлттық құндылықтарымыздың мәңгілік алау секілді лаулап кеудемізде, жанымызда жанып, жарқырап тұруы үшін күресе білейік! Біз үшін ең маңызды – ұлтымыздың қорғаны болған ұлттық құндылықтарымыз мәңгілік жасасын!

Әдебиеттер:

1. Жүсіпбек Аймауытов. Жан Жүйесі / Лениншіл жас. 14 –ші Қазан, 1989 ж.



ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІ

Мауленова Г.Ж.

«№27 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Сәтбаев қаласы

Болашақ ұрпақты тәрбиелеу жүйесінде рухани- адамгершілік тәрбие аса маңызды орын алады. Адамгершілік-тұлғаның сана-сезімін, іс-әрекетін қалыптастыратын, құндылық бағдарын айқындайтын құрал. Сондай-ақ тұлғаның ар-ожданын, танымдық қызығуларын кешенді дамытады.

Адамгершілік – адамды сүюді және оның қадір-қасиетін құрметтеуді, рақымшылық пен шыншылдық қасиеттерін қалыптастырады. Адамгершілік туа біткен қасиет емес. Адамгершілік ұстанымдары татулықта өмір сүру, бақытты болуға ұмтылу бала мен кәріге жәрдемдесудегі қажеттілігін сезіну мен мойындау сияқты факторлар негізінде қалыптасады. Адамгершіліктің қалыптасуына мінез-құлық үлкен роль атқарады. Халық даналығында «Ақылды кімге керек, мінез-құлқың болмаса» дейді. Демек жақсы мінез адамдарға мейірімді, кішіпейіл, рақымшыл болу – адамгершілік мінез-құлық.

Во время летних каникул на территории Станции юных натуралистов ежегодно проводится лагерь труда и отдыха, где юннаты получают практические и теоретические знания в области экологии и ботаники, а так же учатся взаимодействовать с окружающим миром, бережно и уважительно относиться к нему.


Во время практики школьники и студенты изучают видовой состав растений, произрастающий на территории, знакомятся с правилами ухода за однолетними и многолетними растениями.

Работа в летнем лагере труда и отдыха ведется по специально разработанной программе, цели и задачи которой: **формирование теоретических и практических умений и навыков в области экологии и ботаники, осуществление экологического и трудового воспитания, формирование экологического сознания учащихся и студентов через работу на агробиологическом участке, в теплице, проведение экологических мероприятий: акций, круглых столов, квестов, занятий на экологической тропе, тематических игр.**

Вся работа летнего трудового лагеря направлена на формирование интереса к природе и к естественным процессам в жизни растений, развитию практических умений и навыков в области ландшафтного дизайна, цветоводства.

Во время лагеря школьники и студенты обучаются технологиям и навыкам по уходу за растениями различных видов, учатся высаживать многолетние и однолетние растения, разрабатывать дизайн участка и формировать клумбы, правильно поливать, рыхлить почву и вносить удобрения. Так же проводится работа по уходу за комнатными растениями в теплице, где школьники и студенты изучают видовой состав растений, особенности ухода, особенности в отношении потребления света, тепла и влаги, в зависимости от условий их произрастания в естественной среде.

Помимо лагеря труда и отдыха и летней производственной практики для студентов Станция юных натуралистов проводит экскурсии для всех образовательных учреждений г. Караганды, где можно познакомиться с видовым составом растений агро-биологического участка и теплицы, а так же получить интересующую информацию об особенностях ухода и выращивании комнатных и декоративных однолетних и многолетних растений.



Во время прохождения летней практики школьники и студенты не только работают на агробиологическом участке, но так же принимают участие в различных мероприятиях, городского и областного уровня: в выставках, общегородских мероприятиях областной детской юношеской библиотеки им. Бектурова, а так же активно участвуют в региональном и республиканском уровнях ежегодного Республиканского форума юных краеведов, экологов и натуралистов «Табиғатты аяла».

Во время практических занятий на участке ребенок учится трудиться, взаимодействовать с окружающим миром, ощущать себя частью живой системы. Участие в различных мероприятиях дает возможность каждому ребенку проявить себя, показать свои интеллектуальные и творческие способности. На творческих занятиях учащиеся изготавливают различные поделки из природного и бросового материала. Такие занятия направлены на формирования эстетического вкуса, развитие творческого мышления, воспитание таких качеств как аккуратность, усидчивость и терпение.

Знания, полученные на занятиях в кружках Станции юных натуралистов являются важным инструментом в формировании экологически осознанного и грамотного поколения.

Литература:

1. <https://recycle.kz/news/chto-skazal-pro-ekologiyu-i-zashhitu-bioraznoobraziya-prezident-kazahstana-v-poslanii-narodu/>
2. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g
3. Горшеков С.П. Экология и географические основы охраны природы: учеб. пособие для учителей начальных классов. / С.П. Горшеков. - М: Просвещение, 2008. - 257 с

ӨНЕР ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

*Нұрғазы Г.Н.
«Әлихан Бөкейханов атындағы
№15 мектеп-лицейі» КММ,
Балқаш қаласы*


Әлем күн сайын өзгеруде, бала тәрбиелеудің жолы жаңаша қалыптасуда, яғни ұлтымыздың тағдыры, болашағы – тәрбие мен білімде.

Музыкалық білім берудегі негізгі мақсат – сонау ата-бабамыздан келе жатқан халық өнерін жасұрпаққа жеткізу, олардың өздеріне жақын әуенді естіп және ұлттық саз аспаптарын үйрету арқылы эстетикалық тәрбие беру. Мәдениеті жоғары, білімді, сегіз қырлы бір сырлы тұлға тәрбиелеу. Ілім берудің жаңа мазмұнына сәйкес жас ұрпақты жаңа бағытпен тәрбиелеу, олардың дүниетанымын қалыптастыру, оқушыны жан-жақты, өнерлі етіп тәрбиелеу, бүгінгі күннің талабының бірі болып отыр.

Адамзаттың барлық жақсы қасиеттерін жас ұрпақтар бойына сіңіріп, олардың қоғамдық көзқарастарының дұрыс қалыптасуына эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Эстетикалық тәрбиенің жас ұрпақтың өскен ортасын дұрыс таңдауы, адамдарға сүйіспеншілікпен қарауы, жалпы адамгершілік қасиеттерін бойларына сіңіруіне музыка пәнінің де өз қосатын үлесі зор. Эстетикалық тәрбие құралдарының басты салаларының бірі - музыка. Музыка-сезім тілі. Музыка жеке тұлғаның ақыл-ой мен дене бітімін жетілдіреді, әрі жан-жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге, біліктілігі мен қабілетін дамытуға, шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Музыка сабағының негізгі мақсаты шәкіртке ұлттық өнердің құдіреттілігін таныту арқылы олардың санасына, сезімі мен ұшқыр қиялына игі әсер ету. Сонымен қатар музыка сабағында қазақ халқының көне заманнан мұра болып келе жатқан ұлттық аспаптарымен таныстыру. Қанша аспап жасаса да, олар бірінің үнін бірі қайталамаған. Өнер құралдарының шығу тарихы, қазіргі орны, пайдалануы туралы айтып, музыкалық шығармалар ойнап, көрсету музыка сабағында оқушыларға эстетикалық тәрбие мәселесінде өз үлесін қосады.

Сөйтіп, бұрын белгісіз болып келген шертер, сазсырнай, жетіген, асатаяқ, нарқобыз, шаңқобыз, қос сырнай секілді аспаптар қайта тіріліп халық музыкасы санынан берік орын алады.

Аспаптардың жетілуі, дамуы тек ғылыми лабораторияларда шешіле салмайды. Ол халық арасында, нақты шығарма ойнау, оқып үйрену үстінде айқындала түседі.



Аспаптардың құрылысы, жасалуы, оларда ойнау туралы сөз қозғамас бұрын, оларды сыр-сипатына, құрылыс-құрылымына қарай топ-топқа бөліп атап шыққан жөн. Өнертану ғылымының кандидаты Болат Сарыбаев өзінің «Қазақтың музыкалық аспаптары» деген еңбегінде қазақ музыка аспаптарын былайша жіктейді:

Шертпелі аспаптар – адырна, жетіген,

Ыспалы аспаптар - қобыз, нарқобыз, сазген;

Үрмелі аспаптар – керней, үскірік, сыбызғы, даңғыра, шаңқобыз, үлдек.

Ұрмалы-сілкімелі аспаптар-дабыл, кепшік, даңғыра, асатаяк, жыланбас, тоқылдақ, тұяқтас.

Аспаптар өздерінің аталуына, құрылысына, пішініне, ою-өрнегіне, үніне қарай белгілі бір ұлттың өнерін паш еткен.

Музыкалық аспаптарда ойнау –балалар шығармашылығының бір түрі. Музыкалық аспаптар мен ойыншықтарды оқу іс- әрекетінде де, күнделікті өмірде де пайдалану балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді

Өнер құралдарында ойнау үйрету барысында балалардың үш негізгі музыкалық қабілеті қалыптасады: әуен үйлесімділігін сезінуі, ырғақты сезінуі және музыкалық есту қабілеттері. Әуенді естіген қалпында ойнау үшін баланың музыкалық есту қабілеттерін дамыту мен әуендегі жоғарғы дыбыстарда берілген ырғақты елестете білу қабілеттерін дамыту керек. Бұл қабілеттерді дамытуда балалардың көңілін әр бір музыкалық аспаптың дыбысталу бояуының (тембрінің) мәнерлігіне аударған маңызды.

Балаларға арналған музыкалық аспаптар көбінесе кәдімгі аспаптардың көшірмесі болып табылады. Әрине, олар музыкалық аспаптар сияқты аталып, сыртқы көрінісі мен дыбыстауы жағынан ұқсас болғанымен, мейлінше қарапайым болғандықтан кәдімгі музыкалық аспап дыбысын толық бере алмайды. Балалардың музыкалық аспаптары мен ойыншық музыкалық аспаптар дыбысталуына қарай дыбыс шығаратындар және дыбыссыздар болып екі топқа бөлінеді.

Дыбыссыздар - дыбыс шығармайтын аспаптар. Пернелі пианино, ойналмайтын шекті домбыра, жарғақты баян және т.б. дыбыс шығармайтындығына қарамастан, олардың сыртқы пішіні тартымды болып келеді. Пианиношы, баяншы, домбырашы, балалайкашы балалар таныс әндерін аспаптарда нақышына келтіріп, құбылта орындайды. Осы орындалатын әрекеттердің негізінде баланың шығармашылық қиялы мен ой-өрісі дамиды.

Дыбыс шығаратындар: дауысының белгілі бір биіктігі жоқ музыкалық ойыншық аспаптар (сылдырмақ, бубен, барабан, кастанет, үшбұрыш, асатаяк); бір ғана биік дыбыс шығаратын музыкалық ойыншық аспаптар (сыбызғы, керней); әуен биіктігі шектеулі аспаптар (кішкентай органдар, музыкалық қобдишалар); диатоникалық және хроматикалық дыбыс қатарлары бар музыкалық ойыншық аспаптар (металлофон, ксиллафон, пианино, рояль, кларнет, баян, домбыра т.б.) Дыбыс шығару ерекшеліктеріне қарай музыкалық аспаптар шекті, үрмелі, соғып ойналатын болып үш топқа бөлінеді. Үрлеп орындалатын аспаптарға: сыбызғы, саз сырнай, флейталар, дудочка және т.б. жатады. Аспапты үрлеген кезде әуезді дыбыс шығады. Шертіп ойналатын аспаптарға: домбыра, балалайка, цитра, жетіген, шаңқобыз және т.б. жатады. Балалар саусақтармен немесе медиатормен шерткенде аспаптан дыбыс шығады. Ұрмалы аспаптарға: асатаяк, тарелкалар, металлофондар, бубен, барабан, маракас және т.б. жатады. Аспаптың дыбыс шығаратын тұсын қолмен немесе таяқшамен соққан кезде аспаптан дыбыс шығады.



1 сурет. Өнер қырандары

Өнер құралдарының түрлерін ансамбль немесе шағын оркестр құруға болатындай етіп жинақтаған абзал. Музыкалық аспаптардың дауысы таза, тембрі анық, көлемі мен салмағы жағынан қолайлы, құрылымы қарапайым, мейлінше мықты болғаны дұрыс. Жөндеуді, күйге кетіруді қажет ететін музыкалық аспаптар оқу іс-әрекеті басталмай тұрып ретке келтірілуі тиіс. Музыкалық аспаптарда ойнауды бастамастан бұрын музыка жетекшісі (тәрбиеші) балаларға аспаптардың

құрылысы, шығу тарихы, дыбыстық бояуы (тембрі) туралы әңгімелеп беруі тиіс. Музыкалық аспапта ойнау барысында балалардың тұрып ойнау немесе отырып ойнау қалпын музыка жетекшісі бақылауы керек. Себебі, әр аспапта ойнаудың өзіндік ерекшелігі бар. Аспаптарда ойнауды бастамастан бұрын жаттығулар жасаған дұрыс. Музыка жетекшісі (тәрбиеші) оқу іс-әрекеті барысында орындалатын жаттығулардың балалардың жас ерекшеліктеріне сай болуын ескеруі керек. Балаларға музыкалық аспаптарда ойнауды үйретуде әр баланың жеке қабілетін, мүмкіндігін ескеру қажет. Кейбір балалар әндердің қайырмасын жеңіл орындаса, ал басқа балалармен көп дайындық керек екенін ұмытпаған жөн.



2 сурет. Іс-ірекет барысы. «Мен таңдаған өнер»

Қорытындылай келе, бала әртүрлі музыкалық аспаптардың әуендерін тыңдаған кезде, оның ой-өрісі, қиялы дамиды, шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаған кезде баланың қол саусақ моторикасы да дамиды. Музыкалық аспаптарда ойнау барысында балалардың эстетикалық және қабылдау сезімдері жетіледі. Бұл сезімдер ерік, есте сақтау қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Алиева М.М. Отбасы және балабақша. 2015. №6.
2. Қоңыратбай Т. Әлемдік өнертану. Музыка өнері. 3 том. - Алматы: Өлке, 2009.
3. Қасен Г.А. Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық музыкалық аспаптарда ойнау қабілетін қалыптастыру. –Астана, 2013.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. –Астана, 2016.

ЖАҒЫМДЫ ОЙ ІЗГІЛІКТІҢ ӨРНЕГІ

*Нысанбаева К.А.
М.Жұмабаев атындағы №39 гимназия
Қарағанды қаласы.*

Тұлға мәдениетінің негізі оның жалпыадамзаттық құндылықтарының негізінде көрінеді. «Құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады. Адам өмірінің өзегі - құндылықтар, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана. Осы қағидаға сүйенсек, қоғамның жаңару кезіндегі жаңаша көзқарастардың бірі - құндылық бағдар.

Қазіргі заманда ғылым мен білім, ақпараттық технология, техника қаншалықты қарыштап дамыған сайын, адамның бойындағы рухани-адамгершілік қасиеттерінің соншалықты төмендеп бара жатқанын күнделікті өмірде көріп отырмыз. Айтып айтар болсам: тастанды бала, қарттар үйі, қатыгездік, табиғатты ластау, ағашты кесу, алдап соғу, жемқорлық, өлтіріп кету, өз-өзіне қол салу, т.б. толып жатыр. Адамзаттың ең асылы - «адам» деп қарайтын болсақ, онда адамның азғындауына не себеп? Әлде заман кінәлә ме? деген сұрақтар туындайды. Көпшілігі «заманына қарай адамы» деген принциппен өмір сүруде. Ал, заманды құрайтын адам емес пе? Міне, сонда барлығы қайтадан адамға келіп тіреледі. Сондықтан күллі әлемді сақтап қалатын бірден-бір жол рухани адамгершілік білім екені даусыз. Ал, адамның жүрегіне нұр құятын, риясыз сүйіспеншілікпен рухани бастауға жетелейтін, ол - ұстаз. Рухани-адамгершілік білімнің негізі болып табылатын «Өзін-өзі тану» жобасының авторы С.А.Назарбаева «Өмір әдебі» деген кітабында: «Рухани кәусар бұлаққа барар жол іздеу әр адамның міндеттерінің міндеті екендігіне сенімдімін» дей келе, оған тек жалпыадамзаттық құндылықтарды оқыту арқылы ғана жетуге болатынын атап көрсетті. Сонымен қатар: «Алланың

алдында бәріміз бірдейміз. Әрқайсымыздың жолымыз, өмірлік міндетіміз бар, бірақ бәрімізге ортақ міндет - жан дүниеміздегі махаббатың сөнбейтін шырағын жаға отырып, Адам болып қалу!» деп адамшылдықты бірінші орынға қоямын. Бүгінгі таңдағы жас ұрпаққа беріліп жатқан тәрбиенің түрлерін алып қарайтын болмақ, ақыл-ой тәрбиесін математика сабағы, дене тәрбиесін дене шынықтыру сабағы дамытатын болса, патриоттық тәрбиені тарих сабағында, эстетикалық тәрбие музыка, әдеп сабақтарында беріледі. Ал адамгершілік тәрбиесі тек сынып сағатымен шектеліп қалады. Аптасына бір рет болатын сынып сағатында шешімін таппай жүрген түйінді мәселелердің көп екенін ескерсек, тәрбие бағытында уақыттың қалмайтыны да белгілі. Ал, түсінген кісіге жас ұрпақ тәрбиесі үшін, жалпыадамзат үшін «Өзін-өзі тану» пәнінің алатын орны ерекше. Рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап жаңа нарықтық қоғам салты пайда болды. Бұл жағдайлар адамдардың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым-қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы мен оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу қажеттіліктерін туғызады. Осындай жағдайларда қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім махмұны түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту және жастарды оқыту мен тәрбие беру технологияларын жетілдіру қажеттілігі туындады.

Қоғамның осындай қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімі жобасының авторы С.А.Назарбаева тұңғыш рет мемлекеттік деңгейдегі өскелең ұрпақты жалпыадамзаттық құндылықтарға үйрету мәселесін көтерді. Жоба авторы «Өзін-өзі тану» білім бағдарламасының мәнін ешкімге еліктемей, өзіндік тұлғасын сақтап қалу; өз мүмкіндіктерін, дарынын дамыта білу, міндетті түрде «жақсы» мен «жаманды» ажырата білу; өзінің ниетіне, сөзіне және іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау; өзімен және қоршаған ортамен жарасымды өмір сүру; адамдарға әрқашан қолынан келгенше көмектесу; өзінің ішкі «Менін» жоғалтпай, ар-ұжданмен өмір сүру; қоғамның игілігі үшін еңбек ету, үнемі кемелденіп отыру деп түсінеді. Мұның барлығы-үйлесімді дамыған адамның негізгі өмірлік ұстанымдары, яғни «Өзін-өзі тану» білім бағдарламасы болып табылады.

«Бұл жобаны біз «Өзін-өзі тану» деп атадық, - дейді С.А.Назарбаева- өйткені адам әуелі өзін-өзі, өзінің мүмкіндіктерін, өзінің өмірдегі орнын танып білмесе, ол тағдыр қолындағы ойыншыққа айналады. Егер де «біз кіміз?», «қайдан пайда болдық?», «бұл өмірге не үшін келдік?» және «қайда барамыз?»- деген терең философиялық сауалдар төңірегінде мәселе қозғасақ, ол өзіміздің көзқарасымызды, өзіміздің ішкі «Мінімізді» адамгершілік жағына қарай өзгеруге жасаған алғашқы қадамымыз болғаны...»

Әлемдік кеңістік аясындағы адам өмірідегеніміз не? Бір ғана сәт, қас- қағым уақыт қана. Бізге берілген осындай ғана ғұмырды өзіміз үшін және өзгелер үшін ешқандай қиындықсыз өткізу маңызды емес пе?

Жас ұрпақты өкінбейтіндей етіп, қателіксіз, уайым-қайғысыз, зорлық-зомбылықсыз өмір сүруге, өмірлері қуаныш пен шаттыққа толы болуға үйрету - біздің қасиетті парызымыз. Нағыз ұстаз бейнесі Әбу Насыр Әл-Фараби: «Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеугі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына, шәкірті селсоқ қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді».

Осындай ұстазға тән мінез-құлық ізгілікпен ұштасып, бала жүрегінің төрінен орын алған жағдайда жас ұрпақтың рухани бай, адамгершілігі мол, жан-жақты үйлесімді дамыған, елін сүйер абзал азамат болары сөзсіз.

Жас ұрпақ отбасында, ұжымда, қоғамда бірлесе өмір сүру жайында үлкендер әлемінен лайықты өнеге алады. Мұндай өнегеге нелер жатады? Ең алдымен, адамның өз- өзімен және қоршаған ортамен, атап айтсақ, Әлеммен, өзге тіршілік иелерімен, өз пейілдерімен, сезімдерімен және іс-әрекеттерімен жарастықта өмір сүруі, өзінің өмірдегі орнын таба білуі болып табылады.

Аксиология (грек, axios- құнды, logos- ілім) - құндылықтардың табиғаты олардың әлеуметтік орны және құндылық әлемінің құрлымы туралы философиялық ілім. Аксиологияның негізгі мәселесі- «Игілік деген не?» деген сұрақты алғашқы болып қойған Сократ екені білеміз. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне баға беруден тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды денен әдет-ғұрыптар мен нормалар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды. Құндылықтар - қасиеттер. Қасиетсіз адам жануарға айналып кетеді. Олар бізге бала кезден, ана сүтімен бірге, ана тілі арқылы,

мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрін игеру нәтижесінде орнығады. Жылтырағанның бәрі алтын емес. Құндылықтарды танудағы ең қиын мәселе-нағыз құндылықтарды жалғандарынан ажырата білу. Құндылықтар әр адам үшін әртүрлі болады. Реттілігіне қарай, маңыздылығына қарай өзгеріп отырады. Петракова құндылықтарды үш түрге бөледі: табиғи, жүре пайда болатын және абсалюттік. Табиғи жіне жүре пайда болатын құндылықтар тәрбие жүзінде адам бойында қалыптасады. Ал, абсалюттік – уақытқа бағынбайтын, өзгермейтін, бүкіл адамзат үшін маңызды зор мәңгілік құндылықтар. Жалпыадамзаттық құндылықтар адам бойында тумасынан болады. Әр адамда рух бар. Рух болмаса, дене жоқ. Рух дегеніміз жалпыадамзаттық құндылықтардың жиынтығы. Табиғи құндылықтар мен жүре пайда болатын құндылықтар жалпыадамзаттық құндылықтарды жоя бастайды. Негізі бес жалпыадамзаттық құндылықтарды атап айтар болсақ: ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау.

Оқыту үрдісіне жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу арқылы адамның рухани өсуіне жағдай жасаймыз. Мәңгілік құндылықтар білімнің негізгі өзегі болып табылады. Жалпыадамзаттық құндылықтарды адамның бойынан жарыққа шығару ізгілікке апарады, яғни, мінезін өзгертуге болады. Адамның жақсылыққа ұмтылуы, ақиқатқа жүгінуге оның болмысынан ішкі жан дүниесінде бес құндылықтың бар екені дәлелі емес пе? Егер осы құндылықтарды ағашқа теңеп көрсек, ағаштың тамыры- мәңгілік құндылықтар, оны ақиқатқа теңейміз. Ағашқа құятын суды, сүйіспеншілік деп алайық. Егер мәңгілік құндылықтарды, ақиқатты, сүйіспеншілікпен түсінсек, суарсақ, әрқашан әрекетіміз дұрыс болады. Яғни, ағаштың діңі түзу өседі. Әрекетіміз дұрыс болса, ішімізде тыныштық орнайды. Яғни ағаш жемісін береді. Ақтқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау - бұл мәңгілік бес құндылық адамның ұлтына, нәсіліне, ортасына, дініне қарамайтын, уақытпен өзгермейтін құбылыс. Адамның руханияты мен мәдениетінің жиынтығы, яғни, ата, әжелеріміздің даналығы. Бүгінгі таңда рухани білім әлемге ауадай қажет болып тұр. Сондықтан әр адамның ақыл ойын жаңғыртып, санасын өзгерту керек, сонда әлем де жаңарып, өзгереді.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Р.А.Мұқажанова, Г.А.Омарова, Р.Мұратханова-Алматы: «Бәбек» ҰҒПББСО

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Окетаева Г.Г.

*«№15 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Сәтбаев қаласы*

Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Н.Ә.Назарбаев

Бүгінде еліміз рухани жаңғыруға бет алып, жаңа белестерге шығып, аса үлкен жылдамдықпен қарқынды даму үстінде. Даму үшін нақты мақсаттар мен айқын қадамдар қажет екені белгілі. Көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының мәні мен маңызы зор даму жолын айқындайтын құжат болып табылады. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда Елбасы Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Басты назарға XXI ғасырдағы ұлттық санаға байланысты прагматизм, Ұлттық бірегейлікті сақтау, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, бәсекеге қабілеттілік, сананың ашықтығы сынды мәселелермен бірге, таяудағы жылдарда атқаратын міндеттер ретінде еліміздегі білімнің салтанат құруына арнайы тоқталды[1,1]. Білім – ұлт өркенінің өлшемі. Сондықтан ұлттың сапалық көрсеткіші де біліммен тікелей байланысты. Елбасының руханиятқа, ғылымға, білімге ерекше мән беруі үлкен көрегендіктің белгісі деп білемін. Мақалада:

«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» делінген. Сайып келгенде Елбасының «Бірінші – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екінші – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек»[1,2] деген сөзінің маңызы зор. Демек, жаңғыру барысында ұлттық ділімізді, мәдениет пен әдебиетімізді жаңдандырып, жаңа белеске шығаруымыз керек.

Оқыту, білім беру, тәрбиелеу – баланың ішкі жан-дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Сондықтан, кез-келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдебиетімен етене таныстыру қажет.

Білім мен тәрбие егіз ұғым. Олар әрқашан бірін-бірі толықтырып тұрады. Өйткені, білім беру – тек теориялық материалды игерту ғана емес, оны тәрбиемен ұштастыру болып табылады. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары арқылы нақтыланады. Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында жалпы білім беретін мектептерде түрлі тәрбиелік ішаралар өткізілуде. Бірақ, мақсатқа жету үшін тек қана ішаралармен шектеліп қалмауымыз керек. Оқушыға күнделікті, әр сабақ барысында нәр құйып отыруымыз маңызды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ретінде, ұлттық кодты сақтап, оның тереңіне үңілу – әдебиет қойнауында деп есептеймін. Әдебиетті оқыту арқылы – жас ұрпақ бойына патриоттық, рухани-адамгершілік, танымдық, тағы басқа көптеген қасиеттер сіңіре аламыз. Соның ішінде оқушыларды көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын арттыру басты міндет. Себебі, қазіргі инновациялық дамуда, компьютерлік технологиялардың енгізілуіне байланысты, адамзаттың кітаптан алыстап кеткені мәлім. «Кітап – рухани азық» екенін алға тартып, оқушыларды көркем әдебиет оқуға деген ынтасын арттыру маңызды.

Қазіргі таңда қазақ әдебиеті пәні жаңартылған білім бағдарламасы бойынша жүргізілуде. Жаңа оқу бағдарламасының басты бағыты оқушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік-эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзіреттіліктерінің жетілуіне, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуына мүмкіндік туғызу[2,11]. Сабақ барысында оқушыларға шығарманы талдап, оған өзіндік пікір білдіруіне, көзқарасын баяндауға толық мүмкіндік қарастырылған. Оқушыларды шығармашылық ойлауға бағыттау, олардың өз ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету. Оқушылармен әдеби шығармаға талдау жасау арқылы, теориялық материалды меңгерте отырып, көзқарасын айқындап, дүниетанымын кеңейтіп, ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелеу пәннің басты мақсаты болып табылады.

«Рухани жаңғыру» – өткенді зерделеп, өшкенді жаңдандыруға бағытталған бағдарлама. Ата-бабаларымыздан дарыған асыл қасиеттерге жан бітіп, жаһанға жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік туды. Бір сөзбен айтқанда, қазақтың болашағы енді рухани мұралармен тікелей байланысты. Асан қайғы бабамыздың: «Таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатады», – дегеніндей, біздің ұлттық кодымыз бен ұлттық санамыз – ақ уыздай таза асыл тегімізде жатыр[3,8]. Көркем әдебиет – қастерлі өнер. Көркем әдебиет оқырманның күллі ойы мен қиялын баурап, биік қоғамдық идеяларға, арман мақсаттарға жетелейді. Тек оны түсініп оқу да бір өнер. Шығарманы оқу барысында сол әлемге еніп, кейіпкермен бірге өмір сүруін керек. Сонда ғана шығарманы толық түсініп, өзіндік тәлім-тәрбие ала аламыз. Ал тек, жылдам оқып, үстіртін қарайтын болсақ, нәтижесіз болары анық. Шығарманы оқу барысында туындаған ой мен қалыптасқан мінез оқушының бойына сіңіп, өз орнын табады. Болашақта кемел азамат болып қалыптасуына тигізер әсері мол. Қазақ әдебиеті сан алуан тақырыптарға жазылған шығармаларға бай мұра. Әдеби шығарманы оқи отырып, сол кезеңдегі заман келбетін, қоғам өмірін толық тануымызға болады. Мәселен, халық ауыз әдебиетінің туындыларында ел қорғау, батырлық істер, ұлттық дәстүрлер халықтың ой-тілегі бейнеленсе, тарихи шығармаларда тарих тағлымына адалдық, алапат заман, ел бастаушы тарихи тұлғалар, елдегі болған реформалар, қоғамның әлеуметтік халі суреттеледі.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты идеясы – патриоттық тәрбие. Әр азаматтың жүрегіне туған жеріне, еліне, тіліне, тарихына деген сүйіспеншілік, шынайы мақтаншыл қалыптастыру. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында: «Отаншылдық, отансүйгіштік, патриотизм (грек. *patris* – Отан) – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі», - деп анықтама берілген[4]. Көркем әдебиет үлгілерінің қайсысы болса да,

негізі патриоттық сана-сезімді қалыптастыруға бағытталған. Сонау, халық ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, батырлар жыры, ертегілер, би-шешендердің даналық сөздерімен жалғасып, ұлы ақын, жазушылардың шығармаларынан көрініс табады. Мәселен, халық жазушысы Мұхтар Мағауин «Аласапыран», «Ұлттың күре тамыры», «Ұлтсыздану ұраны» атты көлемді шығармалар жазған. Аталған шығармалардың идеясы ел тұтастығы, отаншылдыққа тәрбиелеу, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Жазушы қазақстандық отансүйгіштік туралы толғамды ой-пікірлерінің бірінде: «Қазақ дейтін халық үлкен халық, ұлы халық. Осы халықтың туын көтеріп, халық үшін қандай да күреске әзір болу керек. Адамның адамдығы – ел-жұрттың адалдықта, кісіліктің көрсеткіші – ұлтын сүю, халқын сыйлау», - деп отансүйгіштік тәрбие берудің маңызын сипаттай түседі[3,12]. Демек, патриоттық сана мен сезімнің мазмұны «Отан» деген ұлы ұғым болып оның қалыптасуының басты шарттары Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Отанын көркейтуге үлкен үлес қосу және өзін-өзі тәрбиелеуге бейімделу.

Көркем шығарма – рухани жаңғырудың негізі. Себебі, көркем шығарманың оқырманға берер рухани құндылығы, тәлім-тәрбиесі аса мол. Көркем шығарма ақылға ақыл қосып, еркіндікке жол ашады, ал еркіндік жаңа идеяларға, тың бастамаларға жетелейді. Көркем шығарманы түйсікпен түсініп, жаныңмен беріліп, сүйіп оқу керек. Нәтижесінде рухани бай, адамгершілігі мол, дүниетанымы кең тұлға қалыптасары сөзсіз. Ал ұлттық рух бар жерде рухани жаңғыру күш алады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Рухы биік болмай, мықты тәуелсіз ел болмайды. Рухы биік елді ешкім жеңе алмайды. Рух деген – елдің тарихы, елдің тілі, елдің дәстүрі» дей келе, «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің аса маңызды шарты – бұл әлемдік бәсекелестік үдерісінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін күшті рух пен білім, яғни қазақстандық патриотизмді қалыптастыру», - деп атап көрсеткен болатын[1,6]. Тәрбиенің жалпы негізі рухани-азаматтық құндылықтары болуы керек. Рухани-азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Баланы биік адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері мол. Мұны халық даналығы ежелден айтып кеткен. «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа», «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» сынды мақалдармен жеткізген. Халық ауыз әдебиетінің үлгілері мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс өлеңдер адамгершілік тәрбиенің арқауы. Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын міндеттердің ең бастысы – саналы, рухани бай ұрпақ тәрбиелеу. Мұғалімнің басты мақсаты – өзіндік рухани-азаматтық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани-адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар, тарихы мен әдебиетін жетік білетін азамат болып қалыптасады. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда, әдебиет пәнін оқыту барысында ұлттық рухты көтеруді басты назарға аламын. Мәселен, Қазыбек бидің қалмақ қонтайшысының алдында тұрып айтқан: «Біз найзаға үкі таққан елміз» деген бір ауыз сөзін талдауға ұсынамын. Найза – соғыс қаруы. Бірақ шешен «қаруға үкі таққан елміз» деп қазақ еліне тән бейбітшілік қасиет пен жауынгерлік қабілетті қатар сыйдырып тұр. Яғни, қазақ халқы қаруды соғыс ашу үшін емес, дұшпаннан қорғану үшін ғана ұстайды деген даналық меңзеу жатыр. Оқушы бір сөйлемдегі кереғар екі сөздің түпкі мәнін аша отырып, тілдің қадірін, ұлттық ділдің қасиетін, рухани ойдың астарын іздеуге талпынады. Осы ретте ойдан ой туып, ұғымның екі қырын түсінуге, адамдар арасындағы қарым-қатынас, дос түгілі дұшпанның да басын қадірлей алуы керек деген қорытынды тұжырым жасалады. Осы сынды шығармалар мен өлеңдерге талдау жасай отырып, оқушының бойына адами қасиеттерді сіңіру маңызды. Мектепте оқытылатын барлық пәннің өзіндік орны мен маңызы бар. Дегенмен, халықтың рухани қазынасы, ұлттық ділін қалыптастырудың бірден-бір қайнар бастауы саналатын ана тілі мен төл әдебиетінің маңызы зор. Әдебиетті оқыту оқушыға сөз өнерінің құдіретін сезіндіріп, көркем шығармаларды ұлттық құндылық ретінде таныта отырып, мәңгілік елдің ұлттық рухын көтеруге бағытталады.

Қорыта келгенде, Елбасының игілікке бағытталған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бастамасы Ұлы Дала Елі үшін ерекше маңызды. Рухани жаңғыру – ел болып қолдайтын, жан-жақты насихаттайтын игі бастамалардың бірі. Болашақта ұлттың табысты болуы – рухани жаңғыру кепілі болса, табысты болудың негізгі факторы – білім. Білімді ұрпақ болашағымыздың тірегі. Сайып келгенде, «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілген тәрбиенің негізгі месседждері – XXI ғасырға лайық қасиеттерді қалыптастыруда әдебиет пәнінің маңызы зор. Сондықтан да, пән

мұғалімдері алдында зор міндет пен жауапкершілік тұр. Әдебиет пәнінің әр сағаты – ұлағатты, тәрбие сағаты болып ұйымдастырылуы қажет. Қазақтың біртуар перзенті, сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің «Әдебиет ұлы болмай, халық ұлы болмайды» деген сөзі бар еді. Бұл сөзден асырып айту мүмкін емес, әрине. Ұлы Даланың төсінде туған біздің ұлттың ұлы болмауға қақысы жоқ, осыны естен шығармайық!

Әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. /<https://egemen.kz/>
2. 2017-2018 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. Астана, 2017ж.
3. **Біржан Ахмер.** Рухани жаңғыру: Зерде мен зейіннің тұнбасы. /<https://adebiportal.kz/kz/news/view/19912>
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы. /<https://kk.wikipedia.org/>

ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

Олишевец Н.К.

*КТУ «Станция юных натуралистов»
г.Караганда*

Человек является неотъемлемым элементом природы, без неё он не может жить, дышать, питаться, получать тепло, свет и жилище. Поэтому отношение к природе имеет глубокий гуманистический смысл, оно перерастает в нравственное отношение к самому человеку. Любовь к природе, сознательное, бережное и заинтересованное отношение к ней каждого человека должны воспитываться с раннего детства. Особая, решающая роль в подготовке будущих поколений к восприятию новых принципов взаимоотношений человека, общества в целом и природы сегодня отводится экологическому образованию, осуществляемому на непрерывной основе в образовательных организациях общего среднего и дополнительного образования учащихся.

Анализ массовой практики показывает, что городские дети мало знают о природе своей местности и страны. Это происходит из-за того, что школьный курс биологии, географии и экологии очень далек от настоящей, реальной природы. К сожалению, стратегия современной школы такова, что самые живые и интересные предметы, такие как биология и география, находятся в самом конце списка школьных предметов. Кроме того, элементы экологических знаний включены преимущественно в содержание предметов естественнонаучного цикла и носят, главным образом, информационно-справочный характер. Методика их усвоения учащимися ориентирована больше на формальное заучивание, чем на анализ, размышление и оценку экологических ситуаций, а также поступков людей в окружающей среде, между тем как в деле формирования экологической культуры более важную роль играют виды учебной деятельности по социализации личности, а не глубокие научные знания. Как бы хорошо ни было поставлено преподавание экологии в школе, простое усвоение знаний нельзя считать конечным результатом. Преодоление данной проблемы осуществляется через изменение психологии школьников, воспитание новых ценностных ориентаций по отношению к природе.

В качестве приоритетного направления в решении экологических проблем современности рассматривается расширение экологического образовательного пространства школьников в организациях дополнительного образования в ресурсных центрах и станциях юных натуралистов.

Карагандинская станция юных натуралистов является единственной внешкольной организацией биолого-экологического направления, организационно методическим центром работы с юными натуралистами в школах, летних лагерях, дворовых клубах, а также является базой для прохождения с/х практики учащимися городских школ. Во время практических занятий, экскурсий и прохождения летней практики на агробиологическом участке станции у детей появляется интерес к растениям, которые они видят, появляется стремление узнать о них больше информации.

Современная многоплановая система эколого-образовательной работы станции сложилась в результате многолетнего критического обора образовательных ценностей и норм. Важной частью в формировании экологической культуры в организационно-массовой и воспитательной работе станции являются традиции, которые определяют её лицо, служат объединяющим началом для детей

и педагогов. В работе станции юных натуралистов и городских школ сложилась определённая система экологического воспитания. Она позволяет формировать у детей целостное представление о природе, способствовать формированию активной жизненной позиции, деятельностного подхода к охране и благоустройству природы родного города, закрепляет и обогащает знания и умения школьников, укрепляет их нравственность. Система совместной работы основывается на возрастных особенностях учащихся, их интересах и потребностях. Педагоги станции юных натуралистов совместно с педагогами и учащимися городских школ проводят экологические тематические мероприятия, конкурсы, игры, тренинги, флеш-мобы, акции, экскурсии в природу.

Вот несколько форм работы:

Практическая природоохранительная деятельность:

Акции: «Не сжигайте листья», «Кормушка для птиц», «Посади дерево», «Экологическая тропа в городском парке», «Озеленение и благоустройство пришкольного двора», «Чистая река Букпа» и другие.

Выставки: «Золотая осень», «Творческие поделки из природных материалов», «Зимние фантазии из вторичного сырья», «Сад моей мечты», «Эти удивительные птицы».

Конкурсы: «Экологический плакат», «Экосумка», «Охрана окружающей среды», «Цветы в творчестве» «Всемирный День туризма», «Зеркало природы», «Природа и фантазия».

Станционные мероприятия: «День открытых дверей», «Посвящение в юннаты», «Золотая осень», «Всемирный день животных», «Чудо степей Казахстана», «День независимости Казахстана», «Новогодние чудеса», «День птиц», «День защиты детей», «День эколога».

Карагандинская станция юных натуралистов ведёт постоянный поиск инновационных форм, методов и технологий организации образовательного процесса. Целями инновационной деятельности на станции являются повышение эффективности процесса обучения и получение более качественных результатов учащихся. Инновационная деятельность включает в себя следующие блоки работы: образовательная деятельность, социальное партнёрство, исследовательская и проектная деятельность.

Образовательная деятельность включает обновление содержания образовательных программ; внедрение современных педагогических технологий (проектное обучение, проблемное обучение, дистанционное обучение); использование информационно - коммуникативных технологий (разработка видео-монтажа роликов, презентаций, мастер-классов, эко-челленджей); предпрофильное обучение с воспитанниками старшего звена.

К инновационным формам работы учебных занятий в кружках относится: интегрированные занятия, основанные на межпредметных связях;

- занятия- соревнования: конкурсы, викторины и так далее.

Для реализации задач инновационной деятельности на станции выработана тактика и стратегия работы с педагогами для развития их творческого потенциала: поддержка инновационных начинаний педагогов, повышение квалификации педагогов дополнительного образования, организация и проведение мастер-классов, семинаров, периодическая отчетность педагогов дополнительного образования.

С целью обобщения и распределения передового опыта работы, взаимодействия с другими организациями дополнительного образования детей, формирование целостного позитивного образа станции юных натуралистов по эколого-биологическому образованию и воспитанию детей создан сайт учреждения, где также история создания и развития станции, ее традиции и достижения. Педагоги станции печатают свои статьи и рекомендации в республиканских, областных сборниках, журналах и газетах таких как «Воспитательная работа», «Внеклассная работа в школе», «Ізденіс» и т.д.

Социальное партнёрство. Станция юных натуралистов взаимодействует со всеми типами образовательных учреждений города и района (СОШ, дополнительные образовательные учреждения, детские дома и интернаты), различными учреждениями города, родителями обучающихся.

- в рамках социального партнёрства установлены связи с городским экомузеем для организации выставок, проведению экскурсий, взаимному консультированию по различным вопросам;

- с Карагандинским государственным университетом, фитоинститутом по вопросам проведения опытнической, исследовательской работы и консультаций;

- с городскими библиотеками для проведения совместных тематических экологических мероприятий и учащимися школ города;

• с управлением сельского хозяйства и охраны окружающей среды Карагандинской области по проведению совместных семинаров и конкурсов и т.д.

Исследовательская и проектная деятельность. Приоритетной задачей в работе педагогического коллектива является практико-ориентированная, исследовательская деятельность детей. Обучающиеся всех возрастов ориентированы на занятия исследовательской деятельностью в области естествознания и экологии. На станции эта работа ведется уже многие годы и в этом направлении накоплены определенные наработки и достижения. Учащиеся кружков ежегодно участвуют в республиканских конкурсах по экологии и естествознанию, малой академии, научно-практических конференциях («Экология и дети»), и республиканском экологическом форуме «Табиғат аялы». Станция ежегодно проводит экологические конкурсы на областном и городском уровнях для учащихся городских школ. Желание обучающихся активно участвовать в решении сложных экологических проблем, значимых для сегодняшнего и завтрашнего дней привела к необходимости организации учебно-исследовательской деятельности как ведущего направления в работе станции юных натуралистов.

Таким образом, инновационная и экологическая деятельность создают условия для саморазвития и самореализации педагогического коллектива и воспитанников кружков Карагандинской станции юных натуралистов.

Литература:

1. Анисимова Т.И. «Мировоззрение и устойчивое развитие» (программа элективных курсов для средней школы). Сборник материалов научно-практической конференции. – М.: МИОО. – 2006. 31с.
2. Дежникова Н.С. «Воспитание экологической культуры у детей и подростков» - М.: 2001г.
3. Добрецова Н.В. «Проектирование образовательных программ экологической направленности в учреждениях дополнительного образования» // Тезисы докладов Всероссийской научно-практической конференции. Волгоград 1996г. М.: перемена 287 стр.
4. Левин В.А. «Психология отношений к природе М.: Смысл, 2000.
5. Умаров Э.Д. «Экологическое воспитание личности» Т.: Шарк, 2005.
6. Ягодин Г.А. «Модель устойчивого развития. Экологическое образование: эколого-культурные традиции и инновации. Сборник материалов научно-практической конференции». – М.: МИОО 2006.

ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Оразалина Ф.Т.

«С.Сейфуллин атындағы гимназия» КММ

Сәтбаев қаласы

Қазіргі қоғам мектептен өздігінен білім алып, өз бетімен жұмыс істей алатын, жауапкершілігі дамыған, өзгелермен тез тіл табыса алатын тұлғаларды тәрбиелеуді талап етеді. Мектеп жас жеткіншекке өмір бойына білім бермейді, ал оған білім алуды, үнемі өзін жетілдіруді үйретуді басты міндет етіп қоюы тиіс. Осы орайда Сәтбаев қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы гимназия жұмысының ең басты мақсаттары болып білім алушыларды өмірге дайындау, шығармашылық тұлға етіп қалыптастыру және олардың кәсібін анықтауға көмектесу табылады. Еліміздің болашағы – мектеп оқушыларын дамыту, тәрбиелеу жұмыстары дарындылыққа анықтама беруден басталады. Дарынды балалардың қаншалықты жиі көрінуіне байланысты ғалымдар арасында пікірталастар туындап жатады [1]. Біріншісі «балалардың барлығы дарынды болып табылады» деген болса, екіншісі – «дарынды балалар сирек кездеседі» деген көзқарастар. Соңғы айтылған пікірдің қолдаушылары кез келген дені сау баланы қолайлы жағдай жасалған ортада дамытуға болатынын дәлел етеді. Біз жұмысымызда «балалардың барлығы дарынды» деген көзқарасты алып, гимназиямызда «Дарынды балалар» бағдарламасын жасадық. Бұл бағдарламада оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен жұмыстар қарастырылған. Оқушылармен жұмыста олардың қызығушылығын, қабілетін, бейімін анықтау және дамытудың жолдарын психологтармен бірге пән мұғалімдері, сынып жетекшілер жүргізеді. Әр оқушының «Даму картасында» осы мамандардың бөлімдері қарастырылған. 7-9

сыныптарда сынып жетекшісі мен мектеп психологі білім алушылардың бейінін анықтауда төмендегі сызбаны толтырып, оны бала мен ата-ананың талқысына салады.

Психологиялық зерттеулер	«Қызығушылық» картасы	
	Дж. Голланд тесті	
	Е.А.Климов тесті	
Пән мұғалімдерінің ұсынысы	Ұнататын пәндер /нәтижелі пәндер	
Ата-ананың ұсынған мамандығы		
Оқушының таңдаған мамандығы		
Психологтің ұсынысы		

Гимназияда әр оқушының ерекшелігін, қабілетін ашуға көп көңіл бөлінеді. Оқу, жаратылыстану-ғылыми, математикалық, тұрмыстық, экономикалық сауаттылықты дамытуда түрлі курстар мен үйірмелер жүйелі түрде жүргізіледі. Бастауыштағы курстардың орта және жоғары буындарда сабақтастығын тауып жатқанын төмендегі сызбадан көресіздер.

Функционалдық сауаттылықты дамыту	Бастауыш сыныптағы курстың аты	Орта буын - 5-9 сыныптардағы курстың аты	Жоғары буын - 10-11 сыныптардағы курстың аты
Оқу сауаттылығы Тілдік құзыреттілік	Оқу шаттығы	Шешендік өнер	Жас тілші
	АВС ағылшын тілі	Ағылшын тілінің практикалық курсы	Ағылшын тілінің практикумы
Тұрмыстық сауаттылық	Ою әліппесі	Қолөнер	Шебер қолдар
Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы	Ғылыми-зерттеу негіздері	География, тарих, биология пәндерінен зерттеу жұмыстары	Физика, тарих, биология, экология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстары
Математикалық сауаттылық	Қызықты математика	Логика	Математикадан стандарттан тыс есептер шығару

Мысалы, 1-4 сыныптарда жүргізілетін «Оқу шаттығы» курсы оқушыларды кітап оқуға баулуды, оқу сауаттылығының қарапайым деңгейдегі дағдыларын қалыптастыруды мақсат етіп қойса, орта буындағы «Шешендік өнер» курсы қазақ әдебиетінің үлгілі туындыларымен таныстырып қоймайды, оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуды көздейді. Осы курстардың жалғасы 10-11 сыныптардағы «Жас тілші» курсы журналистика мамандығын таңдаған оқушылар үшін әзірленген. Олар Сәтбаев қаласының «Ақшам» телеарнасы қызметкерлерімен тікелей жұмыс жасап, тәжірибелерін шыңдайды. Қатысушылар Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдығына арнап, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына, түрлі мерекелерге арнап видеорепортаждар дайындады, журналистік мамандықтың қыр-сырына қанықты. Сонымен қатар гимназияда ағылшын тілін оқыту инвариантты бөліктегі сабақтармен қатар вариативтік бөліктен ағылшын тіліне қосымша сабақтар беру арқылы жүргізіледі. Бұл оқушылардың 7 сыныптан бастап физика, химия, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытуға дайындайды. Әзірше гимназияда 7-9 сыныптар аралығында аталған 3 пән вариативтік бөлікте жүргізіледі. 10 сыныпта физика пәні толық инвариантты бөлікте оқытылады. Пәндерді ағылшын тілінде оқытуды арнайы курс өткен білікті мамандар өткізеді. Үштілділікті дамыту гимназияда іс-шаралардың үш тілде өткізілуімен де жүзеге асырылады. Мысалы, «Сырсандық» зияткерлік ойыны, «Полиглот» олимпиадасы, шығармалар сайыстары, тілдер апталықтары гимназистердің тілдік құзыреттіліктерін дамытуға септігін тигізетіні анық.

Біз жаңа тәсілдерді қолдану арқылы оқушыларды әлеуметтендіру жұмысын жандандыру мен жүйелеуді ойластырдық. Біріншіден, ол жас өспірімдерге өзін жүзеге асырғысы келетін қызмет бағытын еркін таңдау мүмкіндігін беру. Гимназияда оқушыларға арналған түрлі бағыттағы курстар, үйірмелер жүргізіледі. Мысалы «Робототехника», «Интеллектум», «Гүл өсірушілер», спорттық бағыттағы үйірмелер «Шахмат», «Тоғызқұмалақ», «Футбол», «Гимнастика», эстетикалық бағыттағы үйірмелер «Би әліппесі», «Бейнелеу өнері студиясы». Бала өзі ұнаған іс-әрекет түрін, сабақты таңдай алады. Жеткіншектердің бойында лидерлік қасиетті дамыту үшін «Көшбасшы» клубы жұмыс істейді, оны тәмамдаған білім алушылар «Оқушылар комитетінің» мүшесі атанып, гимназияны басқару ісіне қатысады. Біздің ойымызша, әлеуметтік дағдыларды игеру үшін балаға нақты ересектер әлеміне

мейлінше жақын қоршаған орта орнату қажет, балаларда ынтымақтастыққа деген мотивацияның қалыптасуына ықпал ету керек.

Сәкен Сейфуллин атындағы гимназия бірнеше жылдардан бері Назарбаев зияткерлік мектебінің тәжірибесін таратумен айналысып келеді. Ол әсіресе гимназияның тәрбие жұмысында қарқынды өтуде. «Шаңырақ», «Ата-ана қызметімен танысу», «Үлкенге құрмет», флешмоб, «Өзін-өзі басқару» әлеуметтік жобалары кеңінен етек алуда. Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлерін оқып-білуде фестивальдерді, балалар үйі мен қарттар үйіне концерттік бағдарламалармен баруды ұйымдастыру, өзін-өзі басқару комитетінің өткізген іс-шаралары оқушыларды елжандылыққа баулитыны сөзсіз. Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламасы аясында гимназия жас зерттеушілері мектеп түлектері туралы материал жинап, түлек тақтасын жасады. Осы жұмысымыз игі істермен жалғасып, 2000 жылғы түлектеріміз гимназия үшін оқу залын жабдықтап, сыйға тартты.

Қала мектептері және С.Сейфуллин атындағы гимназия оқушылары Назарбаев зияткерлік мектебінің «Туған елге тағзым», 100 күй, 100 ән, TEDx, еріктілер қозғалысының жұмысы арқылы «Қоғамға қызмет» жобаларын іске асыруда.

Білім беру мазмұнын жаңартуда кітапхана да маңызды рөл атқарады. Кітапханашылар өз жұмысында инновациялық жұмыс әдістерін қолдана отырып. Қазақстан Республикасының 1-ші Президент күніне гимназия мұғалімдері мен оқушылары арасында «Буккроссинг» акциясы нәтижесінде жиналған кітаптардың берілуін ұйымдастырды, RedX форматында оқырмандармен конференциялар өткізді.

Тәжірибені тарату осы үрдіске ата-аналар қауымдастығын тартуды көздейді. Гимназияда «Ата-әжелер күнін», «Анам, әкем, мен – отбасымыз оқырман» сайыстарын, «Әкелер мектебі» мен «Аналар мектебінің» іс-шараларын өткізу дәстүрге айналды. 2019-2020 оқу жылында «Оқушы – ата-ана – мұғалім» үштігінің ынтымақтастығын дамыту мақсатында ата-аналармен біріккен іс-шаралар өткізілді. Әр бір сыныптың ата-аналары өз кәсіптерімен таныстырып, балаларға шеберлік сыныптар көрсетті, жас өспірімдерді мамандықтармен таныстырды.

2018 жылы гимназияның жұмысы облыстық инновациялық мектептер арасында үздік үш мектеп қатарына кіріп, Қарағанды облысы оқу-әдістемелік орталығының мадақтамасымен марапатталды.

Төмендегі сызбадан гимназияда түрлі деңгейдегі сайыстарға, олимпиадаларға қатысқан оқушылар мен жүлделі орын алғандардың өсу динамикасын бақылауға болады. Орташа есеппен 2018-2019 жылға қарағанда 2019-2020 жылы пайыздық көрсеткіш 5-7% жоғарылаған.


деңгейлер	2018-2019 оқу жылы		2019-2020 оқу жылы	
	қатысушылар	жүлделер	қатысушылар	жүлделер
Қалалық	69	37	72	31
Облыстық	51	24	49	28
Республикалық	62	42	79	44
Халықаралық	503	174	527	188

Гимназиямызда жүргізіліп жатқан жұмыстарымыз өз нәтижелерін беріп жатыр. Осы оқу жылында 2 оқушымыз (Берік Назерке, Денберген Дариға) облыстық пәндік олимпиадалардың жүлдегері атанды, Қодар Айғаным облыстық ғылыми жобалар сайысында ІІ орынды иеленді. Жыл сайын жас зерттеушілер облыстық ҚР ШҒА ОҚБ ғылыми практикалық сайысына қатысып жүлделі орындарды иемденуде. Әлі алға қойған мақсат-міндеттеріміз баршылық, лайықты қазақстандықтарды тәрбиелеуде гимназиямыздың педагогикалық ұжымының аянбай еңбектенетініне сенемін.

Әлеуметтену процесінің барлық қатысушыларының рөлдері ауыспалы. Егер бұрын мұғалім ұйымдастырушы болса, енді ол үйлестіруші, кеңесші, қостаушы, қолдаушы болады, ол нәтижені модельдейді және болжайды[2]. Оқушы бұрын орындаушы болған, енді ол бастамашы, ұйымдастырушы, болашақ көшбасшы рөлінде көрінеді; өз бетінше шешім қабылдайды, серіктестермен қарым-қатынас орнатады. Сонымен, ата-ана бұрын бақылаушы, көмекші болса, енді қатысушы, дамытушы, ұйымдастырушы, демеуші болады.

Әдебиеттер:

1. <https://ramrdu.edumsko.ru/rsod/uchen> 08.10.2020 ж. алынды
2. <https://deti.jofo.me/444593.html> 08.10.2020 ж. алынды



ВОСПИТАНИЕ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ УЧАЩИХСЯ НА УРОКЕ ЛИТЕРАТУРЫ В ФОРМАТЕ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

*Перепелкина Е.М.
СОШЛ № 53
г.Караганда*

В который раз убеждаюсь в том, что предмет литературы имеет особое значение в жизни человека. И у учителя литературы есть уникальная возможность решать важнейшие задачи духовного и нравственного воспитания.

Я уверена, что для учителя литературы воспитание нравственности у учащихся становится одной из главных задач как на уроке, так и вне урока, потому что мы живём в такое время, когда наблюдается дефицит духовности, падение нравственности, утрата милосердия, а жестокость и зло берут верх над добром и порядочностью.

Ко всему этому могу добавить, что сегодня, в вынужденный период перехода на дистанционное обучение, как никогда, обострилась потребность людей в возрождении духовности, нравственности и любви в ближнем.

Именно сейчас многие дети страдают дефицитом внимания, любви, нуждаются в советах, общении. Дистанционка не способствует необходимому общению с учащимися. Много работы и учителем, и учеником по предмету литературы выполняется удаленно друг от друга.

Но мы, учителя- словесники, стараемся максимально заполнить то социальное пространство, которое страдает от нынешней дистанции.

Сегодня работа учителя- словесника намного отличается от того, что было год назад. Проводя уроки литературы, я понимаю, что мне необходимо не только качественно подготовиться к уроку, но и использовать максимально такие цифровые ресурсы, которые могли бы помочь ребенку получить то необходимое в процессе подготовки к уроку и выполнении домашнего задания, чтобы восполнить у него интеллектуальные и духовные потребности в общении, в приобщении к искусству, культуре и развитию моральных качеств.

Наблюдая за учащимися 8-9 классов, я обратила внимание, что дети именно этого возраста нуждаются сейчас в общении, в приобщении к высокому и прекрасному. А это значит, что я, как учитель литературы, через изучаемые произведения должна так заинтересовать детей, чтобы им хотелось не только читать блоги и сообщения социальных сетей, но и нуждаться в чтении книг, смотреть интересные и, главное, нужные телепередачи.

Не смотря на то, что нас всех сейчас окружают цифровые технологии, и то, что было когда-то для нас недостижимым, становится близким, доступным и возможным. Но молодое поколение, к сожалению, не делается от этого счастливым. Разве можно заменить живое общение близких или друзей с общением в сети...? Тем не менее, это происходит, и ребята нуждаются в таких ресурсах, которые помогут им оставаться чистыми, искренними, добрыми, думающими и понимающими.

Уроки на различных платформах частично покрывают ту необходимую потребность в общении.

В своей практике я стараюсь использовать не только предложенные образовательные платформы, но и, к примеру, интеллектуальные телепередачи.

Очень интересным показались мне и моим ученикам проект «Открытый урок» с Дмитрием Быковым, телепередача «Игра в бисер» с Игорем Волгиным, «Литературная гостиная»-передача Пикалевского, «Литературные чтения» и т.д. Эти телевизионные проекты в свободном доступе, каждый учащийся может познакомиться с ними, использовать для литературного анализа произведений, знакомства с биографией того или иного поэта, писателя или литературного деятеля.

Самое интересное и полезное, что ребят увлекает такая форма работы: не из учебника, не из конспекта, не из лекции учителя. Многие ученики говорят, что когда готовят домашнее задание по литературе, используя телепередачи, то у многих из них не возникает ощущение того, что они сидят за скучным учебником и зубрят необходимый материал. Думаю, что просмотр передач для ученика 8 или 9 класса- это чувство некой свободы, где они выходят из формата обычного урока. Это для них интересно, и дети продолжают изучать уже не только то, что написано в домашнем задании, но и то, что их заинтересовало. А это уже и развитие проектной и исследовательской деятельности.

Но как заставить детей не только смотреть, но и мыслить??? Это значит, что необходимо чтение. Тогда будет и анализ, и понимание ценностей, и стремление вырасти духовно.

При изучении художественных произведений с учащимися среднего звена на уроках рассматриваю проблему взаимоотношений родителей и детей. Сегодня этот вопрос важен как никогда. Ведь насколько будет доброй и тесной связь детей с родителями, тем в ребячьих сердцах звонче зазвучит любовь, отзывчивость, честность, сострадание, ответственность. А учитель будет стараться не только развивать, но и закреплять нравственное начало, положение учеников в семье.

Например: при изучении произведения К Паустовского «Телеграмма» ребята пытались ответить на очень сложные вопросы, требующие размышлений. Размышления и мысли о герое всегда заставляют обращаться к тексту.

- Какими словами вы бы определили душевное состояние героини рассказа «Телеграмма»?
- Почему впервые за последний год она решила выйти из дома?
- Какое чувство рождает пейзаж в душе Катерины Петровны?
- Что вас затронуло в этом письме Катерины Петровны?

Изучая повесть А. С Пушкина «Станционный смотритель», я хочу: выявить у ребят чувство ответственности за близких им людей. Достичь осмысления внутреннего мира героев, их поступков помогают вопросы по тексту:

1. Права ли Дуня, что уехала из дома?
2. Как отреагировал отец (С. Вырин) на отъезд Дуни?
3. Вспоминала ли Дуня об отце в Петербурге?
4. Как вела себя Дуня на кладбище? (Обращаю внимание на глаголы легла и лежала)

Конечно, ребятам этого возраста хочется видеть конец повести счастливым. Воспользовавшись этим, я использую элементы урока- гипотезы, то есть начинаю вопросы со слов: «Что было бы если...

Вопросы:

- Что было бы, если станционный смотритель был принят в доме Минского, как гость?
- Что было бы, если Дуня уехала с согласия отца?
- Что было бы, если приехала навестить отца после появления его в Петербурге?

Такие вопросы выявят ответы, которые утвердят в сознании подростков понятия о милосердии к людям.

Выше было сказано о том, что жизненный опыт ученика нужно соединять с жизнью персонажей. Поэтому завожу разговор о том, как относятся ребята к родителям. Прошу их подумать минуту о том, всегда ли были справедливы ребята с ними. Как поступят они, когда родители будут преклонного возраста.


Удаленность позволяет остаться детям наедине с текстом, а значит, и наедине со своими мыслями. Я обратила внимание, что многие из ребят признаются в том, что они теперь не просто читают текст, но и изучают его. При письменных ответах всегда прошу ребят приводить в пример цитаты из текста, что еще раз позволит ребенку вновь обратиться к произведению.

Нравственное воспитание в школе должно быть ориентировано на требования нашей жизни не только в настоящем, но и в будущем. Важным является воспитание морально-волевых черт характера: честности и правдивости, нравственной чистоты, простоты и скромности в общественной и личной жизни, уважение к старшим.

Я верю, что пройдет еще немного времени, и школьники с удовольствием вернутся за парты, соскучившись по общению, учителям, классным комнатам. Но уже сейчас мы все стали понимать, бесценный опыт общения на дистанции сделал нас с учащимися намного ближе. И ребята, думаю, хорошо понимают ценности общения, дружбы, семьи, любви. Потому, что когда во главе угла стоит что- то важное, от которого зависит дальнейшая жизнь общества- **общечеловеческие ценности**- ничто не отдалит нас друг от друга.

Литература:

1. Учебник русской литературы за 8 класс. Г Шашкина, 2018
2. <https://nsportal.ru/shkola/literatura/library/2015/02/15/nravstvennoe-vozpitanie-uchashchikhsyana-urokakh-i-literatury>
3. <https://urok.1sept.ru/%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D0%B8/411328/>



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АДАМГЕРШІЛІК, ӘЛЕУМЕТТІК-САУ ТҮЛҒАНЫ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТİNДЕ

*Рахимберлина А.Н.
«Әлихан Бөкейханов атындағы
№15 мектеп-лицейі» КММ
Балқаш қаласы*

Адамның адамшылдығы- ақыл, ғылым, жақсы ата,
жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай Құнанбаев

Психологиялық-педагогикалық қауіпсіз білім беру ортасында бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқушының ең алдымен психологиялық адамгершілігі, әлеуметтік жауапкершілігі бар, отбасына, еліне, отатына деген шынайы махаббаты бар тұлға болуы қажет. Оқушының осы тұрғыда жан-жақты қалыптасу үшін оқушының отбасы, тұратын жері, білім алатын орны, араласатын достары барлығы фактор ретінде оқушының қалыптасуына тікелей байланысты болып тұрады. Бірақ бүгінгі күні кейбір оқушылардың осы тұрғыда көз қарастары бірдей емес екені анық. Әр-бір оқушының тұлғалық, эмоциялық қорғансыздықтың алдын-алу, өзінің жақын деген адамдарымен жақсы қарым-қатынаста болып оларды сыйлап құрметтеу және өзіне сенімді мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру үшін әр бір оқушының отбасының ішіндегі ахуалы, бірге араласып бірге жүретін ортасының психологиялық қауіпсіз орта болуы керек.

Ол дегеніміз - оқушының көп уақыт өкізетін ортасы ол білім алатын орны болғандықтан, оқушының сана сезіміне, жүріс тұрысына, психологиялық көңіл-күйіне көп ықпал етуі мүмкін. Неге? Осыны анықтау үшін уақытты сәл артқа қарастыруымыз қажет. Әр бір баланың бірінші әлеуметтік ортасы ол мектепке дейінгі тәрбие ортасы, ол жерде бала алғашқы дағдыларды үйреніп, өзін-өзі күтуге, өз бетімен жасына сай білім алуға, айналасын тануға, білуге үйренеді. Екінші әлеуметтік ортасы ол мектеп. Мектепте оқушы болып алғашқы рет өзін жеке тұлға болып сезінеді. Білім алу, бәсекеге түсу, танып білуге құштарлығы арта түседі.

Сондықтан да, оқушы алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған бетте оны қарсы алатын мұғалімінің де бойында жоғарыда айтылған барлық жағымды қасиеттер болу керек. Оқушының білім алуға келген мектебі де әдемі, кең, ашық түстерде боялған ғимарат болу керек. 1-ші сыныпқа келген оқушыларды қарсы алып тұрған мектеп педагогтары ашық мінезді, жүздері жылы болып оқушыларды жақсы қарсы алуға дайындығын таныту қажет. Өйткені баланың бірінші күннен бастап сол білім беру ортасына деген көз қарасы қалыптасын өмір бойы жүрегінде қалады.

Сондықтан да, мектеп психологиялық- педагогикалық қауіпсіз білім беру ортасына үнемі сай болып тұруы керек. Сол үшін әр-бір білім беру мекемесінде қажетті мамандар, педагогтар, педагог-психологтар жұмыс істейді. «Жұмыла көтерген- жүк жеңіл» демекші педагогтардың әр-қайсысы үнемі әр-бір оқушыға дұрыс көз қараспен қараса, әр-бір оқушының бөлісіп айтқанын жүрегімен қабылдаса, оқушыға немесе ата-анасына уақытылы қажетті кеңес беріп, көмек көрсетсе, дұрыс бағыт-бағдар берсе, тек сонда ғана психологиялық адамгершілігі бар, әлеуметтік-сау тұлғаны тәрбиелеп шығаруға болады. Оның барлық процесстері отбасы мен мектеп қабырғасында жүзеге асатыны мінсіз. Бала тәрбиесінде ұсақ мәселелер деген болмайды. Оқушының мектепке кіргенінен бастап оның көңіл-күйінің өзгеруін, ішкі жан дүниесінде өзгерістердің пайда болғанын бірден педагог байқауы тиіс.

Сондықтан да, әрбір оқушыны назарда ұстап, оның қал-жағдайын білуге білікті педагог әрдайым дайын болып тұруы қажет деп ойлаймын. Мектепте жұмыс істейтін барлық педагогтар оқушыға білім бергенімен қоса оқушыға күнделікті дұрыс бағыт бағдар беріп тәрбиесіне аса назар аудару қажет. Тәрбие – мектеп қабырғасында барлық жерде білім берумен қоса жүру керек. Сонда ғана оқушы дұрыс ортада дұрыс қалыптаса алады. Мысалы біздің мектеп-лицейіміздің әрбір қабатында баланың сана сезіміне, рухына әсер ететін, тәрбиелік санасын дамытатын тақырыптық орталықтар әзірленген.«Бабалар залы» ол залда біздің қазақ халқының даналарымыз, ағартушы ғалымдарымыздың портреттері бар. Олар баланың тәрбиесіне қалай әсер етеді? Сол портретке бір рет қарағанның өзі кез келген адамның түйсігіне ой салады. Ол кісілер кім?, ол кісілердің біздерге қалдырған қандай қазынасы бар? –деген сауалдарға жауап алу мақсатында әр-бір оқушы ізденуі

мүмкін. Мектеп-лицейімізде «Бабалар залында» танымдық және тәрбиелік іс-шаралар үнемі өтеді. Ол іс-шараларға оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер қатысады.

Нәтижесінде оқушылардың сана сезімінде үлкенге құрмет, өткенге тағзым үлгісі қалыптасады. «Рәміздер залы» ол залда біздің Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері бар. «Жетістіктер галереясы» бар. Жетістіктер галереясында біздің оқушыларымыздың әр-түрлі жарыстардан алған жүлделі жетістіктері бар. Ол жетістіктер оқушылардың бойында дербес бәсекелестікті оятады. Білім алуға дарындылықтарын танытуға, уәжін қалыптастыруға бағыттайды. Мектеп-лицейімізде көптеген шығармашылық топтар бар.

Мысалы: «Шаңырақ» тобы, шаңырақ тобының оқушылары ашық, өз ойын еркін білдіре алатын, кез келген іс-шараның басында жүретін, болашаққа нақты бағыт бағдары қалыптасқан оқушылар. «Адал ұрпақ» клубы бар. Адал ұрпақ клуб мүшелері парасатты, адамгершілігі мол, басқа да оқушыларға тәлім мен тәрбиені дәріптейтін, адалдыққа, мейірімділікке, бірлікке тәрбиелейтін еріктілер болып келеді. Міне осындай жан-жақты, барлық жағынан қалыптасқан ұйымшыл, бір-біріне жанашыр, талантты, дарынды, болашаққа ашық, лидерлік ортада білім алып жүрген оқушылар болашақта өздерінің дұрыс жолын бағыттай алатын, психологиялық адамгершіліктері дұрыс қалыптасқан, әлеуметтік жауапкершілігі бар тұлға болып шығады. Әрине осы жұмыстардың барлығы оқушы-ата-ана-мектеп деген үлкен бірлестікте, бір-бірімен сабақтастықта жұмылып бірге жұмыс істесе ғана осындай жетістіктерге жетуге болады.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі ұйым басшының анықтамалығы №2[50]2016ж;
2. З.М. Балғымбаева, Н.С. Ахтаева “Білім берудегі практикалық психология” Алматы “Қазақ университеті” 2017
3. Психологиялық әдістемелер жинағы. Астана 2004 Мектептегі психология . 2019 №[9]

ЖАС САРБАЗОВСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН КАК СРЕДСТВО ВОСПИТАНИЯ СТОЙКОЙ ГРАЖДАНСКО-ПАТРИОТИЧЕСКОЙ ПОЗИЦИИ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

*Рахимжанов Е.Т., Байпақпаев А.М.
КТУ «СОШ№58»
г. Карағанды*

Молодежь – национальное достояние нашего общества и от того, какой она будет, зависит наше общество и государственность Республики. Возрождение кадетских (ныне классы «Жас Сарбаз») образовательных учреждений в Казахстане началось давно. У истоков этого процесса стоят энтузиасты, офицеры запаса, которым удается наладить связь с кадетами (ныне Жас Сарбазовцами) различных регионов Казахстана. Процесс этот непростой, и понимание сущности данного процесса далеко неоднозначно. Но, несмотря на трудности, по решению региональных властей и ведомств, в Казахстане к настоящему времени уже созданы кадетские учебные заведения: Республиканская школа имени генерала С.К. Нурмагамбетова «Жас Улан», специализированный лицей «Арыстан» в Алматинской области, в 4-х городах республики есть Республиканские военные школы, и это не считая кадетских классов (ныне классов «Жас Сарбаз») при обычных общеобразовательных школах в разных регионах страны. Интерес к кадетскому движению с каждым годом возрастает.

Воспитание детей и молодежи в современном обществе осуществляется в условиях экономического и политического реформирования, в ходе которого существенно изменились положение подрастающего поколения. Принципы функционирования образовательных учреждений, молодежных объединений и организаций, средств массовой информации, силовых структур. Социально-экономические инновации периода становления казахстанской государственности вызвали определенное социальное расслоение общества, снижение жизненного уровня, ценностную переориентацию в молодежной среде. За период развала Советского Союза, в перестроечное время идея государственности и патриотизма в стране получила печальные последствия: снижение авторитета армии в глазах молодежи, уклонение юношей от службы в армии, ухудшение здоровья допризывников, рост уровня преступности и наркомании среди молодежи и т.д. А между тем, укрепление обороноспособности, конкурентоспособности – часть государственной политики. В связи

с этим в государстве значительно возросла роль образовательных учреждений, детских и молодежных организаций, в рамках которых происходит духовно-нравственное становление детей и молодежи, подготовка их к самостоятельной жизни. Все большее распространение приобретает взгляд на патриотизм как важнейшую ценность, интегрирующую не только социальный, но и духовный, нравственный, идеологический, культурно-исторический, военно-патриотический и другие компоненты. Благодаря реализации Государственной программы патриотического воспитания граждан Казахстана, политики лидера нации Нурсултана Абишевича Назарбаева, возросло число детско-юношеских движений, центров, клубов и объединений военно-патриотической направленности. Подготовка кадетов (ныне Жас Сарбазовцев) – это формирование физически, психически и нравственно здорового гражданина и объединение людей, желающих приобщиться к историческим и вновь рождающимся традициям.

В своей деятельности общеобразовательная школа несет высокую миссию – подготовки жизни достойных выпускников. В 2013 году в школе №58 г. Караганды впервые открыт кадетский класс (ныне классы «Жас Сарбаз») военной направленности, определивший приоритетные направления в развитии школы. Кадетское (ныне Жас Сарбазовское) движение привлекательно для нас своей национальной идеологией, историей и патриотизмом. Кадетские классы (ныне классы «Жас Сарбаз») школы стали еще одним из источников, питающих возрождение молодежи, их патриотизма, воскрешения обычаев, обрядов и традиций наших славных предков. Воспитывать патриотов надо начинать как с семьи, так и со школьной скамьи. Чтобы стать настоящим патриотом своей Родины, нужно научиться ценить и любить ту малую Родину, которая начинается с детства.

Всей своей деятельностью школа отвечает на вызовы и задачи новой исторической эпохи по формированию национального духовного характера. Школьники причастны к таким высоким понятиям, как Родина, патриотизм, родной край, а педагоги делают все необходимое, чтобы воспитать у них характер, привычки, убеждения, какие бы изменения в политической и социальной жизни страны не происходили. Современный этап общественного развития характеризуется возрождением национального самосознания. Совершенно очевидно, что пассивные, физически слабые и бездуховные люди не способны эффективно их преодолевать. Жас Сарбазовское движение нуждается в активных, творчески одаренных и физически здоровых людях, стремящихся к всестороннему развитию. Отсюда определяются приоритетные задачи, решаемые в ходе реализации учебно-воспитательного процесса в классах «Жас Сарбаз».

Схема – модель

«Воспитание и социализация личности учащегося класса «Жас Сарбаз».

1. Духовно-нравственное воспитание:

Цель: формирование у обучающихся потребностей, мотивов, познания себя, достижение гармонии физического и нравственно-духовного развития, обогащения национальными и общечеловеческими ценностями.

2. Воспитание политической и правовой культуры:

Цель: формирование необходимых умений и навыков жизни в демократическом обществе на основе принципов уважения прав человека, толерантности, культуры мира.

3. Профилактика предотвращения употребления наркотических и других вредных веществ:

Цель: формирование у Жас Сарбазовцев представления о здоровом образе жизни, о здоровом и нездоровом поведении, мотивации к отказу от вредных привычек и опасных поступков.

4. Патриотическое воспитание:

Цель: формирование у Жас Сарбазовцев чувства верности своему отечеству, развитие личности, обладающей качествами гражданина-патриота своей родины.

5. Эстетическое воспитание:

Цель: формирование у Жас Сарбазовцев интереса и уважение к культурам народов нашей страны и мира, развитие чувства красоты и понимание прекрасного.

6. Социальное партнерство с родителями:

Цель: формирование отношений сотрудничества в триаде: подросток, педагог, родитель для обеспечения единства воспитательного воздействия на Жас Сарбазовца.

Раскрытие сущности военно-патриотического воспитания осуществляется в парадигме интересов личности и стратегии такого воспитания: от прав, интересов, достоинства личности – к обязанностям, долгу, ответственности перед обществом и государством. Основными принципами

военно-патриотического воспитания как составной части всестороннего развития личности учащихся являются:

- принцип воспитания в коллективе и через коллектив;
- принцип уважения к личности учащегося в сочетании с разумной требовательностью к нему;
- принципы опоры на положительное;
- принцип соответствия воспитания индивидуальным особенностям учащихся;
- принцип единства воспитательного воздействия, согласованности и преемственности.

В целях создания единого воспитательного влияния на ученика со стороны педагогов школы, семьи, общественных организаций, в работе заметную роль играет *принцип единства воспитательного действия, согласованности и преемственности* в военно-патриотическом воспитании.

Глубокое понимание этих принципов находит свое отражение в определении целей и задач военно-патриотического воспитания, разработке и планировании мероприятий для дальнейшей работы.

Знание и эффективное сочетание всех вышеуказанных принципов военно-патриотического воспитания Жас Сарбазовцев – одно из важнейших условий успешного решения воспитательных задач. Так в СОШ №58 г. Караганды разработана программа опытно-экспериментальной работы по теме: «Создание модели «школы-комплекс полного дня» в системе функционирования общеобразовательной школы по принципу ступенчатой дифференциации», где за каждым классом, кроме классного руководителя, закреплены воспитатели – опытные офицеры запаса.

Эффективность данной работы – это повышение успеваемости, участие в мероприятиях военно-патриотического направления, высокие показатели в конкурсах. Уже первый год кадеты (ныне классы «Жас Сарбаз») школы №58 стали победителями Кубка Командующего регионального командования «Орталық» Национальной гвардии Республики Казахстан среди кадетских классов (ныне классы «Жас Сарбаз») Карагандинской области.

Итоги работы по реализации программы военно-патриотического воспитания и вопрос о переводе в следующий класс «Жас Сарбаз» рассматриваются на малом педагогическом совете (подробно) и итоговом педсовете школы.

Ученик, осознав свои интересы, способен их удовлетворить, а это гарантирует ему дальнейший жизненный успех. Обучаясь в классах «Жас Сарбаз»х, реализуя свои потребности, ученик невольно, сам формирует себя и образ окружающего мира. Окончив школу, он станет **ДОСТОЙНЫМ ГРАЖДАНИНОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И, ЕСЛИ ПОНАДОБИТСЯ, ЗАЩИТНИКОМ СВОЕЙ РОДИНЫ.**

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДА «ӨЛКЕ ӘДЕБИЕТІ» ТАҢДАУ КУРСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

*Рахметолла Б.
«№17 Байқоңыр ЖОББМ» КММ
Ұлытау ауданы*

Қазіргі таңда педагогтер алдында тұрған айқын мақсаттың бірі әлемдік қауымдастықта заман талабына сай өзіндік көзқарасы бар, білімді әрі жоғары білікті жас ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі туындап отырғаны сөзсіз. Ең бастысы балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі - оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы:

- ✓ ақпаратты табу;
- ✓ мәтінді интерпретациялау;
- ✓ рефлексия және бағалаудан тұрады.

Негізінен оқу сауаттылығы – қарапайым тілмен айтқанда оқушы өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі. Баланың бойында оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдаланатынымыз сөзсіз, ең маңыздысы «**Өлке әдебиеті**» таңдау курсының тиімділігі, әрі осы бағытта Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының облыстық «**Бір отбасы – бір кітап**» акциясын, «**Өнегелі**

өмір», «Зейін» жобаларын мектебіміздің оқу-тәрбиесіне үрдісіне енгіздік. Өзім қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болғандықтан оқушының оқу сауаттылығын дамыту бағытында сабақ барысында, сыныптан тыс шараларда түрлі әдіс-тәсілдер, заманауи технологияларды қолдандым.

Осындай технологиялардың бірі – «Оқу мен жазуда сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясын 5-6 сыныптың оқушылары үшін **«Жас оқырман»** жобасы аясында жүзеге асыруды мақсат етіп алдым. Жобаның басты мақсаты – оқу мәдениетін дамыту және қолдау, жас оқырмандардың арасында байланыс орнату арқылы шешендік қабілеттерін, әдеби сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. **«Жас оқырман»** жобасы оқушының жан-жақты да белсенді қалыптасуына ықпал етеді және қоғамды рухани тұрғыда дамытудағы басым міндеттердің бірі ретінде оқуды қолдауды насихаттауға, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдау арқылы нәтижеге жетуге бағыттады.

«Өлке әдебиеті» таңдау курсы аясында атқарған жұмыстарымның бірі жаңартылған білім беру мазмұнында **«Lesson Study»** зерттеу жұмысын жүргіздім. **«Lesson Study»** жүргізудің негізгі мақсаты: оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру болғандықтан, сабақта негізінен мәтінмен жұмыс жүргізілді. Оқу сауаттылығын интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асыру жоспарланғандықтан, сабақ жоспарында балалардың пән бойынша деңгейлері ескеріліп, тапсырмалар дайындалып, әдістері таңдап алынды.

- ✓ **ББЖӨТ:** диалогтік әдіс, жұптық, топтық жұмыстар, сәйкестендіру
- ✓ **СТОУ:** Кластер әдісі, Эссе, «Жуан-жіңішке сұрақтар»;
- ✓ **ДБЖ:** А,В,С деңгейлік тапсырмалар.

2-ші зерттеу сабағым «Өлке әдебиеті» таңдау курсы және қазақ әдебиеті пәнімен кіріктірілген Абай Құнанбайұлының **«Он жетінші қара сөзі»** бойынша өткізілді. Алдыңғы сабақ нәтижесінде берілген ұсыныстарды ескере отырып, осы сабақтың мақсат-міндеттері белгіленді.

«Lesson Study» Зерттеу жұмысын жүргізуде алдыма нақты оқу мақсаттарын қойдым:

- Абай Құнанбайұлының **«Он жетінші қара сөзінің»** мазмұнын меңгертіп, идеясын ашу;
- Абайдың қара сөздерін оқыту арқылы ақыл, қайрат, жүрек, ғылымның адам өмірінде алатын орнын түсінуге бағыттау;
- өзінің ішкі жан дүниесіне үңілту арқылы өмірмен байланыстыра отырып талдау жүргізу;
- мәтіннің танымдық сипатын, құрылымдық бөліктерін өздері байқап алатын, түсіне алатын нәтижеге жеткізу;
- мәтіннен оқып-түйгендері жайлы ой қорыту;
- жұпта, топта, бірігіп жұмыс жүргізу арқылы даму ортасын қалыптастыру. Кіріктірілген сабақ барысында алдын ала жүргізген зерттеу жұмыстарын жүргізді оқушылар белсенділік танытып,.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» атап көрсеткендей, ұлттық жаңғырудың ажырамас бөлігі әдеби-мәдени құндылықтарды қалыптастыруға үлес қосу болып табылады. Осы бағытта мектебімізде жоғары сынып оқушыларын оқу сауаттылығы бойынша ҰБТ дайындау мақсатында төмендегі ішаралар жүргізіледі. **Атап айтсақ,**

- қазақ классиктерінің әдеби туындыларын оқып, сынып арасында насихаттау;
- қазақ әдебиетіндегі әдеби туындыларды оқу арқылы, қазақтың өткен тарихын, ұлттық болмысын, дәстүрін, әдеп-ғұрпын кейінгі ұрпаққа баяндау мақсатында ұжымда әдеби орта қалыптастыру.

Атқарылған шараларды насихаттау мақсатында **«Жас журналист»** жобасы енгізілді. Жоба аясында оқушылар сыр-сұхбат алу, шешендік өнерін дамыту арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіреді.

Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мақсатында ортаңғы буында «Оқу шаттығы» жобасы аясында сан алуан ішаралар өткізілді. Атап айтсақ, оқырман конференциясы, талқылау, кітап жайлы көрсетілімдер мен талқылаулар, телемарафондар, клуб отырыстары. Әлеуметтік желіде ұсынымдар-плакаттар, кітап туралы буклеттер, үнпарақтар, бейнематериалдар, слайдтар шығарылды. Қорытынды кезеңінің нәтижесі фотосурет, мақала басылым беттеріне жарияланды. Бейнежазбалар шығарылып, жыл соңында үздік кітап оқыған оқушы, отбасы, сынып марапатталды. Бас жүлдені жеңіп алған оқушыға **«Үздік оқырман»** номинациясы берілді.

Қорыта келгенде, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда, мәтінмен сауатты жұмыс жасауға жетелейтін интербелсенді әдіс-тәсілдерді, жобаларды орынды, сауатты қолдана білу – әр педагогтың міндеті. Ендеше заман ағымынан қалмай, түрлі жаңа технологияларды меңгеріп,

оқытудың интербелсенді стратегияларын үздіксіз түрлендіріп қолдану арқылы ғана жақсы нәтижелерге, көздеген мақсаттарға қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1. Пит Дадли, Lesson Study: нұсқаулық.
2. «PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбы бойынша педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсы бойынша типтік оқу бағдарламасы.
3. Интернеттен алынған материалдар.

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІККЕ
ТӘРБИЕЛЕУДЕ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ**

*Рахметова Г.Т.
«№19 мектеп-лицейі» КММ
Сәтбаев қаласы*

Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады туындайды. Оқушының жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жетілген ұрпақ тәрбиелеу үшін мынадай міндеттерді орындауымыз керек.

- а) еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу, күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру.
- ә) тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру;
- б) өзіне-өзін қызмет ету дағдыларына үйрету;
- в) отбасы мүшелерімен өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып, түсінісуін, бірін-бірі тындап, ата-ананы, туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;
- г) оқушыны оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жағымды жақтарына көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрету;
- д) оқылған мәтіндерден кейіпкерлерге берілген авторлық көңіл-күйді табу;
- е) оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік мәнін оятуға бағдар беру;

Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Рухани жаңғыру аясында патриоттыққа тәрбиелеу ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, оқушылардың ішкі жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытып, бүгінгі сабағымызды бағыттауымыз керек. Бала жастан көрген-білгенін көкейге түйген оқушы этикалық құндылықтарға, әсемдік әлемінетауыш сыныптардан бастап-ақ қызыға назар аударады.

Патриотизм санаға біртіндеп қалыптасатын, тынымсыз тәрбиенің жемісі. Жоғарыда айтып өткенімдей, патриотизмдердің ең алғашқы шарты мемлекетіміздің рәміздерге – туға, елтаңбаға, әнұранға құрмет. Өйткені, оларда халқымыздың өткен тарихы, бүгінгі игіліктеріміз, болашақ мақсаттарымыз айшықталған. Оқушыларымыздың білім, мектептегі ең алғашқы оқулығы «Әліппеден» бастап қалыптасатыны белгілі. Ендеше, «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе»...Мәселен, бастауыш сыныпта Абай шығармаларынан үлгі бере отырып, адамгершілігі мол, саналы біліммен қаруланған тұлға болып қалыптасытруымыз қажет..

Әдебиеттік оқу сабағында Абайдың:

Жасымда ғылым бар деп ескердім,
Пайдасына көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң, түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім,- деген өлең жолдарынан әр сөзінде оқушы білім-ғылымды бүгін үйрену керектігін, ертең кеш болатынын меңзейді. Жастайынан халық ауыз әдебиетіне сусындап өскен Абай ақындық жолға бет бұрады. Абайдың өлеңдері жас ұрпақты еңбекке, өнер-білімге ұмтылуды үндейді. Өзімнің сыныбыммен өткізген «Абай - дана, Абай – дара қазақта» атты тәрбие сағатыма тоқталатын болсам, оқушыларға Абай өлеңдерін және қара сөздерін мағынасын түсініп, мәнерлеп жатқа айту, сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру болатын.

Оқушыларыма халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, дәстүр мен жаңашылдық, оның адамзат тарихымен тығыз байланысы жайындағы білімдерін қалыптастыру. «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» дегендей, бүгінгі біздің тәрбие сағатымыз Абай атамның жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін өнегелі де асыл сөздеріне, даналық ойларына және өмірдерегіне шолу жасалды. «Мен қазақты үшке бөлер едім. Біріншісі - Абайды оқығандар, екіншісі - Абайды оқысам деп жүргендер, үшіншілер - Абайды оқымағандар». - Балалар, сендер осының қайсысына жатасындар? - деген сұрақ қойдым.- Біз бірінші топқа жатамыз. Ұлылығы әлемге танылған Абай атаның шығармаларымен танысып өз ойларын ортаға салды. Оқушы өзі оқыған өлеңіне мынадай шолу жасады:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң–арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалан,- деп Абай атамның айтқандай, кішіге мейірімді, досыңа қайырымды, еңбексүйгіш, шыншыл да қамқор болсаң, өсе келе ата- анаңның, Отаныңның мақтаны боласың. Әр оқушы оқыған өлеңдеріне осылайша түсінік беріп отырды және «Абай жолы» романынан «Бала Абай» мәтінінен сахналық көріністі қойып кейіпкелерді сомдады. Оқушылар мәтіндегі «Зере», Ұлжан Барлас, Көкше ақындар«Абай», кейіпкер болмысын суреттей отырып ұлы ақын өмір сүрген заманның әлеуметтік сипатын айқындау болатын.



Абай жолы – халық жолы. Абай атамның қашанда келешектің өлмес, өшпес күн шуағы. Әрқашанда жас жүрегіміз соғар Абай - деп ойлаймын. Сабағымызды «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс», - деп елбасымыздың мына сөзімен аяқтадым. Адамзат бойындағы «адамшылық» қасиетті сақтап тұратын құрал. Қазіргідей даму бағдарымызды, жаһандану кезеңіне аяқ басқан шақта Абай салған сара жолмен жүру аса маңызды. Ұлы Абай – қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің символы. Қазақтың халық ауыз әдебиеті үлгілерінің қай-қайсысы болса да балаға өмір танытарлық қызмет атқаратыны белгілі. Осы орайда, Абайдың қара сөздерінің баланың жалпы тұлға болып қалыптасуына тигізер ықпалы да өте керемет. Айталық, қазақтың бесік жырының баланың есту сезіміне, ертегілердің – ақыл-ойына, мінез-құлқына, тілін, қиялын дамытуға тигізетін әсерін дәлелдей білген. Қазақ балаларының ұлттық болмысын барынша жан-жақты зерделеген ұлы Абай, бала қиялын дамуында, тұлға ретінде қалыптасуына, халық ауыз әдебиеті үлгілері балаға мейлінше жақын болғандықтан, сол арқылы бала қоршаған ортаны барлай алады, табиғаттың қыр-сырларын сезіне біледі. Мұның өзі жеке баланың жеке дара тұлға ретінде дамуына қажетті көркемдік, ізгілік қасиеттерді бойына жинауда халықтың рухани мұрасының құндылығын қуаттайды. Әдебиеттік оқу сабағында Абайдың қай жанрын алсақта, ауыз әдебиетінің тәрбиелік–білімдік мүмкіндігі сан алуан.

Әдебиеттер:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013.-500б.
2. Абай – мәңгілік поэзия. Егемен Қазақстан. №152 (29133) 10 тамыз 7-б.



«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Сейтжанова Т.Г., Сатыбалдина Л.С.
А.Байтұрсынұлы ат. №41 мектеп-гимназия
Қарағанды қаласы

Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.

«Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»

2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының

Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «ХХІ ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді.

ХХІ ғасыр дағдылары деген ұғымның бірнеше анықтамасы бар. Бұл Бағдарламада Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) әзірлеген Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылым қолданылады. Бұл ретте құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады».

Пән бойынша құндылықтар Мемлекеттік білім беру стандартында қамтылған:

- Білім берудің мақсаты мен міндеттерінде;
- Қазақстан халқын біріктіретін жалпыұлттық идеяларды жүзеге асырудағы мектептердің миссиясында: «Мәңгілік ел», «Қазақстан – ортақ мекеніміз», «Қазақстан – менің Отаным».

Құндылықтарға сай қасиеттер Мемлекеттік білім беру стандартында құндылықтар тізіміндегі бағдарлар ретінде қарастырылған:

- қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, өмір бойы білім алу.

Жаңартылған оқу бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру көзделетін төмендегідей құндылықтар мен дағдылар анықталған (1-кесте):

Құндылықтар	Дағдылар
шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; қарым-қатынас жасау қабілеті; өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; жауапкершілік; денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; өмір бойы оқуға дайын болу	сын тұрғысынан ойлау; білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; проблемаларды шешу қабілеті; ғылыми-зерттеу дағдылары; қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда); жеке және топпен жұмыс істей алу қабілеті; АКТ саласындағы дағдылар

Пән бойынша білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді анықтайтын оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескерілген. Мұны осы құндылықтар мен дағдылар қарастырылған қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетінің оқу бағдарламаларынан көруге болады. **Идеяны жүзеге асыру арқылы оқушылар:**

- Жауапкершілігі мол, белсенді азаматтық ұстанымы бар;
- Өзінің жұмысына жауапкершілікпен қарайды және жоғары жетістіктерге қол жеткізуге ұмтылады;

- мәдениеттер мен көзқарастардың алуандығына қол жеткізуге ұмтылады;
- Мәдениеттер мен көзқарастардың әр алуандығына құрметпен қарайды;
- Шығармашылықпен және сын тұрғысынан ойлайды;
- Қарым – қатынаста ашық және ықыласты;
- Әлеуметтік жауапкершілікті сезінеді және қамқор;
- АКТ тиімді қолдана біледі;
- Өмір бойы білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайын болып қалыптасады.

Аталған идеяның бағыттарын жүзеге асыру барысында мен б – сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасындағы Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақбоз ат» шығармасын үлгі ретінде ұсынып отырмын. Бұл шығарма туған жер табиғатын, соғыстан кейінгі ауыл өмірін, адамдар тағдырын ерекше суреттейді. «**Мәңгілік ел**» идеясының «**Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы**» атты алтыншы бағыты бұл шығарманы оқытуда айқын көрінеді. Оған дәлел шығармадағы Тортай мен досының диалогынан үзіндіні алып отырмын. «Ей, дейтін, маған, танауы делдиіп, егер осы тұрған жерімізден тұп – тура шығысқа жаяу тартып кетсек, қайда барар едің? Білемісің(мен иығымды көтеремін)? Ә,білмейсің. Моңғолиядан бір-ақ шығар едік. Сен болмасаң, мен жүре беруден әсте ашршамас та, қорықпас та едім. Рас айтамын. Моңғолияға барар едік. Бізді «О, қазақтар келді», деп құшақтап жая қарсы алар еді. Аппақ киіз үйге кіргізіп, тай сойып, қонаққылар еді. Боз биенің сүтіне шомылдырып, алдымызға астау-астау жал-жая қояр еді». Бұл шығармадағы үзінді арқылы оқушы санасына құрметтің, ынтымақтастықтың, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік сияқты құндылықтарды дарыта аламыз. «О,қазақтар келді» деген тіркес арқылы оқушының өз еліне деген мақтанышын, патриоттық сезімін оята аламыз. Сонымен қатар, оқушы адамгершілік, еңбекқорлық, төзімділік, адалдық сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Бір көркем шығарма арқылы оқушылардың бойында бірнеше құндылықтарды қалыптастыруға болады. Ол үшін әр ұстаздың білімі жан-жақты болу керек деп ойлаймын.

Жалпыұлттық идеяның миссиясы мен құндылықтарын оқу-тәрбие жұмысының барлық түрлері арқылы кешенді түрде жүзеге асыруға болады. Мысалы, мәдени іс-шаралар, сайыстар, әлеуметтік жобалар, АКТ-ға байланысты сайыстар т.б. Осылардың барлығына қатысып, білімін шыңдаған оқушы өмір бойы білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайын.

Әдебиеттер:

1. 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы;
2. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінің оқу бағдарламасы;
3. Оралхан Бөкей шығармалар жинағы.

МУЗЕЙ КАК СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ ЦЕНТР РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

*Серохвостова Н.Н.
магистр гуманитарных наук,
КГУ «Выдрихинский комплекс «ОСШДС им. А.С.Иванова»,
с. Выдриха, Шемонаихинский район, ВКО.*

Главным ориентиром в работе Выдрихинского школьного музея на современном этапе является реализация государственной программы «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ». На ее основе в школе разработана комплексно-целевая Программа по краеведению «Истоки» (авторы – руководитель музея О. В. Анисимова и директор школы Т. П. Андреева). Программа определяет направления, виды и формы работы Выдрихинского музея на десять лет: 2015 - 2025 гг

Выдрихинский школьный краеведческий музей основан в 1968 году, учителем географии, завучем школы Виталием Васильевичем Анисимовым. Многодневные походы по живописным местам области и Алтайского края, поездки на Бухтарминское море и дальние ежегодные экскурсии по городам СССР заложили основу будущего фонда историко-краеведческого музея.

Любовь к краеведению В.В. Анисимов передал дочери, Ольге Витальевне Анисимовой, учителю русского языка и литературы. Под ее руководством Выдрихинский музей стал одним из лучших школьных музеев Восточного Казахстана.

Музейное дело в Выдрихинской школе охватывает практически все школьные дисциплины, как в виде параллельной программы изучения уроков истории, литературы, казахского языка, так и в виде элементов уроков: математики (задания по хронологии края, задачи с конкретным краеведческим материалом), черчения («Архитектура нашего края»), ИЗО («Национальные костюмы жителей нашего района», «Предметный мир школьного музея»), пения («Фольклор моего села») и т.д., а также в виде отдельных интегрированных курсов «Родиноведение», «Краеведение», «Наш край». Наиболее оптимальными формами культурно-просветительской работы школьного музея являются экскурсии, лекции, музейные занятия (уроки), научные конференции (Ломоносовские чтения), консультации, краеведческие конкурсы и викторины, музейные праздники, исторические игры, работа НОУ «Лицей». Перечисленные формы работы имеют единую цель - воспитание патриотизма, любви к своей Родине, её истории и культуре.

При подготовке любого из данных мероприятий изучается музейная аудитория. Заранее определяется возраст, пол (если посетители – взрослые, образование и профессия); активность по отношению к музею (бывали ли ранее); направленность интересов, а также степень подготовленности к восприятию. Музейно-образовательное пространство – прекрасная среда для развития сенсорных способностей ребёнка: чувство ритма, цвета, пространства. Это выражается в сотворчестве детей, учителей, родителей при подготовке и оформлении музейных экспозиций, музейного интерьера. Пример этому: кабинет-музей А. С. Иванова, созданный руками старшеклассниц и учителей школы. Это и художественное направление краеведческой работы в виде популяризации творчества художников-земляков; Белые олимпиады юных художников; практические занятия по овладению навыками народных промыслов на занятиях кружка «Умелые руки».

С целью популяризации краеведческой работы музей проводит интерактивные музейные занятия, основанные на творческом взаимодействии посетителей. Пример этому, игры-путешествия, игры-загадки, квесты, ролевые сцены, в которых школьники пробуют себя в роли конкретных исторических героев, воспроизводят в форме театрализованных постановок различные события (музейное занятие «В гостях у Хозяйки медной горы», занимательная игра «Этнографы и краеведы», подвижная игра «В крестьянской избе»).

Музейное занятие развивает необходимые учебные умения и навыки. Например, занятие по теме «История в памятниках архитектуры», на котором посетители в форме виртуального путешествия знакомятся с архитектурными памятниками большой и малой родины; развивают навыки сравнения и описания и классификации историко-архитектурных памятников. У школьников формируется уважение и бережное отношение к труду создателей архитектурных сооружений. Разнообразные творческие задания, оптимальные формы и методы, применяемые Выдрихинским музеем, способствуют формированию социокультурного образовательного пространства школьников; помогают преодолеть присущее сегодняшнему поколению иронию, недоверие, апатию; расширить сферу интересов, поставить вопросы, побудить думать и реализовать себя как творческую личность.

Наиболее эффективно интерактивные музейные задания реализуются через метод проектов. Демонстрация итогов краеведческих проектов происходит на традиционном заседании научного общества учащихся «Лице» (проекты «Наследие Абая», «Пушкин и степной край», Мой край – мое Отечество», «Историко-культурное наследие ВКО», «Археология нашего края», «С чего начинается родина», и др.).

Юные выдрихинские краеведы явились участниками в международного проекта «Г. Д. Гребенщиков в рисунках детей», результатом которого стало первое издание на Родине писателя - Восточном Казахстане, книги «Егоркина жизнь» с иллюстрациями выдрихинских школьников. При музее создана военно-патриотическая группа «Память», занимающаяся сбором и пропагандой материалов о ветеранах Великой Отечественной войны и воинах афганцах.

Экскурсоводы музея являются постоянными участниками Ивановских чтений, международных Гребенщиковских чтений; призерами конкурса исследовательских работ по линии областного Дома Дружбы, республиканского центра «Дарын», активистами акции «Ночь в музее». В 2016 году активом музея подготовлен фильм «Расскажу и покажу, как в музее я хожу» в рамках Международного фестиваля, посвященного Году кино в России. В итоге делегация выдрихинских краеведов была приглашена в г. Барнаул (РФ), на торжественную церемонию награждения лучших фестивальных фильмов о музеях мира. Наравне с выдрихинскими школьниками в фестивале приняли участие ребята из России, Белоруссии, Таджикистана, Молдавии, Грузии, а так же Германии и Канады.

Музей работает в тесном партнёрстве с акиматом Выдрихинского сельского округа. Совместными социальными проектами являются открытие Сквера Памяти жертв политических репрессий (31 мая 2017 года) и Аллеи Трудовой Славы села (август 2017 года). Итоги музейной работы за год, по традиции, подводятся в Международный День музеев – 18 мая. Активистам-краеведам и дарителям музея вручаются грамоты и памятные подарки.

Выдрихинский музей ежегодно посещают более 2000 гостей, в том числе группы учащихся и учителей школ Шемонаихинского района, Алтайского края РФ, отдыхающие санатория «Уба», представители районного, областного акимата и команды Президента Казахстана, журналисты.

Краеведческий опыт Выдрихинской школы неоднократно обобщался на районном, областном и республиканском уровне, освещался различными СМИ, в том числе телеканалом «Хабар» и телекомпанией «Мир».

Литература:

1. Анисимов, В.В. Мемуарные очерки: Страницы жизни. – Выдриха: Марченко, 2010. – 35 с.
2. Анисимова, О.В. И назвали село Выдрихой. Краеведческие заметки / О. В. Анисимова, Н. Н. Серохвостова. - Выдриха: Марченко, 2013. 32 с.
3. Кратенко, А. В центре Евразии. Многоуважаемый шкаф / А. Кратенко. - Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2005. - 336 с.
4. «Начни с дома своего» [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://prirodasibiri .ru/show_new/
5. Музейная педагогика [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://nsportal.ru/shkola/kraevedenie/library/2014/08/17/muzeynaya-pedagogika-innovatsionnaya-rabota-vydrikhinskogo>

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ҚҰРМЕТІН АРТТЫРҒАН ЖОБА

Сыздыкова Э.К.

М.Жұмабаев атындағы №39 гимназия

Қарағанды қаласы

Жаһандық кезеңде өкелең ұрпаққа ұлттық құндылықтарды үйрету, дәстүрімізді дәріптеу басты міндеттерінің бірі десек шатаспаймыз. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырумен және алдағы міндетті орындау үшін мектеп оқушыларына «Екі апта ауылда» әлеуметтік жобасы өте тиімді болды.

Жобаны жүргізу кезінде бала ауылдағы тұрмыс-тіршілікке қызығушылық танытып, еңбек түрлерімен танысады, араласады және ауылда кездесетін әлеуметтік мәселелерді көре алады, алдағы уақытта оны шешу жолын қарастыруға өз ойын білдіреді. Осы кезден-ақ біз баланың бойында өзіне деген сенімділік, ел мен жерге деген патриоттық сезімді ұялатамыз.

Осы жоба арқылы оқушымың жеткен жетістігі туралы сөз қозғамақпын. Үлкенді құрметтеу, үлкенге көмек көрсетуді үйретіп ғана қоймай, ұлттық құндылыққа деген құрметі артқан оқушымың екі аптасы туралы жазалық.

«Екі апта ауылда» әлеуметтік жобасы бойынша оқушы әкесінің туған өлкесі, кербез сұлу Қарқаралы қаласына барды. Мұндағы басты мақсаты:

- Ауыл тарихын білу;
- Ауыл тұрмысындағы еңбек түрлерін танып-білу;
- Ауыл тұрғындарының еңбек ету үдерісіне араласу.
- Ауылдағы әлеуметтік мәселелермен танысу.

Выступая на съезде учителей, президент нашей страны Н.А. Назарбаев отметил, что «Обучение казахскому языку всегда будет приоритетно. Необходимость в английском языке - это мировая тенденция и также очевидная необходимость. А прекрасное владение русским языком - это наше богатство, которое потерять крайне неразумно. Для нас будет великим преимуществом, если мы будем в совершенстве владеть казахским, русским, английским языками.»

Необходимость владения качественным иностранным языком выпускника современного колледжа, - это назревшая жизненная необходимость, поскольку интенсивные темпы и уровень развития науки и техники в мире требуют свободного владения иностранными языками для более качественного и полноценного получения необходимых теоретических и практических знаний, умений и навыков. Кроме того, обучение на трёх языках, и, как следствие, владение ими практически в совершенстве, будет способствовать приобщению учащихся к культуре и традициям разных народов.

Полиязыковая личность – это активный носитель нескольких языков, представляющий собой: личность речевую – комплекс психофизиологических свойств, позволяющих индивиду осуществлять речевую деятельность одновременно на нескольких языках; личность коммуникативную – совокупность способностей к вербальному поведению и использованию нескольких языков как средства общения с представителями разных лингвосоциумов; личность словарную- совокупность мировоззренческих установок, ценностных направленностей, поведенческого опыта, интегрированно отраженных в лексической системе нескольких языков.

В свою очередь, **полиязычное образование** – это целенаправленный, организуемый, нормируемый триединый процесс обучения, воспитания и развития индивида как полиязыковой личности на основе одновременного овладения несколькими языками как «фрагментом» социально значимого опыта человечества, воплощенного в языковых знаниях и умениях, языковой и речевой деятельности, а также в эмоционально-ценностном отношении к языкам и культурам.

Понимание роли языков в современном мире с особой остротой ставит вопрос о результативности обучения языкам и повышении уровня языковой подготовки учащихся. Концепция развития образования в Республике Казахстан направлена на качественное обновление форм и методов подготовки профессиональных кадров, квалификационно отвечающей общемировым стандартам

Наш колледж 4 года участвует в программе полиязычие. Это тоже очень хорошее сопутствующее направление. В начале этого проекта педагогами колледжа был разработан терминологический словарь на казахском, английском языках. Студенты с начала обучения по спецпредметам изучают слова на данных языках относящихся к профессии. По условиям Международного Чемпионата один модуль в конкурсном задании должен проводиться на английском языке, проект полиязычие помогает в подготовке конкурсанта к конкурсу.

Внедрение стандартов WorldSkills и полиязычие в учебный процесс, очень своевременный шаг. Международная организация WorldSkills основана в 1950 году, изучая этот многолетний опыт мы воспитываем и обучаем современного делового молодого специалиста с принципиально новой психологией, умеющих составлять жизненные планы, готовых к принятию самостоятельных практических задач и ответственных за результат своей деятельности. Преуспевать в условиях

рыночной экономики может лишь тот, кто научился, четко определять цели, организовывать поиск путей их реализации, анализировать ход работы, извлекать уроки из временных неудач. Поэтому педагогам профессиональных колледжей необходимо не только подготовить квалифицированных выпускников, но и выйти на новый уровень подготовки будущих специалистов, соответствующих **мировым стандартам.**

Литература:

1. План нации - 100 конкретных шагов Программа Президента Республики Казахстан от 20 мая 2015 года

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ АСПАПТАРЫ

Шабанбаева Г.Б.

*ғылым. жет. Базарбаева К.М.
«Бөбек» балабақшасы, Балқаш қ.*

Өткен ғасырларда ата-бабаларымыз баланы ерте жастан бастап қазақтың ұлттық аспаптарын, бесік жырларын, өсиет термелерін тыңдатып өсірген. Өйткені, баланың білімі, танымы мен түсінігі, мәдениеті мен ұлттық ерекшелігі рухани байлығымен сипатталатын болған. Қазақтың ұлттық аспаптары баланы жастайынан баулып, олардың адамгершілікке, музыкаға деген сүйіспеншілікке, мәдени дәстүрге деген сыйластық сезімін дамытуға қасиеттерін арттырған.

Қазіргі кезде ойлап қарасақ, елімізде көптеген балалар қазақтың ұлттық аспаптарын біле бермейді. Өйткені балалар тек техникалық құралдарын талап етеді. Сондықтан, музыка сабағында қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстырып, ойнап үйретуге басты мән берген дұрыс. Қазақтың ұлттық аспаптарын жасынан біліп, үйренген, тыңдап өскен әрбір баланың бойына әсемдік ұялайды, ол өзінің ұлттық рухани мәдениетін құрмет тұтуға, оны қорғауға және деңгейін көтеруге жағдай жасайтын болады. Сол себепті, бүгінгі бүлдіршін, ертеңгі қоғам мүшесін өнерпаздыққа тарту арқылы ұлттық дәстүрдің ұмытылмауына әрекет жасау керек.

Музыка сабақтарында негізгі мақсат - балаға ұлттық өнердің құдіреттілігін таныту арқылы олардың санасына, сезімі мен ұшқыр қиялына игі әсер ету. Сонымен қатар, музыка сабағында қазақ халқының көне заманнан мұра болып келе жатқан ұлттық аспаптарымен таныстыру. Қазақтың ұлттық аспаптары құрылыс құрылымына қарай топ-топқа бөлінеді.

Қазақтың ұлттық аспаптарының жіктелуі:

Шертпелі аспаптар:	Домбыра, жетіген, адырна.
Ыспалы аспаптар:	Қобыз, нарқобыз, сазген.
Үрмелі аспаптар:	Керней, үскірік, сыбызғы, шаңқобыз.
Ұрмалы аспаптар:	Даңғыра, дабыл, кепшік, асатаяқ, тоқылдақ, тұяқтас.

Аспаптар өздерінің аталуына, құрылысына, пішініне, ою өрнегіне, үніне қарай белгілі бір ұлттық өнерін паш еткен.

Музыка сабағында аспаптармен таныстырмас бұрын олар қалай пайда болғаны туралы аңыздар айтып, сосын осы аспаптармен ойналатын күйлерді тыңдатып аламыз. Күйді тыңдау барысында балалар әр түрлі бейнелерді көз алдарына елестете білу керек. Сонда ғана бала сол күйдің мәнін және сол аспаптың дыбысын ести отырып түсіне біледі. Және де басқа да музыкалық шығармаларды тыңдап, мазмұнын, сипатын, көңіл-күйін ажырата біледі. Жалпы музыканың күйін сезінуге, көркем бейнесін дамуына қадағалауға бейімделеді. Кейін балаларға сол аспаптарда қандай күйлер орындалатын, аспаптарды ойнау әдіс-тәсілдерін үйренуге, олардың тембрлерінен ажырата білуге үйретеді. Жеңіл күйлерді аспаптарда ойнап, ырғақтық бейнесін бере отырып, ойнауды меңгереді. Аспапта ойнау – музыкалық тәрбиенің аса маңызды құралы және баланы жан-жақты жетілдіру міндеттерін шешуде елеулі роль атқарады. Аспапта ойнағанда ырғақты қимылдарды жүргізу баланың бойында естуді, есте сақтауды, шапшандықты, зейінді, балалардың дене бітімінің сұлу да, сымбатты болып қалыптасуына көмектеседі. Музыка сабағы барысында бұл аспаптарда ойнауды үйрену үшін арасында дидактикалық ойындар да ойналады.



«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны. Ойынның мақсаты: Балаларға арналған музыкалық аспаптардың дауыс тембрін ажыратуға үйрету. Аспаптарда өз еріктерінше ойнап үйрету, шығармашылыққа баулу.

Ойынның барысы: Балалар аспап түрлеріне сәйкес бірнеше қатар болып отырады. Музыка жетекшісі перде артында аспапта ойнайды, балалар дауысын ажыратып, суретті карточкалардан көрсетеді. Келесі кезеңде балалармен кішігірім оркестр құрып, аспаптарда ойнайды. Бір әуенді аспаптарда қайталап ойнау керек. Бұл музыкалық есту қабілетін, шығармашылық қиялын жетілдіреді.

Балабақша балалары қиялшыл болып келеді. Мысалы, ертегі айтқанда олар көз алдына сол оқиғаны елестетіп отырады. Сондықтан, күйлерді тыңдағанда да музыкалық ырғақтық қимылдар жасағанда да, ойларын сол шығарманың сипатын дәл жеткізуге тырысады. Бұл қасиет балалардың бойындағы шығармашылық қабілетті дамытуға игі ықпалын тигізеді. Қазақтың ұлттық аспаптары балалардың ойын ұштап, қиялын қанаттандырады, сезімталдық қабілетін, байқампаздығын арттырады.

Музыка сабағында балаларға қазақтың ұлттық аспаптарды таныстыра отырып, қазақ халқының әсемдікке құмар екенін, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін арттыруға талпыныс жасап, шығармашылыққа баулимыз. Осы қазақтың ұлттық аспаптары арқылы балалардың ұлттық аспап сазына деген әдемілігін сезіне отырып, сол аспапты үйренуге, ән салу шеберлігіне құштарлықтары артады.

Әрбір музыка сабақтарында қазақтың ұлттық аспаптарын пайдалануға тырысамын, өйткені балалардың осы қазақтың ұлттық аспаптарына деген қызығушылығын арттырғым келеді. Және де музыка сабағында балалар домбыра аспабымен билер. Осы тақырып бойынша кішігірім ата аналарымен де, балалармен де сауалнамалар жүргіздім. Осы сауалнама арқылы ата аналар мен балалардың қаншалықты қазақтың ұлттық аспаптары туралы білетінін деңгейлерін байқадық. Және де ол бос әурешілік емес, қазір балалар қызығып, жақсы бір бастамаға басталды десем болады.

Музыка сабағында қазақтың ұлттық аспаптарын таныстыра отырып оқыту мынадай нәтижеге ие болдым:

Қазақтың ұлттық аспаптарын біле бастады.

Қазақтың ұлттық аспаптарын ойнауға деген қызығушылықтары артты.

Тұлғаның шығармашылық белсенділіктері артты.

Осы тақырыпты қорытындылай келгенде музыка сабағындағы қазақтың ұлттық аспаптары маңызды құралы және баланы жан-жақты жарасымды жетілдіру міндеттерін шешуде елеулі роль атқарды десемде болады. Музыка сабағында музыкалық ырғақты қимылдарды жүргізу баланың бойына естуді, есте сақтауды, икемділік пен шапшаңдықты, зейінді, балалардың дене бітімінің сұлу да, сымбатты болып қалыптасуына көмектеседі. Музыка тыңдағанда балалар әр түрлі бейнедегі музыкалық шығармаларды тыңдап, мазмұнын, сипатын, көңіл-күйін ажырата біледі. Жалпы музыканың күйін сезінуге, көркем бейнесін дамуын қадағалауға бейімделеді. Аспапта ойнау баланы мәдениеттілікке, қоршаған ортамен жақсы қарым-қатынаста болуға жетелейді. Өз халықтың мәдени дәстүрлерін, тілін, дінін, тарихын құрметтеуге үйренеді. Сондықтан да халқымыздың жарқын болашаққа нық қадам басуы оның ұрпағының рухани байлығына мәдениеттілігіне жетік білім қабілеттілігінде.

Әдебиеттер:

1. Қоңыратбай Ф., Қазақ композиторлары және ұлттық музыкалық аспаптар. Дидактикалық материал. Мектеп дейінгі жастағы (3-6) балаларды оқытатын педагогтерге арналған – Алматы, 2013.
2. Оразалиева М., Музыка хрестоматиясы (5-7) жастағы балаларға арналған – Алматы, 2008.



**МЕКТЕП ПЕН ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ НЕГІЗІНДЕ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМУҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ**

*Шармуханбетова Ж.А.
«Абай атындағы №2 лицей» КММ
Балқаш қаласы*

Қазақстан елінің үміт артар келешегі бүгінгі мектеп қабырғасында отырған оқушылар десек, оларды өзі өмір сүріп отырған ортаға дұрыс бейімдеу, уақыт талабына сай білімді, мәдениетті, зерделі азамат етіп шығаруда педагогтар алдындағы зор міндеттер екені айтпаса да түсінікті.

Елбасымыздың жолдауларында атап көрсетілгендей, келешек ұрпағымыздың жауапты да, жігерлі болып, өресі биік ұрпақтарды тәрбиелеуде мектептерде педагогикалық іс-әрекетерді жаңаша көзқараспен ғылыми тұрғыда ұйымдастырғанда ғана қол жетеді. Ол үшін жаңа талаптарға сай оқу үрдісінің мәні мен заңдылықтарын жетік білу, бейімделіп жатқан жаңа оқу технологияларын меңгеру және оларды тиімді қолдану жатады.

Бұл міндеттердің негізгісі – дарынды балаларды бейімділігіне қарай таңдау, олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, жоғарғы оқу орындарымен байланыс негізінде оларға өмірден өз орындарын табуға көмектесу де болып табылады.

Соңғы уақытта заман ағымына байланысты білім мазмұнында көптеген түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Оқу-ағарту, тәрбие мәселелерін сараптай келе, оқушыларды жоғары деңгейдегі олимпиадаларға, ғылыми жобаларға сапалы дайындауда ЖОО мен мектеп арасында байланысты орнату бүгінгі мектептердегі өзекті мәселелердің бірі болмақ.

Сонымен бірге, функционалдық сауаттылықты дамытудың бағыты білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарындағы мемлекеттік бағдарламасында айқын көрсетілген. Осы бағдарлама негізінде құрылған оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарының да басты мақсаты – Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша іс-шаралар ұйымдастыру.


Осы мақсатты іске асыру үшін лицей базасында 2014-2015 оқу жылында «Зияткер» қалалық олимпиадалық резерв орталығының ашылуы жоспарланып, бағдарламаны апробациялаудан өткен.

Балқаш қаласында облыстық, республикалық деңгейде оқушыларды сапалы дайындауға жоғарғы оқу орындарының базасының болмауы, ғылыми дәрежелері бар оқытушылардың тапшылығы сияқты мәселелер анықталды. Сондықтан облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде олимпиада резервтерін сапалы дайындау үшін және оқушылардың оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған PISA, TIMSS, PIRLS технологиялары бойынша функционалдық сауаттылықтарын анықтайтын көпдеңгейлік тапсырмалар базасын құру және меңгерту мақсатында «Зияткер» орталығы ашылды.

2015-2016 оқу жылында облыстық оқу-әдістемелік орталығының ғылыми кеңесшісі, эдвайзер Қонтаев Сәбит Сейітұлының жетекшілігімен бағдарламаның құру механизмі жасалып, эксперименттік жұмыстың бағдарламасы облыстық эксперттік кеңесінде қорғалып, бекітілген болатын.

Балқаш қаласында облыстық, республикалық деңгейде оқушыларды олимпиадаға, ғылыми жобаларға сапалы дайындауға жоғарғы оқу орындарының базасының болмауы, ғылыми дәрежелері бар оқытушылардың тапшылығы сияқты мәселелер анықталды. Сондықтан, жоғарғы деңгейдегі олимпиада резервтерін сапалы дайындау үшін және оқушылардың оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған PISA, TIMSS, PIRLS технологиялары бойынша функционалдық сауаттылықтарын анықтайтын көпдеңгейлік тапсырмалар базасын құру және меңгерту мақсатында «Зияткер» олимпиадалық резерв орталығы ашылды.





Облыстық оқу-әдістемелік орталығының ғылыми кеңесшісі Қонтаев С.С. –пен жұмыс барасында

«Зияткер» ОРО-ның жұмысының мақсат, міндеттерін жүзеге асыру жолдары:

1. Лицей жағдайындағы дарынды (қабілетті) оқушыларды анықтау және қабілетіне, психологиялық жеке ерекшеліктеріне қарай әсер ету және бейінді оқыту мен бейіналды дайындық жұмыстарындағы психологтың сүйемелдеу жұмыстарындағы проблемаға шығу жолындағы талдау жүргізіледі:

2. PEST анализ және SWOT талдау арқылы талдау арқылы мемлекеттік тапсырыс пен әлеуметтік сұраныстар негізінде лицейдің дарынды оқушыларымен жүргізілген жұмысындағы соңғы нәтижесіне қойылатын талаптарды зерделеу.

Сонымен бірге, «Зияткер» ОРО-ның негізгі жұмыстары екі бағытта жұмыс жасайды.

1. Жеке тұлға ретінде баланың ашылуы үшін педагог-мұғалім қолдауы:

- пән олимпиадасындағы жетістіктері
- ғылыми-жоба жарыстарындағы жетістіктері
- интеллектуалдық бәсекеге қатысуы
- шығармашылық байқауларға қатысуы
- балалардың жетістіктерін ерекше тіркеп көрсетіп отыруы

2. Олимпиадаға дайындық жоспар шаралары.

- Тестілеу тапсырмалары
- Мәтінді аудару жұмысы
- Өлеңді мәнерлеп оқу
- Шығармаға дайындық
- Мазмұндама дайындық
- Грамматикалық жұмыстарға талдау жасау



Облыстық «Шебер сынып» жұмысы барысынан
Олимпиадалық резерв орталығының жоспарына сәйкес келесі ұйымдастыру шаралары іске асырылды:



1. Қалалық білім бөлімінің бұйрығына сәйкес орталықтың шығармашылық тобы құрылып, құрамына қалалық білім бөлімінің әдіскерлері, лицей әкімшілігі, қаланың жоғары санатты, тәжірибелі пән мұғалімдері іріктелді.

2. Лицейдің шығармашылық тобы «Мектептегі эксперименттік жұмысты қалай басқару керек» тақырыбында аймақтық оқу орындарының басшыларының алдында облыстық Шебер сынып «Жоғары» бағамен берілді.

3. Республикалық жоғарғы оқу орындары ҚарМУ –мен 5 жылдық келісім-шарт жасалып, математика, физика, химия, информатика пәндері бойынша жоғарғы деңгейдегі олимпиадаларға, ғылыми жобаларға сапалы дайындау үшін жоғары санаттағы оқытушылары жұмысқа тартылды;

4. Дарынды балаларға арналған Астана қаласындағы «Зерде» мектебі, аймақтық «Білім Кемел» орталығымен келісім –шарт жобасы жасалды.

5. Қалада олимпиадаға жаңа форматта дайындайтын пән мұғалімдерін дайындайтын семинарлар ұйымдастырылды.

6. ҚарМУ-нің жоғарғы санаттағы оқытушыларымен өзекті ғылыми тақырыптарда «Зиялы бейсенбі» өткізіліп тұрды.

7. Оқушыларымыз каникул кездерінде ата-аналарының келісімімен әр түрлі деңгейдегі олимпиадаларға, ғылыми жобаларға дайындалу кезінде практикалық жұмыстарын жүзеге асыру үшін ҚарМУ-нің базасындағы лабораториялық сынып бөлмелерінде практикалық сабақтарға ЖОО-ның студенттерімен бірлесе отырып қатысты.



ҚарМУ базасының лабораториялық сынып бөлмелеріндегі дәріс

«Зияткер» ОРО жұмысының нәтижесі:

- Облыстық олимпиада нәтижесі 7% ға өсті, республикалық олимпиадаға қатысушылар саны өткен оқу жылдарына қарағанда көбейді және сапа 17% -ға өсті;

- Жаратылыстану-математика, қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша көпдеңгейлік бағдарламалар жасалып, барлық мектептер оқушыларының қабілеттерін анықтау мониторингісі өткізілді;

- Олимпиадалық резерв орталығына деңгейлік курстан өткен мұғалімдер тартылды;

- Оқушыларымыз облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми жобаларда жоғарғы нәтижеге ие болды;

- Қаланың олимпиадалық командасы облыстық олимпиадада жоғары нәтиже көрсетіп, командалық жүлделі ІІ орынға ие болды.

- Биылғы оқу жылында жаратылыстану бағыты бойынша өтетін дәстүрлі Президенттік олимпиадада Абай атындағы №2 лицейдің оқушысының нәтижесі Қарағанды облысы бойынша І орында болып, математика пәні бойынша республикалық кезеңде жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Осы қорытындыдан «Зияткер» қалалық олимпиадалық резерв орталығына тартылған ЖОО-ның оқытушыларының атқарған жұмыстарының арқасында көрсеткіштің өсуі байқалады. Сондықтан, лицей базасында ашылған «Зияткер» қалалық олимпиадалық резерв орталығының жұмысы келешекте өз нәтижесін әлі де болса беретіні анық.

Жалпы, қорытындылай келе, ЖОО мен мектептің байланысы негізінде дарынды оқушылардың әр түрлі жоғарғы деңгейдегі пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға танымдық қызығушылығын қалыптастыру және оларды сапалы дайындау мәселелерінен ұсыныстар туындайды:

1. Мектепте қалыптасқан танымдық қызығушылықты әрі қарай дамыту үшін мектеп пен ЖОО арасындағы байланыс сақталу қажет;

2. Мектептегі жоғарғы сынып оқушылары мен университеттегі алғашқы курс студенттерімен бірігіп конференциялар, пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар сайыстары жыл сайын жүргізіліп отыру керек;

3. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда ғалымдардың педагогикалық көзқарастарының өзара үндестігі мен байланысын ашып көрсету үшін ЖОО-ның лабораториясының мүмкіншілігін кеңінен қолдану үшін жоспарлар құру;

4. Мектеп пен ЖОО байланысы жөнінде іс-тәжірибелер жинағын құрастыру керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан республикасындағы білім. Астана, 2013 (I және II басылымдар);
2. Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. 2014 жылғы №7, 9, 12
3. Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жүйесінің даму тұжырымдамасы (2009-2012жж.)
4. «Дарынды бала – ел тірегі» дарынды балалармен мақсатты жұмыс жүргізу бағдарламасы (2009-2012 жж)
5. «Дарынды балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдердің білімін жетілдіру жолдары» бағдарламасы (2009-2012 жж.)
6. З.Т. Сатвалдинова. Мектептегі инновация. Қарағанды қаласы, 2013 ж.
7. Петровский А.П. Педагогикалық және жас ерекшеліктер психологиясы. -А,1997.
8. Саманқұлова.Ж. Дарындылық танымдылық негізі.//Қазақстан тарихы, 2004,N1.
9. Дарындылықты дамытудың психологиялық негіздері.//Қазақстан мектебі,2002,N 1-2.
- 10.Поташник М.М. Оптимизация управленияшколой. М., 1991г.
- 11.«Республика ұстаздары» газеті №21, 2004 ж.
- 12.Алдамұратов Ә. «Жалпы психология». Алматы. 1996 ж.
- 13.Ахметжанова А. «Оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдары». Білім. 2004 ж.
- 14.Мектептің даму бағдарламасын жасау жолдары. Қазақстан сайттары.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ В РАЗВИТИИ ДЕТЕЙ С «ОГРАНИЧЕННЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ»

Шухман Т.В.

КГКП Ясли/сад «Айналайын»

Г.Караганда

Образование в современном мире является приоритетной сферой, от которой зависит развитие человека, способного самостоятельно и сознательно строить свою жизнь в духе общечеловеческих ценностей, с учетом традиций нашего народа.

Провозглашенный в Казахстане курс на обеспечение доступности качественного образования всех предусмотренных законом уровней для всего контингента населения предполагает непрекращающийся поиск инновационных технологий, новых форм и способов обучения детей с ограниченными физическими и психическими возможностями, что является важным компонентом общей стратегии образования.

Дошкольный возраст-важнейший период становления личности. В связи с этим предназначение дошкольного образования на современном этапе состоит не только в формировании определенной суммы знаний, но и в развитии базовых способностей личности ее социальных и культурных навыков, здорового образа жизни.

Основой инклюзивного образования является, исключение любой дискриминации детей, которая обеспечивает равное отношение ко всем людям, но создает особые условия для детей, имеющих особые образовательные потребности. Отечественный опыт показывает, что внедрение инклюзивного образования требует взаимодействия всех участников образовательного и социального процесса.

Развитие инклюзивного образования — это сложный и многогранный процесс, затрагивающий научные и методологические процессы, а также социальные и административные ресурсы, требующие кардинальной перестройки современной системы образования. Чем раньше начинается

работа с ребенком, имеющим «ограниченные возможности», тем выше его шансы на адаптацию и социализацию в обществе. Это обусловлено не только процессами гуманизации, но и доказанной эффективностью и результативностью ранней коррекционно-педагогической помощи «особым детям». Инклюзивное образование занимает видное место в национальной стратегии образования, оно было признано в качестве наиболее оптимального способа для государств, гарантировать всеобщность и не дискриминацию в осуществлении права на образование.

Сейчас инклюзивная образовательная практика все еще во многом экспериментальна, крайне неустойчива. Необходимо изучение успешного опыта российских и зарубежных стран. Проблемным аспектом реализации инклюзивной практики является создание материально-технических условий, обеспечивающих возможность пребывания и обучения детей в детском саду: оснащение дошкольных учреждений учебным, реабилитационным, компьютерным оборудованием для организации коррекционной работы. В процессе обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями встала задача, как развить в них конкурентоспособную личность. Развить целый комплекс навыков, важных для будущего детей с ООП, которые будут отвечать за успешное участие в рабочем процессе.

В педагогической копилке существует много приемов технологии развития критического мышления.

Есть такие, которые можно использовать и в работе с детьми с «ограниченными возможностями». Эти приемы универсальны, их можно применять на всех стадиях (вызов, осмысление, рефлексия), можно внедрять во все образовательные области. Они предполагают, как индивидуальный вид работы, так и групповой.

Чтобы практически внедрить технологию, необходимо составлять занятия, учитывая все три стадии развития: вызов, осмысление, рефлексия.

На стадии вызова можно использовать следующий прием: «Корзина идей или «мозговой штурм»», который помогает выявить, какие знания уже есть у детей с «ограниченными возможностями» по той или иной теме, это своего рода копилка знаний. Например, педагог выносит эту корзину идей в начале недели и предлагает ребятам положить в корзину те, предметы, которые им, знакомы по данной теме. Дети по мере своих возможностей выбирают игрушки, картинки, различные вещи и кладут в корзину. Всю неделю мы знакомимся с новыми понятиями, предметами, корзина становится все полнее и полнее. В обобщающем занятии мы вновь достаём содержимое корзины и повторяем пройденное.

Вторая стадия – осмысление – содержательная, здесь происходит ознакомление ребенка с новым материалом, эта работа является направленной и осмысленной. Стадия позволяет научить детей внимательно слушать, понимать, в этом помогает метод «Шести думательных шляп».

Третья стадия – рефлексия - размышления. На этом этапе ребенок формирует личностное отношение к самой проблеме и фиксирует его. «Кластер» можно использовать на всех этапах занятия. Смысл «кластера» в выделении смысловых единиц и их графическом оформлении в виде грозди. Правила составления «кластера» очень просты в центре-наша тема, от нее отходят стрелки-подтемы, а от них соответствующие термины, понятия, картинки. Так как дети не умеют читать, то в своей работе используем иллюстрированные картинки.

Таким образом, целесообразно на данном этапе рефлексии применять индивидуальные и групповые приемы развития критического мышления, одним из таких является- «Возврат к ключевым словам». Педагог предлагает подобрать «ключевые слова или картинки, предметы» по теме, которые являются наиболее важными или запоминающимися в изученном материале. По мере возможностей детей организовать обсуждение, в ходе которого идет не только многократное оперативное повторение информации, но и рефлексия.

Личностный курс педагога – один из главных факторов, влияющих на развитие детей. Важно понимать какой образ взрослого вы транслируете своим воспитанникам и в какой среде они будут в итоге расти.

Навыки, которым стоит научить детей с ограниченными возможностями:

-навык эффективного общения, то есть умение слушать, убеждать и аргументировать;

-умению работать в команде;

-способность мыслить критически и не бояться высказывать свое мнение, научить детей креативному, структурному мышлению;

-умение управлять собой, своими эмоциями.

Педагог в детском саду должен стать примером для детей, тренироваться вместе с ними. Так если взрослые умеют находить правильный выход в конфликтных и стрессовых ситуациях ребенок

усваивает линию их поведения и тем самым учится гибкости, спокойствию и умению находить компромиссы в любой ситуации. Сегодня в обществе как никогда востребованы настоящие лидеры.

Обучение детей с «особыми потребностями» наиболее успешно осуществляется в повседневной жизни, путем интеграции естественных видов деятельности. В течение дня каждый обучающийся получает положительные эмоциональные впечатления от участия в самых разнообразных играх. И чем полнее и разнообразнее его игровая деятельность, тем успешнее идет его развитие, реализуются потенциальные возможности и творческие проявления. Через игру происходит развитие всех основных психических процессов, способностей обучающегося, волевых и нравственных качеств личности, формирование элементов социальной активности.

Внимательное, заботливое отношение воспитателя к детям с «особыми потребностями» и регулярное использование разнообразных игр, даёт положительные результаты и составляет основу правильного воспитания и полноценного развития. Повышает социальную активность обучающихся, происходит систематическое развитие коммуникативных навыков. Дети становятся более инициативными, любознательными, более внимательными и доброжелательными друг к другу. У них развивается уверенность в своих силах при этом, полученные навыки могут быть применены в повседневной жизни, что будет способствовать их дальнейшей успешной социализации.

Литература:

- 1.Артюшенко, Н. П. Организационно-педагогические условия обучения детей с ограниченными возможностями здоровья средствами инклюзивного образования. -Томск,2010.
- 2.Белявский, Б. В Инклюзивное образование лиц с ограниченными возможностями здоровья в Российской Федерации, странах Европы и США. -Москва ,2012.
- 3.Борисова, Н. В. Инклюзивное образование: ключевые понятия. -Москва,2009.



САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Абдрахманова А.А.

*«Ж.Ақылбаев атындағы эксперименталдық
мектеп-гимназиясы базасындағы тірек мектебі
(ресурстық орталық)» КММ
Қарағанды облысы, Шет ауданы*

Денсаулық - кез келген адамның басты құндылығы. Жақсы денсаулық көптеген маңызды мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді, ал нашар денсаулық адам өмірінің көп бөлігін емдік және қалпына келтіру рәсімдеріне жұмсауға мәжбүр етеді.

Өз денсаулығын сақтау әркімнің тікелей міндеті, оны басқаларға беруге құқығы жоқ. Шынында да, адам дұрыс емес өмір салты, жаман әдеттер, физикалық белсенділік, артық тамақтану 20-30 жылға дейін өзін апатты жағдайға алып келеді, содан кейін ғана медицина туралы еске алады.

Медицина қаншалықты керемет болса да, ол барлық ауруларды құтқара алмайды. Адам - өз денсаулығын жасаушы, ол үшін күресу керек. Ерте жастан бастап белсенді өмір салтын ұстану, шынығу, дене шынықтыру және спортпен шұғылдану, жеке гигиена ережелерін сақтау қажет – бір сөзбен айтқанда, денсаулықтың шынайы үйлесіміне қол жеткізу керек.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ВОЗ) анықтамасы бойынша "денсаулық – бұл ауру мен физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, физикалық, рухани және әлеуметтік әл-ауқат жағдайы".

Сондықтан денсаулығы жақсы болу үшін ерте жастан бастап салауатты өмір салтын ұстану керек.

Адам денсаулығына әртүрлі факторлар әсер етеді – бұл тұқым қуалаушылық, экологиялық жағдай және медицинаның даму деңгейі. Алайда, ең маңызды фактор - адам ұстанатын өмір салты. Бақытымызға орай, бұл біз өзіміз реттей алатын аймақ. Салауатты өмір салты мәселесін елемеу, әдетте, баланың денсаулығының ең күшті қоры таусылып, адам түрлі аурулардың барымтасына айналған кезде ең ауыр нәтижелерге әкеледі.

Салауатты өмір салты - біздің заманымыздың өзекті тақырыптарының бірі. Көптеген адамдар, жаңа технологиялар, ауыр жүктемелер, күнделікті тәртіп бұзылған мектеп оқушылары дұрыс өмір салтын ұстанбайды. Бақытымызға орай, интернеттің пайда болуымен салауатты өмір салтын құрайтын осы тармақтардың әрқайсысы үшін ақпараттың қол жетімділігі өте жоғары болды. Сонымен қатар, 21 ғасырда осы мәселелерге арналған көптеген кітаптар жарық көрді және қайта шығарылды. Тек жалқаулық қазіргі заманғы адамға дұрыс тамақтану, мобильді өмір салтын ұстану және гигиенаны сақтау қаншалықты маңызды екендігі туралы қажетті ақпаратты табуға кедергі келтіруі мүмкін.

Салауатты өмір салтының түсінігі және негізгі принциптері.

Салауатты өмір салты-бұл адамгершілік қағидаттарына негізделген өмір салты. Ұтымды ұйымдастырылған режим, белсенді, еңбек, қатаю және сонымен бірге қоршаған ортаның қолайсыз әсерінен қорғайды. Мұндай өмір салты қартайғанға дейін моральдық, психикалық және физикалық денсаулықты сақтауға мүмкіндік береді.

Дені сау және рухани дамыған адам бақытты - ол өзін жақсы сезінеді, жұмысынан қанағат алады, өзін-өзі жетілдіруге тырысады, жас рух пен ішкі сұлулыққа жетеді.

Өмір салтына тамақтану, күн тәртібі, еңбек жағдайлары және материалдық-тұрмыстық жағдайлар жатады. Бұл факторлар ең маңызды және жартысынан көбі біздің денсаулығымыз бен әл-ауқатымызды анықтайды.


Қоршаған орта географиялық орналасуына байланысты табиғи-климаттық жағдайлар, сонымен қатар біздің үйіміздің және жұмыс орнымыздың экологиялық жағдайы және оларды әртүрлі қолайсыз әсерлерден қорғау.

Генетикалық код біздің өмірімізде де үлкен рөл атқарады, өйткені генетикалық деңгейде біздің ата-бабаларымыздан денеміздің күшті және әлсіз жақтары бізге берілді.

Денсаулық сақтау жүйесіне мыналар жатады: дәрілік заттардың қолжетімділігі және медициналық көмек алу мүмкіндігі

Салауатты өмір салтының негізгі принциптері

Рационалды тамақтану.



Адам ағзасына 40-тан астам маңызды қоректік заттар қажет, олар өзін қамтамасыз ете алмайды, сондықтан оларды сырттан алу керек. Кез-келген жастағы баланың ұтымды тамақтануы оның денсаулығы мен белсенділігінің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Мұндай тамақтану жасына сәйкес келуі керек және қоректік заттар-ақуыздар, майлар, көмірсулар, сондай – ақ дәрумендер мен минералды құрамы бойынша теңдестірілген және дененің энергия шығындарын толық қамтамасыз ететін төрт-бес бір реттік тамақтану болуы керек. Калориялық тамақтану өсіп келе жатқан ағзаның энергия шығындарының мөлшеріне сәйкес келуі керек.

Дене белсенділігі.

Дене белсенділігі - бұл адамның күн, апта, ай ішінде жасайтын қозғалыстарының саны. Мотор белсенділігі - тірі организмдердің биологиялық қажеттілігі, тамақ, су, ұйқы қажеттілігінен кем емес. Мотор белсенділігінің шектелуі немесе болмауы жас организмдердің дамуына және жетілген организмдердің жұмысына теріс әсер етеді; әртүрлі аурулар дамиды, қартаю процестері белсендіріледі және жеделдетіледі. Аристотель сонымен қатар ештеңе денені әлсіретпейді және физикалық әрекетсіздік сияқты жоймайды деп атап өтті. Сондықтан оңтайлы мотор белсенділігі салауатты өмір салтының негізін құрайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Бірқатар зерттеулер белсенді өмір сүру және үнемі жоғары өнімділікті сақтау үшін адам белсенді қозғалыстарға, дене шынықтыруға күніне кемінде бір сағат жұмсау керек екенін анықтады.

Оқушыларда салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыру балалардың спортпен шұғылданудың денсаулыққа қажеттілігін түсінбеу мүмкін емес. Жаттығу мектеп оқушылары үшін өте маңызды, өйткені қалыпты жаттығулар дененің өсуіне мүмкіндік береді, организмдегі дұрыс метаболизмге ықпал етеді. Сонымен қатар, тұрақты физикалық белсенділік тәртіпті және күнделікті тәртіпті сақтауға ықпал етеді. Спорттың кез-келген түрімен айналысу жас өсіп келе жатқан ағзаға дұрыс дамуға ынталандырады және балаларды жаман әдеттерден қорғайды.

Гигиеналық нормаларды сақтау.

Бұл топқа барлық негізгі гигиеналық шаралар кіреді: ауыз қуысы мен денені таза ұстау, жыныс гигиенасы, төсек-орын мен іш киімнің тазалығы, тек жеке гигиена заттарын пайдалану

Күннің ұтымды режимі.

Күн режимі - бұл ұзақ уақыт бойы қатаң сақталатын оңтайлы жұмыс, демалыс, ұйқы, тамақтану, жаттығулар және басқа да күнделікті іс-шаралар. Күн режимінің биологиялық негізі - дененің барлық физиологиялық функцияларының циклдік сипаты.

Күннің оңтайлы режимін таңдау үшін жұмыс пен демалысты мүмкіндігінше тиімді түрде ауыстыру үшін сабақ кестесін құру қажет. Бұл сабақтарға уақыттың дұрыс бөлінуі баланың физикалық және психикалық тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі.

Жаман әдеттерден бас тарту.

Темекі шегу, алкоголь, нашақорлықтың кез-келген түрі салауатты өмір салтына сәйкес келмейді және оқушыға өсу мен дамудың кешеуілдеуіне, түрлі аурулардың пайда болуына және тіпті өлімге қауіп төндіреді.

Салауатты өмір салтына әсер ететін жағымсыз аспектілер.

1. Қомағайлық. Ғылыми тұрғыдан алғанда, артық тамақтану дегеніміз - энергия құны біз тұтынатын энергиядан көп болатын тағамды тұтыну.

Көптеген адамдар үшін артық тамақтану хоббиге айналды, сүйікті мейрамханада, сүйікті мерекенізде немесе достарыңызбен демалу кезінде.

Егер сіз жылына бір-екі рет тамақтанатын болсаңыз – бұл жақсы. Бірақ егер сіз мұны жиі жасасаңыз, сіз семіздікке, холестериннің жоғарылауына, қант диабетіне, жүрек ауруына және депрессияға шалдығасыз.


2. Темекі шегу. Темекінің ағзаға әсері. Инсульт, еріннің, ауыздың, тамақтың және көмейдің қатерлі ісігі инфаркт, өкпе қатерлі ісігі, бауыр қатерлі ісігі, ойық жара және асқазан, ұйқы безі қатерлі ісігі, тамырлардың бітелуінен туындаған гангренының бедеулігі қауіпін арттырады.

Темекі шегудің тыныс алу жүйесіне әсері. Темекі шегу кезінде темекі түтіні ауыз қуысына, тыныс алу жолдарына еніп, шырышты қабықтың тітіркенуін тудырады және өкпе көпіршіктерінің қабығында орналасады.

3. Алкогольді ішу. Алкоголь адам ағзасына қатты соққы береді. Бауыр, жүрек, ми, жыныс жүйесі – мұның бәрі алкогольді ішкенде қатты соққы алады.

4. Тамақтану режимін бұзу, біркелкі тамақтану. Дене салмағының өсуіне ықпал ететін фаст – фуд, жоғары калориялы газдалған сусындардың көбеюі байқалады.

5. Аз қозғалыстар.



6. Стресс. Біздің барлығымыз күйзеліске ұшыраймыз, бірақ егер сіз одан құтылу үшін ештеңе жасамасаңыз, ерте ме, кеш пе ол өзін сезінеді. Стресс жүрек ауруымен, иммундық жүйенің нашарлауымен және ас қорыту проблемаларымен байланысты. Бірақ жақсы жаңалық бар – сіз өзіңізді стресстен босата аласыз. Сізге сәйкес әдісті табу керек.

7. Ұйқының қанбауы. Ұйқы өте маңызды. Ұйқының әлсіреуі денсаулыққа нақты проблемалар тудыратыны белгілі.

Түнгі ауысымда жұмыс істейтін адамдар гипертония, асқазан жарасы және т.б. сияқты аурулардың дамуына бес есе бейім екендігі дәлелденді.

8. Жоғары технологиялық ойын-сауық құралдарымен (компьютерлер, ұялы телефондар) әуестену. Бос уақыттың маңызды бөлігі - теледидар көру. Мұның бәрі шамадан тыс жұмыс істеуге, көру қабілетінің нашарлауына, таза ауада болуды, ұйқының бұзылуын азайтады.

Оқушылардың салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар арқылы қалыптастыруда қол жеткен нәтижелер мынадай **ұсыныстар** жасауға мүмкіндік берді:

- жеткіншектердің салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар арқылы қалыптастырудың маңызын дұрыс жолға қою үшін оқу-тәрбие бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешенді жетілдіру;

- жеткіншектердің салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар арқылы қалыптастыруда жалпы білім беретін мектептің барлық сыныптарына және арнайы орта оқу орындарына арнайы тәрбие курсы енгізу;

- жеткіншектердің салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар арқылы қалыптастыруды жоғары сыныптардың оқу-тәрбие үрдісімен байланыстырып, ұштастыру.

Қорыта айтқанда, жеткіншектердің салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар арқылы қалыптастыру мәселесі – қазіргі қоғам талабы тұрғысында өзінің маңыздылығымен, көкейкестілігімен құнды. Оқу-тәрбие үрдісінде жеткіншектердің салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар арқылы қалыптастыру мәселесін одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. К.Бержанов, С.Мусин. Педагогика тарихы. - Алматы: Мектеп, 1999.
2. Е.Сағындықов. Ұлттық ойындарды тәрбие жұмысында қолдану. - Алматы, 1992.
3. К.Сейталиев. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1996.
4. Ж. Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика. - Алматы, 1998.
5. Б.Н. Антипова Тұрғындарға ақылы қызмет көрсету жүйесіндегі дене шынықтыру тиімділігінің ұйымдастыру-педагогикалық аспектілері.
6. С.Н. Братоновский. Спорттық кооперативтерді ұйымдастыру мен оның қызметінің құқықтық негіздері (Дене тәрбиесінің теориясы мен практикасы - 1991ж. – ғ 9).

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУ, ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ

Абдрахманова Ж.Е.

«№1 Білім-инновация лицей-интернаты»

Қарағанды қаласы


Н.Ә. Назарбаевтың "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасын орындау үшін шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, ҚТҚ-ны қазіргі заманғы кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі шаралар кешенінің жобасын әзірледі. Шаралар кешендері мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісілді және бүгінгі күні барлық облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктерімен бекітілген. Осы жоба аясында мектеп оқушыларымен ҚТҚ жинау бойынша шағын зерттеу жобасын жасадық.

Зерттеудің мақсаты - тұрмыстық қалдықтарды заманауи талапқа сай өңдеп кәдеге жарату, шикізат ресурстарын үнемдеу.

Өзектілігі –қалдықтарды өңдеу саласында шағын және орта бизнесті ынталандыруға және дамытуға мүмкіндік берді.

Зерттеудің міндетері:

- Қоршаған ортаны қорғаудың экологиялық талаптарын орындау;



- Кәсіпкерлік жобаларды жүзеге асыру;
- Қайта өңдеу салаларын дамытуды қолдау;
- Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану;
- ҚТҚ бойынша халықпен кең ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу (оқушылар, ата-аналар);

- ҚТҚ бөлектеп жинау процесіне тарту;

Зерттеу әдістері:

- Статистикалық деректер;
- Арнайы басылымдар;
- Сараптамалық материалдар;
- Практикалық жұмыстар;

Зерттеу алаңы- «№1 Білім-инновация лицей-интернаты» КММ-сі**Күтілетін нәтиже:**

- ҚТҚ-мен жұмыс істеу бойынша шағын және орта кәсіпті дамыту;
- халықтың экологиялық хабардар болуын арттыру;

Бүгінгі күнде экологиялық дағдарысқа алып келген табиғаттың қызіргі басты ластану факторларының бірі қалалардың шаруашылық-тұрмыстық қызметінің артуы болып табылады. Өнеркәсіптің және халық санының ұлғаюы тұрмыстық қалдықтар көлемінің шектен тыс өсуіне алып келеді. Осыдан кейін оларды қайта қолданысқа енгізу мәселесі туындайды. Қалдықтар тікелей ауаның, су нысандарының ластаушы көзі болып табылады. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жою немесе залалсыздандыру – қала санының ұлғаю шарттарында күрделі мәселе болып отыр. Топырақты минералдандыру үшін қалдықтарды көму арқылы шешу мүмкін емес жағдай. Қалдықтардың ұлғаюы экологиялық тепе-теңдіктің жағдайына қауіп төндіруде. Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта қолданысқа енгізудің үш тәсілі бар:

- палигон алаңдарын ұйымдастыру;
- қалдықтарды жағу;
- екінші рет пайдалану.

Ал осы әдістердің де өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Мысалы: қоқыстарды жағатын зауыттарды алсақ экологиялық қауіп, яғни газ тәріздес заттар ауаны ластайды және жағу қымбатқа түсетін үдеріс. Ал одан шыққан қордаланудан кейінгі жиналған күл, органикалық қалдықтар жануарлар, балықтар үшін жем шикізат бола алады. Тұрмыстық қалдықтардың ішіндегі күрделі мәселе пластик қалдықтары. Себебі ол микроағзамен ыдыратылмайды. Сондықтан қоршаған ортаға ондаған жылдар бойы зиянын тигізеді. Ал шыныны қайта кәдеге жарату жеңілдеу, себебі оны қайта балқыту экономикалық тұрғыдан пайлады.

Қоқыс үйінділерін ұйымдастыру қарапайым, әрі арзан тәсіл. Бірақ оның пайдасы жоқ. Себебі ол алаңдар көп орын алады, сасып-шіріп жаман иістер пайда болады. Бұл сондықтан қалдықтарды азайту үшін шешім бола алмайды.

Ал қалдықтарды екінші рет пайдалану бұл ресурсты үнемдейтін жол. Бұл қоқысты сұрыптау, қайта өңдеу орнына жеткізу міндеттерінен тұрады. Бірақ бұл жаңа ғылыми идеялар мен зерттеулерді талап етеді. Сондықтан қалдықтарды бөліп жинау керек болады, яғни қағаз, шыны т.б. Осы талапқа тұрғындарды дағдыландыру керек.

Сонымен, қалдықтарды жинау, қайта өңдеу, күнделікті қолданысқа енгізу бойынша елімізде біршама жұмыстар жүргізілуде. Қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) қайта өңдеу саласын дамыту мақсатында нормативтік құқықтық база жетілдіріліп, экологиялық кодекске түзетулер енгізілді. Жыл сайын елімізде 5-6 млн. тонна ҚТҚ қалыптасады. 2018 жылдың 12 айында 4,3 млн. тоннаға жуық ҚТҚ құрылды, оның 500 мың тоннасы қайта өңделді және кәдеге жаратылды. «Жасыл» экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес, қалдықтарды қайта өңдеу үлесін 2030 жылға қарай – 40%-ға, 2050 жылға қарай – 50%-ға дейін жеткізу қарастырылып отыр. [2]

2019 және одан кейінгі жылдарға арналған жоспарлар бар. Мысалы:

2018 жылдан бастап Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі "Оператор РОП" ЖШС-пен бірлесіп ҚТҚ бөлектеп жинауды, органикалық (тағамдық) қалдықтарды қайта өңдеуді және кәдеге жаратуды ұйымдастыру бойынша пилоттық жобаны іске асыруда. Органикалық фракцияны кәдеге жарату бойынша технологияны енгізу ҚТҚ өңдеу деңгейін 75% - ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. 2019 жылы Қостанай қаласында ("Тазалық 2012" ЖШС), Жітіқара қаласында ("Соцсервис" ЖШС), Қызылордада мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде (қуаты жылына 60 мың тонна), Атырау облысында (қуаты жылына 50 мың тонна) ҚТҚ полигондарында қоқыс сұрыптау желілерін

іске қосу, Қарағанды қаласында сұрыптау желісінің қуатын жылына 200 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарлануда.[3]

Біздің өңірде де, Қарағанды облысында қайта өңделетін қалдықтардың көлемі сегіз есеге артты. 2017 жылы ол қатты тұрмыстық қалдықтардың жалпы санының 2%-ын ғана құрады. 2019 жылдың соңына қарай бұл көрсеткіш 16%-ға дейін өскен екен. [1]

«Облыста «2018-2022 жылдарға арналған шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, қатты тұрмыстық қалдықтарды қазіргі заманғы кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі шаралар кешені» әзірленді. Қазір алғашқы нәтижелер көріне бастады. Өңірде қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау және өңдеу 2015 жылдан бастап жүргізіледі. Негізінен Қарағанды және Теміртау қалаларында. онымен «Горкомтранс», «Ресайлинг» және «Экоалем» компаниялары айналысады. Келіп түскен қалдықтар сұрыптаудан өтеді, онда олардан 10 фракция алынады: макулатура, картон, полиэтилен, ПЭТ, алюминий банкалар, металл, пластмасса және т.б. Табиғи ресурстар басқармасы басшысының айтуынша, бүгінгі таңда негізгі міндеттердің бірі – қатты тұрмыстық қалдық полигондарын тәртіпке келтіру және заманауи стандарттар бойынша жаңа құрылыс салу болып отыр.

Облыста 30-дан астам кәсіпорын өңделген қалдықтардан дайын өнім шығарады. Қоқыстардан полимерлі тротуарлық плиткалар, жабынғы, металлофиль, шлакоблоктар, темірбетон бұйымдар, кәріз люктері жасалады. 2018 жылы өндірілген өнім 230 тоннадан асты. Престелген пластик, макулатура және басқа да бірқатар шикізат Павлодар, Алматы және Ресейге жөнелтіледі. Аймақта тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату мәселесі әлі де өзекті болып тұр. Қазір мұнда 202 полигон алаңы жұмыс істейді. Облыс бойынша барлығы 16 мыңнан астам контейнер, оның ішінде қалдықтарды бөлек жинауға арналған 1200 контейнер және құрамында сынап бар аспаптарды жинауға арналған 66 контейнер орнатылды.[4]

Осы орайда зерттеу жобамызда біз мектеп оқушыларының дағдысын қалыптастыру, қоғамдық өмірде экологиялық белсенділігін ұйымдастыру үшін жүргізіп отырмыз.



Қағаз қалдықтарын бөліп жинау мәселесі бойынша жұмысты жекелеген зерттеу алаңында жүргізуді бастадық. Еліміз бойынша жоғарыда көрсетілген құнды мәліметтерді, экологиялық мәселелерді ескере отырып оқушылармен мектеп аясындағы қағаз қалдықтарының мөлшерін және бөліп жинау мәселесі бойынша шағын зерттеу жұмысын жүргіздік.

2019-2020 оқу жылы мерзімінде «№1 Білім-инновация лицей-интернатында» қағаз қалдықтарын жинайтын контейнерлер орнаттық.



Мұндағы біздің көздеген мақсатымыз:

- Облысымыздағы қайта өңдеу зауыттарындағы қалдықтарды жинау, бөлу жұмыстарын азайту;
- Оқушыларда қалдықтарды контейнерлерге сұрыптап орналастыру бойынша дағды қалыптастыру;

- Экологиялық білімдерін, сауаттылық саналарын дамыту.

Бұл қораптарды облысымыздағы Қарағанды қайталама зауытынан арнайы алып келдік. Оқушылардың зерттеу тобы 10 қорапты лицейдің 3 қабатына және жатақхана дәліздеріне орналастырды.

Зерттеу барысында:

- Қораптарда жиналған қағаз қалдықтары күн сайын кешкілік өлшеніп сырттағы арнайы контейнерге жинақталды;

- Әр қорапта 2, 3, 5 кг қағаз қалдығы жиналып отырды. Зерттеу тобы оқушылардан сұхбаттар алып, үзіліс кезінде экологиялық ақпараттармен таныстырып отырды.

Осы шағын зерттеу жұмысымыз қоғамдағы мынадай мәселелерді шешуге септігін тигізеді:

- Мектеп оқушыларының экологиялық сауатын дамытуға,

- Қалдықтарды жинау, бөлу жұмыстарын жеңілдетуге,

- SWOT талдауда көрсетілгендей әлсіз жақтарын анықтап, үлес қосуға,

- Қоршаған ортаны қорғауға.

Қорыта келгенде: жан-жақты қарастырылған шешімдер негізінде үлкен жобалар шағын зерттеуден бастау алады. Зерттеу тобының шағын жобасы еліміздің экологиялық болашағына, экономикалық дамуына, «Жасыл» экономика даму бағдарламаларына қосатын үлесі деп білеміз. Экологиялық жоба жұмысы жалғасын табуда.

ҚТҚ жинау, сұрыптау, қайта өңдеу бойынша мынадай SWOT анализбен қорытындылауға болады.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Осы мәселе бойынша әлемдік тәжірибеде зерттелген технологиямен оны жетілдіру үшін шешімдер бар; 2. Нарық әлеуеті инвесторлар мен жеке қаржыландыру көздері үшін ашық; 3. «Жасыл» энергетика үшін ҚТҚ пайдалану әлеуеті бар; 4. ҚТҚ – дан алынатын қайталама ресурстарды пайдалану әлеуеті бар.	1. Жинау жүйесі кезінде бөлек жинау дамымаған; 2. Алдын ала қайта өңдемей қалдықтарды көму барлық аймақта бар; 3. Қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жарату әлі де болса төмен деңгейде;
Мүмкіндіктер	Тәуекелдер
1. ҚТҚ тиімді жинау жүйесінің дамуы; 2. Қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жарату көлемін арттыру; 3. ҚТҚ жинау, тасымалдау, қайта өңдеу бойынша тиімді экономикалық тәсілдерге жету.	1. Қалдықтар жиналған аймақта экологиялық жағдайдың шиеленісуі; 2. Климаттың өзгеруіне әсер ететін атмосфералық шығарылымдар

Әдебиеттер:

1. А. Үмбеталиев, Ғ. Керімбек, «Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік».
2. Қарағанды облысы статистикалық орталық мәліметтері.
3. https://www.inform.kz/ru/v-vosem-raz-uvelichilsya-ob-em-pererabotki-musora-v-karagandinskoy-oblasti-s-2017-goda_a3604336
4. Экология және табиғат қорғау. Алматы: «Мектеп», 2002



ЕР БАЛАМЕН ҚЫЗ БАЛАНЫҢ ЗЕЙІН ҚАБІЛЕТІН ЗЕРТТЕП, ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУ

Абзалбекова С.К.

№ 4 жалпы білім беретін орта мектебі
Теміртау қаласы

Зейін — адамның психикалық әрекетінің белгілі бір нәрсеге бағыттанып шоғырлануы. Адам өмірінде зейіннің алатын орны зор. Әсіресе, таным процесінде, білім алу ісінде маңызы ерекше. Шәкірттің сабақты түсіне қоймауы, есінде дұрыс сақтай алмауы, тапсырманы орындауда қате жіберуі оған дұрыстап зейін қоймаудан болады.

Зейін қою, көбінесе, адамның айналысып жатқан іс-әрекетінің сипаты мен маңыздылығына байланысты. Сондай-ақ, ол адамның жеке бас ерекшеліктеріне, оның мүддесіне, талап-тілегіне, мақсат-мұратына, ерік-жігер сапаларына, темпераментіне, мінез бітіміне байланысты болады.

Зейіннің физиологиялық негізін орыс физиологы, академик А.А. Ухтомскийдің (1875 – 1942) доминанта теориясы бойынша түсіндіруге болады. Бұл теория бойынша, сыртқы дүниенің көптеген тітіркендіргіштерінің ішінде біреуі миға күшті әсер етеді де, оның бір алабын ерекше қоздырады. Мидың осы күшті қозған алабы қалған алаптардағы әлсіз қозуды өзіне тартып отырады. Осыдан мидың күшті қозған алабы одан бетер күшейеді. Мұндай жағдайда адам зейіні бір нәрсеге шоғырланады да, қалған нысандарды байқамайтын болады.

Адамды мінез сипатына қарай зейінді, зейінсіз, алаңғасар деп қарастырамыз. Іс-әрекет кезінде зейіннің белгілі бір түрлері қосарланып, зейінділікті тудырады. Ерік күшті, алдына қойған мақсаты айқын, соған жетуге талпынушы кісіге ырықты және үйреншікті зейін тән. Зейінсіздік — бір нәрсеге ден қоя алмай, үстірт пікір айту, өзге адамның жан дүниесін байқай алмау. Жігерсіздік білім саясыздығы, мейірімсіздік сияқты ерекшеліктер басқа адамдардың тағдырымен санаспайтын немқұрайлылықты туғызады. Ой талғамның дәлдігі, қолға алған істі аяғына дейін бітіру, адамның жан дүниесінің босандығы, табансыздық көрсету, ұшқалақ мінез-бәрі де адам зейінінің типтік сипаттарын білдіретін қасиет-ерекшеліктер. Зейіннің саналы әрекетпен, адамның мінез-құлқымен, темперамент ерекшеліктерімен байланысты екендігі адам психикасының кез келген ерекшелігінен анық аңғарылып тұрады. Осы ерекшеліктер ми сипаттарына орай зейін адамның психологиялық құрылымында айрықша орын алып, оның іс-әрекет түрлерінде, бағыт бағдарында айқын көрініс береді. Адам өміріндегі зейін іс-әрекетпен байланысты мидың жалпы белсенділігімен сипатталады.

Адамның зейіні ырықты зейін, ырықсыз зейін және үйреншікті зейін болып үшке бөлінеді.

Ырықсыз зейін адам алдында мақсат қоймай ақ қоршаған ортадағы тітіркендіргіштердің әсерінен адам санасының белгілі бір объектіге еріксіз аударуы. Мысалы, өткір иіс, оқыс дыбыс, ашық түстер.

Ырықты зейін адам өз алдына мақсат қойып, қандайда ерік жігер күшін жұмсап заттарға саналы түрде көңіл аударады. Мысалы, емтиханға дайындалу, сабаққа дайындалу.

Үйреншікті зейін алғашқыда ырықсыз зейінді қажет ететін кейіннен автоматизмге айналатын зейін. Мысалы, машина жүргізу.

Зейіннің негізі ретінде тұлғаның қызығушылықтары мен қажеттіліктері, бағдарлары мен бағыттылығы тұрады. С. Л. Рубинштейннің пікірінше, зейінде сананың затпен байланысы көрініс табады. Зейін мен объект өзара әсерде болады. Бір жағынан, зейін затқа немесе объектіге бағытталады, екінші жағынан, объект зейінді өзіне аудартады. Зейіннің нақты бір объектіге бөлінуі субъектіге, яғни адамға ғана байланысты емес, сондай-ақ зейінді тудырған объектінің қасиеттері мен сапаларына да байланысты.

Зейіннің қасиеттері. Зейін мынадай ерекшеліктерімен сипатталады: 1) көлемі, 2) бөлінуі, 3) шоғырлануы, 4) тұрақтылығы, 5) ауысуы.

Қазіргі кезде оқушылардың басым бөлігі мұғалім сабақ түсіндіргенде, тапсырма орындағанда зейін бөлмейтіндерін байқауға болады. Бұл тақырыпты таңдау себебіміз, мұғалім сабақ түсіндіргенде оқушылар сабақ барысында ұйықтап отырады, сабаққа әзірленгенде өзіне ұнайтын музыканы тыңдап отырып орындайды немесе бірнеше сағат отырып жұмыс істегенде үзіліс жасау керектігін білмей жатады. Адамның зейін және ақыл ой еңбегінің қабілеттілігіне көптеген факторлар тәуелді. Соның ішінде физиологиялық фактор жасы, жынысы, функционалдық даму дәрежесі, денсаулық жағдайы, тамақтану жатады. Бұл факторлар ағзамызға бір мерзімде әсер етеді және өзара біріктілік шартты түрде қозғап отырады.

Зейін қабілетін анықтау әдісі арнайы корректорлық кестелерді қолдануды қажет етеді, оны В.Я.Анфимовтың корректорлық кестесі деп атайды.

Корректорлық үлгі әртүрлі әріптер, әріптер жиынтығын құрайтын кестелер көмегімен құралады. Ережеге сәйкес В.Я. Анфимовтың кестесін пайдаланадым. Төмендегідей үлгіде:

Анфимов кестесі


В.Я.АНФИМОВТЫҢ КОРРЕКТОРЛЫҚ КЕСТЕСІ

Аты-жөні-----

Зерделенуші жасы -----

Жынысы-----

Аптаның қай күні (күні, уақыты)-----



Жұмыс нәтижесі арнайы талданады, онда зейіннің қарқындылығының көрсеткіші бойынша жүргізіледі.

Формула көмегімен келесі көрсеткіштер анықталады:

1. Тапсырманы толық орындау коэффициенті; (A), A = M / N

Мұнда, M – сызылған әріптер саны, N – жалпы әріптер, қарастырылған тексттегі әріптерді сызу.

2) Ойлаудың коэффициенті (P); P=AxS

Мұнда, S – жалпы қарастырылған әріптер саны. Дәлдік коэффициентінің сандық көрсеткіші және ойлаудың өнімділігі зейіннің концентрациясын көрсетеді.

Зейін көрсеткішін қаралған әріптер санының жалпы әріптер санының қатынасы проценттік түрғыда қаралады. $ЗК = (ҚӘС / ЖӘС) \times 100$

Корректорлық кестені өңдеу шкаласы баллмен бағаланады.	Корректорлық кестеде жіберілген қателер саны келесідей бағаланады:
1000 нан жоғары	өте жақсы
800 – 1000	өте жақсы
700 – 800	жақсы
700	қанағаттанарлық
	6-10 қате
	қанаттанарлық
	11 ден жоғары
	төмен

Жұмыс барысы:

Зерттеуге қатысушыларға В.Я. Анфимовтың корректорлық кестесін әр қайсысына жеке таратылды. Нұсқау бойынша «Бастандар» 2 мин аралығында (секундомер бойынша) инструктажда көрсетілген әріптерді солдан оңға қарай қарап берілген тапсырмадағы әріпті сызып отырады. Мысалы «А» және «Н» әріптерін. Ал «Аяқтандар» - десе, қай жерге тоқтағанын көрсетуі тиіс. Орындауға 2 минут уақыт беріледі.

Бізге ер баламен қыз баланың зейін және ақыл ой жұмыс істеу қабілетілігі кімде жоғары кімде төмен екендігін зерттеу үшін психофизиологиялық әдістердің бірі В.Я. Анфимовтың корректорлық әдісі арқылы анықтауға болатынын жетекшім Абзалбекова Сандуғаш Кумисбеквона ұсынды. Осы ұсынысты қолға алып, зерттеу жұмысымызды жүргіздік. Зерттеу жұмысына «№4 ЖББОМ»- нің 10 сынып оқушылары алынды. Олар І топ (5ер бала) және ІІ топ (5 қыз бала) дені сау жасөспірімдер 15-16 жас аралығында оқушылар зерттеуге қатысты.

І топ (ер балалар)	2 топ (қыз балалар)
Асет Батырханов	Балжан Садирбаева

Абзал Бермуратов	Гайниза Нурлыбаева
Абылайхан Жолдасхан	Айгерім Бердікулова
Жәнібек Сагандаға	Гулзинат Ермекбаева
Дәулетбек Юзбаев	Ақниет Орынбекова

Біз Анфимовтың корректорлық кестесін пайдалана отырып, зерттеуге қатысқан оқушылардың жұмысқа деген қабілеттілігін, зейін көрсеткішін тексердік. Зерттеуге қатысқан оқушылардан қызығушылық байқадық. Бұл жұмысты зерттеу мақсатымыз ер баламен қыз баланың қайсында жұмыс қабілеттілігі және зейін көрсеткіші жоғары екендігін біліп, айырмашылығын көргіміз келді. Зерттеу оқу жылының басында яғни I тоқсанда және екінші рет II тоқсанда өткізілді. Зерттеу бір апта бойы жүргізілді.

Сонымен зерттеудің нәтижесін талдайтын болсақ:

Кесте 1. ер бала мен қыз балаға берілген тапсырмалар:

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
I тоқсан	И/Н	К/А	С/Т	А/Е	Х/Б

Кесте1. Ер бала мен қыз баланың тапсырманы толық орындау коэффициенті; (А, I тоқсан)

Статистикалық көрсеткіш	Ер балалар (А)	Қыз балалар (А)
А (орташа есеппен)	12,01	14,61
М	13,75	14,23
Н	0,92	1,5


Кесте2. Ер бала мен қыз баланың ақыл ойлаудың коэффициенті (Р, I тоқсан);

Статистикалық көрсеткіш	Ер бала (Р)	Қыз бала (Р)
Р (орташа есеппен)	672-1100	510-900
А	892	814,4
С	738	808

Кесте3. Ер бала мен қыз баланың жұмыс істеу қабілеті (КСП, I тоқсан);

Статистикалық көрсеткіш	Ер бала (Q)	Қыз бала (Q)
КСП	170	195,9
t	309,8	332,4
d	465,6	735,2

Алынған көрсеткіштерді диаграммамен көрсетсек(I тоқсан):



Осы жасалған жұмыстың сандық көрсеткішін талдайтын болсақ, зейін көрсеткіші, ақыл ой және жұмыс қабілеті ер бала мен қыз баланың көрсеткішімен салыстырғанда айырмашылық байқадық. Атап айтсақ, I кестеде өздеріңіз байқағандай тапсырманы толық орындау коэффициенті ер баладан қарағанда, қыз балаларда жоғары. 2 кестеде ақыл ойлаудың коэффициенті қыз баладан қарағанда ер баланың көрсеткіші жоғары. 3 кестеде жұмыс істеу қабілеті ер бала мен салыстырғанда қыз баладағы көрсеткіш саны жоғары екенін көруге болады.

I тоқсандағы көрсеткіш қорытындысы

1. Тапсырманы толық орындау ер балада төмен қыз балаға қарағанда.
2. Ақпаратты қабылдау ер баладан қарағанда, қыз балада жоғары.
3. Тапсырманы орындау жылдамдығы ер баладан қарағанда, қыз балада жоғары.
4. Жіберілген қателер саны ер балада жоғары, қыз балаға қарағанда.
5. Ақыл ой еңбегі қыз баладан қарағанда, ер балада жоғары.
6. Жұмыс істеу қабілеті ер баладан қарағанда, қыз балада жоғары

Кесте 2. ер бала мен қыз балаға берілген тапсырмалар:

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
II тоқсан	С/В	Н/К	З/Г	А/К	М/Р

Кесте 2.1. Ер бала мен қыз баланың тапсырманы толық орындау коэффициенті; (А, II тоқсан)

Статистикалық көрсеткіш	Ер балалар (А)	Қыз балалар (А)
А (орташа есеппен)	8,5	4,5
М	9,8	3
Н	3	2

Кесте2.2 Ер бала мен қыз баланың ақыл ойлаудың коэффициенті (Р, II тоқсан);

Статистикалық көрсеткіш	Ер бала (Р)	Қыз бала (Р)
Р (орташа есеппен)	768-1100	615-1114
А	892,5	814,78
С	965	968


Кесте2.3. Ер бала мен қыз баланың жұмыс ітеу қабілеті (КСП, II тоқсан);

Статистикалық көрсеткіш	Ер бала (Q)	Қыз бала (Q)
КСП	185	195,9
t	221	236
d	823	835

Алынған көрсеткіштерді диаграммамен көрсетсек(II тоқсан):



Ер баламен қыз баланың I тоқсан және II тоқсан көрсеткішімен салыстыратын болсақ:



Біз зерттеу жұмысымызды зерттей келе II тоқсанда төмендегідей нәтижеге қол жеткіздік:

1. Тапсырманы толық орындауда ер балада 1% төмен қыз балаға қарағанда.
2. Ақпаратты қабылдау ер баламен қыз балада тең.
3. Тапсырманы орындау жылдамдығы ер баламен қыз балада тең.
4. Жіберілген қателер саны ер баламен қыз балада тең.
5. Ақыл ой еңбегі ер баламен қыз балада тең.
6. Жұмыс істеу қабілеті ер баладан қарағанда, қыз балада жоғары.

I тоқсан зерттеу нәтижесі	II тоқсан зерттеу нәтижесі
1. Тапсырманы толық орындау ер балада төмен қыз балаға қарағанда.	1. Тапсырманы толық орындауда ер балада төмен қыз балаға қарағанда.
2. Ақпаратты қабылдау ер баладан қарағанда, қыз балада жоғары.	2. Ақпаратты қабылдау ер баламен қыз балада тең.
3. Тапсырманы орындау жылдамдығы ер баладан қарағанда, қыз балада жоғары.	3. Тапсырманы орындау жылдамдығы ер баламен қыз балада тең.
4. Жіберілген қателер саны ер балада жоғары, қыз балаға қарағанда.	4. Жіберілген қателер саны ер баламен қыз балада тең.
5. Ақыл ой еңбегі қыз баладан қарағанда, ер балада жоғары.	5. Ақыл ой еңбегі ер баламен қыз балада тең.

1. Жұмыс істеу қабілеті ер баладан қарағанда, қыз балада жоғары	6. Жұмыс істеу қабілеті ер баладан қарағанда, қыз балада жоғары.
---	--

Жоғарыда көрсетілген кестені талдайтын болсақ, біз бірнеше жетістікке қол жеткіздік. Атап айтсақ, ақпаратты қабылдау, тапсырманы орындау жылдамдығы, жіберілген қателер саны, ақыл ой еңбегі ер баламен қыз балада тең екендігін көруге болады. Осы жетістікке жету үшін мен ақпарат көздерінен зейінді дамыту үшін әр түрлі ойын және әдіс түрлерін қолдану арқылы мақсатымызға жеттік. Сонымен қатар Learningapps сайты бізге жақсы нәтижеге жету үшін себепші болды.

Ұсыныстар

Оңтайлы жұмысқа қабілеттілікті сақтау үшін күн тәртібін, жұмыс орнының жарықтығын сақтау қажет.

Жұмысты кезектестіру, еңбек және демалыс.

Сынып бөлмесін таза ауамен желдету.

Салауатты өмір салтын ұстанып, дұрыс тамақтану.

Демалуды дұрыс ұйымдастыру, бұл адам денсаулығына оң әсер етеді.

Маңызды және күрделі жұмысты кешке қалдырмау керек

Сабақ әзірлегенде тыныштықта орындау.

Ұйқы ақпараттың сақталуы мен зейін қабілетін жақсартады.

Әдебиеттер:

1. Ж.А.Адаев., Р.Н.Нұрғалиев. Шаңырақ: энциклопедиясы. Алматы: 1990 ж.
2. «Денсаулық» журналы, №8, 2006 ж.
3. Ғаламтордағы ақпарат көздері <https://kazmedic.org/archives/1304>, <https://mydocx.ru/12-112677.html>
4. «Отбасы және емші» журналы №9, 2013ж.

ҰЛТТЫҚ ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР – БАЛАНЫҢ НЕГІЗГІ ӘРЕКЕТІ

*Абитаева А.М.
«Тілек» бөбекжайы
Қарағанды қ*

Ойнай білмеген, ойлай да білмейді,
Ойын да озған өмірде де озады


Ойын әрекетінің негізгі түрі – ұлттық қимылды ойын. Ойынды қолданумен бірге ойлануға, шығармашылығын байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, іс-әрекеттегі амал – тәсілдері ой – сананың дамуына ықпал етеді.

Балабақша табалдырығын енді ғана аттаған баланың сымбатты да жарасымды, көрікті мүсінін қалыптастырумен, жан – жақты қимыл қозғалыс әрекеттерінің мезгілінде дамып жетілуіне, жалпы баланың тән мәдениетін қалыптастыруда қимылды ойынның алатын орны ерекше. Өйткені балабақша қабырғасында балалардың денсаулығын нығайтып, мүсін тұлғасының дұрыс жетілуіне, жігерлі де қайратты болып өсуіне, жеке басына тән қасиеттерінің қалыптасуына берік негіз қаланады. Сондықтан да бала организмінің қызметін жетілдіру, денсаулығын сақтап, нығайту, жүйке – психикасын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді және сымбатты етіп өсіруге қимылды ойын мен спорт жаттығулар көп ықпалын тигізеді.

Алғашқы кезде топтағы әрбір баланың қозғалыс деңгейін байқауға арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өткізген дұрыс. Күннің жылы кездерінде балалар қимыл қозғалыс негіздерінің барлық түрін меңгеретінін білуі қажет. Жауын – шашында секіртпемен, шығыршықпен және доппен ойнайтын ойындар, асық ойындарын ойнатуға болды. Би жаттығулары мен қарапайым акробатиканы мүмкіндігінше спорт залда өткізген дұрыс.

«Ойын мектеп жасына дейінгі баланы дене шынықтыруының негізгі тұтқасы болуы тиіс» - деп жазады Е.А. Аркин. Ойындар арқылы бала өзіне пайдалы қозғалыс әрекеттерін меңгереді және оған жаттығады.

Қимылды ойындар балалардың өздерінің білімдері мен ептіліктерін ойындардың құбылмалы жағдайларында нақтылы қимылдық тапсырмаларды орындау үшін қолдануына мүмкіндік береді.



Күш, ептілік, жылдамдық, төзімділік сияқты сапалар қимылды ойындар процесінде, әсіресе жарыс элементтерімен өткізілгенде өседі және жетіледі.

Ойындар балалардың өз әрекеттерін жолдастарының әрекеттерімен үйлестіріп, жеке мүддесін ұжым мүддесімен біріктіре білуіне, шыдамдылыққа, өзін-өзі ұстай білуге, топтың, команданың жетістігіне деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге көмектеседі.

Қимылды ойындар шартын орындаудың міндеттілігі балаларды тәртіптендіреді, еркінділікке тәрбиелейді. Ойын мақсатына жету үшін қимыл тәсілдерін өз бетінше таңдап ала білудің қажеттілігі өзіндіктің, ынталануының, жеке басының және басқа сапаларының қалыптасуына жағдай жасайды.

Көптеген қимылды ойындардың танымдық мәні бар, өйткені олар хайуанаттарға, құстарға еліктеуімен, адамдардың әрекеттерін жаңғыртумен байланысты және т.б.

Қимылды ойындарда тәрбиешінің балалармен араласуға кең мүмкіншілігі бар. Тәрбиеші ойынның мазмұнын, оның шартын әңгімелейді. Балалар жаңа сөздердің мәнін біледі. Сөзге белсене араласу, сондай-ақ мазмұнын және әнді айта жүріп ойнауларын қалыптастырады.

Ойындарда жағымды сезімдерді: қуанышты сезу, ләззат, сергектік досқа көмектесу пиғылы, ойдан құрай білу, өнертапқыштықты дамытуға талпыну керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін беру мақсатында өткізілетін ойындарды шамамен жеке екі түрге бөлуге болады:

1. Қимылды ойындар: сюжетті және сюжетсіз;

2. Спорттық ойын элементтері бар ойындар; городки, баскетбол, теннис үстелі, бадминтон, футбол, хоккей және басқалар.

Белгілі бір сюжеті және белгіленген шарты бар қимылды ойындар анағұрлым күрделірек болады. Мұнда ойнаушылардың творчестволық әрекеттері орындайтын рольдеріне («Аққу-қаздар», «Соқыртеке» және басқа) байланысты болады. Шығармашылық рольдік қимылды ойындардың шарты балалардың ойын кезіндегі мінез-құлықтарын реттейді, ойындардың өзінің жүргізілу барысын нақтылайды.

Өзге ойындарда бекітілген сюжет болмайды. Олар ойнаушылардың әлдебір нақтылы қимылдық тапсырмаларды («Маған қарай жүгіріндер», «Шағын қақпаға қарай» және басқа). Сюжетсіздерге «Ловишка», «Горелки» сияқты, сондай-ақ жарыс сәтіндегі ойындық эстафеталар жатады.

Спорттық ойындардың элементтері бар ойындар мектеп жасына дейінгі орта және ересек жастағы балалардың кейбір спорттық ойындар техникасының негіздерін меңгерулерімен байланысты. Олар баланың спорттық ойындарға (городки, баскетбол, теннис үстелі, бадминтон, футбол, хоккей) қатысу үшін қажетті әрекеттер тәсілдерімен қимылдау тәжірибесін байытады.

Қорыта келгенде ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ.

Әдебиеттір:

1. Нүсіпбекова И.И. Педагогикалық сыр-сандық, 2009ж

2.Т.И. Осокина - «Балалар бақшасындағы дене шынықтыру», «Просвещение» баспа бөлімі 1978

3.М.Т. Тұрыскелдина «Дене тәрбиесі» әдістемелік құрал, Алматыкітап 2003 ж.

4.В.П. Богославский, Н.Т. Белякова, аударған Қ. Дәуітов, «Дене шынықтыру», Алматы «Мектеп», 1986 ж.



HEALTH IS A GREAT WEALTH

Алькенова А.А.

ғылым. жет. Мырзабекова Д.А., пед.ғ.к.

№1 жалпы орта білім беретін мектебі

Жезқазған қаласыф

"A healthy lifestyle means keeping clean, physical education and sports." Since ancient times, the Kazakh people have paid special attention to the upbringing of children, paying special attention to the correct formation of the spirit and body of the child. This is evidenced by the Kazakh sports games. We know that from an early age, children were brought up correctly, in a hurry, on horseback, hanging coins, racing, fighting, and they were strong, agile and flexible. You cannot compare the present with the past. Because over time, there have been many changes. We even look at parenting from a new perspective. The stranger things in modern society are negatively affecting young people. There has been an increase in smoking, alcohol abuse and even drug abuse. In today's globalized world, the problem of computer addiction is also on the rise. Interesting activities can be frustrating. The Kazakh people say that "the beginning of education is the cradle." Better to start education against violence in the home.

Physical education plays an important role in promoting a healthy lifestyle. It is necessary to form young people as healthy citizens who will be the pillars of the future. Our President is very confident in the future of today's youth. That is, it represents a healthy, educated, qualified, versatile youth of the future. We all know that sport plays an important role in human life. The person involved in sports is healthy and patient. No wonder our ancestors said: "A healthy body is a healthy soul." What you do depends on your ability? The great thinker Ibn Sina spoke about this in his works. He also divided sports into light, hard, long and short, depending on the meaning. He said that at least 33 sports are needed to develop health and life.

President Nursultan Nazarbayev A. In his strategic program "Kazakhstan - 2030" Nazarbayev noted that one of the priorities is to encourage people to lead a healthy lifestyle. Today, the country pays special attention to physical education, from older brothers to younger children. The main task of educational work at school is to develop the mental field of students, create the necessary conditions for academic success, maintain good health and physical shape. For this, all school work is carried out in accordance with the age of the child, the characteristics of his body. The duration and severity of educational work is planned depending on the students' ability to work, the effect of the seasons on the body. The curriculum becomes more complicated from year to year depending on the age of the children. If each part of the schedule is formed in accordance with the age, ability to work, health, behavior of the child, this will contribute to the correct growth and development of the student, masculinity, physical fitness, mental development. The student's home schedule is adapted to the school's work schedule. If the home schedule is poorly thought out, it can negatively affect the student's performance in school. Each parent should know their child's schedule and create and monitor its timeliness and accuracy. If the schedule is wrong, the child will get tired, exhausted, his health will deteriorate, and his academic performance will deteriorate.

The student's workplace must be clean, the room must be well ventilated, the seat must be comfortable, and meet all hygiene requirements.

"Living a healthy lifestyle means keeping clean, physical education and sports." Since ancient times, the Kazakh people have paid special attention to the upbringing of children, paying special attention to the correct formation of the spirit and body of the child. This is evidenced by the Kazakh sports games.

Sport is part of the general culture of society, a branch of social activity aimed at developing physical abilities and strengthening human health. It is impossible to imagine the comprehensive development of youth without sports. A well-developed body is a young person who has included regular sports in his routine, regularly uses natural factors to exercise, actively rests and changes jobs. In short, sport is one of the most important areas of education. Its essence is movement, and without movement there is no life. The word sport has a wide meaning. Physical culture is an integral part of it, or rather the initial stage. A person who practices it regularly will have good health. The first wealth is health, and the guarantee of this health is sports.

Әдебиеттер:

1. Ұстаз тілегі «ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ» – Алматы, 1999.
2. https://ust.kz/word/esse_sport__densaylyq_kepili-93289.html

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Шамгунова Ф.Т. Бабаханова Г.А.
«Ж.Ақылбаев атындағы эксперименталдық
мектеп-гимназиясы базасындағы
тірек мектебі(РО)» КММ
Қарағанды облысы, Шет ауданы*

Денсаулық – әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның баға жетпес байлығы. Адамдар кездесу, қоштасу кезінде бір біріне мықты денсаулық тілейді, өйткені денсаулық – толыққанды және бақытты өмірдің басты шарты және кепілі. Денсаулық біздің жоспарларымызды орындауға, негізгі өмірлік міндеттерді табысты шешуге, қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Әрқайсымыз күшті және сау болуға, мүмкіндігінше ұтқырлықты, сергектікті, энергияны сақтауға және ұзақ өмір сүруге ұмтыламыз. Бұл өмірдің басты құндылығы. Денсаулықты ақшаға сатып ала алмаймыз, оны баланың өмірінің алғашқы күндерінен бастап сақтау, қорғау және жақсарту қажет. Оқушының салауатты өмір салты – әр бала мен жасөспірімнің әл-ауқатының және сәтті оқуының негізі болып табылады.

Оқушылардың салауатты өмір салтын тәрбиелеу – бүгінгі таңда ата-аналардың алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Оның қалыптасуымен мектеп те айналысады, бірақ шешуші рөл бірінші кезекте отбасына тиесілі.

Адам денсаулығына әртүрлі факторлар әсер етеді – бұл тұқым қуалаушылық, экологиялық жағдай және медицинаның даму деңгейі. Алайда, ең маңызды фактор – адам ұстанатын өмір салты. Бақытымызға орай, бұл біз өзіміз реттей алатын аймақ. Салауатты өмір салты мәселесін елемеу, әдетте, баланың денсаулығының ең күшті қоры таусылып, адам түрлі ауруларға шалдыққан кезде ауыр нәтижелерге әкеледі.

Оқушыларда білім беру үдерісінің белсенді субъектісі позициясын қалыптастыру қажеттігіне бастауыш білім берудің міндетті мемлекеттік стандарттары бағдар береді. Онда мектептің бастауыш сатысында оқушыда әрекеттің барлық түрлері (ойын, оқу, еңбек, қарым-қатынас, көркем әрекет) қалыптасуы тиіс екені атап көрсетілген (оқытудың объектісі емес, субъектісі ретінде қатысатын).

Бастауыш сыныпта салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін ең қолайлы кезен болып табылады. Баланың өзін өзі тануы, әлемге, айналасындағы адамдарға деген дұрыс көзқарасы - мұның бәрі мұғалімнің балада салауатты өмір салтының негізгі компоненттерін қалыптастыруға және тәрбиелеуге қаншалықты саналы қарайтынына байланысты [1:49].

Педагогикалық міндет - балаға бейсаналық ақпарат ағынын беру емес, бұл балаға салауатты өмір салтының құрамдас бөліктерін түсінуге мүмкіндік беру. Өйткені, салауатты өмір салты - бұл үйренген білімнің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар өмір салты, әртүрлі жағдайларда дұрыс мінез-құлық, сондықтан басты міндет - олардың тәуелсіздігі мен жауапкершілігін дамыту.

Салауатты өмір салтын (СӨС) қалыптастырудың негізінде: күннің ұтымды режимі, жұмыс жасау және тамақтану, қозғалтқыш белсенділігі, дұрыс ұйымдастырылған тамақтану және зиянды әдеттердің болмауы жатады.

Бастауыш сынып оқушылары үшін күн тәртібін сақтау ерекше маңызды. Бір жағынан, олардың жүйке жүйесі әлі жетілмегендіктен, жүйке жасушаларының таралуы өте төмен, екінші жағынан, өмірдің жаңа жағдайлары, жүйелік оқытумен байланысты физикалық және психологиялық жүктемелерге бейімделу қажеттілігі, мінез-құлықтың ескі стереотиптерінің бұзылуы барлық физиологиялық жүйелерге жоғары талаптар қояды.

Режимнің негізгі компоненттері: ұйқы, таза ауада болу (серуендеу, ашық ойындар, дене шынықтыру жаттығулары), оқу іс-әрекеті, таңдау бойынша демалу (бос уақыт), тамақтану, жеке гигиена.

СӨС қалыптастырудың маңызды компоненттерінің бірі - қозғалу белсенділігі. Қозғалу белсенділігінің жеткіліксіздігі гипокинезияның пайда болуына әкеледі, бұл оқушының ағзасында бірқатар елеулі өзгерістер тудыруы мүмкін. Кіші мектеп жасы - бұл балада қозғалыс белсенділігінің қажеттілігін білдіретін кезең. Бұл жас кезеңінің негізгі міндеттері барлық қол жетімді қозғалыстарды басқару, қозғалтқыш қабілеттерін жетілдіру сынағы болып табылады. Сабақтар біртіндеп дәйектілік, қайталану және жүйелілік қағидаттарына негізделуі керек [2:1].

СӨС қалыптастыруда кіші оқушының тамақтануының ұтымдылығы үлкен рөл атқарады. Рационалды тамақтану 5 қағидаға негізделген, жүйелілік, әртүрлілік, жеткіліктілік, қауіпсіздік және ләззат алу сияқты қағидаттар.

Бастауыш сынып оқушыларының саулығын сақтау проблемасын шешудің бір жолы – оларға салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған білім беру. СӨС туралы білім сабақ және сабақтан тыс уақытта қалыптасады [3:5].

Көбіне мұғалімдер «Денсаулық сабақтары» тәжірибесін қолданады. Менің ойымша ол өте ұтымды және балаға түсінуге оңай тәжірибе. «Денсаулық сабақтары» бастауыш сынып оқушыларының өз денсаулығы, оның негізінде «физикалық», «әлеуметтік» және «рухани» аспектілер жатқан «денсаулық» кіріктірілген ұғымы жайлы білімдерін белсендіруді және кеңейтуді көздейді.

Елбасы өзінің «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді. Сондықтан қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, білім мен салауатты өмір салтын қалыптастыру - біздің, ұстаздардың, алдымызда тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дені сау бала оқу процесіне белсене араласады, әрдайым жайдары, көңіл-күйі жоғары болады.

Бүгінгі таңда біздің міндетіміз - әр оқушының денсаулығына нұқсан келтірмей, нығайта отырып, оқуға деген құштарлығын ояту, әрбір баланың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, бала бойындағы қасиеттерін дамыту. Әр мұғалімнің өз сабағында дені сау адамның мүмкіншілігінің зор екенін, денсаулық ең құнды байлық екенін ескеріп және де салауатты өмір салтын ұстануға оқушыны бейімдеуі тиіс.

Шәкәрім атамыз «адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек», - деген еді. Көзге көрінбейтін нәзік сезімді, аса құнды қасиеттерді жүректен жүрекке жеткізу шебер тәлімгердің ғана қолынан келеді. Біздің тәрбие бастамамыздың негізі салауатты өмірге жас жеткіншектерді баулу, оны қалыптастыру деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Батырғали А. Салауаттылық - өмір салты //Білім технологиялары.- 2012.-№5.-49-50б.
2. Бектұрғанов Ө., Жанпейісов К. Адамның салауатты өмір салты мен қимыл белсендігі//Ұлт тағылымы.- 2010.-№4.-21-25б.
3. Бөлкенбаева Ә. Салауатты өмір салты //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар.- 2012.-№4.-5-8б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Байбек А.Б.
«Ақбота» бөбекжайы КМҚК
Қарағанды қ.*

Қазақстанның қазіргі дамуы білім беру саласындағы модернизациямен байланысты, бұл ең алдымен қазіргі қоғамға интеграцияланған жас ұрпақты қалыптастыру мәселелерін қозғайды.

21 ғасырда өмір сүру біздің алдымызда көптеген жаңа проблемалар туғызады, олардың ішінде денсаулықты сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемасы ең өзекті болып табылады. Біздің болашағымыз - бұл біздің балаларымыз. Біздің Отанымыз тек содан кейін ғана күшті, гүлденген және бәсекеге қабілетті ел болады, өйткені оның жас ұрпағы сау болады.

"Денсаулық-бұл аурудың немесе физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, толық физикалық, психикалық, әлеуметтік әл-ауқат жағдайы". Осы құрылымдық бөліктердің кем дегенде біреуінің жоғалуы бүтіннің жоғалуына әкеледі.

Балалардың денсаулық жағдайына көптеген келеңсіз факторлар әсер етеді: жаппай нашарлап бара жатқан экологиялық жағдай, жалпы ел бойынша өмір сүру деңгейінің төмендеуі, рухани және дене дамуы салаларындағы балалар үшін әлеуметтік кепілдіктер деңгейінің төмендеуі, ата - аналардың балалардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін уақыты мен қаражатының жетіспеуі, толық емес отбасылар санының көбеюі, тәрбие-білім беру процесінің технологиясы, педагогтардың жеке басы, сондай-ақ отбасылық тәрбиенің жай-күйі мен бағдары. Мұндай жағдайда

мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселесі ерекше өзекті болып отыр.

Соңғы жылдары балалар денсаулығының проблемалары жаңа түсінікке ие болды. Егер бұрын оның шешімі негізінен биомедициналық немесе санитарлық-гигиеналық факторлармен байланысты болса, бүгінде адам денсаулығы табиғи және әлеуметтік сыртқы факторлармен де, ішкі факторлармен де, адамның психологиялық көзқарасын анықтайтын табиғи, жүйелік құбылыс екендігі дәлелденді.

Медицина, физиология, психология және педагогика балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерімен айналысады. Баланың салауатты өмір салтына бағытталуы бірқатар факторлармен анықталады. Оларға мыналар жатады:

- мемлекет дамуының ерекшеліктері;
- қоғамдық пікір;
- технологиялық жағдай;
- тәрбие-білім беру процесі;
- отбасылық тәрбие.

Бұл тізімде балаларды мектепке дейінгі және мектептегі тәрбиелеу жүйесі ерекше орын алуы керек. Қазақстанда мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығының нашарлауы медициналық ғана емес, сонымен бірге маңызды педагогикалық проблемаға айналды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі қазіргі заманғы балабақшаның білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады, оның стратегиялық мақсаты – табиғат пен адам туралы ғылыми біліммен байытылған, шығармашылық шығармашылық іс-әрекетке және адамгершілік мінез-құлыққа дайын еркін өмірді сүйетін тұлғаны тәрбиелеу және дамыту. Балабақшалардың қызметі балалардың зияткерлік және психофизикалық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Бұл мақсатты жүзеге асыру балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жағдайында ғана мүмкін болады. Әр бала заманауи өмір салтының алуан түріне тап болады. Бұл бейнелер әрдайым салауатты өмір салтымен біріктірілмейді, нәтижесінде баланың салауатты өмір салты туралы идеясы бұзылады, балада қалыптасқан салауатты өмір салты идеясы бұзылады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта жас ұрпақтың денсаулығының төмендеу тенденциясы байқалады, сондықтан балаларда салауатты өмір салты туралы идеяларды қалыптастыру қажеттілігі артып, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің, тәрбиелеудің және дамытудың жаңа жолдарын іздеуді талап етеді.

Балалармен дұрыс ұйымдастырылған тәрбие жұмысы олардың салауатты өмір салтын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Білім беру мәдениетті мұрагерлікпен қамтамасыз етудің, тұлғаны әлеуметтендіру мен дамытудың әлеуметтік тәсілі ретінде салауатты өмір салтының ұлттық мәдениетінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде өскелең ұрпақтың салауатты өмір салтының жеке мәдениетін қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатқа үміт артылады. Осы саладағы білім беру жүйесі қызметінің негізгі бағыттары:

- ұғымдық аппаратты нақтылау: салауатты өмір салты, салауатты өмір салты мәдениеті;
- балалардың денсаулық жағдайын зерттеу және баланың денсаулығын қалыптастыруға әсер ететін факторлардың негізгі топтарын анықтау;
- салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру мәселелерін анықтау және зерттеу;
- балалардың денсаулығын сақтауға, нығайтуға бағытталған педагогикалық технологияларды әзірлеу және енгізу теориясы мен практикасын құру. Жеке тұлғаның әлеуметтенуі салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерін де анықтайды. Баланың қоршаған әлеуметтік ортасы оның мінез-құлқын қалыптастыруда маңызды.

Балаларды сауықтыру мәселелерінде дәрігерлер, педагогтар, психологтар, мамандар мен ата-аналар қол ұстасуы тиіс.

Егер тәрбиеленушілерді сауықтыру медицина қызметкерлерінің күшімен жүргізілсе ол процесс тиімді бола алмайды. Бұл жұмыс педагогикалық қызметкерлермен және ата — аналармен тығыз ынтымақтастықты қажет етеді, сондықтан топта балалар мен ересектер қауымдастығы (балалар — ата — аналар-мұғалімдер) құрылды.

Педагогтар балаларды ерте жастан бастап өз денсаулығына дұрыс көзқараспен карауға, оған жауапкершілік сезімін оятуға тиіс. Балаларды сауықтыру бойынша жұмыстың маңызды бағыты- балабақшада алдын-алу және емдеу-сауықтыру шараларын жүзеге асыру. Оқытудың интеграцияланған болуы өте маңызды.



"Денсаулық", "Салауатты өмір салты" тақырыбы баланың барлық іс-әрекеттерін қамтуы керек. Сондықтан, біздің эксперименттің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салты туралы идеяларды қалыптастыру деңгейін арттыру болды.

Эксперимент барысында біз балалардың салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыру бойынша микробағдарлама жасадық. Зерттеу барысында біз баланың режиміне мотор белсенділігін енгіздік, оған мыналар жатады: физикалық минуттар, төмен және орташа қарқындылықтағы ашық ойындар, саусақ ойындары, музыканы белсенді тыңдау және сауықтыру компоненттері. Жұмыс барысында, бұлшықет және жүйке кернеуін, психоэмоционалдық ширығуды, сондай - ақ сауықтыру-алдын алу әрекетін жеңілдету мақсатында, жұмыста денсаулық сақтайтын технологияларды: көзге арналған гимнастиканы, сауықтыру минуттарын, өздігінен массаж жасауды, нүктелік массаж, музыкалық терапияны және т.б. қолдана отырып, баланың өз денсаулығына қамқорлық жасауға тырыстық.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда ересектердің мінез-құлқындағы оң мысал үлкен маңызға ие. Мұны педагогтердің өздері ескеріп, балалардың ата – аналарын консультацияларда, бірлескен іс-шараларда, түрлі іс-шараларды ұйымдастыруда осыған бейімдеді. Баланың негізгі тәрбиешілері-ата-аналар. Баланың күнделікті режимі қалай дұрыс ұйымдастырылғанына, ата-аналардың баланың денсаулығына қандай көңіл бөлетініне, оның көңіл-күйіне, физикалық жайлылығына байланысты.

Сондықтан, балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін біз тек балалар ғана емес, ата-аналар да қатысқан жоба жасадық. Жобаны жүзеге асыру барысында балалармен алдын-ала жұмыс жүргізілді, ол сабақтан бос уақытта жүргізілді, дидактикалық ойындар таңдалды, кітап бұрышында кітаптар, иллюстрациялар қойылды, жемістер мен көкөністердің үлгілері қойылды. Балалар хабарламалар дайындап, бізді адам денесінің қалай орналасқандығымен таныстырды. Қол жетімді түрде, иллюстрациялық материалдың көмегімен олар оның негізгі жүйелері мен мүшелері туралы айтып, олардың әл-ауқатын тыңдау қажеттілігіне назар аударды.

Сонымен, балабақша жағдайында біз құрған орта - баланың қоғамға бейімделуін қамтамасыз етуге, балалардың физикалық белсенділікке деген қажеттіліктерін жүзеге асыруға және моториканы тиімді дамытуға ықпал етті. Нәтижесінде балалардың салауатты өмір салтына деген тұрақты ынтасын қалыптастырдық.

Эксперименттің нәтижесі балалардың аурушандығын төмендету болып табылады. Сондай-ақ, балалардың гимнастикамен, дене шынықтырумен айналысуға, шынықтыру рәсімдеріне қатысуға деген қызығушылығы мен ықыласы едәуір артты, өмір салтының маңыздылығы туралы білім өсті, шынықтыру іс-шаралары туралы түсінік кеңейе түсті.

Бұл адамның мотивациясын тудыратын үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру мақсаттарының бірлігінде көрінетін оқыту және тәрбиелеу. Денсаулықтың барлық компоненттері бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан және даму бағдарламасын жүзеге асыру көптеген факторларға байланысты болғандықтан, "денсаулық педагогикасының" негізгі міндеті-денсаулықты сақтау және нығайту қажеттіліктерін тұтас қалыптастыру, білім беру, өзін-өзі тәрбиелеу әдістері арқылы салауатты өмір салтын саналы түрде ынталандыру., денсаулықты оқыту бағдарламасын құру.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру-бұл педагогтар, ата-аналар дәрігермен және психологпен бірлесіп жүзеге асыратын ұзақ, мақсатты және қарқынды педагогикалық процесс, ол жүйелі болуы керек. Тек осындай тәсілдер мен жағдайларда ғана оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Қазақстанның қазіргі дамуы білім беру саласындағы модернизациямен байланысты, бұл ең алдымен қазіргі қоғамға интеграцияланған жас ұрпақты қалыптастыру мәселелерін қозғайды.

Әдебиеттер:

1. Авдеева, Н.И. мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздік негіздері. Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне арналған бағдарлама / Н.Авдеева, О. Князева, Т. Стеркина // Мектепке дейінгі тәрбие. — 1997. №3 - 4. -С. 32-40.
2. Алямовская, в.г. дені сау баланы қалай тәрбиелеу керек/Алямовская, в. г. // Мектепке дейінгі тәрбие. - 1993. - № 11. - Б. 43
3. Карманова, Л.в. балабақшаның ересек тобындағы дене шынықтыру сабақтары: әдістемелік құрал / Л. в. Карманова – М.: Нар. Асвета, 1980. – 162 б.
4. Касьянова, Л.г. үлкен мектеп жасына дейінгі балаларда салауатты өмір салты туралы идеяларды қалыптастыру: реферат. дисс. канд. пед. ғылым/ Л. г. Касьянова // Екатеринбург, 2004. – 22б.

5. Мектепке дейінгі мекемелерге арналған Заманауи білім беру бағдарламалары: Оқу құралы. /Под ред. Ерофеевой Т. Н. // -М.: Academia, 1999. – Б. 16.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ БАСТАУЫ

*Байбулова.Н.С.
«Аяла»бөбекжайы
Қарағанды қаласы*

Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары. Ата – бабамыз ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез-құлқын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін тәрбие құралы деп санаған. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділікпен тапқырлықтарын дамытады. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады. Ойын баланың жан – жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Халқымыздың тарихи – мәдени мұраларының түрлері өте көп. Солардың қай – қайсы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдылықты, дененің шынығуын қажет етеді. «Орамал ілу», «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз қуу», «Ұшты – ұшты», т.б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді. Ұлттық ойын баланың дамып жетілуіне, адамгершілік қасиеттерінің артуына, психикасына да тигізетін әсері мол. Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын, жерін, даму сатысын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, қонақ жайлылығын айқындап көруге болады. Балаларға ұлттық ойындарды үйрету арқылы әділдікке, достыққа, сыйластыққа, кішіпейілділікке тәрбиелей отырып, яғни адамгершілік қасиеттері де қалыптастырылады. Басқа ойындар сияқты қазақтың ұлттық ойындар тәртібін бұлжытпай орындауы баланың ойын барысында тәртіп сақтауы, баланы осы кезден бастап тәртіпке, әділдікке, жинақылыққа баулиды, адал, қайырымды, өжет болуға тәрбиелейді. Ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі тәлім-тәрбие жұмысына пайдалана отырып, атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет ғұрыпымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеуді балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн.

Қазақтың ұлттық ойындары-халқымыздың мәдени асыл мұрасы

1. Аңға, малға байланысты ойындар
2. Түрлі заттармен ойналатын ойындар
3. Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар
4. Спорттық ойындары
5. Тоғызқұмалақ

Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширектіріп, шынықтырады. Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарайды. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады. Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізделген. «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдылыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен». Ал енді, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты

мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған».

Демек – ұлттық ойындар халықтың сәби шағымен бүгінгі өскелең дәуірінің куәсі ретінде, адам баласының фантазиялық ой-жүйесінің заңды жалғасы ретінде оны үйретудің тәжірибеде пайдаланудың үлкен білімділік, тәрбиелік маңызы бар. Ойынға тек ойын деп қарамай халықтың асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Бұл пікіріміз жалаң болмас үшін заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы ойшылдарымыздың бірі- Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мына бір пікірін еске ала кетейік: «Біздің заманымыздың өмір кешкен ұзақ жолында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған». Халқымыз ұлт ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріліп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің желісі бар. Жас бала ойынға алдымен үйренуші, көруші өсе келе соған белсенді қатынасушы келесі кезеңді үйретуші, жаттықтырушы. Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз. Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өресі кең өсіп – жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі. «Бесік жырынан» бастап ұлт ойындарының барлығы халық тәрбиесінің көзі. Қай дәуірдің ұрпағына болмасын тіршілік жолына бағыт сілтеп, өмірге аттандырады. Халық жырлары ата-ананың балаға қойған бірінші сенімі, тілек-талабы. Мұның бәрі баланы ойната, көңілдендіре, бойларын сергіте жүріп айтылады да, өміріне рухани азық болатын өнегелі де ілтипатты сөздерді жас кезінен құлақтарына құя береді. Ал ойындар болса баланың осы айтылған өнеге-өсиет сөздерін күнделікті тіршілікте тәжірибе жүзінде іске асырудың құралы болды. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез — құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған.

Балалар ойынында кейде өлең-тақпақтар жиі кездеседі. Ол өлең-тақпақтардың негізгі мақсаты тапқырлыққа, шапшандыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп, ойын ұштау, өз бетімен іскерлікке, қысылған жерде дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Бұған қоса кез-келген ойынның аяғында жеңу бар да, жеңілу бар. Жеңгендер әрі қарай өз биігінде қалуға тырысса, жеңілгендер айып тартады. Ол көбінесе тақпақ айту, ән салу, би билеу түрінде болады. Бұдан қай ойынның да түпкі нысанасы — балалардың бойында өнердің, білімнің, тәрбиенің нұрын себу, өлең, тақпақ айтуға төселдіру екенін аңғару қиын емес. Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан- ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!

Әдебиеттер:

1. Балалар энциклопедиясы 3 том. 2011ж
2. Құралұлы. А. Ұлттық дүниетаным Алматы «Өнер»2002 Б.49-52
3. Отбасы және балабақша 2014 қаңтар-ақпан



САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ҰСТАНУ АРҚЫЛЫ МАМАНДЫҚҚА БАУЛУ

Бакаев Д.Б.

аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинеті,

Мыкышева Г.Е.

Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназия

Шет ауданы, Ақсу-Аюлы

Қазақстанда Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылды. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы талаптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымды қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс деп белгіленген. Осы тұжырымдама негізінде тәрбиенің сегіз бағыты айқындалғаны баршамамызға мәлім. Соның бірі ұлттық тәрбие. Тәрбиенің осы тармағында: әр бір мектепте атақты спортшылар, ғалым, көрнекі тұлғалар, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жоба жеңімпаздарымен кездесулер өткізу деп белгіленген, сонымен қатар салауатты өмір салтын ұстануға шақыру әр азаматтың міндеті. Осы мәселені басшылыққа ала отырып, шәкірттерімізмен бірге өлкенің тумасы, спортшы Қанат Сағындықұлымен кездесу ұйымдастырдым. Осы кездесу үлкен зерттеу жұмысына айналды, яғни балалар өз алдарына мақсат қойып, «ағай жайлы ғылыми жұмыс жазамыз» деп ұсыныс білдірді. Біздерде қолдау көрсетіп, зерттеу жұмысының жоспарын құрдық.

1. Әдебиеттерді зерттеу
2. Таңдаған тақырып төңірегінде тарихқа шолу жасау.
3. Мақсат, міндеттерін айқындау.
4. Жалпы құрылымын әзірлеу.

Әдебиеттерді зерттеу барысында ең алдымен күрестің тарихына шолу жасандар дедік. Нәтижесі. Балуандардың күш сынасуы, ат жарысы, ақындар айтысы сияқты қазақ халқы өнерінің ажырамас бір бөлігі болып саналады. Күрес - ұлттық мәдениетіміздің маңызды бір саласы болып табылады. Қазақтардың жыл он екі ай далада өмір кешіп, үнемі қозғалыста болу тірлігі, жас баладан бастап еңкейген кәріге дейін дене - күш дайындығына ерекше назар аударған. Қазақтар күш иесін «алып», «толағай», «балуан» деп атап, оны ерекше қасиет қонған адам ретінде таныған. Кез келген бозбаланың нағыз ер болуға тырысатыны айқын. Ол жастайынан өзінің бойындағы нағыз ер жігітке тән қасиеттерді, атап айтқанда батылдықты, байсалдылықты, өзін-өзі алып жүре алуы, салмақтылықты, ашықтық пен мейірбандылықты қалыптастыруға тырысуы қажет. Нағыз ер адам қиындықтарға, қауіпке төтеп бере алады. Әр азамат алға қойған мақсатына жетіп, аңсаған арманының шыңын бағындыру үшін өзіне деген сенімділікті бойына дарытуы тиіс. Болашақта жастарымыз абыройлы болуы қажет. Өйткені абырой адамның бойындағы ең асыл құндылықтарының бірі. Абыройлы болу үшін адамның өзінің ұстанымы болу керек. Ал, ұстаным дегеніміз не? Бұл жайлы өзін-өзі тану сабағында түсінік береміз.

Өмірлік ұстаным – адамның дүниетанымдық, моральдық, психологиялық қасиеттері және оның қоғамға қарым-қатынасын білдіру арқылы көрінетін ішкі қағидасы. Өмірлік ұстаным адамның іс-әрекетінде белсенді (айналадағы шындықты өзгертуге үнемі ұмтылу) немесе бәсең (қалыптасқан дәстүр мен норманы сақтау) түрінде көрініс береді. Өмірлік ұстаным – жеке адамның іс-әрекетінің белгілі бір бағыттылығы. Балалар зерттеу жұмысына баулу мақсатында ең алдымен осы сұрақ төңірегінде бапкермен тағы бір мәрте кездесуге, яғни сұхбат алуға бағыттадық.




Қазақ халқының барлық затқа өзіндік тұжырымы бар, сол сияқты «Болар бала жасынан» дегендей, Қанат ағай осы нақыл сөздің куәсі. Қанат ағай Қарағанды облысы Шет ауданы Кеңшоқы ауылында 1979 жылы тамыз айының 1 күні дүниеге келген. Нұра орта мектебінің табалдырығын 1986 жылы аттап, мектепті 1996 жылы аяқтаған. Мектеп қабырғасында жүріп жоғары сыныптарда күреске деген қызығушылығы оянған. Мектеп бітірген соң осы қызығушылықтың арқасында өзіндік мамандығын таңдаған, яғни Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің дене шынықтыру факультетіне түскен. Аталған ЖОО-ның 1998 жылы ойдағыдай аяқтап, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығының иесі атанған.

жылы ойдағыдай аяқтап, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығының иесі атанған.


Университет қабырғасында оқи жүріп әр деңгейде өтетін жарыстарға белсене қатысқа. Сол жарыстардың арқасында өзінің бойындағы күреске деген қызығушылығын, күш-жігерін, ынтасын шыңдап басқа да жарыстарда өзін көрсете білген екен. Бапкердің еңбек жолын зерттеп, кесте арқылы оны әзірлей білді.

Бапкердің еңбек жолы

Жылдар	Жұмыс істейтін орны	лауазымы
2002 ж.	Шет ауданының балалар мен жасөспірімдер мектебі	 Бапкер
2003 ж.	Қарағанды қаласы ЖСМ «Жас сұңқар» спорт мектебі	Бапкер
2011 ж.	Шет ауданының балалар мен жасөспірімдер мектебі	Оқу ісі жөніндегі орынбасары
2013 ж.	Шет ауданының балалар мен жасөспірімдер мектебі	Мекеме басшысының орынбасары
2016 ж.	Шет ауданының балалар мен жасөспірімдер мектебі	Мекеме басшысы

Еңбек жолын тыңдап, көріп отырып, балалардың білгені, яғни басшы бола тұра спортқа деген қызығушылығын жоғалтпағаны. Бұл әр баланың бойына өзіндік ұстам ұялатып, өз ісінің шебері бола білуге үйретеді. Сонымен қатар, сұхбат барысында балалар бапкердің еңбек жолын зерделей келе жасаған түйіндемелері, ол бірізділік, жүйелілік, ұқыптылық, жауапкершілік. Зерттеп жүрген балалардың өзі болашақ спортсмендер. Өздерінің айтуы бойынша: «спорт мектебіне дайындыққа барғанда әр баланың жүрегіне жол тауып сол балаға үнемі кеңес беріп, қолдап отырады. Әр балаға мотивация сыйлайды. Әр бала бапкер ағайды «кумир» етіп, үлгі тұтады. Барлық балалар ағай сияқты салауатты өмір сүріп, спортшы болғысы келеді» дейді. Бала үшін өнеге, үлгі бола білу адал, адамгершілігі мол адам деп білеміз. Осы зерттеу барысында бапкер ағайларының спорттағы жетістіктерінің динамикасын кесте арқылы жасаған.

Спорт саласындағы жетістіктерінің динамикасы

Жылдар	деңгейі	дәлелдеме
1997 жылы	Республика деңгейі жастар арасында өткен ҚР Чемпионатында қазақ күресінен жүлделі I орынға ие болып спорт шебері атандым.	
1998-2018 ж. аралығы ең мықты жарыстар	ҚР қазақ күресінің кубогының жеңімпазы атанған. Самбо күресінен ҚР Чемпионатында 2 рет қола жүлдегері атанған.	
2019 ж.	ҚР спорт шеберлері арасында өткен самбо, дзюдо және қазақ күресінен жеңімпаз атанған. Осындай іріктеуден өтіп халықаралық жарысқа жолдама алған.	
2019 ж.	Жақсы дайындықтың арқасында Марокко мемлекетіндегі Маракеш қаласында өткен Әлем Чемпионатында дзюдо күресінен II орынға ие болды.	

<p>2019 ж.</p>	<p>Дзюдо күресінен Әлем Чемпионаты өткен қола жүлдегері</p>	
<p>2019 ж.</p>	<p>Кипр мемлекетіндегі Лимассола қаласында самбо күресінен өткен Әлем Чемпионатында қола медалінің иегері</p>	
<p>2019ж.</p>	<p>Қазақ халқында: «Азаматың елі мақтап, мадақтаған» деген нақыл сөзі бар. Осы сөзге дәлелдеме Қанат ағайды балуанымызды жерлестері шын жүректен қуана қарсы алған сәттерінен көрініс</p>	
<p>2020 ж.</p>	<p>Украина мемлекетіндегі Минск қаласында өтетін самбо күресінен Чемпионат Мираға дайындық үстінде.</p>	

Сұхбат барысында ағайдың бойынан тізбектеген адамгершілік қасиеттер, олар «байсалдылығы, байыптылығы, әр жауабын мазмұнды етіп мақал-мәтелмен, нақыл сөздерге ұштастырып отырды. Ағайдың тіл байлығы да жеткілікті екен» ой түйген.



Өздерінің зерттеу жұмыстарымен бөлісу мақсатында оқушыларға арналған жергілікті «Шет өңірі» газетіне мақала жариялаған. Олимпиада чемпионы Ж.Үшкемпіров айтқандай: «шын мәнінде Алла Тағала бәріне бірдей бақ бере бермейді. Өйткені әркімнің несібесі, ырзығы бар. Істеген ісін өлшеп, еңбегін бағалайды. Содан барып бұйыртады. Сол үшін де үлкен спорт жан алысып, жан беру, Отан үшін, ел үшін аянбай тер төгу». Біздің ойымызша осындай бағыт-бағдардың арқасында өскелең ұрпақ нағыз қазақ қандай болу керек? деген сауалдың жауабын алады. Ұлттық мәдениетіміздің маңызды бір саласы болып табылатын күрестің жолы да даңғыл болмақ.

Қорыта келе айтатынымыз, кездесулер әр баланың ойына, ісіне өзіндік орын қалдырады, болашағына әсерін тигізеді, салауатты өмір салтын ұстануға шақырады, болашақ мамандық таңдауға себеп болады. Осы жобамен айналысқан баланың біреуі колледжге «дене шынықтыру пәнінің мұғалімі» мамандығына грантқа түсті. Біздің ойымызша әр баланы

жобамен айналысуға баулу әр ұстаздың міндетіне айналса, білім мен ғылымның даму жолы орасан болмақ. Салауатты өмір салтын ұстанайық.

Әдебиеттер:

1. 2020-2021 оқу жылына арналған ӘНХ. Нұр-Сұлтан қ. -2020ж.
2. Өзін-өзі тану: жалпы білім беретін мектептің 10, 11 сыныптарға арналған оқулық/ Ж.Б. Қажығалиева, Р.О. Ізтұрғанова. Алматы. «Бөбек»-2010 ж.
3. //Білімді ел. №11,2020 ж.
4. Өзін-өзі тану: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныптарға арналған оқулық/С.Нуркеева, Б.Ш. Алиева, Р.К.Бердибаева. А.: «Бөбек»-2019 ж

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЗАМАНАУИ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

*Баярхуу М.Б.
КМКҚ «Ақбөпе» бөбекжайы
Қарағанды қаласы*

Қазіргі кезде балалардың денсаулығы тақырыбы өзекті ғана емес, жалпыадамзаттық болып саналады. Балалардың денсаулығы, оны қорғау және дамыту тек білім беру және медициналық мекемелердің ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғамның қарастыратын басым бағыты болып табылады, өйткені дені сау балалар ғана әртүрлі іс-шаралармен айналысуға, оқуға, дамуға қабілетті. Тек толыққанды денсаулық үйлесімді дамыған тұлға қалыптасуына ықпал етеді.

Адамдардың денсаулығының өзектілігі денсаулықты сақтау, балаларды сауықтыру, денсаулықтағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу және түзету бойынша шұғыл шаралар қабылдау қажеттілігін көрсетеді. Осыған байланысты қазіргі заманғы терминологияда денсаулық сақтайтын білім беру технологиялары - денсаулық сақтау технологиялары деп аталады. Денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған арнайы педагогикалық әдістемелер, бағдарламалар жасау бүгінгі таңда ерекше сұранысқа ие болып отыр.

Мектепке дейінгі білім берудегі денсаулық сақтау технологиялары - бұл қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім берудің басым міндеттерін шешуге бағытталған технологиялар - балабақшадағы педагогикалық процесс субъектілерінің денсаулығын сақтау, нығайту және дамыту міндеттері: балалар, педагогтер, ата-аналар.

Балабақшадағы денсаулық сақтау технологияларының түрлері:

- * дене шынықтыру-сауықтыру,
- * баланың әлеуметтік-психологиялық тепе-теңдігін ұйымдастыру технологиялары,
- * жалпы денсаулық теориясы бойынша ата-аналарға білім беру жұмысы,
- * мектепке дейінгі білім беру тәрбиешілерінің денсаулығын сақтау және денсаулығын сақтау бойынша жұмыс,
- * мектепке дейінгі білім берудегі денсаулық сақтау технологиялары.

Ғылыми зерттеулер бойынша денсаулық сақтаудың ең заманауи технологиялары, практиктердің пікірінше, эстетикалық терапия әдістері танылған, олар: спорт, хореография, аэробика, музыка және басқа да өнер түрлері. Эстетикалық терапия әдістері үлкен емдік және психотерапиялық әлеуетке ие, олар сауықтыру мен денсаулықты сақтаудың басқа әдістерімен (мысалы, медициналық) салыстырғанда балаға жоғары тиімділікпен, үнемділікпен, адалдықпен ерекшеленеді. Эстетикалық терапияны қолданатын Денсаулық сақтау технологиялары денсаулықтың барлық салаларына әсер етеді, физикалық денені ғана емес, сонымен бірге жалпы адамды сауықтырады және дамытады. Дене жаттығулары арқылы балаларды сауықтыру кинезотерапия деп аталады. Әсіресе, бұл әдіс мектеп жасына дейінгі балаларға жақын, қол жетімді және қажет. Мектеп жасына дейінгі балаға тән қозғалыс тыныс алуды, қан айналымын, метаболизмді күшейтетін мотор белсенділігі жағымды сезімдер, қуанышты эмоциялар көзі, баланың әл - ауқаты, психофизикалық әл-ауқат деп аталады. Физиологтар кез - келген мотор жаттығуларымен дененің бөліктері ғана емес, сонымен қатар ми дамып, ақыл-ой қабілеттері мектепке дейінгі кезеңнің негіздерінің бірі екенін объективті түрде дәлелдеді.

Балабақшадағы заманауи денсаулық сақтау технологияларының бірақатарына тоқталайық.

I. Степ аэробика-соңғы онжылдықтарда әлемде үлкен танымалдыққа ие болған аэробика түрлерінің бірі. Оның басты айырмашылығы-би және жалпы дамыту жаттығулары арнайы платформалармен - "қадамдармен" орындалады.

"Степ" - ағылшын тілінен аударғанда сөзбе - сөз" қадам "дегенді білдіреді, демек, степ аэробика анықтамасы - "қадамдық аэробика". Сыртқы жағынан, аэробика-бұл музыкамен орындалатын жалпы даму және би ырғақты қозғалыстарының кешені, сондай-ақ ұзақ уақытқа арналған төмен қарқындылықтағы әртүрлі циклдік қозғалыстар.

Алайда, аэробикадағы ең бастысы, әрине, сыртқы әсер емес. Жоғары мотор белсенділігі қанға және жүрек - тамыр жүйесі арқылы бұлшықет тініне енетін оттегінің жоғарылауын қамтамасыз етеді, бұл сауықтыру әсерін береді, бұлшықеттерді жоғары физикалық белсенділікке дайындайды, шаршауды жеңілдетеді және жақсы көңіл-күй сыйлайды.

Степ аэробика ерекше, өйткені ол дененің барлық функциялары мен жүйелерін дамытады және нығайтады, төзімділік пен өнімділікті дамытады, әдемі, мәнерлі және дәл қимылдарды үйлесімді түрде дамытады, балаларды тәрбиелеуде сауықтыру функцияларын тиімді орындайды. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін сауықтыру сатысы негізінен қолданылады-аэробика. Оның мақсаттары-денені жалпы сауықтыру, бұзылулардың алдын алу және түзету, адам ағзасының жүйелері мен функцияларын нығайту, физикалық қасиеттерді дамыту.

Сауықтырушы қозғалыс ойындары-денсаулық сақтау технологиясының ойын түрлерінің бірі.

Сауықтырушы қозғалыс ойындардың жаттығулардан артықшылығы-ойын әрқашан бастамамен, қиялмен, шығармашылықпен байланысты, эмоционалды түрде жүреді, мотор белсенділігін ынталандырады. Ойын табиғи қозғалыстарды негізінен ойын-сауық, кедергісіз түрде пайдаланады.

Сауықтырушы қозғалыс ойындардың ажырамас шарты болып табылатын шығармашылық, қиял - өмір еркінің көріністерінің бірі - ми импульстарын күшейтеді, бұл өз кезегінде гипофизді, қалқанша безді және бүкіл эндокриндік жүйені ынталандырады.

Интеллектуалды дамудың, жаңа білім алудың тиімділігіндегі ойынның рөлі баға жетпес. Көбінесе күтпеген, күлкілі жағдайлармен бірге жүретін сауықтырушы қозғалыс ойындар балаларда шынайы күлкі тудырады. Ғалымдар күлкі көптеген созылмалы ауруларды сәтті емдей алатын күшті терапевтік агент екенін дәлелдеді. Қимыл ойындарымен ЖРВИ, жалпақтабан, мүсіннің бұзылуы, гипогенезия, семіздік және т. б. сияқты аурулардың алдын алуға және емдеуге болады. Сауықтырушы қозғалыс ойындардың музыкалық сүйемелдеуі психикалық процестердің дамуына одан да үлкен әсер етеді, ырғақ сезімін дамытады, жүйке жүйесін теңестіреді, бұлшықет күшін реттеуге көмектеседі.

Музыка ойындары - эстетикалық терапия әдістерінің бірі- денсаулық сақтау технологияларының бірі.

Қозғалмалы ойын арқылы балаларды сауықтыру 5 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- Физиологиялық-ішкі ағзалардың, дене функциялары мен жүйелерінің, физикалық қасиеттердің нығаюы, өсуі, дамуы.

- Психоэмоционалды сауықтыру әсері-жағымды эмоциялардың, психикалық процестердің дамуы, орталық жүйке жүйесінің сапалы дамуы.

- Интеллектуалды даму-қозғалыстардың мидың дамуымен байланысы, мотор жадының дамуы, жаңа білім мен дағдыларды игеру.

- Балалардың қозғалысқа деген табиғи қажеттілігі - балалардың педагогикалық процеске белсенді қатысуы, қозғалысқа үнемі ұмтылудан туындаған ойын әрекеті, нәтижесінде баланың өзі сау болып, дамуына көмектеседі.

- Сауықтырушы қозғалыс ойынның моральдық денсаулыққа әсері. Сауықтырушы қозғалыс ойын бастамашылдықты, анықтықты, тәртіпті, ұйымдастырушылық қабілеттерді, шығармашылықты тәрбиелейді, осындай ерікті қасиеттерді қалыптастырады: шыдамдылық, мақсаттылық, жауапкершілік, қиындықтарды жеңе білу, сыни ойлау, табандылық.

Байқау, ой белсенділігі, ынта-жігер, іс жүзінде шығармашылық идеяларды жүзеге асыру қабілеті, жанашырлық, басқаларды қуанту және басқаларға қуану сияқты қасиеттерді дамытады. Барлық осы қасиеттер баланың жеке басын қалыптастырады және болашақ өмірде қажет.

Сауықтырушы қозғалыс ойынның нәтижесі-қуаныш, эмоционалды көтерілу, баланың физикалық Күштерінің дамуы мен жоғарылауы, тұтастай алғанда балалар ағзасына тиімді емдік әсер.



Стопотерапия денсаулықты сақтау мен нығайтудың, катаюдың, жалпақ атабндылықтың алдын-алу және түзетудің дәстүрлі емес әдістерінің бірі болып саналады.

Ол бірнеше түрді қамтиды:

- * Табандарды уқалау және өздігінен уқалау;
- * Алдын алу және емдеуге арналған ойындар мен жаттығулар, емдік гимнастика үшін тоқта;
- * Вибрациялық массаж;
- Су профилактикалық процедуралар;
- Жалаңаяқ жүру (ойындар, жаттығулар, әр түрлі қызмет түрлері көшеде, табиғатта және дене шынықтыру сабақтарында, таңертеңгілік жаттығуларда және т. б.);
- * Ортопедиялық аяқ киім, түзеткіш ұлтарактар, супинаторлар.

Стопотерапияның аталған түрлерінің бірі-массаж және өзін-өзі массаж. Бұл әдістің артықшылығы-оны қолдану өте оңай, кез-келген жаста қол жетімді, үнемді, адал, ерекше жағдайларды қажет етпейді, ең бастысы, ол үлкен сауықтыру әлеуетіне ие және денсаулықтың әртүрлі ауытқуларының алдын-алу және түзетудің кең спектріне ие, оны сақтау және нығайту. Бүгінгі таңда көптеген педагогтар бұл әдісті мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда белсенді қолданады. Массаж және өзіндік массаж табанға жасалады бұлшық ет, буын және байланыстырушы аппараты табан, белсенді нүктелері табан, тері жабындылары белсенді әсер етеді. Нәтижесінде аяқтың жалпы нығаюы жүреді, бұлшықет күші дамиды және қазіргі кезеңдегі маңызды педагогикалық міндеттердің бірі - жалпақ табандылықтың алдын-алу және түзету шешіледі.

Аяқтың табанына, алақан сияқты, бүкіл дене проекцияланады және олар мүшелердің, жүйелердің және олардың функцияларының күйін көрсетеді.

Табандар, бүкіл адам денесі сияқты, көптеген жүйке рецепторларына ие, олардың жинақталуы белгілі бір жерлерде биологиялық белсенді нүктелер деп аталады, олар медициналық тәжірибеде белгілі бір органдармен және дене бөліктерімен бастапқы байланысы бар рефлекторлық деп аталады.

Аяқтың табанындағы белгілі бір жерлер мен нүктелерді уқалау дененің кез-келген аймағына өмірлік энергияның қолайлы қол жетімділігін қамтамасыз етеді. Мұндай массажды массаж терапевтері немесе "денсаулық жолдары"деп аталатын жолдармен қамтамасыз етуге болады.


Бұл жолдар әр түрлі ұзындығы мен ені бар кілемшелер, әр түрлі іздері бар және арнайы жабыны бар /ине, қабырға, қатты қадалы және т.б./, сонымен қатар әртүрлі заттары бар кілемшелер. Денсаулық жолдарына жұмсақ толтырылған материалдар /мақта жүні, көбік резеңке, синтепон/бар жолдар да кіреді. Денсаулық жолында жүру балаларға үлкен қызығушылық пен қуанышты эмоциялар тудырады. Ерекше күш жұмсамай, бала еркін түрде аяқтарын массаж жасайды, жағымды сезімдер, ләззат алады, денесі қуат пен денсаулыққа толады.

Егер біз балаларды ерте жастан бастап осы денсаулық сақтау технологиялары және басқа да жолдар арқылы өз денсаулығын бағалауға, қорғауға және нығайтуға үйретсек, егер біз салауатты өмір салтын жеке үлгі ретінде көрсететін болсақ, онда болашақ ұрпақ физикалық жағынан ғана емес, жеке, зияткерлік, рухани жағынан да сау және дамыған болады деп үміттенуге болады.

Тек дені сау бала барлық іс-шараларға қуана қатысады, ол көңілді, оптимистік, құрдастарымен және педагогтармен қарым-қатынаста емін еркін түсе алады. Бұл жеке тұлғаның барлық салаларын, оның барлық қасиеттерін сәтті дамытудың кепілі.

Әдебиеттер:

1. Ахутина Т.В. Здоровьесберегающие технологии обучения: индивидуально-ориентированный подход, 2000.
2. Новые здоровьесберегающие технологии в образовании и воспитании детей. С. Чубарова, Г. Козловская, В. Еремеева // Развитие личности. -N2.-С.171-187
3. Сивцова А.М. "Использование здоровьесберегающих педагогических технологий в дошкольных образовательных учреждениях" Методист. – 2007.
4. Терновская С.А., Теплякова Л.А. Создание здоровьесберегающей образовательной среды в дошкольном образовательном учреждении// Методист. -2005.-N4.-С.61-65.



САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ – ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Бегайдарова А.С.

ғылым.жсет. Абдыкаликова К.А., химия ғ.к.

«А.Байтұрсынов ат. Қостанай өңірлік

Университетінің» жаратылыстану-ғылымдары

кафедрасының профессоры

Қостанай қаласы

Қазіргі таңда көпшілік балалардың сана-сезімін улап жатқан интернет, телефон деген гаджеттер белең алып кетті, одан оқушының қалыптасуы нашарлап жатыр. Бұл үлкен дүниежүзілік мәселе болып отыр. Кез-келген ата-ана баласын ешкімнен кем болмасын деп, қалаған затын алып беріп жатады, осымен оның санасын улап жатқанын сезбейді. Бала қимылдамай отырғандықтан денесі қалыптаспайды, далаға шығып, жүгіріп, ауа жұптаған соң, қан айнылым болмайды. Балалар әлжуаз, түрі сау, санасы ауру, кемтар баладай болып жатқанын көргенде қатты қиналасың.

Бір қуантарлық жағдайымыз бар, ауылымызда ұлттық спорт мектебінің барына шүкірлік етеміз. Ашылғанына көп болмаса да, ұлттық спорттың барлық түрлері өткізіледі. Балаларымыздың көпшілігі қатысып жүр, бірақ кейбіреуі сол қалпында гаджеттермен дос болып, үйден шықпай отыр.

«Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріндегі тәрбие мен білім беру» кезеңіндегі спортты дамытып жатқан жерлер бар.

Ұлттық спорттың дамып жатқанын байқап, тарихына үңілсек

Қазақ халқының Ұлттық спорты – халқымыздың өмірімен бірге дамып келе жатқан мәдени жетістіктерінің маңызды бір саласы.

Қазақтың ұлттық спорты 1920-1930 жылдар аралығында қазіргі заманға сай бір жүйеге келтіріліп, олардың түрлері бойынша арнайы спорт жарыстары өткізіле бастады. Оған жергілікті жерлерде: ауыл, аудан, облыс көлемінде ұйымдастырылған үйірмелер мен секциялар негіз болды. 1938 жылы Алматыда колхозшылардың республикалық спартакиадасы өткізілді, ал 1944-1947 жылдар аралығында қазақтың ұлттық спорт түрлерін тұтас қамтыған жеке-жеке жарыстар ұйымдастырылды. Осы кезден бастап Қазақстанда қазақтың ұлттық спорт түрлері басқа әлемдік спорт түрлерімен қатар дамып, халқымыздың денсаулығын нығайтуға икемді де епті, күшті де төзімді болып болып өсіп жетілуіне зор пайдасын тигізіп келеді. Ұлттық спорт түрлері ойындарының өте кең тараған түрлері: «Қазақ күресі», тоғызқұмалақ, асық ату, ат спорты ойындары (көкпар, аударыспақ, бәйге, қыз-қуу) сияқты ойын түрлері көне заманнан осы заманға дейін халықпен бірге жасасып келеді.

Ұлт ойындары ертеден-ақ жалпы этнографиялық әдет ғұрыппен бірге дамып, жетіліп, ендігі жерде өз алдына бір бөлек зерттеуді керек ететін қазақ этнографиясының бір бұтағы, ұлт ойындарының дамуы тек қоғамның өзгеруіне байланысты әлеуметтік экономикалық жағдайдың негізінде дамып отырғанына көзіміз жетті.

Қазақ тарихында жауырыны жерге тимеген батыр аталарымыз да жоқ емес. Аттың құлағында ойнап, ерлігімен, батырлығымен, батылдығымен, палуандылығымен көзге түскен. Махамбеттей ер тұлғалы батырлар, Балуан Шолақ сынды ат үсті ойынының түрлі тәсілдерін меңгерген, күш өнерін көрсеткен спортшы, жауырыны жерге тимеген палуан, қазақ елін әлемге танытқан Қажымұқандай аталарымызды айтпау мүмкін емес.

Қазақша күрестің дамуы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін басталды. «Қазақша күрес» федерациясын құрып, көптеген ғылыми еңбектер жазып, тұңғыш төраға болған - Ерғали Мұхитдинов ағамызды айтпай кету мүмкін емес. Ол кісінің ерең еңбегі мол. Алғаш рет «Қазақша күрес» федерациясын құрып, оның тұңғыш төрағасы болған адам. Осы шамада, яғни 1990 жылдары атақты балуан Әбілсейіт Айханов ағамыз өзі бас болып қазақша күрес ережесін жазып, ол ереже 1990-1995 жылдарға дейін қолданыста болды. Одан кейін күрес ережесін жетілдіріп, қазіргі палуандар киіп күресіп жүрген күрес киімінің негізін жасаған адам – Елемес Әлімханов. Бұл кісінің де қазақ күресіне сіңірген еңбегі зор. 2002 жылдардан бастап осы күрестің қыр-сырын білетін Бауыржан Жаналин, Марат Жақитов, Діқанбай Биткөзов сияқты мамандар қазір қолданыста жүрген ережені дүниеге әкелді. 2004 жылы Берлин қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының кіші құрылтайында «Қазақ күресі» бойынша халықаралық федерация құрылып, оның басшысы болып Серік Төкеев сайланды.

Қазіргі кезде ұлттық күрес, тоғызқұмалақ және ат спорты ойындарының түрлі үйірмелері ашылып, спорт мектептерінде арнайы жаттықтырушылар жаттықтыра бастады.

Еліміздің жастарының денсаулығын жақсартумен қатар ұлттық спортты дамытуға үлес қосып отырған мекеменің болашағы зор.

Салауатты өмір салтын насихаттау арқылы, әсіресе жас жеткіншектерге ұлттық спорттың қыр-сырын меңгертіп жатқан еліміздегі жаттықтырушылардың еңбегі ұшан-теңіз. Болашақтың қайнар көзін, асыл қазынасын, ұмыт болған дәстүрімізді жаңғыртып жатқан ұлттық спорт мектебінің үлесі.

Спорттың қай түрі болмасын адамды шынықтырады, әсіресе ат спорты баланың өмірге деген құлшынысын тудырады. Өзіне деген сенімділікті арттырады. Жауапкершілікті сезінеді. Жас баланың буыны қатайды, аяқ-қолы, бұлшықеттері шымыр келеді, таза ауада жаттыққан соң, баланың бойында оттегінің мөлшері артады. Қанайналым жақсарады. Биологиялық, физиологиялық жағынан баланың қалыптасуына үлкен ықпал етеді.

Балалардың бойында, сана-сезімді, қазақилықты, ұлт-жандылықты, патриоттық рухты қалыптастырып жатқан мектебіміз бар. Бұл өте қуантарлық жағдай. Тәуелсіздігімізге 29 жыл болса да кейбір өңірлерде қазақилықтың иісі шықпай жатыр, бұл дегеніміз, әлі де болса, сонау 70-жылдардан қалыптасып қалған орыстандырудың мысы басым болып тұрғандай көрінеді. Бірақ, осы Қостанай өңірін сондай қазақилықтың ауылы алыс деп ойлайтындарға осындай ұлттық спорт мектебіміздің барына, оның қарыштап дамуына үлес қосып жатқан жаттықтырушыларға тәнтіміз. Күн өткен сайын «қатысам» деген жас жеткіншектердің қарасы көбейген. Ұл балалармен жарыса қатысатын, қыз балалардың да саны артуда.

Айтылып жатқан спорт мектебі Қостанай ауданы, Заречный ауылында Ұлттық спорт түрлерін дамытып жатқан, жас жеткіншектерді даярлайтын спорттық мектептің жұмысына 3-жылдай уақыт болды. Бұл мектепте ат спортының түрлерінен: көкпар, қыз қуу, жамбы ату, аударыспақ, теңге ілу, бәйге т.б. бар.

Оның сыртында қазақша күрестің дамуы өте жақсы деңгейде ұйымдастырылған.

Ұмыт болған асық ату спорты да бар. Балалардың дені қызығушылықпен жылдың барлық мезгілінде, тегін қатыса алады. Тоғызқұмалақ сияқты ойындарды да ұйымдастырып отырған спортшы-шеберлердің еңбегі зор.

Ұлттық спорттың қай түрі болмасын, оқушылары аудандық, облыстық, республикалық деңгейде жүлделі орындарға ие болып жүр.

Жаттықтырушылардың дені жастар, олардың бойында күш-жігер, намыс, қайрат деген от болып жанып тұр. Өздерінің білікті маман екендерін талай рет дәлелдеп жүр. Әр апта сайын демалыс күндері бәйге, көкпар, теңге ілу, қыз қуу сияқты ойындарын үлкен «Қазақ тұлпары» стадионында өткізеді.

Осындай ұлттық спорттың дамып жатқанына қарап, жаның жай табады. Ұлттық спорт дамыса, болашақ жастарымыздың қатысу деңгейі де көбейе түсетін еді.





Әдебиеттер

1. Қазақтың ұлттық ойындары. Б.Төтенаев, Алматы, 1994 жыл
2. Қазақтың ұлттық спорт ойындары. Е.Сағындықов, Алматы «Рауан», 1994 жыл
3. Дене тәрбиесі сабағында қолданылатын қысқаша терминдік сөздер Е.Шоңов, Н.Байзақова, Қ.Омаров, А.Жұмабеков, Тараз қаласы, 2001 жыл.
4. Қазақтың ұлттық спорт ойындарының тарихы мен дамуы, Шоңов Е.Ш., Тараз қаласы, 2015 жыл,

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕШЛІ

*Бейсенбаева К.Б., Амирбекова М.М.
С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясы
Балқаш қаласы*

Денсаулық - кез-келген адамның басты құндылығы. Денсаулықтың мықты болуы көптеген маңызды мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді, ал денсаулықтың нашарлығы оның иесін өмірінің едәуір бөлігін емдік-сауықтыру шараларына жұмсауға мәжбүр етеді.

Өз денсаулығын қорғау әркімнің тікелей міндеті, оны басқаларға аударуға құқығы жоқ. Өйткені, адам өмірдің дұрыс емес жолымен, жаман әдеттерімен, физикалық әрекетсіздігімен, 20-30 жасқа дейін шамадан тыс тамақтанумен өзін апатты жағдайға алып келеді, содан кейін ғана медицинаны есіне алады.

Медицина қаншалықты мінсіз болғанымен, ол барлығын барлық аурулардан арылта алмайды. Адам өз денсаулығының жаратушысы, ол үшін күресу керек. Ерте жастан бастап белсенді өмір салтын ұстану, өзін-өзі ұстау, дене шынықтыру және спортпен айналысу, жеке гигиена ережелерін сақтау, бір сөзбен айтқанда, денсаулықтың ақылға қонымды жолдарымен үйлесімділікке жету қажет.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы анықтағандай, «денсаулық дегеніміз - ауру мен физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқаттың күйі».

Сондықтан денсаулықты сақтау үшін салауатты өмір салтын ұстану керек. Ол үшін ерте балалық шақтан бастап денсаулығыңызға қарай салауатты өмір салтын ұстануыңыз қажет.

Салауатты өмір салты - қазіргі заманның өзекті тақырыптарының бірі. Жаңа технологиялармен, ауыр жүктемелермен, күнделікті тәртіпті бұзатындар, орынсыз өмір салтын ұстанатын адамдар саны артып келеді. Бақытымызға орай, Интернеттің пайда болуымен бірге, салауатты өмір салтын құрайтын осы тармақтардың әрқайсысы туралы ақпарат өте жоғары болды.

Салауатты өмір салты туралы түсінік, негізгі қағидалар.

Салауатты өмір салты - бұл адамгершілік қағидаларына негізделген өмір салты. Ұтымды ұйымдастырылған режим, белсенді, еңбек, қатаю және сонымен бірге қоршаған ортаның қолайсыз әсерлерінен қорғау. Бұл өмір салты сізді моральдық, психикалық және физикалық денсаулықты жетілуге мүмкіндік береді.

Дені сау және рухани дамыған адам бақытты - ол өзін керемет сезінеді, өз жұмысынан қанағат алады, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады, жастық рух пен ішкі сұлулыққа жетеді.

Салауатты өмір салтының негізгі принциптері

1. Рационалды тамақтану.

Адам ағзасына 40-тан астам маңызды қоректік заттар қажет, ол оны өзі қамтамасыз ете алмайды, сондықтан оларды сырттан қабылдауы керек. Кез-келген жастағы баланың рационалды тамақтануы оның денсаулығы мен белсенділігінің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Мұндай тамақ жасына сәйкес болуы керек, және күніне төрт-бес тамақтану керек, қоректік заттар - белоктар, майлар, көмірсулар, сондай-ақ витамин мен минералды құрамы жағынан теңдестірілген және организмнің энергия шығындарын толық қамтамасыз етуі керек. Тағамның калория мөлшері өсіп келе жатқан организмнің энергия тұтыну мөлшеріне сәйкес келуі керек.

2. Дене белсенділігі.

Дене белсенділігі дегеніміз - адамның күн ішінде, аптада, айда жасайтын қимылдар саны. Қозғалтқыш белсенділігі - бұл тірі организмдерге деген биологиялық қажеттілік, тамақтануға, суға, ұйқыға деген қажеттіліктен кем емес. Қозғалтқыш белсенділігінің шектелуі немесе болмауы жастардың дамуына және жетілген организмдердің жұмысына кері әсер етеді; түрлі аурулар дамиды, қартаю процестері белсендіріледі және жеделдетіледі. Тіпті Аристотель физикалық әрекетсіздік сияқты денені ешнәрсе таусып, бұзбайды деп атап өтті. Сондықтан оңтайлы физикалық жүктеме - салауатты өмір салтының негізін қалайтын маңызды факторлардың бірі. Бірқатар зерттеулер көрсеткендей, белсенді өмір сүру және үнемі жоғары жұмыс қабілеттілігін ұстап тұру үшін адам күніне кемінде бір сағат белсенді қимыл-қозғалыстарға, дене шынықтыруға уақыт бөлуі керек.

3. Қаттылық

Дене белсенділігін салауатты өмір салтын қатайту сияқты маңызды компонентінен ажырату қиын, бұл денеге суық тиюге және вирустарға қарсы тұруға мүмкіндік береді, бұл денені әлсіретіп қана қоймай, қабылданған күнделікті тәртіпті бұзады.

4. Гигиена стандарттарын сақтау

Бұл топқа барлық негізгі гигиеналық шаралар кіреді: ауыз қуысы мен дененің тазалығын, жыныс мүшелерінің гигиенасын, төсек пен іш киімнің тазалығын сақтау, тек жеке гигиена құралдарын қолдану

5. Рационалды күнделікті тәртіп

Күнделікті жұмыс - бұл ұзақ уақыт бойы қатаң сақталатын жұмыс, тынығу, ұйқы, тамақтану, жаттығу және кез-келген басқа іс-әрекеттің оңтайлы тәртібі.

6. Жаман әдеттерден бас тарту

Темекі шегу, алкоголь, есірткіге тәуелділіктің кез-келген түрі салауатты өмір салтына сәйкес келмейді және студенттің өсуі мен дамуының кешеуілдеуімен, түрлі аурулардың пайда болуымен және тіпті өліммен қорқытады.

Салауатты өмір салтына әсер ететін жағымсыз аспектілер

1. Шамадан тыс тамақтану. Ғылыми тұрғыдан алғанда, шамадан тыс тамақтану дегеніміз энергетикалық құндылығы біз жұмсайтын энергияға қарағанда көп болатын тағамды тұтынуды білдіреді.

2. Темекі шегу. Темекінің ағзаға әсері. Еріннің, ауыздың, көмейдің және көмейдің инсульт рагы инфаркт өкпенің қатерлі ісігінің даму қаупін арттырады, бауыр қатерлі ісігі, асқазан, ұйқы безі қатерлі ісігі, қан тамырларының бітелуінен туындаған бедеулік гангрена. Темекі шегудің тыныс алу жүйесіне әсері. Темекі шегу кезінде темекі түтіні ауыз қуысына, тыныс алу жолдарына еніп, шырышты қабығын тітіркендіреді және өкпе көпіршіктері пленкасына қонады.

3. Алкоголь ішу. Алкоголь бүкіл адам ағзасына қорқынышты соққы береді. Бауыр, жүрек, ми, ұрпақты болу жүйесі - мұның бәрі алкогольді ішкенде қатты соққы алады.

4. Тамақ қабылдауды, монотонды диетаны бұзу. Дене салмағының өсуіне ықпал ететін фастфуд, жоғары калориялы газдалған сусындардың көбеюі байқалады.

5. Аз қимылдар.

6. Стресс. Біз бәріміз стресске ұшыраймыз, бірақ егер сіз одан өзіңізді босату үшін ештеңе жасамасаңыз, ерте ме, кеш пе бұл өзін сезінеді. Стресс жүрек ауруымен, иммундық жүйенің әлсіреуімен және ас қорыту проблемаларымен байланысты. Бірақ жақсы жаңалық - стресстен арылуға болады. Сізге өзіңізге сәйкес келетін әдісті табуыңыз керек.

7. Ұйқының болмауы. Ұйқы өте маңызды. Ұйқысыз жануарлар өледі. Адамдармен, менің ойымша, нәтиже бірдей болады. Белгілі болғандай, ұйқының болмауы денсаулықтың нақты проблемаларын тудырады: өте төмен өнімділік, реакция баяу, иммунитеттің әлсіреуі.

8. Жоғары технологиялық ойын-сауыққа қатысу (компьютерлер, ұялы телефондар). Бос уақыттың маңызды бөлігі теледидар көруге кетеді. Мұның бәрі әлсіздікке, көру қабілетінің нашарлауына әкеледі, таза ауаның әсерін азайтады, ұйқының бұзылуы.

Андатпа:

Әр адам өз денсаулығын күтуге міндетті. Өмірдегі осы маңызды факторсыз бақытты заманауи адамның толыққанды өмірін елестету қиын.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру тек әркімнің қалауы мен қалауына, сонымен қатар қоршаған ортаға, генетикалық кодқа байланысты.

Біздің уақытымызда жиі кездесетін жаман әдеттердің пайда болмауын қамтамасыз ету маңызды. Кімде олардан бас тартуға болатын жаман әдеттер бар.

Өйткені, салауатты өмір салтының қазіргі өмірдегі рөлі сөзсіз. Піскен кәрілікке дейін сау адам жас және белсенді болып қалады, қоғамдық өмірге толық қатысады және өмірден қанағат алады.

Барлығына салауатты өмір салтын ұстануға, дені сау, көтеріңкі көңіл-күйде болуларына тілектеспін!

Әдебиеттер:

1. К. Кроули . Моложе с каждым годом. Как дожить до 100 лет бодрым, здоровым и счастливым — «Альпина Диджитал», 2005

2.Н.А.Семенова. Здоровье здорового человека-Москва- Санкт-Петербург,2008.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ДАМУ

Бельгибекова Ж.А.

*А.Ермеков атындағы ЖОББМ
базасындағы тірек мектебі (РО)
Қарағанды облысы, Шет ауданы,*

Дана халқымыз бала тәрбиесіне үлкен мән берген. Елдің, халықтың болашағы бала тәрбиесінің өте маңызды екенін түсіне отыра, балаға жан-жақты рухани жан-дүниесі таза болсын деп адамдыққа үйреткен. Жас бала жас шыбық секілді, қалай исең солай майысады, қалай айтсаң солай көнеді. Баланың көңіліне, ішкі жан-дүниесіне қатты тимейтіндей етіп берудің өзінде үлкен мән-мағына жатыр. Себебі, жас бала жаратылысынан ата-анасының қамқорында болып, өмірдің барлық келбетін ойын арқылы қабылдайды. Баланың негізгі іс-әрекетінің өзі – ойын. Халқымыздың баланы «ойын баласы» деп те атауы бекерден бекер болмас. Балаға дүниенің қызығы сол – ойын, барлығын ойынға айналдыру. Сондықтан балаға тәрбие бергенде ойын мен тәрбиені ұштастырып, баланы ойната тұра, оның бойына рухани, адами құндылықтарды сіңіру ата-ананың да, ұстаздардың да, бір сөзбен айтқанда жөн сілтеушілердің міндеті. Халық даналығы да соны меңзейді. Бала мен жеткіншекті ойнатып қана қоймай, бойына ұқыптылық, адамгершілік, татулық, намысшылдық, ептілік, шапшаңдық және т.б. секілді адами қасиеттерді сіңіретін негізгі құрал – **Ұлттық ойындар**.

Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл ойын дамуы, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамуының, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды, осы сезім оны талпыныстарға жетелейді. Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады. Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін қалыптастырады. Ойын – баланың қажетті әрекетінің бірі ойынды кіші жастағы балалардың табиғаты керек етеді. Балалардың еңбегі, оқуы ойыннан басталады. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра

отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Жалпы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түсетіні белгілі. Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады. Мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Ойынға толық сынып қатысады. Кестедегі белгісіз сандардың орнына «ақсүйек» тығылып жатыр. Кім дұрыс шығарса, сол табады. Кім ақсүйекті көп тапса, сол ұтады. Өтілген тақырыптардағы сабақ материалына лайықталған ойын есептерін алып, тек қана оқушының орындай алатын іс - әрекетімен шектелуі жеткіліксіз. Мұндай ойынды ұйымдастырудың және басқарудың сипаты мен жолдары және оларды қолданудың тиімді бөліктері жан-жақты ойластырылуы керек. Ойын үрдісінде балалардың білімі тереңдей түседі, осыған дейінгі білімдері мен түсініктері баянды болып жаңа білім игеріледі. Ойын - адамның өміртанымының алғашқы қадамы деп білеміз. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады. Атау ұйқастарын санау арқылы оқушылар сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі. Санамақтар сан үйретеді, әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтың түрлері өте көп. Ойында балалар әр нәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды. Ойын үстінде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге асырады. Ойын шарттарының өзі баладан заттарға, айналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді. Егер бала ойын талабына зейін қойғысы келмесе, ойын шарттарын есте ұстамаса, онда оны құрдастары ойыннан шеттетуді ықтимал.


Ойын - балалардың негізгі іс - әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Кіші мектеп жасындағы балаларды көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданалытанын байқау қиын емес. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе «Көкпар», «Асық», «Теңге алу» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге, сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді.

Қазақтың ұлттық ойындарын мектеп бағдарламасына енгізу жас буынды тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Әр сабақ сайын ұлттық ойынның үш-төрт түрін алып, солардың ойнау тәсілін үйрете отырып, жетілдіре, қайталау арқылы пысықтап, әрбір бала жадында сақтайды да, оны ойнай біледі. Ұлттық ойындарды қолданудың заманға сай әдістерін ойлап табу әрине қиын. Әрбір баланың санасына ойынды сіңістіріп енгізу үшін біз қызықты да дұрыс әдістерді қолдануымыз керек. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан жақты тәрбиелік қасиетін шыңдай түседі. Ұлт ойындары өте күрделі дүние, ол адам баласының табиғи әрекеті. Сабақтың барысында сол табиғилығын сақтай отырып, оның элементтерін ретті пайдалану сабақтың әр кезеңінде оқушылардың көңіл-күйіне психологиялық жағынан барлау жасай отырып, білгірлікке әрекет жасауды талап етеді. Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық ойындары - баланың зерек те ақылды, шымыр да ширақ боп өсуінің басты құралы. Оны оқыту процесінде қолдану - тиімді әдіс. Сонымен түйіндеп айтарым, сабақта және тәрбиеде, сабақ барысында ұлттық ойынды ұтымды пайдалансақ, білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда білім алушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады.

Әдебиеттер:

1. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі», «Алматы» 2004 жыл,
2. Керімбаев.Р Табиғат. Бала. Тәрбие. Алматы 2011. -85 бет.



FORMATION OF A HEALTHY LIFESTYLE FOR STUDENTS IN ENGLISH LESSONS, IN THE FRAMEWORK OF SECONDARY SCHOOLS

*Гагарин Д.В., Васкеева-Мамаева О.В.
Школа: КГУ «СОШ№»№16
г.Караганда*

In the modern world with a difficult socio-political situation in the country, with a bad environment, questionable food products in stores, in a world of stress, aggression and indifference, the topic of forming a healthy lifestyle and strengthening the health of students has become a priority in the development of the school's educational system. Health is the greatest jewel we have. Having analyzed the statistical data, we came to the conclusion that the health of schoolchildren is deteriorating compared to their peers twenty or thirty years ago. Students spend about 70% of their time within the walls of the school, which means that the most significant increase in the frequency of all types of diseases is observed precisely during the period of study. In the period from 6 to 17 years, the most intensive growth and development takes place, the formation of the health of schoolchildren for the rest of their lives. The child's health, his socio-psychological adaptation, normal growth and development are largely determined by the environment in which he lives.

That is why from the very beginning, even before the child arrives at school, it is necessary to instill in children knowledge and skills in the field of health protection, with which the school will continue to work, contributing to the formation of a healthy lifestyle for students.

Nowadays, the health of a child is influenced not only by the ecology and the situation in the world, but also by a number of different factors such as: the microclimate in the family, relationships with friends and classmates, the load at school, nutrition, physical activity and many other factors.

Therefore, one of the priority tasks of education today is the preservation and strengthening of the health of students, the formation of their attitude towards a healthy lifestyle, the choice of such teaching technologies that would be adequate to the age of the students, eliminate overload and preserve the health of students. In what conditions can a child realize his ability to "be healthy?" In our opinion, these are:

- Didactic physical education minutes (invented on specific topics).
- Relaxation pauses
- Didactic ball games
- Movement games
- Music therapy
- Breathing exercises
- Gymnastics for the eyes
- Prevention of posture disorders

The lesson must include special techniques for preserving physical health. All of the techniques listed below fit very easily into the system of any lesson, the main thing is that they are systematic.

The teacher needs to take into account these factors and bring the child to the realization that health is his invaluable asset, which must be protected and strengthened. It is important to orient children towards the development of independent thinking, towards self-education. It is also important to develop a system of moral values, ideals and skills of a healthy lifestyle culture.

The introduction of health-saving technologies into the educational process allows to achieve positive changes in the health status of schoolchildren.

The English language is a rather complex subject, therefore, it requires a huge concentration of attention, tension, attentiveness from the student. In the classroom, he has to memorize, speak, write, read, listen and analyze information, and mastering it requires significant tension in the higher nervous activity of students, which leads to an increase and decrease in active attention.

It is also worth noting that without the permanent preservation of the acquired knowledge, without the ability to reproduce at the necessary moment, previously passed material, the study of new material will always be fraught with great difficulties and will not give the desired effect.

Health-saving technologies in foreign language lessons are used to more effectively achieve educational, developmental, educational goals and objectives.

In our opinion, the success of using health-saving technologies in the lesson depends on:

- 1) taking into account the physiological characteristics of children (age and group level).
- 2) what the lesson is. For example, in elementary school at 5 or 6 lessons it is useless to explain difficult grammatical material, it is better to have a revision lesson or a reinforcement lesson.

3) the correct organization of the lesson. The lesson should be structured in accordance with the dynamics of students' attention, taking into account the time for each task, alternating types of work (individual work, reading, writing, listening, answering questions, creative tasks, "brainstorming", etc.).

4) physical minutes (emotional release);

5) changing the types of activity, the inclusion of play activities, stimulating a creative attitude to the topic of the lesson, the presence of competitive moments.

6) taking into account the psychological characteristics of children. In the classroom, you should strive to ensure that the learning process takes place in an atmosphere of positive emotions.

7) speech and phonetic workouts;

8) taking into account the individual characteristics of students (the use of differentiated education);

Within the framework of general education school programs, starting from elementary school, a love of a healthy lifestyle is instilled in English lessons.

For example: in 1st grade, students are introduced to the topic "My food", in 2nd grade "Health and Body", in 3rd grade "Having sport and fun", in 4th grade "Healthy World" in 5th grade "Sports scene", in the 6th grade "Our Health", in the 7th grade "Healthy habits", in the 8th grade "Sport, health and exercise", in the 9th grade "Exercise and sport", in the 10th grade "Different ways of living", in the 11th grade "Health care and sporting life".

Based on this, students not only learn English, but also form an idea of a healthy lifestyle.

Instilling in students the rules of hygiene and a healthy lifestyle also occurs when studying language material, for example, the topic "My Timetable", in which children compare their daily routine with the day of their classmates and draw conclusions about the need to comply with the daily routine. Studying the topic "Food", children get acquainted with the correct diet, the purpose of different dishes, the rules of hygiene, expand their knowledge of etiquette through play, learn about the different values of products, etc.

In the new generation of textbooks, especially for high school students, there are many health topics that are very good tools for developing language learning skills. They help students learn how to lead a healthy lifestyle; it contains information about unhealthy and healthy habits, about how people in other countries of the world keep their shape, how Russians differ in their health habits from other nations, about nutrition, diet, etc.

Students not only analyze texts on problems, they discuss them in dialogues, groups, hold press conferences, prepare projects on these topics, reports and abstracts, find and creatively process information on issues of interest to them, which contributes to the education of their creative abilities.

The use of these methods and techniques in the classroom makes it possible to successfully integrate the educational process with active dynamic load. The use of health-saving technologies in a foreign language lesson (changing types of activity, the inclusion of play activities, stimulating a creative attitude to the topic of the lesson, the presence of competitive moments) increases mental performance, cognitive activity, motivation for learning a language, the quality of education in the subject increases, strengthens and preserves health of schoolchildren.

In our teaching practice, we use a large number of emotional relaxation in learning English, such as: speech and phonetic warm-ups. But one of the most important activities is physical minutes, which relieve stress and fatigue during the lesson. For example, in elementary school it is exercises using various types of movements, rhymes, songs, dances. For instance:

1. Clap, clap, clap your hands,
Clap your hands together.
- Stamp, stamp, stamp your feet,
Stamp your feet together.
- Turn, turn, turn around,
Turn around together.
- Clap, clap, clap your hands,
Clap your hands together.
- Touch your shoulders,
Touch your nose,
Touch your ears
Touch your toes.
- Raise your hands
High up in the air,
To the sides



On your hair.
 2. Stand up! Clap! Clap!
 Arms up! Clap! Clap!
 Step! Step! Arms down!
 Clap! Clap! Please, sit down!
 3. Head and shoulders,
 Knees and toes,
 Knees and toes,
 Knees and toes,
 Head and shoulders,
 Knees and toys,
 Eyes, ears, mouth and nose.
 4. I can jump, I can run,
 I can sing, I can dance,
 I can swim, I can't fly,
 I can climb and say "good-bye!"

Thus, we use dynamic pauses with vocabulary that are currently being studied in the lesson, thereby repeating, pronouncing new words on topics, and relieve the emotional fatigue of students during the lesson.

So, for example, "finger games" relieve neuropsychic tension, tension, tension in the hands, stiffness, develops fine motor skills, which contributes to the development of speech. With the help of finger games, it is convenient to introduce new lexical units, I practice phonetics and speech patterns. A witty, funny, well-chosen small poem, read and dynamically played by the chorus, helps to reduce neuropsychic stress in the lesson, increase the emotionally positive background of educational activities and improve communication skills.

Tommy Thumbs, up!
 Tommy Thumbs, down!
 Tommy Thumbs are dancing around the town!
 Dancing on your shoulders,
 Dancing on your knees,
 Dancing on your head
 And tuck them into bed!

We believe that the success of the use of finger gymnastics contributes to an increase in children's interest in educational material, a positive complex effect on students, the preservation and strengthening of their physical and mental health.


"Speech breathing" relieve the tension of general motor skills. The child takes a deep breath (you can close your eyes at the same time), and exhales while saying some phrase in English (it is good to repeat the studied vocabulary or grammar). And each phrase has its own.

"Exercise for the eyes". As the number of students with impaired vision is increasing, it is therefore necessary to conduct relaxation in the form of eye exercises. For instance:

Look left, right
 Look up, look down
 Look around.
 Look at your nose
 Look at that rose
 Close your eyes
 Open, wink and smile.
 Your eyes are happy again.

"Games" (the predominant form of activity among younger students, through which the child learns the world, learns to analyze, generalize, compare). A well-chosen game not only helps the child to learn knowledge more easily, to be psychologically liberated, not to be afraid to make a mistake, but also to make the lesson brighter, as well as to perform educational tasks.

The game brings speech activity closer to natural norms, develops communication skills, contributes to the effective development of language program material, and provides a practical orientation of training. The presence of an element of play in the lesson makes it possible to direct the emotional and mental activity of students to mastering the language material in a new situation, while the material should be accessible and



interesting, important for students at this stage of their physical and mental development (agree, it is rather strange to discuss in elementary school youth problems, and in high school - describe the pet).

Көкпардың пайда болуының бірнеше тарихы бар: біріншіден, ойынға қатысушылар табынға шабуыл жасайтын және сол сияқты олардың қошқарларын жоятын жыртқыш дала қасқырларын бейнелейді; екіншіден, олар бұрын олжамен қашып кеткен, үшіншіден, жараланған батырды тұтқындаудан құтқарған болуы мүмкін деп санады. Ойынның мақсаты-ешкінің тасталған қаңқасын бірінші болып келісілген жерге жеткізу. Төрешінің белгісі бойынша әрқайсысы қаңқаны басып алуға тырысты, ал қалғандары олжасын тартып алу үшін қуғынға түсті. Сондықтан, тушты(ұша) игерген шабандоз оны ер-тоқымға мықтап ұстауға, аяғының астына қысуға немесе бір жақтан екінші жағына лақтыруға және қуғыншылардан арылуға тырысты.

Қыз қуу-ұлттық ат спортының түріне жатады. Ертеректе қызды қалыңдық қылып алмақшы болған сері жігіт барлық күші мен батылдығын, ептілігін танытатын түрлі сыннан өткен. Соның жарқын үлгісі ретінде, «қыз қууды» жатқызуға болады. Содан бері мейрам, түрлі мерекелердің бағдарламаларына енгізіліп жүр. Жарыс барысы ұзындығы 300-400 м, ені 30-40 м тегіс жерде өткізіледі[3,152]. Мәре мен сөре бір жерде орналасқан. Айналып қайтар жерге жалау қадалатын болған. Қыз жігіттен 10 м жерде алдыда тұрады, бұдан кейін төрешінің белгісі бойынша жарыс басталады. Жарыста жігіт айналып қайтатын жерге дейін қызды қуып жетсе, оны ат үстінде құшақтап сүюге тиіс болды. Бұл - жігіттің жеңгенін аңғартқан. Ал қуып жете алмаса, қайтар жолда қыз сөреге дейін жігітті, оның атын қамшының астына ала алған. Бұл іс-әрекетінен жігіттің жеңіліс тауып, қыздың жеңіске жеткенін аңғаруға болады. Жарыс барысында өз атын қарсыласының алдына тоқтатуға, қаптал сызықты бұзып өтуге, айналып қайтатын жерге жетпей жарты жолдан қайтып оралуға болмайды. Ережені бұзған спортшылар жарыстан шығарылатын болған.

Алтыбақан - алты бағаннан тұрғызылған қазақтың әткеншектері, олардың ұштары берік арқанмен тартылып, үстіне көлденең сырық орнатылды, онда аяқ пен орындыққа арналған жұптық арқандар бекітілді. Алтыбақан - бұл жастар үшін ойын-сауық, сондықтан кешкі уақытта өткізілген. Қыз бен жас жігіт әткеншекке мініп, бір уақытта көңілді ән бастап, қалғандары оны алып, домбырада ойнады және жұптар бір-бірін алмастыра алды. Жастар ойындары шарият талаптарына қайшы, жақын танысуға, өзара түсіністікке, серілер мен бойжеткендер арасындағы достыққа ықпал етті.

Асық ату- әуел бастан боялған қойлар мен тұяқтыларға (түйіндерге) арналған балалар ойыны. Бұл ойындарға ауылдың басқа да өкілдері - жастар мен ересектер жиі қосылатын. Асық ойынының бірнеше нұсқасы бар. Ең танымал алшы, оңқа хан, бес тас, атбақыл еді. Әрине, қазақтар да көптеген халықтарда таралған ойындар ойнады, мысалы, күнжіт (жасырынбақ, соқыр теке және т.б.).

Асық ойыны – әр аймақтың түрлі ерекшеліктерін сақтай отырып дамыған ұлттық ойындардың ішіндегі танымалы және қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойындарының ең қызықты әрі көптеп таралған түрі. Сондықтан талай ғасырлар бойы халықтың жадында сақталып келген осы бір ұлттық ойынды өскелең ұрпақты тәрбиелеудің құралы ретінде пайдалануға да болады. Бұл ойын мазмұны жағынан ұтыс ойынына жатқызылады. Бүгінгі таңда ауыл және қала балаларының ойнап жүрген «асық ату» ойыны балалардың шапшаңдығын талап етіп, құралайды көзге атқан мергендік қасиетін арттырып, дәлдік пен нақтылыққа, есепке үйретеді. Қазақ баласының есеп-қисапқа деген мықтылығы осындай ұлттық ойындардан бастау алған. Асықты ешкім қолдан жасап алмайды. Ол-табиғи нәрсе. Оның жақсы сапалы түрлерінен сақа жасаған. Қазақта «қой асығы болғанмен, қолыңа жақса сақа тұт, жасы кіші болса да, ақылы асса аға тұт» деген мақал қалыптасқан. Сонымен қатар, қоғамда дайын деген ұғымды білдіру мақсатында «сақадай сай» болып отыр деген сөз тіркесі қолданылған.

Асықтың: алшы, тәйке, бүк, шік, омп, шоңқа деген түрлерін ажыратуға болады. Осының ішінде алшы ерекше маңызға ие болды. Қоғамда жолы болғыш, жұлдызы жарық адамдарға «Асығы алшасынан түсіпті» деген тұрақты тіркес қолданылады. Асық ойындары баланы ептілік, ұқыптылық, мергендік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелеген[4].

Ұлттық ойындарды насихаттауды негізге ала отырып, 2010 жылы Қазақстан Республикасының «спорт және денешынықтыру» істерінің маңынан «Асық ату» республикалық федерациясы жасақталған болатын. Бүгінгі таңда бұл федерацияның филиалдары өлкенің 5 облысында жұмыс жасап тұр. Ұлттық спорт түрлерімен 202 мыңға жуық спортшы айналысатын болса, соның ішінде, 1040-ы асық ойнайтындарды құрайды. Республиканың 78 оқу орындарында (мектепте) асық үйірмелері, оның ішінде 63-і ауыл мектептеріне тиесілі екенін айта кетуге болады.

Қазақстан Республикасының «Денешынықтыру және спорт туралы» заңның 21-бабында: «Ұлттық ойындар-спорттың ажырамас әрі басты бөлігі болып табылады[5]. Оның дамып, таралуы да белгілі бір тәртіппен жүзеге асырылады», -деп жазылған. Міне, осындай заңда көрсетілгендей, ұлттық спортты дамытуға көптеген мүмкіндік беріліп тұрағанда өзіміздің төл ұлттық ойындарымызды дамытпау-жас ұрпаққа сын болары анық. Сондықтан да, «Төл ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміз-ұлттың генетикалық коды» болып табылады. Сондықтан да, төл мәдениетіміз бен дәстүрімізді, ұлттық ойындарымызды, мәдени игіліктерімізді бөлшектеп болса да бір бүтін қылып жинастыруымыз қажет.

Осылайша, қазақ халқы арасында тарихи түрде таралған ойындар олардың еңбек, рухани қызметі мен тұрмысының, отырықшы және көшпелі өмірінің көптеген жақтарын қамтыды. Уақыт өте келе, қоғамның материалдық өмірінің өзгеруімен ойындардың формасы мен мазмұны да өзгеріске ұшырады.

Әдебиеттер:

1. Тайжанов С. Қазақтың ұлттық ойындары .-Алматы.-2010.-196 б.
2. Қазақтың той ойындары.-Алматы.-Алматы: Өнер.-2010.-64 б.
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары.-Алматы.-1991.-176 б.
4. <http://ulttyqsport.kz/>
5. <http://adilet.zan.kz/kaz/>



АҚЫЛ-ОЙДЫ ДАМЫТАТЫН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

Кенжебекова К.Т.

«Жамбыл жабаев атындағы № 15 Қарсақбай

ЖОББ мектебі базасындағы Тірек мектебі

(ресурстық орталық)» КММ

Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы

Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, әсер бала бола ма?» - деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, олардың мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған.

Қазіргі адамзат ғаламторға тәуелді болған заманда ата –аналар өз балаларына ғаламторды қосып беріп жатады. Ал ғаламтордағы атыс-шабыс ойындар бала санасына кері әсер етеді. Сонымен қатар компьютер алдында тапжылмай отыру бұлшық еттерді қажытады және омыртқаға зиян болады.

Балаларға арналған ойын баланың бойында ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты дамытып, мінез-құлық ерекшеліктерін, білек-күшін, дененің сомданып шынығуын қалыптастыратындай болуы қажет. Бұл қиындықтан шығу жолы – бастауыш сыныптан бастап, балалардың қазақтың ұлттық ойындарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Ол үшін сол ойындарды сабақта және сабақтан тыс уақыттарда тиімді қолдана білу керек.

Қазақтың ұлттық ойындары: ол - спорт, ол - өнер, ол - маңызы бар тәрбие құралы. Ұлттық ойындар жүгіру, секіру элементтеріне бай. Ойындардың көбісі далада, таза ауада ойналғандықтан, жас ағзаның дұрыс та сергек өсуіне әсер етеді.

Халық мұғалімі Байтоғайұлы Малқай бала өміріндегі ойынды және ермекті «Ол - баланың еңбегі», - дейді, демек бұл жай ермек емес, бала әлеміндегі кәдімгі еңбек. «Сондықтан да бала еңбегі – ойын. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез - құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған.

Ұлттық ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар.

Бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, өлеңдер арқылы ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырады. Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек. Ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады.

Мысалы: 1-сыныпқа келген балалармен халық ойыны «Қуыр, қуыр, қуырмашты» ойнату пайдалы болды. Бала бас бармақтан бастап шынашаққа дейін саусақтардың атын түгел айтып береді. Бұл ойын балалардың тілін жаттықтырып, есте сақтау қабілетін жетілдіре түседі. **Сауат ашуда** әріптермен таныса бастағанда «**Сақ құлақ**» ойынын ойнатқан тиімді. Ойнаушылар қаз-қатар түрегеліп тұрады немесе қатарласа отырады. Бірақ бір ойыншы мен екінші ойыншының арасы бір метрдей алшақ болуға тиіс. Ойынды бастаушы естілер-естілмес дауыспен сол күнгі өткен дыбыстан басталатын бір сөзді айтып қалады.

Мысалы «С» дыбысына байланысты: «Сылдырмақ» сөзінен бастауға болады. Сол сөзді қағып алған 2-ойнаушы үшіншіге, үшінші төртіншіге, төртінші одан әрі тез-тез айтып, онан әрі жеткізе береді. Олардың бәрі сөздерді бір рет қана айтып, тым-тырыс отырады. Ең соңғы ойнаушы ойын бастаушыға сыбырлап өзіне жеткен сөзді айтады. Бұл ойын баланың зейінін машықтандырып, бірін-тындай білуге, естігенін есте сақтауға баулиды. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады.

Қазақтың «**Бәйге**» ойыны арқылы оқушыларды жылдам ойлануға, тапсырмаларды тез орындауға құлшындыруға болады. Тақырыпты жинақтау кезеңінде тақтадағы жіпке қатар орнатылған аттарды жіп бойымен жылжыта отырып, білімдерін бекітуге арналған тапсырмалар орындатамыз. Бұл балалардың ұлттық ойынға деген құлшынысын арттыра түседі.

Әдебиеттік оқу сабағында ұзақ мәтіндер мен жаттаған өлеңдерді «**Орамал тастамақ**» ойыны арқылы айтқызамыз. Бір оқушы мәтіннің бір бөлігін немесе өлеңнің бір шумағын бастап, орамалды

кез-келген оқушыға тастайды. Ол оқушы әрі қарай жалғастырып, келесі оқушыға береді. Осылай жалғаса береді және тізбектей айтқызу арқылы уақытты үнемдейміз.

Математика сабағында да халық ойындарын қолданудың түрлі жолдары бар.

«**Сиқырлы таяқ**» ойынын реттік санауды үйрену кезінде ойнатқан тиімді. Ойынға жиналғандар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер құрып тұрады да, араларынан біреуін ойын жүргізуші етіп тағайындайды. Жүргізуші қолына таяқ ұстап, шеңбердің ортасына шығады да, қолындағы таяғының бір басын жерге тіреп тік ұстайды да, кез келген бір ойыншының санын атап, таяқты қоя береді. Айталық, жүргізушінің атаған саны төртінші, бесінші, оныншы не екінші бола ма, әйтеуір, рет саны аталған ойыншы ести салысымен жүгіріп барып таяқты құлатпай ұстауы керек. Бұл ойын да баладан қырағылық пен ептілікті талап етеді және реттік санды тез анықтауға көмектеседі.

Сонымен бірге «**Ақ сүйек**» ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Ойынға толық сыныпты қатыстыруға болады. Кестедегі белгісіз сандардың орнына «Ақ сүйек» жасырынған. Кім дұрыс шығарса, сол тапқан болады. Ойынның басты ерекшелігі – баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады. «**Сақина салу**» ойынын көбейту кестесін өткен кезде ойнатуға болады. Балалар дөңгелене отырып, олардың алақандарына асыққа жазылған сандар таратылады. Ортадағы ойынды бастаушы «9x8» дейді. Қолында осы екі санның көбейтіндісінің мәні жазылған оқушы тез орнынан көтерілуі керек. Яғни, математика сабағында қолданылатын ұлттық ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түсетіні белгілі.

Қорытындылай келе, сонау замандардан желіден желіге, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан балалар ойындары сынды мұрамызды тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалауымыз керек.

Мен ойын туралы мынандай тұжырымға келдім:

а) ойын - тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді, т ә р б и е л е й д і.

ә) ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

б) ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

в) эстетикалық тәрбие беру - өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады.

г) еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

д) дене күшінің жетілуіне көмектеседі - ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады.

Сондықтан ұлтымыздың асыл қазынасы болған ұлттық ойындарымызды жоғалтып алмай, ұрпақтан ұрпаққа жетуін насихаттау – баршамыздың міндетіміз деп білемін.

Әдебиеттер:

1. Кішібаев Д. «Ұлттық ойындардың пайдасы» Бастауыш мектеп 2012 жыл
2. Сағындықов Е. «Ұлттық ойындарды оқу тәрбие ісінде пайдалану»
3. Шілдебаев Қ. «Қазақтың ұлттық ойындары»

ИССЛЕДОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ СФЕРЫ ПОДРОСТКОВ С ИНТЕРНЕТ-АДДИКЦИЕЙ

Магавьянова К.С.
КГУ «СОШ №86»
г. Караганда.

У многих людей есть формы зависимости, с которыми они должны бороться. Зависимость в науке еще обозначают термином «аддикция». Аддикция – это навязчивая потребность человека в какой-либо определенной деятельности.

Известно, что на сегодняшний день Интернет перестал быть просто системой хранения и передачи информации. Он стал новым слоем повседневной реальности и сферой жизнедеятельности огромного числа людей. В результате, у пользователей компьютерных сетей возникают формы психологической и социальной активности, а также целый ряд потребностей, целей, интересов, мотивов и установок, связанных непосредственно с этим новым пространством. И хотя эти процессы

пока еще протекают в скрытой форме и не затрагивают подавляющее большинство людей, не использующих Интернет в своей деятельности, потенциальное влияние этих процессов на жизнь современного общества столь велико, что многие авторы напрямую говорят о становлении нового информационного общества [1:165].

Информационная среда играет все большую роль не только в жизни взрослого человека, но и в жизни современного школьника.

Подростковый возраст – это, пожалуй, самый трудный и сложный из всех детских возрастов. В этот период, как указывают Л.И. Божович, Т.В. Драгунова, И.С. Кон, Д.Б. Эльконин, все стороны развития подвергаются качественной перестройке, возникают и формируются психологические новообразования (рефлексия, самосознание), закладываются основы сознательного поведения, формируются социальные установки. Эти исследователи сходятся в признании огромного значения, которое имеет для подростков общение.

Интернет-аддикция вносит свой вклад в формирование целого ряда таких психологических проблем, как конфликтное и непоследовательное поведение, трудности адаптации в социальной жизни, хроническая депрессия, предпочтение виртуального пространства реальной жизни, утрата способности контролировать время своего использования компьютера, появление чувства неудовлетворения при отсутствии возможности использования сети Интернет. Используя Интернет, подросток, вместо того, чтобы «думать» и «учить», предпочитает «искать» [2].

Новизна темы исследования заключается в том, что на сегодняшний день есть много исследований в области Интернет-аддикции, но редко кто из авторов рассматривает данную проблему в возрасте младшего подростничества.

Актуальность исследования психологических последствий Интернет-зависимости в подростковом возрасте определяется, во-первых, постоянным увеличением числа подростков и юношей - пользователей сети Интернет, во-вторых, тем, что чрезмерное пристрастие к сети Интернет разрушающе действует на ребенка, вызывает отрицательное воздействие на психику; в-третьих, отсутствием глубоких исследований в этой области в силу относительной новизны феномена Интернет-зависимости.

Практическая значимость исследования состоит в следующем: результаты могут быть полезны школьным психологам для профилактики Интернет-зависимости в подростковом возрасте, а также в рамках психологического консультирования пользователей сети Интернет.

Цель данной работы заключается в том, чтобы дать сравнительную характеристику коммуникативных сфер младших подростков с Интернет-аддикцией и без Интернет-аддикции.


Теоретические положения исследования базируются на представлениях Голдберга А., Войскунского А.Е., Жичкиной А.Е., Егорова А.Ю., Короленко Ц.П., Янг К. и других специалистов о последствиях применения компьютерных технологий, причинах, симптоматике и развитии Интернет-зависимости.

Подростковый возраст не всегда существовал как культурное явление. М. Кле приводит в своей работе данные, согласно которым подростковый возраст впервые появился в промышленно развитых странах во второй половине XIX века. Из этого следует, что подростковому возрасту более ста лет [3:526]. В.А. Аверин пишет, что в доиндустриальной Европе понятия «детство» и «отрочество» были неразличимы для общества, и понятие «отрочество» не существовало до XIX века [4:325]. Также Ф. Ариес указывал, что подростковый возраст возник в 19 веке, и именно тогда контроль родителей за развитием ребенка продолжался вплоть до брака.

Одним из основоположников психологии подросткового возраста является С. Холл (1844-1924), который не только считал подростковую стадию в развитии личности соответствующей эпохе романтизма в истории человечества, но также сформулировал некоторое представление о переходности подростничества.

Согласно концепции психоанализа (З. Фрейд, 1856-1939; А. Фрейд, 1895-1982) подростковый период соотносится с генитальной стадией, со временем полового созревания, когда прилив сексуальной энергии расшатывает сложившееся равновесие между структурами личности, и детские конфликты возрождаются с новой силой [5:144].

Э. Шпрангер (1882-1963), крупный исследователь подросткового возраста, рассматривал данный период как кризисный. По его мнению, содержанием кризиса является освобождение от детской независимости. Э. Шпрангер является основоположником исследования самосознания, мировоззрения, ценностных ориентаций подростка [6].



Психолог Ш. Бюлер (1893-1974) обращала внимание на биологический смысл пубертатного периода, другими словами называемого еще периодом созревания или «негативной фазой». У девочек общая продолжительность пубертатного периода длится от 11 до 13 лет, а у мальчиков от 14 до 16 лет. Основные черты данного периода - это повышенная чувствительность, беспокойное и легко возбудимое состояние, раздражительность, физические и психические расстройства, агрессия, капризы, недовольство собой. Окончание периода созревания характеризуется завершением телесного созревания [7:526].

Таким образом, психологические изменения, которые происходят в развитии личности подростков, исследователи в основном связывали с процессом полового созревания.

Э. Эриксон в период подростничества включает возраст от 14 до 19 лет, который он назвал периодом идентичности. Этот период характеризуется формированием первой и цельной формы эго-идентичности.

Л.С. Выготский отметил подростковый период (от 13 до 18 лет) как период волнения и пубертатный возраст (кризисы 13 и 17 лет). В этом возрасте, по Выготскому, у подростка появляются противоречивые желания и поступки, стремление походить на своих сверстников и в тоже время попытки выделиться из группы.

По Д.Б. Эльконину, в эпоху подростничества входят дети от 11 до 18 лет. Д.Б. Эльконин выделил две стадии подростничества: младшее и старшее подростничества. Младшее подростничество охватывает возраст от 11 до 15 лет, сюда же включены два кризиса: кризис 11-12 лет и кризис 15 лет. В младшем подростничестве ведущим типом деятельности становится интимно-личностное общение со сверстниками [8:360]. Периодизация Д.Б. Эльконина является наиболее популярной в отечественной психологии.

Психологические особенности возраста определяются комплексом обстоятельств, прежде всего общественными условиями и образом жизни подростка, воспитанием и характером его практической деятельности. В этот период происходит поиск новой деятельности, и от того, какая деятельность станет главной в жизни подростка, зависит становление его личности.

Исследование в общем объеме продолжалось в течение двух месяцев в средней общеобразовательной школе №86 в 5,6,7 классах. Общее количество испытуемых в исследовании - 157 школьников (80 девочек и 77 мальчиков) в возрасте младшего подростничества (11-14 лет).

При проведении исследовательской работы испытуемым предоставлялись методики с прикрепленными бланками. Сложностей во взаимодействии со школьниками не возникало, респонденты старались отвечать вдумчиво и правдиво, в случае непонимания вопросов методик задавали вопросы, просили разъяснения.

В ходе исследования были использованы следующие методики:

1. Тест-опросник определения интернет-аддикции Кимберли Янг (в адаптации В.А.Буровой).

Тест содержит 20 вопросов со следующими вариантами ответов: никогда или крайне редко (1 балл), иногда (2 балла), время от времени (3 балла), часто (4 балла), всегда (5 баллов). По набранной сумме баллов возможны следующие варианты результатов:

- Уровню обычного пользователя Интернета, который может себя контролировать соответствует 20-49 баллов;
- 50-79 баллов означает наличие проблем, связанных с чрезмерным увлечением Интернетом;
- При сумме баллов 80-100 можно предположить наличие значительных проблем в связи с использованием Интернета, разрешение которых возможно с помощью специалиста.

2. Опросник «Шкала Интернет-зависимости» А.Жичкиной

В опросник входят 14 утверждений в паре. Испытуемый должен выбрать одно из утверждений, наиболее подходящее для его жизненной ситуации. Выбор варианта «А» оценивается в 1 балл, выбор варианта «Б» - 0 баллов. Нормы: склонными к Интернет-зависимости считаются испытуемые с баллами по шкале Интернет-зависимости 3 и выше, не склонными к Интернет-зависимости - с баллом 0 по этой шкале. Интернет-зависимыми в строгом смысле слова считаются те, кто набирает 6-7 баллов по этой шкале.

3. Опросник В.Ф. Рошаховского для выявления уровня общительности (коммуникабельности).

В тесте 16 вопросов на которые нужно ответить «да», «иногда» или «нет». За каждый ответ начисляется количество баллов: "да" — 2; "иногда" — 1; "нет" — 0. Затем результаты суммируются, и в зависимости от набранного количества баллов определяется уровень коммуникабельности.

4. Опросник межличностных отношений (ОМО) А. А. Рукавишникова.

Опросник предназначен для оценки типичных способов отношения к людям, диагностики различных аспектов межличностных отношений в диадах и группах, изучения коммуникативных особенностей личности.

В методике 54 утверждения, из которых 24 с ответами: обычно, часто, иногда, по случаю, редко, никогда. 20 утверждений с вариантами ответов: большинству людей, нескольким людям, многим, одному двум людям, некоторым людям и никому.

Опросник межличностных отношений (ОМО) является русскоязычной версией опросника FIRO, разработанного американским психологом В. Шутцем. Опросник ОМО основан на основных постулатах трехмерной теории межличностных отношений В.Шутца. Важнейшей идеей данной теории является положение о том, что каждый индивид имеет характерный способ социальной ориентации по отношению к другим людям, и эта ориентация определяет его межличностное поведение.

По итогам исследования можно сделать следующие выводы.

В начале исследования было определено общее количество подростков с выраженной Интернет-аддикцией. С помощью методик К. Янг и А. Жичкиной было выявлено 32 Интернет-аддикта. Как уже было сказано выше, в исследовании участвовало 157 школьников в возрасте от 11 до 14 лет, из чего следует, что 20% испытуемых являются Интернет-аддиктами, 80% не присущ данный вид зависимости.

1. Исследование по изучению коммуникативной сферы младших подростков с Интернет-аддикцией и без нее.

Предельно высокий уровень коммуникабельности обнаружен у одного Интернет-аддикта (3%). Данный уровень общительности носит болезненный характер. Человек говорлив, многословен, вмешивается в дела, не имеющие к нему отношения. Берется судить о проблемах, в которых не компетентен. Вольно или невольно часто бывает причиной разного рода конфликтов. Вспыльчив, обидчив, нередко бываете необъективен. Людям с таким человеком трудно. Данному подростку можно рекомендовать воспитывать в себе терпение и сдержанность, уважительнее относиться к людям. Среди подростков без зависимости от сети Интернет 25% имеют данный уровень коммуникабельности.

Высокий уровень общительности обнаружен у 16% испытуемых (5 человек). Человека с данным уровнем коммуникабельности можно назвать «рубаха-парень». Он всегда в курсе всех дел. Любит принимать участие во всех дискуссиях, хотя серьезные темы могут вызвать у него скуку и даже хандру. Охотно берет слово по любому вопросу, даже если имеет о нем поверхностное представление. Всюду чувствует себя "в своей тарелке". Охотно знакомится с новыми людьми. Может вспылить, но быстро отходит. Любит быть в центре внимания, никому не отказывает в просьбах, хотя не всегда может их выполнить. Берется за любое дело, хотя далеко не всегда может успешно довести его до конца. По этой причине учителя и сверстники могут относиться к нему с некоторой опаской и сомнениями. Можно рекомендовать развивать усидчивость, терпение и настойчивость при столкновении с трудностями. Среди подростков без зависимости от Интернет 50% имеют данный уровень коммуникабельности.

Средний уровень коммуникабельности свойственен 66% подростков (21 человек). Такой человек любознателен, охотно слушает интересного собеседника, достаточно терпелив, отстаивает свою точку зрения спокойно. Без переживаний идет на встречу с новыми людьми. В то же время не любит шумных компаний; экстравагантные выходки и многословие могут вызвать раздражение. Среди подростков без зависимости от Интернет 25% имеют данный уровень коммуникабельности.

Ниже нормы коммуникабельность у 12% Интернет-зависимых респондентов (14 человек). Данный человек известной степени общителен, в незнакомой обстановке чувствует себя вполне уверенно. Новые проблемы его не пугают. И все же с новыми людьми сходится с оглядкой, в спорах и диспутах участвует неохотно. В его высказываниях порой слишком много сарказма без всякого на то основания.

Низкий уровень коммуникабельности наблюдается у одного школьника с аддикцией (3%). Его можно описать как замкнутого, неразговорчивого. Он предпочитает одиночество и поэтому имеет мало друзей. Новая окружающая обстановки и необходимость новых контактов могут надолго вывести из равновесия. Однако при каком-то сильном увлечении данный человек обнаруживает общительность.



Таким образом подтвердилось предположение, что уровень общительности младших подростков с Интернет-аддикцией ниже уровня общительности младших подростков без Интернет-аддикции.

2. Степень ориентации в социальной среде подростков с Интернет-аддикцией и без нее.

В исследовании подростков с Интернет-аддикцией получены следующие результаты: 47% аддиктов (и 56% подростков без Интернет-аддикции) активно стремятся принадлежать к различным группам, быть включенными, как можно чаще находиться среди людей; аддикты стремятся принимать окружающих, чтобы они в свою очередь, принимали участие в их деятельности, проявляли к ним интерес.

59% аддиктов (и 56% подростков без Интернет-аддикции) имеют тенденцию общаться с малым количеством людей, не проявляют поведения, направленного на поиски контактов, а также не стремятся принадлежать к каким-либо группам. Описанные тенденции в равной степени присущи мальчикам и девочкам с Интернет – зависимостью.

Можно сделать вывод, что подростки с Интернет-аддикцией в действительности с явной неохотой идут на новые знакомства в реальной жизни, и, тем не менее, они хотят быть принятыми и желают находиться среди людей, часто общаться с ними. Подростки без Интернет-аддикции в большей степени проявляют интерес к активной общественной жизни в социуме.

Таким образом, подтвердилось предположение, что младшие подростки с Интернет-аддикцией и без нее обладают разной степенью ориентации в социальной среде.

Возможно, низкий уровень ориентации аддиктов в социальной среде связан с появлением Интернет-зависимости.

Можно сделать вывод, что уровень адаптации к своему социальному окружению у подростков без Интернет-аддикции выше, чем у аддиктивных подростков.

Таким образом, подтвердилась гипотеза о том, что уровень адаптации к своему социальному окружению у младших подростков с Интернет-аддикцией ниже, чем у подростков без зависимости от Интернет.

Данные представленного исследования могут быть полезны школьным психологам для проведения профилактики Интернет-зависимости среди учащихся.

Литература:

1. Белинская Е., Жичкина А. Современные исследования виртуальной коммуникации: проблемы, гипотезы, результаты. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004. – 165 с.
2. Войскунский А.Е. Психологические исследования феномена интернет-аддикции. – <http://www.psychology.ru/internet/ecology/04.stm>.
3. Кле М. Психология подростка //Психология подростка. Хрестоматия. Сост. Фролов Ю.И. - М.: Российское педагогическое агенство, 1997.- 526 с.
4. Аверин В.А. Психология детей и подростков. - М.: ВЛАДОС, 2008. – 325 с.
5. Фрейд А. Психология "Я" и защитные механизмы. - М.: Педагогика-Пресс, 1993. - 144 с.
6. Фролов Ю.И. Психология подростка. – <http://www.burnlib.com/x/psikhologiya-podrostka-khrestomatiya>.

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ТЕХНОЛОГИЯЛАНДЫРУ МЕКТЕПТІК БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ РЕСУРСЫ РЕТІНДЕ

Мамыркулова М.И.

*№47 Амангелді атындағы жалпы орта мектебінің
Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Сиқым ауылы*

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесі өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, білім жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеру мақсатын көздейтін мемлекет саясатынан туындайтын, егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Заман талабына сай педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру бағыты өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі-

оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттердің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Өйткені жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге мұғалімдерді даярлау-оларды кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және педагогтің жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.[1,4]

Еліміздің мұратына айналған «Мәңгілік ел» идеясы – халықтың әл-ауқатын жақсартып, ынтымағын арттыратын, елді дамудың жаңа сатысына жетелейтін жаңа қадам. «Мәңгілік ел» идеясының маңыздылығын Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауының негізі етіп алып, бұл туралы өз сөзінде: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті... Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр» деген болатын. Халықты бір мақсатқа, бір мүддеге, бір болашаққа үндеген Елбасының бұл жолдауында ел халқына үлкен жауапкершілік жүктелген. Мәңгілік елге айналу үшін тәуелсіздікті сақтап, елдігімізді нығайту басты мақсат болып табылады. Өйткені, тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, сонау алаш тұлғаларының зердесі мен өнегесімен келген аманат дүние болатын. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру атты бағдарламалық мақаласы елді жарқын болашаққа бастайтын даңғыл жол болмақ. Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі жан дүниесінің жаңғыруы, санасы, түсінігі жаңа өзгерістерді саралап, дұрыс қабылдай білуінде. Рухани жаңғыру бастауын бүгін алған мәселе емес. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар да аз емес. Бұл мақсаттың орындалуы білім мен ел бірлігіне тікелей байланысты. Білекпен емес біліммен басекелесетін уақыт жетті. Қазір білектің емес, білімдінің салтанат құрған уақыты. Табысты болудың кілті – білімде. Саналы ұрпақ тәрбиелеп, білім беру - Елбасы саясатының басты және негізгі бағыттарының бірі.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» 2018 жылдың 10 қаңтардағы жолдауындағы жетінші міндеті: Адами капитал-жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы: Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек. Бұл жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты екенін атап өтті.[2,3]

Жаратылыстануға енетін ғылымдар былайша топтастырады: физика, химия, биология, ботаника, зоология, география, астраномия т.б. Кейбір табиғат зерттеуші ғалымдар математиканы жаратылыстану ғылымдарына жатқызбайды, бірақ осы ғылымдардың таным құралы ретінде қарастырады. Жаратылыстану ғылымдарын зерттеу әдісіне қарай нағыз деректермен байланыстарды зерттей отырып, ережелер мен заңдарды қорытып шығаратын сипаттаушы және дерек пен байланысты математикалық формалармен толықтырып отыратын дәл ғылымдар деп ажыратады. Математика және жаратылыстану пәндерін оқыту барысында оқушылардың бойында қоршаған әлем туралы біртұтас түсініктің қалыптасуына оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін жалпы ғылыми біліктерді меңгеруіне бағыттаймыз. Кейбір нақты математикалық жағдаяттардың математикалық моделін интерпретациялауда және құрастыруда қалыптасатын біліктілік жаратылыстану-математикалық бағытта шынайы процестер мен құбылыстарды, теориялық мәселелерді зерттеуде және қолданбалы есептер шығаруда қолданылады. Математиканы оқытуда қалыптасқан теориялық сұрақтар мен есептерді шешудің зерттеу барысы жаратылыстану пәндерін оқыту үшін үлкен рөл атқарады.[4]

«Мәңгілік елдің» - 7 басты құндылықтарына жеке-жеке тоқталып, математика мен жаратылыстандыру пәндерін байланыстыра оқушының білім сапасын арттыруда оқу үдерісіне заманауи әдістер мен тиімді педагогикалық технологияларды ендіре аламыз. Технология, коммуникация және ғылым салаларындағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір азаматқа ХХІ ғасырда табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. Білім – елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегия. Оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды

дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады [10]. Бұрын қолданып жүрген әдіс-тәсілдеріміздің бірі-интерактивті әдіс. Басқа пәндерге карағанда математика мен информатика пәндерін оқыту әдістемесінің өзінше ерекшеліктері бар. Себебі математика абстракты пән болып табылады, яғни біз математикалық объектілерді қолмен ұстап немесе көзбен көрместен, жалғыз ойша ғана, көз алдымызға келтіріп, соларды зерттейміз. Бірақ математиканың құндылығы - біз бұл ғылымның жетістіктерін басқа барлық ғылымдарды және практикалық есептерді шешуде қолдана аламыз. «Математика адамның ойын жүйелендіруге көмектеседі»-деп бекер айтылмаған, сондықтан математикалық қабілеті дамыған оқушылар басқа пәндерді жеңіл және тез игеретіні белгілі. Ал информатиканың қазіргі қоғамдағы алатын орнын, педагогикалық ізденістер мен ғылыми-әдістемелік еңбектердің туындауының жандана түсуіне алып келеді. Пәнаралық байланысты яғни математиканы географиямен, биологиямен, физикамен, химиямен мықтап және дұрыс нығайту нәтижесінде оқушыларға әрбір пәннің белгілі бір тапсырмаға кіріктірілген материалын тереңдете оқуға мүмкіндік береді. Ал мұғалімдерде өз кезегінде алынған білімдерін практикалық жағынан көрсету мүмкіндігі туады. Пәнаралық байланысы бар сабақтарды өтуде мына талаптар ескерілуі тиіс:

- сабақтың нақты білімділік мақсаты болуы тиіс;
- оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы қамтамасыз етілуі тиіс;
- пәнаралық байланыстар оқытылып жатқан ұғымдар мен құбылыстардың түсінікті болуына ықпал етуі керек;
- сабақ соңында қорытынды жасалуы тиіс.

Білім жүйесін жасау үшін пәндік саланың әр түрлі қыр сырын сипаттайтын және түсіндіретін қажетті білім элементтерін анықтау, осы элементтер арасындағы логикалық байланыстарды тағайындау керек. Ал бұл білім кешенін ойын элементтері арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, меңгеруді қамтамасыз етеді.

Осы тұрғыда менің қолданып жүрген интерактивті тақтамен оқытудың интерактивті әдісі өте тиімді. Себебі, бұл әдіс оқушының жеке өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, оның бойында білім, дағды және құндылық жүйесін қалыптастырады. Сабақ мұғалім мен сынып тобы, шағын топтар мен жеке оқушы арасындағы қатынас арқылы жүзеге асырылады. Мұнда мұғалім хабарлама беруші модератордың қызметін атқарады,

Ақпараттандырылған жаңа ғасыр білімін арттырамын деген әрбір оқушы мен мұғалімге жағдай тудырып отыр. Сол себепті де бұл әдіспен айналысатын мұғалім қасындағы әріптестері арасында өз білімі мен тәжірибесін таратуға, оқушылардың ата-аналарымен және әр түрлі әлеуметтік топ өкілдерімен жұмыс жүргізуге дайын болуы керек. Ол үнемі өзінің жас танымпаздарына тәжірибе жасауға ыңғайлы жағдай жасап, олардың өз көзқарасын өздері айқындап, белгілі бір қорытындыға келуіне мүмкіндік беруі тиіс. Қазіргі оқытылып жатқан Кембридж әдісінде де осы тәсіл қолданылады. Оқытушы сабақты теория жүзінде бағдар берсе, ал компьютер іс-тәжірибе жүзінде бағыт-бағдар береді. Сабақ үнемі оқушылардың онсыз да білетін жағдайларымен байланыстырамыз. Сабақ өту барысында мұғалім сабақ түсіндіруден бұрын оқушыларды техника қауіпсіздік ережелерін еске түсіру мақсатында математиканы физикамен, биологиямен, географиямен байланыстыра немесе информатика сабағын математикамен, өткен сабақты еске түсіріп, жаңа сабақты өту арқылы оқушылар әдеби кітаптардан оқығанын, ал біразы теледидардан көргенін, естігендерін немесе алдын-ала оқулықтан қарап келгендерін, тағы басқа да жағдайда алған мәліметтерін «*мига шабуыл*» әдісі арқылы ортаға салады. Бұл сәт - *диагностика сәті*. Оқушылардың алдарына «Үлгерім айнасы» кестесі беріледі. Оқушылар топ-топқа бөліп, топтардың аттарын сабаққа байланыстыра қою. Әрбір оқушының өзіне бекітілген нөмірленген фишкалары болады. Олар алған білім, білік, дағдылары бойынша өздерін бағалап отырады. Әсіресе өзін-өзі бақылау, жұптық өзара бақылау, топтық өзара бақылау кезеңдерінде сабақты бекітуде бұл кесте біршама көмегін тигізеді.

Мұғалім азғантай уақыттың ішінде алдында отырған оқушылардың осы тақырып төңірегінде не білетіндігін немесе білмейтіндігін аңғара алады. Одан кейін-*ізденіс тенденция сәті*. Мұнда балалар нұсқаулық сызбалармен жұппен немесе топпен жұмыс атқара отырып, «*мига шабуыл*» арқылы тізген сөздерді кеңейтіп түсіндіру үшін өз беттерінше оқулықпен немесе басқада қосымша әдебиеттермен жұмыс атқарады, осы сәтте сызба қағаздарымен, карточкалармен жұмыс атқарып, 10-15 минут өткеннен кейін «*тұсау кесер*» сәтінде әрбір топ белгілі бір сұрақтар бойынша өз мәліметтерін қорғайды. Осыдан кейін барып мұғалім, әлі де жеткіліксіз жатқан жағдайлардан ақпарат береді. Ал

жаңа тақырып толық түсіндіріліп біткеннен кейін пікір-сайыс, ролдік ойын, казус шешу т.б. интерактивті әдістер арқылы сабақты бекітіп, пысықтауға болады.

Нәтижесінде мұғалім 5-7 минутын ғана алып, қалған уақыттың бәрінде оқушылардың өздері ізденіп, танымдарын арттыруына жағдай туады. Тіпті, керек десеңіз, интерактивті әдіс арқылы өз білімдерін өздері бағалайды да.

Бұл бақылау мен бағалау баланың бойында мына қасиеттерді қалыптастырады: еріктілік, еңбексүйгіштік, өз күшіне сенуі, қабілеттілігі, жауапкершілікті сезінуі, адалдық, жолдастық қасиеттер, сөз қоры, ғылыми ақпараттарды ақтаруы, өзінше түйін жасауы, сөйлеу мәдениеті т.б. Осындай қасиеттерді игерген балада, әрине пәнге деген сүйіспеншілігі артады. Нәтижесінде сабақтың сапасы артады. Осы әдіс-тәсілдердің өзі жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасының шарттарын жүзеге асырады. Сабақты өту барысында мұғаліммен оқушы арасында, оқушымен мұғалім арасында кері байланыс жүріп отырады. Қорытындылай отырып рефлексия түзіледі. Бала өзін тұлға деп сезінеді. Мұғалім де, оқушы да тұлғаны тану және таныту жолында қызмет атқарады. [9]

Бүгінгі күнде оқыту жүйесіндегі алға қойған негізгі мақсат-білімді әншейін ғана беру емес, оқуға үйрету, шығармашылық әдіс-амалын таба білуге үйрету, ізденіс әдістерімен қаруландыру, қабылдау қабілетін жетілдіру, керек хабарды талдап одан қорытынды шығаруды әдетке айналдыру және жинақталған білімді қолдана білу қабілетін жетілдіру. Осыны негізге ала отырып мынадай ұсыныстар жасар едім:

- Физика, химия, география пәні сыныптарының сағаттарына қарай компьютермен байланыстыра өтіліп, білім стандартымен бекітілсе;

- Информатика сабақтарына сағаттар қосылса, яғни графикалық редакторларға (CorelDraw, Potoshop, Автокад бағдарламасы, Ландшафт дизайн, 3D-кескін бойынша т.б), бағдарламалау тілдеріне;

- сызу сабақтары да компьютермен байланыстыра өтіліп, графикалық редакторлармен (CorelDraw, Potoshop, Автокад бағдарламасы, Ландшафт дизайн, 3D-кескін бойынша т.б), жұмыс атқарылып, білім стандартымен бекітілсе;

Біздің бұдан ұтатынымыз графикалық редакторлардың негізгі бөлімдерімен жалпы таныстыру және үйрету мақсатында мұғалімдерді компьютерлік сауаттылыққа, сабақ өтілу жолдары оңай әрі тиімді болар еді. Ал оқушыларымыз информатика пәндерінен графикалық редакторларды үйреніп, басқа да пәндердің оңай өтілуіне септігін тигізіп, яғни жаратылыстану пәндерінде 3D-кескін бойынша кез-келген фигураның есептелуін, математикадан көптеген фигураларды, функция графигін салуды т.б компьютермен байланыстыра сабақ өтілсе, болашақ мамандарды мектеп қабырғасынан ақ таңдаған саласына қарай бағыттайтын боламыз.

2015 жылдың 9 желтоқсанында өткен Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің орынбасары Д.Н.Назарбаеваның «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары және жаңартылған орта білім мазмұны туралы» хаттамалық тапсырмаларының орындалуы бойынша ақпаратты қолдай отырып және Елбасымыздың жолдауындағы математика мен жаратылыстану ғылымдарының оқыту сапасын күшейтуге ұсынып отырған ұсынысым бір септігін тигізеді деп ойлаймын.

Ұстаз қашанда білім беруден жалықпайтын, шығармашылығы мол еңбекқор әрі парасатты адам болған жөн. Өйткені, өз ісіне берілген, жаңалыққа жаны құмар, ұлттық қасиетіміздің асылдарын асқақтата отырып шәкіртінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Мұндай лайықты тұлғаға жету үшін үнемі ізденісте жүру қажет. Ең алдымен, бала жанының тамыршысы болуы тиіс. Бала жүрегінің пернелерін дәл тауып, оны ойната білу оңайлықпен келмейді. Бұл ұстаздың өз мамандығына деген сенімділігінен, бейімділігінен, айқын мақсатынан және бала жүрегіне жол таба білуінен көрінеді. Осы үшеуі ұстаз мейірімділігімен ұштасқанда нағыз тамыршы бола алады. Оқытуға деген ынта-жігерді, өзіндегі барды асқан мейірімділікпен жеткізе білу-ұстаз шеберлігінің бір қыры. Ендеше әрбір ұстаз заманауи жаңалықтарды жатсынбай қабылдап, шәкірт жүрегіне жол табуға тырысуымен қатар, білім жүйесіне жаңашаланған ақпараттық, педагогикалық технологияларды енгізу, электрондық, аралық оқыту түрін қолдануға көмектесетін әдіс-тәсілдерді қазіргі заман ұстазы жетік білуі керек. Ендіше, егемен еліміздің ертеңіне үлес қосатын тәуелсіз мемлекеттің саналы, білімді ұрпағы саналатын шәкірт тәрбиелеу-біздің ұлы мұратымыз.



Әдебиеттер:

1. adilet.zan.kz-«Білім туралы» ҚР заңы
2. www.akorda.kz-Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтар жолдау;
3. https://egemen.kz-Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру мақаласы;
4. https://kk.m.wikipedia.org-жаратылыстану әлемі
5. bilimainasy.kz-жаратылыстану бағыттары
6. Тілеубаева А. «Ақпаратты үздіксіз қолдана білейік» /Қазақстан мектебі-2008 №6-296
7. Ташимов Л, Медетбекова М, Мамаев Қ «Компьютер-оқу жүйесінде» Шымкент,1996ж
8. Пойа Д. Математическое открытие, М.Наука-1978
9. Қазақстан кәсіпкері №7,№9 2007
10. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы-2017ж

ДЕНЕ БЕЛСЕНДІЛІГІ – ДЕНСАУЛЫҚҚА АПАРАТЫН ЖОЛ

Мауенова М.М.

*№65 мектеп-гимназиясының
Нұр-Сұлтан қаласы*

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата - бабаларымыз «тәні саудың - жаны сау» - деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның адамның қабілетіне байланысты болады. Денсаулық пен өмірді дамыту үшін кем дегенде спорттың 33 түрінен жаттығу жасау керек. Сондай-ақ кермеге тартылу, шахмат, шашки, ұзындыққа секіруден өткізілетін жаттығулар өз алдына бір бөлек. Дене жаттығулары - белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған үздіксіз бір-бірімен байланысқан қозғалыс қимылдарының жиынтығы. Жарыстық спорттық жаттығуда қозғалыс әрекеттерінің тұтастығы барынша жоғары спорттық нәтижелерге жетуге бағытталған.

Дене жаттығуының көпшілігі динамикалық болады. Мысалы: жүру, жүгіру, жүзу. Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт жатады. Көбіміз деніміз сау кезінде дене шынықтыру жаттығуларын жасаудың пайдасын бағаламаймыз. Мұнан жүз жыл бұрын жұмыстың 96 пайызын адам өзінің бұлшық еттерінің күшімен атқарса, ал қазір барлығын техника атқарады. Бұл да адамдардың жаттығу түрлерін жасап, қозғалуына әкеліп соқтыруда. Ғылыми зерттеу деректері бойынша, дене шынықтыру жаттығуларымен жүйелі түрде шұғылданатын адамдар онымен анда-санда бір шұғылданатын адамдарға қарағанда сирек ауырады, дәрігерге сирек қаралады. Дене шынықтыру жаттығулары қан қысымының жоғарлауын төмендетеді. Дене жаттығуларының түрлеріне жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру әсіресе қыс мезгілінде шаңғы, коньки т.б жаттығулар денені шымыр етеді.

Дене шынықтыру жаттығуларын аэробты, анаэробты және икемділікке арналған жаттығулар деп бөлуге болады. Аэробты жаттығуларға орташа қарқынмен велосипед тебу және жүгіру, би, жүзу жатады. Анаэробты жаттығуларға тренажерлерде және «темірді қолдану арқылы» жасалатын ауыр заттарды көтеру, жоғары қарқынмен велосипед тебу немесе жүгіру және т.б. жаттығулар жатады. Икемділікке арналған жаттығуларға әртүрлі физикалық кешендер жатады.

ДДСҰ ұсынатын дене белсенділігімен айналысу принциптері:

5-17 жастағы балалар мен жасөспірімдер дене белсенділігіне күніне кемінде 60 минуттан уақыт бөлуі тиіс. Қаңқа-бұлшықет жүйесін дамытуға бағытталған дене белсенділігімен аптасына кем дегенде үш рет айналысу керек.

18-64 жас аралығындағы ересек адамдарға аптасына дене белсенділігіне кемінде 150 минут, ал 65 жастағы және одан үлкен жастағы ересек адамдарға аптасына 150 минут немесе аптасына кемінде 75 минут уақыт бөлу ұсынылады. Негізгі бұлшықеттер жұмылдырылған күш жаттығуларын аптасына екі рет немесе жиі орындау керек.

Тұрақты дене белсенділігі бұлшық еттің, жүрек және тыныс алу жүйесінің, сүйектердің жағдайын және функционалдық денсаулықты жақсартады. Гипертония, жүректің ишемиялық ауруы, инсульт, диабет, обырдың әртүрлі түрлері, сондай-ақ депрессия, құлау, сондай-ақ жамбас мойны мен омыртқаның сыну қаупін төмендетеді. Энергетикалық алмасуды қолдайды және қалыпты салмақты ұстайды.

Дене жаттығуларының түрлі ағзалар мен жүйелердің функционалдық жағдайына деген әсері.

1. Дене жаттығуларының әсерінен бұлшық еттерде едәуір өзгерістер болады. Егер де бұлшық еттер ұзақ уақыт қимылсыз күйде тұратын болса, онда олар әлсіздене бастайды, көлемі кішірейеді. Дене жаттығулары, олардың көлемін ұлғайтады, нығаюына ыңғайлайды. Мұнымен қатар бұлшық еттердің өсуі, олардың талшықтар санының көбеюінен, ұзаруынан емес жуандауы әсерінен болмақ. Бұлшық ет созылуы жақсарайды, тонусы, қан айналым және бұлшықет қоректенуі жақсарайды.

Ата заманымыздан бері келе жатқан ұлттық спорттарымыз көп. Мысалы: көкпар тарту, асық ату, қыз қуу, тоғызқұмалақ, бәйге тарту, теңге ілу, бәйге тарту тағы да басқа көп деген ойындар көп. Ал қазіргі заманымызға байланысты спорттың жүзден астам түрлері бар. Себебі уақыт өте келе заманымыз да, технология да, адамдарымыз да өзгеріп келе жатыр

Қазіргі кезде кішкентай баладан бастап, үлкен қарияларымызға дейін компьютерге, ұялы телефондарға, гаджеттерге тәуелді болып қалған.негізі бұл электроникалар адам денсаулығына өте әсері көп.

Спорт ол дене тәрбиесін еселей түсед, шымыр болып, денсаулығы бақуаттана түседі. Спортпен шұғылданған адам еліне жаны ащыр, отаны үшін ата-бабамыздың артынан қалдырған мұраларын қорғап қалуға бәріне дайын тұрады. Сөзімді аяқтамас бұрын ең бастысы денсаулық. Денсаулық болмаса ештеңенің керегі жоқ болады. Сол себептен денсаулығымызға салғырт қарамай спорттың қандайда түрі болмасын,спортпен шұғылдануымыз керек.



БАЛАБАҚШАДА СЮЖЕТТІ – РӨЛДІК ОЙЫНДАР ОЙНАТУ

*Сатымбаева Г.О.
«Толағай» бөбекжайы КМҚК
Қарағанды қаласы*

Еліміздің ертеңі, халқымыздың жарқын болашағын қалыптастыратын бүгінгі жас өскелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру ісі – мектепке дейінгі мектепке дейінгі мекемелерден бастау алады. Сол себепті, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Қазіргі жас буын, бүлдіршіндер – мемлекетіміздің мығым тірегі» - деп атап көрсетіп отыр.

Өзінің отбасы мүшелерінің мейірімі мен ыстық ықыласына бөленіп өскен баланы тәрбиелеу жолы да жеңіл екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Балабақша тәрбиешісі ең алдымен мұндай баланың қабілет-қарымын анықтап, оның бейімділік қасиеттерін, мүмкіндіктерін ашып, интеллектуалды біліктілігі жоғары, жан-жақты азамат ретінде дамыту мүмкіндігіне ие болады. Балабақшада бүлдіршіндерді тәрбиелеу ісінде, әрине, оларды ойын түрлеріне қызықтырып, олардың әдіс-тәсілдерін игерту қажет. Өйткені, ойын – баланың ойына ой қосатын, қиялына қанат бітіретін, қоршаған ортаның беймәлім құбылыстарының сырын білсем деген құмарлығын оятып, оның қабілет-қарымын ұштап отырады.

Мен, «Толағай» балабақшасында осы еңбек еткен жылдарымда өз тобымдағы балаларды елімізде кеңінен таралған үздік әдістемелік құралдар мен озық тәжірибелерге сүйеніп, оның ішінде ойын технологиясына баса назар аударып келемін. Балаларға ойындарды ойнау технологиясын меңгерту – олардың өз бетімен әрекет етіп, шешімдер қабылай білу, шапшаң қимылдап, тапқырлық көрсету дағдыларын дамыта түседі. Сонымен бірге, балалар балабақшада әртүрлі ойын түрлерін ойнай отырып қоғамдық тәжірибелерді игеру қабілетін де қоса игереді. Сондықтан мен өзім жүргізетін әрбір сабақта бүгін балаларға қандай ойын түрлерін үйретуге тиіс екенімді, ойындардың сол сабақтың мақсат-міндеттеріне, жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне қандайлық деңгейде сәйкес келетінін анықтап аламын. Ол үшін ең алыдмен ойынның технологиялық ерекшеліктеріне мән беруді жөн санаймын. Әрине, балалар бір орында тұрып, үн-үнсіз ойнамайды. Бала жалғыз болғанның өзінде өзімен-өзі сөйлесіп, әйтеуір бір әрекет үстінде болады. Сол себепті, ойын барысында сөйлесу қарым – қатынасының маңызының жоғары екенін естен шығаруға болмайды. Балалар ойын үстінде бір-бірімен сөйлесіп, пікір алысып, ақылдасып, ойыннан алған әсерлерін бөлісіп, үнемі іс-қимыл үстінде болады. Бұл олардың ойын жинақтап айту дағдысын қалыптастырып, сөздік қорын молайта түседі. Сонымен бірге, физикалық тұрғыда шыңдалуына да молынан ықпал етеді.

Бұл бағытта мен «Отбасы», «Дүкен», «Пошта», «Балалар бақшасы» «Дәріхана», «Аурухана», «Кітапхана» сюжетті – рөлдік ойындарын ойнатып, мұнда топтағы балалардың жас ерекшеліктерін де естен шығармаймын. Балалардың айналадағы құбылыстарға деген түсінігі қалыптасып, еліктеуі, бақылауы балабақшада өткізілетін ойындар үстінде көрініс табатынын жақсы білемін. Ойын бүлдіршіндердің көңіл-күйін көтеретін, ойдан-ойға жетелейтін тәрбие құралы. Сонымен бірге, ойын балалар бойына төзімділік, ұқыпты болу қасиеттерін сіңіреді. Сол себепті балабақшада ойналатын ойын түрлерін дұрыс іріктеп, оқу-тәрбие жұмысында педагогикалық тұрғыда тиімді пайдаланып отыру аса қажет.

Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы мүмкін емес» десе, Абай атамыз: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», - дейді. Сол себепті, біз де балабақшада ойналатын ойындардың тәрбиелік мәніне терең үңіліп, оларды ойнату үстінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы ақылды, білікті, шешімді азаматтар тәрбиелеп шығару міндетін орындауға тиістіміз. Осы бағытта балабақшада ойналатын сюжетті-рөлдік ойындарға баса назар аудару қажет деп ойлаймын. Өйткені, мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндердің психологиялық тұрғыда өте белсенді, қимылдағыш болып келетіні белгілі. Бұл жастағы балалар ойын десе бәрін ұмытып, кез келген ойынға қызығушылықпен қатысады. Сол себепті, сюжетті-рөлдік ойындарды жиі ойнату – тәрбие жұмысында табысқа жетудің алғышарты болып табылады. Мұнда балалар сонымен бірге сөйлеу әрекетіне түседі. Ал тәрбиешілер балалардың сөйлеу ырғағын қалыптастыра отырып, ойын үстінде әрекет ету дағдыларын қадағалайды. Балалардың таңдалып алынған ойынға ең алдымен қызығушылығын арттыру үшін тәрбиеші балалардың өзіндік сөйлеу ырғағын көздеріне көрсетіп, бейнелеу арқылы, ойын тақырыбы бойынша берілетін тапсырмаларды түсінікті, барынша қарапайым ете білгені дұрыс. Жас жеткіншектердің

дұрыс сөйлей білу қабілеттерін қалыптастыратын тақырыптық сюжетті-рөлдік ойындар балабақша өмірінде аса маңызды болып табылады. Бұл орайда тәрбиеші ойын үстіндегі іс-әрекетті зерттеуші, дамытушы, үйретуші ретінде негізгі міндеттерді атқаруы тиіс.

Тәрбиеші бүлдіршіндермен ойналатын ойындарды заттармен ойнау, үстел үсті және сөздік ойындар деп бөлуіне болады. Бұған «Бірдей ойыншықты тап», «Суретті құрастыр», «Дәл осындайды тауып ал», «Қандай затқа ұқсайды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», ойындары жатады. Сонымен бірге, «Жұмбақ ойла», «Жақсы - жаман» «Жалғастыр», «Үш сөз ата» ойындарына да балалардың аса қызығушылықпен қатысатынын байқағанымды атап өткен жөн. Мен бұл ойындарды ойнату кезінде көрнекі құралдарға: түрлі түсті суреттер, түрлі түсті қағаздар, әртүрлі ойыншықтарды таңдап аламын. «Менің сүйікті кейіпкерім!» атты сюжеттік — рөлдік ойында баланың сұранысы мен тәрбиешінің балаға беретін тапсырмасы сәйкес келуі тиіс. Баланың ойын барысында бір кейіпкерге ұқсағысы келетінін ескеріп, балаға сол кейіпкердің рөлін атқаруды тапсырған дұрыс. Бұл баланың моральдық танымы мен түсінігіне әсер етеді. Ойын үстінде бүлдіршіннің психологиялық ерекшеліктері көрініс беріп, ойлана білу, эмоциялық әсерге бөлену дағдылары қалыптасады, белсенділігі артып, шығармашылық қабілеттерінің дами түсетіні сөзсіз. Балабақшада ойналатын сюжетті-рөлдік ойындарға халқымыздың аса қызықты да мазмұнды ұлттық ойындарды енгізуді де ұмтым қалдыруға болмайды. Өйткені, ұлттық ойындар ата-бабамыздан бізге жеткен, қасиетті мұра ретінде жалғасын тауып, халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, шаруашылығы, мәдениеті, жалпы өткен тарихынынан хабардар етеді. Сол себепті өскелең ұрпақ бойына өзінің ана тілінің байлығын, халқымызға тән ұлттық құндылықтарын сіңіру, оларды көздің қарашығындай сақтап, қастерлей білу ісі балабақшада осы ұлттық ойындарды ойнату болып табылады. Ұлттық ойындарды сюжетті-рөлдік ойындар сипатында құра отырып ойнату - балаларды ептілікке, тапқырлыққа баулу, еңбекқор мінез-құлқын қалыптастыруда таптырмайтын әдістердің бірі. Өйткені халқымыздың ойлауды, қимыл-қозғалысты қажет ететін «Айгөлек», «Қыз қуу», «Арқан тартыс», «Бәйге», «Тақия тастамақ», «Теңге алу» «Көкпар» секілді ұлттық ойындарына балалар аса қызығушылық танытып, оларды өз бетімен ойлануға, өз бетімен шешім қабылдауға үйретіп, сонымен бірге ептілікке, зейінділікке, ұқыптылыққа да баулиды. Сол арқылы жеткіншек ойын арқылы дүниені танып, үлкендерге еліктей жүріп, өзін қоршаған ортаға бейімделе түседі. Сонымен бірге, сюжетті-рөлдік ойындар бүлдіршіндердің дене бітімінің физикалық тұрғыда дамуына, ақыл-ойынның жетіле түсуіне де септігін тигізеді.

Жалпы сюжетті-рөлдік ойнатуда балалардың өзінің ойнайтын рөліне еніп, сөйлеу, әрекет ету арқылы кейіпкерді сомдауына назар аудары қажет. Ол үшін балаларды ойынға тартып, тәрбиеші де олармен бірге ойнайды. Сол кезде балалар қандай әрекетті орындайтынын жетік біліп, ойынға лайық әрекеттерді таңдай алады.

Біз, балабақша тәрбиешілері, бүгінгі жас ұрпаққа саналы тәрбие беруде сюжеттік-рөлдік ойындардың мазмұны арқылы, олардың талап-тілегімен санаса отырып бүлдіршіндерді рухани-адамгершілік тұрғысынан дамыту міндетін орындауға тиістіміз. Өйткені, балалық шақ – ол бүлдіршіннің уайымсыз, емін-еркін, қуаныш-шаттықпен өткізетін өмірінің балдәурен кезеңі.

Қорыта айтқанда, балабақшада ойналатын ойындар, оның ішінде сюжетті-рөлдік ойындар балалардың таным-түсінігін арттыратын, белсенді іс-қимылға баулитын, өздігінен әрекет ете білу қабілеттерін дамытатын әдіс-тәсілдердің бірі болып табылады. Балабақша тәрбиешісі бүлдіршіндердің бар қабілет-қарымын оларға ойын ойнату арқылы аша отырып осы мақсатты орындау жолында еңбек етуі тиіс.

Әдебиеттер:

1. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы. Әдістемелік-нұсқаулық хат– Астана: 2017. – 18 б.
2. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі негізінде орта білім беру мазмұнын жаңарту. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы, 2014. – 43 б.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2016 ж. – 185 б.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің типтік оқу бағдарламасы. ҚР БҒМ 2016 жылдың 12 тамызы. №499



ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАСЫ

*Сейдахметова И.А.
№65 мектеп-гимназия
Нұр-Сұлтан қаласы*

Этнограф – ғалымдардың зерттеуі бойынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, бес тас, ақ сүйек, орамал, тақия, арқан тарту, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылықтар негізінен бастау алады. Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширықтырып, шынықтырады..

1. Аңға байланысты ойындар: аксерек-көксерек, аңшылар мен қояндар, кірпіше қарғу, қас-құлақ, ордағы қасқыр.

2. Малға байланысты ойындар: аларман (қойға қасқыр шапты), асау көк, бура-қотан, көксыыр, соқыр-теке, түйе мен бота.

3. Түрлі заттармен ойналатын ойындар: ағаш аяқ, аққала, ақпа, ақсүйек, ақшамшық, алақүшік, алты-бақан, арқан аттау, арқан тартпақ, арқан тартыс, арынды арқан, асау мәстек, асық, аттамақ, ауыртаяқ, әйкел, әуетаяқ, батпырауық,

белбеу соқ, белбеу тартыс, дауыстап атыңды айтам, епті жігіт, жаяу көкпар, жемекіл, жігіт қуу, жігіт ойыны, күзетшілер, күміс ілу, қамалды қорғау, қараше, қимақ, қыз қуу, лек (шөлдік), монданақ, орамал тастау, сақина жасыру, сиқырлы таяқ, тапшы, кімнің дауысы, таяқ жүгірту, тепе-теңдік, тобық, тұтқын алу, түйілген орамал, шалма, шертпек, шілдік, хал қалай?

4. Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар: айгөлек, айдап сал, атқума, аударыспақ, бағана өрмелеу, балтам шап, бөріқтастамақ, бұғнай, бұғыбай, бұқатартыс, бұрыш, біз де, егер..., жасырынбақ, жаяу жарыс, көкпар, көрші, күрес, қарамырза, қассың ба, доссың ба?, қындық-сандық, орын тап, отырмақ, санамақ, сұрақ-жауап, тасымақ, тасымалдау, тең көтеру, тымпи-тымпи, ұшты-ұшты, үй үстіндегі кім?, шымбике.

Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын - сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бергін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Ойынның адам денсаулығының жақсаруына пайдасы аса күшті екені дәлелденді

Ұлттық ойындар – ертеден ата – бабаларымыздан қалған байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойынның баланың өміріне дамуына, өсуіне пайдасы өте зор.

Қазақ халқының балаларға арналған ұлттық ойындарына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады.

Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып зерттейді және ашып көрсетеді. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен алтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой

талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, Мағжан Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды.

Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі.

Сонымен түйіндеп айтарымыз, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы - оның шығуы, пайда болуы тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ

*Сейтмаганбетова Ж.О.
№15 ЖОББМ
Сәтбаев қаласы.*

Басты міндет адамгершілікті, жауапкершілікті, жалпыадамзаттық құндылықтарды иеленген қоғам азаматын тәрбиелеу. Жалпыадамзаттық құндылықтар қатарында өскелең ұрпақтың денсаулығы мен салауатты өмір салтын орнықтыруға аса мән беріледі. Денсаулық проблемаларына мемлекет тарапынан қабылданған және талқылау дәрежесіндегі құжаттарда айрықша назар аударылған.

Қазақстан-2050 стратегиялық бағдарламасының «Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі» бөлімінде: «Біз балаларымыздың денсаулығын қамтамасыз етуге жаңа тәсілдер енгізу мәселесімен жұмыс жүргізуіміз қажет. Дене шынықтыру мен спорт мемлекеттің айрықша назарында болуы тиіс. Нақ сол салауатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналады», - деп атап өтілген [1].

Демек, мектепте оқушылардың денсаулығы- ерекше өзекті мәселе. Статистикалық деректер бойынша жалпы мектепті бітірушілердің 68%-ының дені сау, әрбір екінші жеткіншек морфофункционалдық патология, 42%-ы созылмалы сырқат деп танылуда. Жас балалардың маскүнемдік деңгейлері де жиі байқалып келеді.

Мектеп оқушыларының денсаулықтарына теріс әсер ететін факторлар қатарына мектеп оқушыларының оқу сабақтары мен артық жүктелулерін, педагог пен оқушылардың арасындағы авторитарлық қарым-қатынастықты, оқыту мен тәрбиелеудегі баланың тұлғалық және жас ерекшеліктерінің қажетті деңгейде есепке алынбаушылықтарын, гиподинамия және т.б. атап көрсетуге болады.

Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын қазіргі заманның талаптарына сәйкес жүргізу, оқушының денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық қызметкерлер мен мұғалімдердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты.

Орта білім беретін мекемелердің іс-әрекеттерінің нәтижелілігі, ең алдымен, мұғалімге байланысты. Оның жеке тұлғалық қасиеттері, педагогикалық білігі, адамгершілік және ақыл-ой парасаты, педагогикалық мәселелер шешімін шығармашылықпен іздестіре білуі қоғамның әлеуметтік алғышарты болып табылады.

Денсаулық пен өмір сүру адамдардың объективті өзара байланысы «салауатты өмір салты» ұғымы арқылы жүзеге асады. Денсаулық – адам организмнің қалыпты жағдайы.

Өмір салты – адамдардың еңбек ету сферасында, қоғамдық-саяси іс-әрекеттерінде, тұрмысы мен сергу уақыттарындағы қарым-қатынас және мінез-құлық, ойлау мәнері ерекшеліктерін сипаттайтын, тарихи-нақты әлеуметтік формалары үшін типтік саналатын жеке өмірі мен іс-әрекеті [2].

Философиялық сөздікте өмір салты «индивидтердің, әлеуметтік топтардың, сонымен бірге ұлттардың, тұтастай алғанда қоғамның өмір сүруі және оны анықтаушы жағдайлардың бірлігінде қарастырылатын өмір әрекеттерінің типтес түрінің жиынтығын қамтитын философиялық-әлеуметтанушылық категория», - деген анықтама берілген [3].

Яки, «өмір салты» философиялық категориясы ретінде адамның жеке тұлғалық мінез-құлқымен тіршілік ету деңгейіндегі әлеуметтік-типологиялық ерекшелігін білдіреді, сонымен қатар

әлеуметтіктің адамның жеке сипатына айналатындығын танытады. Сайып келгенде денсаулық салауатты өмір салтына байланысты. Салауатты өмір салтының ең басты белгісі денсаулықты және оның барлық компоненттерін жасампаздықпен шыңдау. Салауатты өмір салты ұғымы тек қана зиянды әдеттердің болмауы, еңбек ету мен демалыс, қоректену жүйесі, шынықтырушы және дамытушы жаттығулар ғана емес, оны аясына адамның өзіне және өзгелерге, тұтастай алғандағы өмірге деген қарым-қатынас жүйесі болмыстың санамен пайымдалуы, өмірлік мақсаттар, құндылықтар және т.б. кіреді.

Кейбір зерттеушілер салауатты өмір салты ұғымын балалардың жас шамасына қарай қарастырады. Мәселен, А.Д. Дубогай салауатты өмір салты ұғымын бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын сақтау, нығайтуға ықпал ететін дене мәдениеті белсенділігі, ал Д.Э. Касенюк жоғары сынып оқушыларының оқу-еңбек әлеуметтік және биологиялық функцияларды тиімді орындауға ықпал ететін, физиологиялық психикалық, адамгершілік денсаулығын нығайтуға көмектесетін күнделікті, мәдени өмір әрекеттері ретінде санайды [4;5].

А.С. Иманғалиевтің пікірінше, «салауатты өмір салты» адам организмінің резервтік мүмкіншіліктерін жетілдіретін күнделікті тіршілігінің типтік формалары мен тәсілдері, әлеуметтік және кәсіби қызметтерін саяси- экономикалық, әлеуметтік-психологиялық жағдайлардан тәуелсіз орындауды қамтамасыз ету [6].

Г.Д. Әлімжановтың ойынша, салауатты өмір салты «білім, ептілік, дағдыланумен байланысты, оның негізінде әрбір оқушының денсаулығы, күнделікті шынығу әдістемелері жатыр» [7].

Ж.З. Торыбаеваның пікірінше, мектеп оқушысының салауатты өмір салты, жан-жақты дамуы әлеуметтік тәжірибені меңгеру іс-әрекеттерімен сипатталады. Дене, ой-санасы, әлеуметтік, тұлғалық, эмоционалдылық, рухани дамуы, оның микроортасы: мектеп, жанұя және әлеуметтік орта [8].

Осы тұрғыдан алғанда біздің пікірімізше салауатты өмір салты феномені оқушылардың жалпыадамзаттық құндылық ретіндегі денсаулық туралы тұрақталған ұғым-түсініктерге және дені сау адам ретіндегі адамның қалыптасқан мінез-құлық әдеттеріне негізделген іс-әрекет.

Зерттеу проблемасына қатысты арнайы әдебиет көздеріне жасалған талдау оқушылардың салауатты өмір салтын орнықтырудың педагогикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік берді:

- Оқушылардың адамның мүмкіндіктерін және физиологиялық, интеллектуалдық даму жағдайларын танып-білуге қызығушылығының артуы;
- Оқушылардың адамдардың денсаулыққа және салауатты өмір салтын орнықтыруға деген түрлі өмір жағдаяттарының эмоционалды-рефлексивті түрде басынан өткеру арқылы адамгершілік тұғырнамасының қалыптасуы;
- Оқушыларды салауатты өмір салтына тарту процесінде оның субъектілерінің (оқушылар, ата-аналар, ұстаздар және әкімшілік) мәдени жасампаздық қатынастарына негізделген әлеуметтік серіктестік жүйесін жобалау.

Бірінші педагогикалық басымдылық бойынша оқушылардың өзінің мүмкіндіктерін және физиологиялық, интеллектуалдық даму жағдайларын танып-білуге деген қызуғышылығының қозғаушы күші болып табылатын зерттеушілік рефлексстерін жандандыруға басты назар аударылады. Аталған шарттың алға тартылуы оқушылардың адам ағзасының психофизиологиялық ресурстары туралы қарапайым ұғым-түсініктерін меңгеру процесіне кіріктіру қажеттілігіне негізделеді. Оқушылар қызуғышылықтың арқасында адам ағзасының мүмкіндіктері туралы білімдерді меңгеруі әсіресе қабылдаудың белсенділікпен жүріп өтуі, бақылаудың өткерлене түсуі, эмоционалды және логикалық естің белсене түсуі, қиял жұмысының қарқындауы нәтижесінде өте жылдамдай түседі.

Шын мәнінде мотивациялар жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қызуғышылық адамның өмір сүру әрекеттерінің нақты жағдайында тұрақтылық, талпынушылық, мотивтер, қажеттіліктер мен талпыныстармен бірге сенімділік және биологиялық, психикалық және әлеуметтік қызметтерінің тиімділікпен жүзеге асырылуын қамтамасыз етуші ағзаның функционалды резервтері мен механизмдерін зерттеу бойынша белсенділіктерінің бағыттылығын анықтайды. Осылайша оқушылар қызуғышылығының белсенділігі, олардың өзінің және айналасындағы өзге адамдардың денсаулығын нығайту, сақтау механизмдерін терең ұғынуына көмегін тигізеді.

Екінші педагогикалық басымдылықтың жүзеге асырылуында оқушылардың адамдардың денсаулыққа және салауатты өмір салтын орнықтыруға деген түрлі өмір жағдаяттарының эмоционалды-рефлексивті түрде басынан өткеру арқылы адамгершілік тұғырнамасының қалыптасуы жетекші рөл атқарады. Бұл шарттың айқындалуы жас буынның еркін тәртіптілігі, алкогольдік және наркотикалық өнімдердің ашық жарнамалануы, ақпараттық- бұқаралық құралдардың педагогикаға жат әсері, адамдардың өз денсаулығына жауапкершіліксіз қарауы және т.б. тән әлеуметтік ортаның

жағымсыз өзгерістерімен байланысты оқушылардың адамгершілікті қалыптасуы мен дамуына қойылатын міндеттердің күрделене түсуімен анықталады. Бұл өз кезегінде денсаулыққа және салауатты өмір салтына қарым-қатынас тұрғысынан өзіне тиесілі мінез-құлқына және өзін қоршағандардың мінез-құлқына барабар баға беру іскерліктерін дамыту және қорғаныс реакцияларын орнықтыруды талап етеді.

Оқушылардың адамгершілікті тұғырнамасының қалыптасуы адамдардың денсаулыққа және салауатты өмір салтына деген қарым-қатынасын объективті түрде баға бере білу іскерліктерінің дамуын және өз ағзасына қатынасын санамен пайымдай алуын шамалайды. Адамгершілікті тұғырнаманың қалыптасу процесі ұзақ жүріп өтеді, сондықтан да адамгершілікті жеке тұлғаның өмір сүру әрекетінде реттеуші функция атқаратын, салыстырылып тексерілген жеке тұлғалық бағдарланған тұрғыларды талап етеді. Өздік баға беру оқушылардың денсаулыққа және салауатты өмір салтына деген қарым-қатынасының сипатына ықпал етіп, түрлі жағдаяттарда адамгершілікті таңдау жасай алуын ынталандырады. Оқушылардың адамгершілікті тұғырнамасының қалыптасуының нәтижелілігі олардың адамгершіліктік білімдері, адамгершілікті-еріктік іскерліктері және денсаулыққа, салауатты өмір салтына деген жағымды қарым-қатынасымен айғақталады.

Үшінші педагогикалық басымдылық – пән мұғалімдерінің мектепте оқушыларды салауатты өмір салтына тарту процесінде оның субъектілерінің (оқушылар, ата-аналар, ұстаздар және әкімшілік) мәдени жасампаздық қатынастарына негізделген әлеуметтік серіктестік жүйесін жобалай білуге даярлығын талап етеді. Аталған шарт салауатты өмір салты және оны жүзеге асыру әрекеттерінің амалдары жөніндегі ақпараттарды жеткізуші ретіндегі мектеп және отбасы тарапынан бірінғай талаптарды айқындау, ата-аналардың рөлін күшейту, сонымен қатар балаға мектепте және отбасында үнемі әрі ұзақ тәрбиелік ықпал етудің мақсатты бағыттылығының болуының қажеттілігімен анықталады. Серіктестік сана мен мінез-құлық нақты жағдаятта ымырашылдық келісімге даяр болуды шамалап жобалайды. Бұндай сапа-қасиеттер сан алуан мәселелерді шешуде бірауыздылықты танытады.

Осы орайда әлеуметтік серіктестіктің функцияларына мамандар мен салауатты өмір салтын орнықтырушы бастамшылардың күш-жігерінің интеграциясын, салауатты өмір салтын ұйымдастыру саласындағы келешектегі тың бастамаларға қолдау көрсету, оқушылардың, ата-аналардың, мұғалімдердің және мектеп әкімшілігі өкілдерінің денсаулық сақтау ортасын қалыптастыруға деген психологиялық және әдістемелік даярлығы, жағымсыз әдеттердің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды белсендіру, оқушылардың сабақтан тыс және мектептен тыс іс-әрекеттерін салауатты өмір салтын орнықтыру мазмұнымен байыту, балалар мен үлкендердің біріккен сергіту жұмыстарын ұйымдастыруда гигиеналық талаптардың орындалуын қадағалайтын денсаулық сақтау бағдарламаларын жүзеге асыруға ықпал ету дегендерді жатқызатынымызды атап өтуіміз керек.

Бұдан әрі мұғалімдер мен оқушылардың, ата-аналардың өзара әрекеттестігінің формалары мен әдістерін жетілдіру, сонымен қатар оқушылардың салауатты өмір салтына деген құндылықты бағдар алуына септігін тигізе алатын мақсатты бағыттылықтағы оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету жұмыстарына назар аударылуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. – adilet.zan.kz (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі).
2. Кона И.С., Словарь по этике. – М., Политиздат, 1975. -№ 3. -Б. 200
3. Философский словарь. – М., Политиздат, 1991. -Б. 559
4. Дубогай А.Д., Психолого-педагогические основы формирования здорового образа жизни школьников младших классов: диссертация докт. пед. наук. – Киев, 1991. -Б. 347
5. Касенюк Д.Э., Адаптация и здоровье, выживание и экология человека. – М.: Витязь, 1994. -Б. 325
6. Имангалиев А.С., Педагогикалық валеологияны дамыту. – Биология, география және химия, 1999. -Б. 21
7. Алимжанова Г.Д., Формирование здорового образа жизни учащихся в условиях гуманизации образовательного процесса: автореф. диссертации кандидата педагогических наук. – Алматы, 2004. -Б. 24

СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ В ИНТЕРЕСАХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ЗДОРОВЬЯ

*Семёнова К.В.
КТУ «СОШ №85», г.Караганда*

Одним из важнейших приоритетов долгосрочной стратегии республики Казахстан за период является создание экологически безопасной территории, благоприятной для жизни и здоровья населения, восстановление нарушенных естественных экосистем, введение мониторинга качества среды обитания, увеличения потребности населения к физическим нагрузкам.

Сегодня тревожное положение состояния здоровья у детей и подростков. В условиях глобализации и компьютеризации дети стали меньше двигаться, все чаще ведут сидячий образ жизни, заняты всевозможными гаджетами. В связи с этим, четко определяется роль физической культуры как образовательного предмета в деле поддержания и укрепления здоровья школьников.

На протяжении ряда десятилетий сохраняется высокий уровень заболеваемости и смертности по причине увеличения числа заболеваний сердечно-сосудистой системы, который является одной из главных проблем региона.

По уровню заболеваемости болезнями сердечно-сосудистой системы центральные регионы Казахстана входят в состав зоны повышенного риска, наряду с Карагандинской областью, Приаральем, а также другими крупными промышленными областями с интенсивным влиянием антропогенных факторов и загрязнением окружающей среды.

При этом особую тревогу вызывает ухудшение здоровья детей и подростков, половина которых имеет хронические заболевания, причем недостаток двигательной активности провоцирует у них болезни сердечно-сосудистой и костно-мышечной систем. По причине низкого уровня состояния здоровья подавляющее большинство детей школьного возраста сегодня полностью отлучены от занятий физической культурой.

Работа сердечной мышцы взаимосвязана с работой всех остальных мышц: чем больше они «трудятся», тем больше нужно работать и сердцу. Ясно, что, развивая и тренируя свои мышцы во время занятиями физическими упражнениями, мы также развиваем и укрепляем сердечную мышцу. Сегодня установлено, что в покое у людей, не занимающихся физической культурой и спортом, при каждом сокращении сердце выбрасывает 50-60 см³ крови. У людей, систематически занимающихся физическими упражнениями, в покое при каждом сокращении сердце выбрасывает до 80 см³ крови.

Не тренированное сердце отвечает на физическую нагрузку резким учащением сокращений, а тренированное (даже при большой физической нагрузке) значительно улучшает сократительную способность миокарда. Она усиливает центральное и периферическое кровообращение, повышает коэффициент полезного действия, уменьшает частоту сердечных сокращений не только в состоянии покоя, но и при любых нагрузках, вплоть до максимальной (это состояние называется тренировочной брадикардией), повышает ударный объем крови. Благодаря увеличению ударного объема крови сердечно-сосудистая система тренированного человека гораздо легче, чем не тренированного справляется с возрастающими физическими нагрузками, полностью обеспечивая кровью все мышцы тела, принимающие участие в нагрузке с большим напряжением.

Учащиеся три раза в неделю на уроках физической культуры подвергающиеся физическим нагрузкам, имеют более низкую частоту сердечных сокращений и пульс у них восстанавливается намного быстрее, нежели у людей, не занимающихся спортом. Это говорит о том, что спорт в жизни подростков играет очень важную роль и оказывает положительное влияние на его здоровье.

С помощью физических упражнений можно воздействовать на различные части тела, системы и органы. Мальчики и девочки, регулярно занимающиеся физкультурой, лучше растут, кости и связки у них крепче, мышцы лучше развиты, сердце более тренированно, а жизненная емкость легких больше, чем у детей, не занимающихся физическими упражнениями. Под влиянием занятий физической культурой происходят определенные сдвиги в организме школьников, повышающие их устойчивость к различным неблагоприятным факторам окружающей среды. Они лучше приспосабливаются к современным условиям жизни: меньше болеют, легче переносят длительные и частые поездки в общественном транспорте, шум.

Для оценки переносимости школьниками физических нагрузок используются, как известно, многие показатели: самочувствие, настроение, аппетит, сон, внешние признаки, частота сердечных сокращений.

Нами была проведена исследовательская работа, направленная на улучшение самочувствия учащихся – девушек, 8Б класса посредством физических упражнений и включения их в состав экспериментальной группы занятий по футболу.

На начало 2019-2020 учебного года было создано 2 группы.

В одной учащиеся посещали дополнительно занятия по футболу (экспериментальная группа). Вторая (контрольная группа) занималась физической культурой в стандартной системе.

Во время тренировочного периода в экспериментальной группе дети выполняли:

- циклические упражнения: ходьба, бег,
- субмаксимальные упражнения: скоростно-силовые и статические,
- максимальные упражнения: бег на 60 метров, эстафеты, прыжки со скакалкой.



Из таблицы видно, что

- критерий самочувствия детей после физических упражнений увеличился на 24 % от первичного показателя;
- увеличился аппетит на 29%;
- улучшилось настроение на 35%;
- нормализовался сон на 41%;
- ЧСС стало более стабильным практически у всех детей экспериментальной группы.

Необходимо отметить, что в контрольной группе произошло снижение показателя настроения на 9%.

По результатам проведенной работы можно с уверенностью сказать, что проведение физических мероприятий ведет к значительному повышению положительных показателей, выбранных мною критериев. Результаты работы выявили, что у детей, занимавшихся в экспериментальной группе, значительно улучшилось самочувствие, работоспособность, выносливость, уменьшилась заболеваемость, сократилась частота сердечных сокращений после физических нагрузок, что говорит о стабильной работе сердца и сердечно-сосудистой системы в целом. На следующий учебный год планируется продолжить практическую и исследовательскую работу, направленную на привитие навыков здорового образа жизни у детей и тем самым улучшения их самочувствия.

Таким образом, можно с уверенностью сказать, что влияние физических упражнений на организм подростков очень велико. Систематические занятия физической культурой укрепляют не только сердечно-сосудистую систему, но и также нервную, дыхательную и опорно-двигательную. Их

работа становится более экономичной. Предотвращается заболевание многими болезнями, укрепляется здоровье, повышается общая работоспособность, воспитывается ряд очень важных волевых качеств: инициативность, решительность, смелость, настойчивость и другие.

Литература:

1. Качашкин В.М. Методика физического воспитания. Учеб.пособие для учащихся школьных пед. училищ.- 5-е издание доп. – М : Просвещение, 1980 г. – 304с.
2. Ковалько В. И. Поурочные разработки по физкультуре. 5 – 9 классы. – г. Саратов: Саратовский полиграфический комбинат, 2007 г. - 397 с.
3. А.К. Кузнецов. Физическая культура в жизни общества. М.:1995 г
4. Лукьяненко В.П. Физическая культура: основы знаний: Учебное пособие. – М.: Советский спорт. 2003. 224 с.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Султанова М.К.

№3 жалпы орта білім беретін мектебі
Жезқазған қ,

«Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі» - дегендей, табиғаттың ғана емес, қоғамның, елдің, отбасының ең бастысы өзінің нәрлі жеміс болуың үшін денсаулықтың маңызы зор. Салауатты өмір салтын қалыптастыруды балаларға кішкентайынан үйрету қажет. Дұрыс тамақтану, уақытылы ұйықтау, күнтізбінді жоспарлап физикалық тұрғыдан шыныққан, дені сау адам болу белгілі бәр тәртіппен жүреді. Салауатты өмір салты екі жақты байланыста жүреді. Әрине, салауатты өмір салты дегенде алдымен есімізге – спорт түсетіні рас. Алайда, тәннің саулығымен қатар жанның саулығын да сақтау қажет. Олай дейтін себебіміз, жан мен тән өмір бойы бір-бірімен байланысты. Ақыл мен жүректің басшылығымен қызмет атқаратын тән мен жан үнемі шыныққан, қажыр мен қайраттан тұрса, реніш, өкініш, қуаныш, мұңаю, уайым, күлу, жылау, шаттану секілді эмоциялық көңіл-күйлер денсаулыққа оң және теріс әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан да, адам басшысы – ақыл, шолушысын – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – мінез, қорғаны – сабырды есте есте шығармайық!

Салауатты өмір салтын адам мақсатты түрде қалыптастырады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Салауатты» сөзі парасатты, байыпты деген мағынаны білдіреді. [1.701 б.]. Бұдан шығатын түйін адам парасатты түрде салауатты өмір салтымен айналыса отырып, байыпты, ұстамды, сабырлы бола алады деген.

Жастардың спортқа көңіл бөліп, түрлі жарыстарға қатысып өздерін дене шынықтыруға баулуы қуантарлық жайт. Қазақстанның туы әлемдік аренада бір емес, бірнеше рет көкке көтерілгеніне бәріміз куәміз. Осы қарқынның бәсеңдеп қалмауы үшін жастардың бұл істерін басшылыққа алып, дамытуда көптеген мемлекет тарапынан қолдаулар бар. Келешек ұрпақтың он екі мүшесі сау, шыныққан, белсенді, қабілетті, төзімді болғанын қаласақ, онда мектеп кезінен бастап тіпті мектепке дейінгі даярлық топтарынан бастап балалардың салауатты өмір салтын сақтауына машықтандыруымыз керек. Машықтандыра отыра, оқушыға адам организміне әсер ететін қоршаған ортадағы факторлар жайында сауаттандырып, зиянды және пайдалы факторлар туралы білім беру басты талапта тұрса... Әрине, өзін-өзі тану сабағында, дене шынықтыру, еңбекке баулу сабақтарында түрлі мағұлматтар беріп, ақпараттандырамыз. Алайда, менің субъективті көзқарасым бойынша мектепте «қазақтың ұлттық ойындарын» оқытатын сабақ қосылса деймін. Тек қана ұлттық ойындар ғана емес, халық ойындары, салт-дәстүрлер, ұлттық аспаптар, ұлттық киімдер басқа да ұлттық мәдениетімізді ұлықтайтын, қайта жаңғыртып, жандандыруда бірден бір бастама болар еді. Дене шынықтыру немесе көркем еңбек пәндері сияқты қыздар мен ер балаларды екіге бөліп оқытса, «қызға қызық үйден тыйым» демекші, қыз балаларға тән салт-дәстүрлерді, ырым-тыйымдар мен ұлттық киімдерді, ұлттық аспаптарды үйретсе, ер балаларға ұлттық ойындар мен халық ойындарын, атқа мінуді, көген тартуды, дәстүрлер мен ер жігітке тән серілік өнерді үйретсе, ұлттық болмысымыздың, рухани құндылықтарымыздың қайта жаңғырғаны емес пе...? Мектеп аулаларында «алты бақан» орнатылып, «арқан тартыс» болса, тіпті ұлттық аспаптарда (*жетіген, домбыра, қобыз, сазсырнай,*

сыбызғы) ойнауды үйренсе нұр үстіне нұр болар еді. Ұлттық ойындарды сабақ кестесіне қосу керек дейтін тағы бір себебіміз: халық ойындарында қолданылатын заттардың көбі табиғи материалдардан жасалынады. Оның балаларға еш өияны жоқ. Ал, телефон балаларға қаншалықты психологиялық, физиологиялық тұрғыдан зиян екені бәрімізге белгілі.

Сонда, ұрпақ тәрбиесінде салауатты өмір салты да, ұлттық құндылықтар да насихатталатын еді. Қазақ халқы, ата-бабаларымыздың бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгені белгілі. Себебі, қазақтың ұлттық ойындарында дене еңбегіне де, ой еңбегіне де машықтандыратын ойын түрлері өте көп.

Бәрімізге белгілі «Айгөлек», «Соқыр теке», «Асық», «Бес тас», «Жасырынбақ», «Қап киіп жарысу», «Сақина жасыру», «Қазақша күрес», «Жаяу жарыс», «Ләңгі» тағы да басқа ойындар белгілі. Алайда бірі білсе, бірі біле бермейтін ұлттық ойындарымыз да бар. Сөзімізді дәлел ретінде солардың бірнешеуіне тоқтала өтсек: «*Орамал тастау*» ойыны. Ойыншылардың саны көп болса, ойын қызығырақ өтеді. Қатысушылар екі топқа бөлінеді де, арасы бір-бірінен он адымдай жерде белгіленген екі сызықтың бойына қарама-қарсы тұрады. Жүргізуші қолындағы орамалын бірінші топтың шеткі ойыншысына ұстатады. Ол орамалды қарсы беттегі ойыншының біріне қарай лақтырып жібереді де: *Қа...* – деп дауыстайды. Қарсылас ойыншы орамалды қағып алып: «*...ғаз*» - дейді, немесе «*...ла*» - дейді. Сонда *қағаз*, *қала* деген сөз шықты. Ойын шарты бойынша айтылған сөз екі буыннан аспауы керек. Сөз тауып, айта алмаған ойыншы жеңіліп ортаға өнерін көрсетеді. Бұл ойын балалардың тіл жүйріктігін, тапқырлығын қалыптастырады. [2.12 б.].

«*Әуе таяқ*» ойыны. Көгалда немесе жай алаңда он екі адамның қатысуымен ойнатылады. Ойынға ұзындығы 80 сантиметрден аспайтын, жуандығы 4-5 сантиметр жұмыр таяқ пайдаланылады. Ойнаушылар бірнеше жұпқа бөлінеді. Ойын жүргізушісі екі адамның әрқайсысына бір-бір таяқтан береді. Олардың біреуі таяғын әуелете лақтырған кезде, екіншісі ұшқан таяққа өз таяғымен қрып тигізуі керек. Таяқты кімнің лақтыратынын, кімнің оны көздеп ұратынын жеребе бойынша анықтауға болады. [2.31 б.]. Бұл балаларды дұрыс көздеуге, дәлдікке және қырағылыққа баулиды.

«*Бөрік жасырмақ*» ойыны. Ойынға қатысушылар араларынан бір ойыншыны шығарып, алыстау жерге барып басындағы бөрік жасыруға мүмкіндік береді. Әрі ол ойыншының өзі де сол маңға жасырынады. Сосын басқа ойыншылар тығылған бөрікті іздеуге кіріседі. Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алмақ болса, иесі оны бермеуге тырысады. Бірақ ойын ережесі бойынша таласуға, күш көрсетуге болмайды. [2.33 б.]. Бұл жерде алушы қалайда ебін табу керек, сонда бұл ойын балаларды епті, ұқыпты болуға үйретеді.

«*Жаяу тартыс*» ойыны. Ойынға қатысушы екі жігіт ортаға шығады да, екі басы біріктіріліп түйілген арқанды екеуі бірдей мойындарына іліп, екі қолтығының астына жібереді. Ереже бойынша екеуі екі жаққа қарай еңбектей тартып, алдын ала белгіленген межеге жеткізулері керек. Қайсысы басымдық танытып, қарсыласын сүйреп жеткізсе, сол ойыншы ұтқан болып есептеледі. [2. 76 б.]. Бұл ойын балалардың бойында жанашырлық, жауапкершілік және табандылық, қасиеттерді ықпалдастырады.

Жұмбақ шешу. Қазақ баласы өткір сөздерге де құштар, оны өздерінің ойындарында қолданады. Ойынды бастаушы жүргізіп отырады. Содан кейін бастаушы ойынға қатысушылардың өздері жұмбақ айтып, шешулеріне жол ашады. Кім көп жұмбақ білсе, сол жеңімпаз. *Жаңылпаш айтысу*. Сөзді жылдам әрі бұзбай, дұрыс айтуға жаттығудың тәсілі. Сөз бұзылса, адам ұқпайтын былдыр сөз болып шығады да, ойынға қатысушыларды да, тыңдаушыларды да күлкіге қарық қылады. Сондықтан бұл қызықты ойын болған. Жаңылпаш талантты шыңдайтын ойын болғандықтан әр ойыншы өз міндетін әрі тез, әрі нақты орындауға тырысады. [3.268-269 б.б.]. Жоғарыда айтып өткендей ой еңбегін шынықтаратын ұлттық ойын түрлеріне: *тоғызқұмалақ, санамақ, кім керек?, шалма, шік-бүк, төртбұрыш, хан талапай (қыз балаларға арналған ойын), ұшты-ұшты* түрлері жатады.

Ұлттық ойындарды ойнау барысында бала бойында жылдамдық, тез әрекет ету, логикалық және шығармашылық ойлау, жағдаяттарды шешу, бастаған ісін соңына дейін аяқтау, еңбекке, шапшаңдық пен дұрыс шешім қабылдау сияқты басқа да құнды қасиеттері көрініс табады.

Ұлттық ойындар тіпті «Ұлы Абай жолында», батырлық жырларда, қазақ ертегілері мен поэзияларында, кез-келген көркем әдеби шығармада сөз болады. Ұрпақтан-ұрпаққа қаймағы бұзылмай жеткен ұлттық ойындарды әрі қарай дамуына, ұмытылмай жаңғыруына біз тұздық бола аламыз. Өйткені мектепке дейінгі мекемелерден бастап, бастауыш сынып, жоғарғы сынып тіпті, жоғарғы оқу орындары мен білім беруге даярлау мекемелерінде осы іс қолға алынса құба-құп. Сонда ғана, ұлттық кодымыз жаңарып, жастарымыз рухани жаңғырар еді.

Салауатты өмір салты халық ойындарымен бірге қалыптастырайық!
Арманның да ауылы алыс емес екеніне сенейік!

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Жанұзақов Қ. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
2. Базарбек Т. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Балауса, 2013 жыл. – 96 бет.
3. Әлемдік және ұлттық спорт ойындары: Энциклопедия / Құраст.Құлқенов М. – Алматы: Мереке, 2014 жыл. – 272 бет.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ – ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ

*Татибекова.А.Б.
№7 мектеп-гимназиясы
Балқаш қаласы*

Ауырып ем іздегенше

Ауырмаудың жолын ізде.

Демекші біздің бірінші байлығымыз ол - денсаулық дейміз. Бірақ осы сөздің салмағын көбіміз түсіне бермейміз. Айтылған сәтте көңілімізге қонады, құлағымызға жағады. Келісеміз.

Сөйтіп жүріп күндердің күнінде бір арылмас дертке шалдығып бойымызды өкініш билейді.

«Тәннен жан артық еді,- дейді Абай атамыз. Денсаулық – тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру , интеллект өрісін биіктеу, рухынды шыңдау – бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек?

Салауатты өмір салты дегеніміз не өзі?

Салауатты өмір салты ол:

- Сапалы тамақтану
- Денсаулықты сақтау және нығайту
- Бос уақытты жеке бас гигиенасын сақтау
- Спортпен шұғылдану
- Әлеуметтік тұрмысты жақсарту
- Бос уақытты тиімді пайдалану
- Зиянды әрекеттерден аулақ болу.

Ал зиянды әрекет дегеніміз – қазіргі таңда етек алған, адамдарды жуадай солдыратын дерттер: маскүнемдік, темекі шегу және нашакорлық. Бұлар адам баласының өзі тілеп алған айықпас дерттері. Салауаттылық - кең ұғым. “Бірінші байлық-денсаулық” деп тегін айтылмаған. Адам денсаулығы оның жаны мен тәнінің саулығынан құралады.

Дені сау, жан – жақты дамыған, жаны сұлу адам мәнді де салауатты ғұмыр кешеді. Адам өз денсаулығын сақтап, ішкі жан дүниесін дамыту үшін өмір бойы белсенділік танытуы қажет. Салауаттылық – әр адамның, сол сияқты бүкіл қоғамның өте құнды жетістігі. Ол өздігінен қалыптаспайды. Әр адам өз өмір салтын өзі таңдап алуға құқылы. Салауатты сөзі нақты қалай пайда болғаны жайында айтып өтсек.

Психология ғылымында – салауаттылыққа жан-дүниенің қалыптасу ерекшеліктерін зерттейді, ал философия ғылымы - өмір сүру дүниетанымын, медицина ғылымы – денсаулықты сақтау, валеология ғылымы - салауатты өмір сүру салты қалыптастыруды зерттейді. Тұңғыш рет «салауаттылық» деген ұғымды психолог И.И.Брежман енгізді. Психолог И.И.Брежман «Салауатты өмір салты - мінез-құлық пен дағдыны ретке келтіріп, өзін-өзі түсіне білу» - дейді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Салауатты» сөзінің мәні - парасатты, байыпты, ақылды, ойлы, білімді және сабырлы - деген мағынаны білдірсе, қазақша-орысша аударма сөздікте: «салауатты» (здравствуй) - сәлеметтік, амандық, салауаттылық мағынаны білдіреді екен.

Қазіргі кезде ең бірінші орында тұрған міндеттердің бірі – ол жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту,

тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет деп білеміз. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады деген үміттеміз. Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру, біріншіден, жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру. Сонымен қатар салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Жасөспірімдер бойына салауатты өмір салтын қалыптастыруда дене шынықтыру сабақтарында берілетін білімнің алатын орны ерекше. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу ол біздің басты міндетіміз. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет мысалға соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді.

